

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

11

Жаратылыстану-математика
бағыты

Шартты белгілер:

-  – автор түсіндірмесі
-  – негізгі мәтін
-  – сұрақтар мен тапсырмалар
-  – оқырман ойы
-  – оқырман пікірі
-  – оқырман сыны
-  – жеке жұмыс
-  – жұптық жұмыс
-  – топтық жұмыс

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Бұл оқулықта сендер ұлттық әдебиеттің ХХ–ХХІ ғасырлардағы жауһарлары – Оралхан Бөкейдің «Атау-кере», Жарасқан Әбдірашевтың «Дала, сенің ұлыңмын!», Баққожа Мұқайдың «Өмірзая», Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Қадыр Мырза Әлінің «Қызыл кітап», Сұлтанәлі Балғабаетовтың «Тойдан қайтқан қазақтар» шығармаларымен танысасыңдар. Көркем шығарма арқылы эстетикалық сұлулықты бойларыңа жинақтап, қазақ халқының әр дәуірдегі көркем шежіресін жасаған туындыларды оқи отырып, өткен тарихымыз бен бүгінгіміз туралы пайымдайтын боласыңдар. Әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың көркем бейнеленуіне сыни тұрғыдан баға беруге бейімделесіңдер. Қаламгерлердің туындылары арқылы ұлттық әдебиеттің жеткен биігін бағалауға қадам жасайсыңдар.

Әдебиет пәнінің мақсаты – ой-өрісі дамыған, көркем шығармадан түйгендерін өмірмен ұштастыруға қабілетті, алған білімдерін көркем тілмен жеткізетін, ойын әдеби нормаларға сай еркін жазатын, өз бетінше шешім қабылдай алатын, эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары тұлға қалыптастыру. Шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдауға, сыни тұрғыдан бағалауға дағдыландыру. Поэзиялық шығарманы проза тілімен, прозалық шығарманы драмалық шығарма тілімен жазуға үйрету.

Әдебиет пәнінің міндеті – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ғаламдық мәселелермен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан шешіп, заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетаным қалыптастыру. Көркем шығармалардан алынған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданып, алған білімдеріңді әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазуға баулу.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы кешендерімен (Хрестоматия, Әдістемелік нұсқаулық) бірге берілген.

Әдістемелік нұсқаулықта мұғалімге арналған ұзақмерзімді, ортамерзімді және қысқамерзімді сабақ жоспарларының үлгісі мен бел-

сенді әдіс-тәсілдер ұсынылған. Сондай-ақ көркем шығарманы талдау жолдары, сыни мақала жазу үлгілері, графикалық органайзерлерді қолдану аясы және бөлім бойынша жиынтық бақылау жұмыстарының үлгілері берілген.

Хрестоматияда оқулықта оқытылатын көркем шығармалардың мәтіндері жинақталған. Көлемді шығармалардан ықшамдалған үзінділер берілген. Сонымен бірге қаламгерлердің басқа да туындылары қосымша ретінде ұсынылған.

Іске сәт, оқушылар!



КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Бұл бөлімде:

✓ О.Бөкейдің «Атау-кере» повесіне сюжеттік-композициялық талдау жасап, жанрлық ерекшеліктерін түсінесіңдер;

✓ повестегі кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайсыңдар;

✓ Ж.Әбдірашевтың «Дала, сенің ұлыңмын!» өлеңіндегі ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптармен, әлем әдебиетімен байланыстырасыңдар;

✓ шығармалардағы қанатты сөздер мен дәйексөздерді қолданып шығармашылық жұмыс жазасыңдар;

✓ шығармалардағы көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісіне баға беріп, идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазасыңдар;

✓ шығармаларды эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазасыңдар.

Кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты ұғым болғандықтан, оларды бірлікте қарастырамыз. Өмірдегі кез келген оқиға белгілі бір кеңістік пен уақыт аралығында өтеді.

Ақын-жазушылар уақыт пен кеңістікті игеруде негізгі оқиғаны түрлі әдіс-тәсілдермен жеткізуге тырысады. Көркем шығармалардағы оқиғалардың бірде баяу, бірде жылдам өтуі уақытқа байланысты болса, сол оқиға белгілі бір кеңістікте өтетіні даусыз. Қаламгерлер белгілі мақсатпен бірнеше жылдарға, кейде бірнеше ғасырларға шегініс жасап, сол дәуірдегі оқиғалар легін көз алдымыздан кино лентасындай өткізіп береді. Көркем туындыда уақыт пен кеңістікті тиімді игеру қаламгерлердің көркемдік-эстетикалық ізденістеріне, стильдік шеберлігіне байланысты. Бөлімнің «Уақыт пен кеңістік» аталуының мәні осында.



ОРАЛХАН БӨКЕЙ

(1943–1993)



Оралхан Бөкей ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сұлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Оралхан асағантай еұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып ұлгерді.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының және Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты Оралхан Бөкей 1943 жылдың 28 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Мектепте білім алып жүрген шағында-ақ: «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын-жазушылар одан өрі сұлуландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан өсте кем емес. Бірақ оны жырға қосып,

сұлулығын көрсететін ақын, жазушылар жоқ десек қателеспейміз. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаймын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиісті. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін», – деп армандаған Оралхан Бөкей – қазақ әдебиетінің қазынасын ғажап шығармалармен байытқан, өзіндік қолтаңбасы қалған жазушы.

Қаламгердің оқырманның ыстық ықыласына бөленген ауыл тақырыбындағы өңгімелері мен мистикамен астасқан философиялық повестері қазақ әдебиеті арнасын кеңейтіп, жаңа бір белеске көтерді. Рухани құндылықтарды дәріптеген, ұлттың болашағына алаңдаған қаламгердің қай шығармасы да өз оқырманын бейжай қалдырған емес. Тоталитарлық жүйенің қатаң сүзгісінен өз ойын астарлап өткізе білген жазушы адамның жан дүниесіне терең үңілдіреді. Ешкімге ұқсамайтын жазу стилі, ғажап суреткерлігі, ғасырлардан жалғасқан салт-дәстүрлерді, аңыздарды терең білуі Оралханның шығармашылық лабораториясын, қолтаңбасын даралай түседі. Қаламгер өз шығармаларына арқау болған оқиғалар мен кейіпкерлер жөнінде: «Менің повестерімдегі, өңгімелерімдегі барлық сюжеттер, туған жер туралы естеліктер жас шақтағы болған оқиғалармен байланысты. Менің жерлестерім қазақтар – мінездері бірқалыпты, адал және жүректері ашық адамдар. Өйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап





Қазақстан жазушыларының бір тобы Мәскеуде. Солдан оңға қарай: С.Әшімов, Ө.Жұмабаев, Ө.Төжібаев, Қ.Мырза Әлі, О.Бөкей, Р.Сейсенбаев, Д.Әбілов, Қ.Тұрсынқұлов, Қ.Жорабеков

жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырыстым», – деген пікір білдіреді.

1970 жылы жарық көрген «Қамшыгер» атты тұңғыш әңгімелер мен повестер жинағынан соң жазушы қаламынан туған «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Мұзтау», «Ән салады шағылдар», «Сайтан көпір», «Атау-кере», «Апамның астауы» т.б. атты көптеген шығармалары әдебиетші қауым мен сыншылардың жылы лебізіне бөленді. Қаламгердің туындылары орыс, неміс, болгар, ағылшын, венгер, араб, қытай, жапон және т.б. тілдерге аударылған.

Алматыға қоныс аударғанға дейін 1965–1968 жылдар аралығында жазушы өзі туып-өскен ер Алтай аймағындағы «Еңбек туы», «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газеттерінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, әдеби қызметкер болып еңбек етті. Кейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде (1988–1984), «Жұлдыз» журналында (1974–1983) бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары (1983–1991), 1991–1993 жылдары бас редакторы болды.

Қаламгер «Құлыным менің» пьесасы үшін 1976 жылы Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының, ал 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты атанды. «Біздің жақта қыс ұзақ» атты повестері мен әңгімелер жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы мемлекеттік сыйлығына (1986 ж.) ие болды.

Өкінішке орай, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жазушы өмірден ерте озды. Ол Үндістанда шығармашылық іссапарда жүріп, 1993 жылы 17 мамыр күні 50 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.



«Атау-кере» повесі

«Атау-кере» повесі – адамзат баласының ұлы мұратын, даму заңдылықтары мен проблемаларын айқын көрсеткен шоқтығы биік шығармалардың бірі. Табиғат-Ана – өзінше алып күш және өзінше бөлек әлем. Біз сол табиғат аясында өмір сүріп жатқанымызбен оның өз даму жолы мен заңдылықтары – гармониясы бар. Оралхан Бөкей өзінің «Атау-кере» повесінде осы дүниені адамзат санасына жеткізгісі келеді.

Повестің негізгі кейіпкерлері үшеу – Таған, Ерік, Айна. Үшеуі де замандас. Ерік пен Айна – ерлі-зайыпты. Тау басында Ерік, Айна және Еріктің анасы Нүрке кемпір үшеуі омарта ұстайды. Нүрке кемпірдің ұлты орыс болғанымен, ұстанатын діні – мұсылман. Ал Таған – Еріктің ауылдасы, бір мектепті бітірген құрдасы. Повестегі оқиға желісі осы үш адамның арасында өрбігенмен, автор адамзатты жарға жығар, үлкен қасіреттерге бастайтын мәселелерді оқырман алдына қояды. Үш-төрт адамның іс-әрекеті, жан дүниесіндегі арпалыс, психологиялық иірімдер бір шаңырақтың ауқымынан шығып, бір ұлттың, тіпті жалпы адам баласының басындағы қасіреттің бастауын аңғартады.

Шығарма желісі осы тау басындағы Ерік пен Айна, Нүрке кемпір мен өмірдегі әділетсіздікке шыдамай араққа салынған Тағанның маңайында өрбиді.

Қаламгер Таған мен Айнаның тағдырын қосып, Еріктің өмірін қасіретті ғажайыппен аяқтайды. Өзеннің арғы бетіндегі ғашығына жету үшін араға айналған Ерік қыз иығына қонған сәтте сұлу қамшысымен бір салып, оның жанын үзеді. Оның түбіне жеткен ашкөздік болатын...

Тағдыр тәлкегі

Танымы терең, білімді, жоғары оқу орнында қызмет етіп жүрген Таған бүгінде тағдыр тәлкегіне түскен. Болашағынан үлкен үміт күттірген, ел алдында сый-құрметтен кенде емес Таған біраздан бері қоғамдағы әділетсіздікке, арсыздыққа деген ішіндегі наразылықты, өкпе-ренішті ащы судан алып тарқатқалы біраз болды. Оның осындай шарасыз халінің үстінен бірге оқыған Ерік түсті. Алайда Таған Еріктің арам пиғылынан, сұм ойынан хабарсыз еді... Тағанның осындай халін пайдаланып, оны өзіне жалшы есебінде ұстауды мақсат еткен Ерік – мал табу үшін барлығына дайын, тек байысам деген нәпсінің жетегінде жүрген пысықай пенде. Ол осы жолда ештеңеден тайынбайды. Бар ойы Тағанға арағын беріп жұмыс істетуде, құлындай жұмсау.



Еріктің былтырдан бері ауылға келгені осы. Өзгермеген. Өзгерген өзі ғана секілді, көшеде көрген жұрттың бәрі бұған үрке қарайтындай сезікті сезінді. Бұрынғыдай емес, бұл ауылдың адамдары бұлдана есендесетіндей, бейне бір кісікілік көргендей көздерінің астымен сүзе қарайды, не болмаса байқамағансып, байырқаламай асығыс өте шығады. Соңғы кезде адамдар мінезіне санамен кіріп, сыздата бүлдіріп жүрген осы тоңмойындық ауылдастарының баяғы жайсаң жанын қай жылдардан бастап қасаңдай бастағанын, зейін қойып зерттер зерде Ерікте бар-жоғын білмейміз; біздің білетініміз: замана көші байсалданып, баянды ғұмыр кешкен сайын өмір сүру



Тірек сөздер

ауыл
зерттер зерде
дөңдегі үй
маскүнем
сескену
бал
көк есек
құл
жалу еру

жеңілденіп, сауық-сайран көбейген сайын санамыз сарабал тартып, таңғажайып оқиғаның куәсі болған сайын құлқынымызға құм түскендей қатал да қайырымсыз, ешкімге де, еш нәрсеге де сенбейтін сезімсіз «сергектік» жайлағандай еді бойымызды. Тек алға, алға ғана тура тартқан: жасықтық пен жалтақтықтан ада асау батылдық, балталасаң да қыңқ етпес батырлық сықылды болғанымен, көсегемізді көгертпес көкбеттікке бой алдырар кісәпірліктің көрігін көбірек басып жүрген жоқпыз ба, деген күнәлі ой түрткілеп мазаны алар еді. Еріктің туған ауылынан кеткеніне, сонда да мүлдемге емес, үш-ақ жыл болса да өзін осыншалық жат, өзгеше бір өгейлікпен қарсы алады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ...

Еріктің үйі дөңнің үстінде еді. Терезеден қарағанда анау ауылдың қора-қопсысы, мал-жаны, әсіресе үйіне кімнің кіріп-шыққаны алақандағыдай көрінетін. Дөңнің үстінде Бек-Алқаның қарауылындай қасқайып тұрған бұл үйдің иесінен осы ауылдың жасырын қалар сыры болмайтын. Екінші қабаттағы бөлмеге көтеріліп, тақтай қақпалы терезені ашып, әйнектен сонау ойда ордадай болып жатқан ел-жұртына көз салды. «Моп-момақан, – деп күбірледі, – ішіне кірші, ордалы жылан секілді». «Кіндік қаның тамып, тұсауыңды кескен, балалығыңның бал дәурені өткен атақонысыңа атаңның құны бардай неге өшігесің?» деп, жер-жебіріне жетіп, төбеге келтірер адам жоқ болған соң, күпір ойға бара береді де...

Ерік ауылдағы барлық шаруаларын тындырып, керек-жарағын түгендеп болған соң, түнде тоғай арасына арқандап қойған көкбестіні жетектеп өз үйіне келді. Қараса, қақпасы ашық қалған екен. Қайран қала атын жетектеген күйі аулаға кірді. Көкбесті құлағын тіге қорс ете түсті. Тура есік алдында бүк түсіп ұйықтап жатқан алба-жұлба адамды енді ғана байқаған Ерік те сескене тұрып қалды. Көкбестіні байырқалата арқасынан қағып діңгекке байлады да, жетім балаша қол-аяғын бауырына ала бүрісіп жатқан маскүнемнің жанына жақындады. Үсті-басы адам көргісіз кір-қожалақ, ұзын болып өсіп кеткен шашы құйын ұрғандай дудырап білтеленген, кір басқан аяғына әбден тозығы жеткен бөтеңкені шұлықсыз сұға салған және өмір бақи шешпейтін болуы керек, бауы шиеленген... бірде-бір түймесі салынбаған... Ерік тосырқап әрі жиіркене қарап біраз тұрды да, аяғымен түрткілеп: «Ей, тұр, давай, өкеңнің төрінде жатқан жоқсың», – деді. Маскүнем ояңған жоқ. Еңкейіп барып алқам-салқам жағасынан жұлқылады – былқ етер емес. «Мына нәлеттің түрі таныс», – деп ойлады. Әсіресе құс қанатындай иіле біткен қап-қара қасын көрген секілді. Үңіле жақындап еді, тұла бойынан мұңкіген жағымсыз иістен тыжырына шегініп кетті. «Қайдан көрдім?» Маскүнемнің оянар түрі жоқ. Үстіне сар еткізіп құя



салатын маңайда су жоқ, амалсыз тағы да тепкілеп еді, болар-болмас ыңырсыды. «Е, әйтеуір, бойыңда жаның бар екен, әйтпесе мен өлтірді деп пәле жабар еді».

Өрең дегенде басын қалқайтып отырғызды. Белгісіз адам әуелі «қайда жатырмын» дегендей жан-жағына кіржие қарады, содан соң ғана желкесін есіней қасып, жанарын Ерікке қадады.

– Құдай берді! – деп, орнынан қуана тұрды. – Іздегенім сен едің! «Өлмегенге өлі балық» деген осы, Ерік. Аманбысың, кластасым?!

Өзін құшақтағалы ұмтылған маскүнемнің кеудесінен жақтырмай итеріп қалғанда, ол тәлтіректеп барып тыраң ете түсті. Көтерем сиырдай орнынан өрең көтерілген. Көтерілген соң буынын мықтап тұрып бекітіп алды да:

– Танымай тұрмысың, Қарабауыр? Баяғы кезім болса, аяғыңды аспаннан келтірер едім, – деді. Оның әбден арақ өтіп лайланған көзі кең ашылып, қанталанып кеткен қарашығынан болар-болмас от – өлі де мүлдем сөне қоймаған ашу үшқыны, бәлкім, намыс шоғы жылтырады. Қара нардай қайқайып тұрған омарташының жұлындары дір етіп, біртүрлі сескеніп қалды. Осы сескеніс он шақты жылды араға салып барып, іздеп тауып алғанына қайран қалудан туған-ды. Қайран қалмасқа амалы жоқ еді, өйткені ол «Қарабауыр» деген намысын шабақтар сөзді жалғыз-ақ адамнан еститін және кек қайтаруға шамасы жетпей, бейамал күй кешіп іштей кектенетін және де анау иілген құс қанат қастың астындағы аялы қара көзде өмбе жылт еткен үшқынды да бір-ақ жігіттен көрген, көрген сәтте ғана асу бермес асау мінезі пәс тартып, мысы басылатын. «Сол, – деп дауыстап жіберді. – Соның өзі. Таған ғой мынау!» Иә, оның алдында адамдық сиықтан айырылып, ербиіп тұрған маскүнем мектепте он жыл бойы бір партада отырған, Алматыда бес жыл қатар оқыған, аспирантураны тауысқан, ешкім жауырынын жерге тигізіп көрмеген жігіттің сұлтаны... Таған еді! «Құдай-ау, бұл қайдан жүр? Өлмеп пе еді?»

– Иә, мен өлі тірімін, Қарабауыр! – деген сөзден селк етіп, сасқалақтап ойын жинап алды.

– Мықты екенсің онда. – Басқа еш нәрсе аузына түсе қойған жоқ.

– Менің мықты екенімді білмеуші ме едің? Өлмегеніме қуансаң, басымды жаз, – деді ыржалақтап. Еріктің ес-ақылын жинаған осы сөз болды.

«Е, бәсе, неғып күшейіп кетті десем».

– Басыңды жазбақ түгіл, астауға құйып шомылдырайын. Тек айтқанымды істейсің, айдағаныма жүресің, айтақтағаныма үресің.

– Көк есегің болайын, көкетай. – Шөге түсіп аяғынан құшақтады. – Зекетіңмін. Құлыңмын.

«Әбден біткен екенсің, Қарабура» (Бұл Тағанның бір кездегі лақап аты еді. Бүгінде оны ешкім де бұлай атап, әспенсітпейді). Адамдықтан кері азып, маймылға айналып-ақ кеткен екенсің».



– Жә, түр енді. – Тері қоржынды ақтарып... көк мойын шөлмектің бірін күнге шағылыстыра суырып алғанда, мойын тамыры білеудей маскүнем тобықтай жұтқыншағы бүлкілдеп, көзі бағжаң ете қалды. Кеберсіген быт-шыт ернін жалап, жараның орнындай үңірейген ұясына кіріп кеткен көзі жыпылық қаға еңіреп жіберген.

– Құлың болайын, Ерікжан.

Сұқ саусағымен бір нұқып қаңылтыр тығынды ішіне кіргізе ашып лақтырып жіберіп Тағанға: – Аш аузыңды, – деді. Анау бөбежігі көрінгенше аңырайта аузын ашты. Жуылмай, аттың тісінше түбі қарайып кеткен тісін ақсита, қып-қызыл болып үңірейте ырситқан өңешіне бүлк-бүлк құйып еді, ашырқанған да, шашалған да жоқ. Ерік таңғалды.

– Тағы да, – деді Таған тамсана ұмтылып. – Тағы да бірер тамыз. Ағынан гөрі қызылы төуір еді.

«Иттің ішіне сарымай жақпайды» деген-ау. Дегенмен осы Қарабураны өзі айтқандай көк есек ретінде пайдалансам қайтер еді». Омарташы өз ойына өзі қуанды. «Бич! Иә, иә, кез келген бичті жұмысқа бишіксіз-ақ салар күш – арақ-шарап. Анамның ағаш күбісіне бал сыра ашытып, күніне бір литр жұтқызып қойса, бар жұмысты осы атқармай ма? Табылған ақыл».

– Ей, Қарабура, сен маған еріп жүр. Аузыңнан арақ, алдыңнан тамақ кетпейді.

– Рас айтасың ба, алдамайсың ба? – деді екі көзімен Еріктің қолындағы шөлмекті ішіп-жей. – Иен таудың басында арақ заводың бар ма?

– Арақ заводы жоқ болса да, сыра заводы бар. Шырмауық салып қайнатқан Алтайдың бал сырасы грузиндердің виносынан кем деп кім айтты.

– Да, да, – деп тамсанды. – Медеуха... ішкенмін... Айда, ердім соңыңнан, милициясы, дружиннигі, он бес төулігі жоқ бостандыққа аттанайық. Тек анауыңнан тағы бір жұтқыз.

– Жұтасың, осының бөрі сенікі, мен ішіп жатқам жоқ. Ол аз десең, мына сумканың іші толған сенің горючиің...

– Құлдығың болайын, Ерікжан. Білемін, сен бала кезіңнен ішпейтінсің. Мен дайынмын, бірақ... Көрші ауылдан мініп кеткен атты иесіне қайтару керек еді...

«Құлым болатының рас, – деп ойлады көкбестіні шығарып, қақпаны мықтап жауып тұрған Ерік. – Сасық сары сырамен суара берсем, Қатын суына көпір салып берерсің».

– Ауыл арасы жақын, атты өздері-ақ іздеп тауып алады, сайтан алады дейсің бе, сойып жейтін сорпалығы да жоқ. Кеттік, – деді. Шөлмектегі аштыдан тағы бір ұрттатты да, аузын тығындап, қоржынына салды. Атқа қонды. «Шашты» деп аталатын асуға қарай желе-жорта жөнелгенде, маскүнем жігіт аңшының соңынан ерген тазы иттей жаяу сүмендеп еді. Ол қалжырап қалыңқырап қойғанда, басын шұлғи аяндаған көкбестінің тізгінін тартып аялдатады да, енді-енді құйрық тістесті-ау деген кезде, тақымын қыса сау желе жөнелтеді. Асудың дәл



алқымына тақалғанда, аттан түсіп, жан тері шыға ентіккен бала кезгі досына, қазіргі «құлына» арақтан молырақ ішкізді.

– Сені аттың артына мінгестіре алмаймын. Жол ұзақ, тау биік, жас мал еңгезердей екі жігітті көтере алмай қызылмай болып, өкпесі күйіп кетеді. Біздер қайбір қаңбақтай жеңіл едік. Екеуміз де бұрынғы палуанбыз. Қазақша күрестен... – деп мысқылдады. Оның жатыпатар ажуасын ұғар шама Тағанда жоқ еді. Көз алдында көлбеңдеген арақ-сайқал ғана... көзін қысып жымыңдап жетелейді-ай, дедектетті-ай. Өлсін-өлі өз-өзінен шөлдеп, құрғап, өз-өзінен жыбырлап жоқтан өзгені дөметіп тұрар өңеш, құлағына «Іш-Іш» деп сыбырлап тұрар азғырынды «ақ сайтан», тамырынан қан емес, әбден ішімдікке айналып кеткен ап-ащы бір нәрсе жүріп, шаршаған, жүдеген, тозған жүрек – бар-барлығы кейде істеп, кейде істемей қалар милау бастың басқаруымен екі аяқты сорлатып келе жатыр еді; Тағанның он екі мүшесі, бүкіл адамдық ағзасы азып, басшысы есалаң да есерсоқ шашылып кеткен шаруашылық сынды кетеуі кете, әбден шамасынан айырыла шалдыққан еді; бұл шақтағы оның организмі Гитлер тұсындағы Германия секілді зобалаң зорлықтан, орынсыз шабуылдан, жындысүрей қатыгез жүрістен титықтаған еді; егер аттың құйрығына бір шөлмек арақ байлап артыңнан ертіп отырсаң, Таған сияқты маскүнемдердің етпеттеп түсіп, жер тырмалап қалғанша салпақтары сөзсіз еді...

Лұғат

Кісікиік – 1) мифология: тұлғасы адам тектес, бүкіл денесін жүн басқан мақұлық тәріздес тіршілік иесі; 2) кісіге араласпай, өзімен-өзі, жұрттан қашып, саяқ жүретін, қияли адам; 3) тағы, жабайы. *Бұл жерде:* екінші мағынада қолданылып тұр.

Кісәпір – 1) қалтаға түсетін ұры; 2) арам, теріс пиғыл; 3) ауыспалы мағынада: өз құлқынын көздейтін арам ниетті қу, сұм, залым адам. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Бөбешік (бөбешік) – 1) құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек; 2) адамның жұмсақ таңдайының артқы тұсындағы кішкене тіл; 3) жапырақ тақтасының түбінен шығатын майда жапырақ тәрізді жұп өсінді; 4) ошақтың аяқтарындағы қазан ұстап тұру үшін иіліп жасалған темірлер. *Бұл жерде:* екінші мағынада.



1. Еріктің ойынша бұл ауыл туралы сендерде қандай пікір қалыптасты?
2. Тағанды ол қашаннан бері танушы еді?
3. Таған бұндай күйге қалай түсті деп ойлайсыңдар?
4. Ерік ол туралы қандай жоспар құрды?



1. Тағанның бұрынғы және бүгінгі келбетіне сипаттама беріп, болашағына болжам жасаңдар. Қалай ойлайсыңдар, Еріктің кездесуі оған мүмкіндіктер өкеледі ме, әлде жығылғанның үстіне жұдырық бола ма?
2. Автор шығармада Ерік туралы қандай мәліметтер береді? Хрестоматиядан тауып оқып, кейіпкердің тұрмыс-тіршілігін сипаттап жазыңдар.

Бұрын	Бүгін	Ертең
<ul style="list-style-type: none"> • ешкім жауырынын жерге тигізіп көрмеген жігіттің сұлтаны; • ... • ... 	<ul style="list-style-type: none"> • үйсіз жүрген кезбе • мүсәпір • қаңғыбас • ... • ... 	?



Төменде берілген мақал-мәтелдердің контекстегі мағынасын ашып, атқарып тұрған қызметіне талдау жасаңдар.

Мақал-мәтелдер	Қай оқиғаға қатысты айтылды?	Қызметі
«Иттің ішіне сарымай жақпайды»		
«Өлмегенге өлі балық»		



Берілген үзіндідегі автордың жеткізгісі келген астарлы ойын анықтаңдар. Бұл мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігі неде? Еріктің өмірлік ұстанымы, айналасына деген көзқарасы туралы қандай түсінік қалыптасты? Жұпта талқылап, пікір алмасыңдар.

«Кіндік қаның тамып, тұсауыңды кескен, балалығыңның бал дәурені өткен атақонысына атаңның құны бардай неге өшігесің?» деп, жер-жебіріне жетіп, тәубеге келтірер адам жоқ болған соң, күпір ойға бара береді де...

Айна

Шаңырағының берекесін келтіріп отырған құдай қосқан қосағы Айнаның да жан дүниесіне үңілуден қалған Еріктің көңілін көрсоқырлық басқан. Орманда омарта ұстап отырған осы үйдің бар тіршілігі Айнаның мойнында. Кеше ғана арман қуып Алматыға барып білім алған, асқақ армандары болған Айнаның Ерікпен қосылғаннан кейінгі көңілінде үміттен гөрі күдік басымдау. Ол – күнделікті күйбің тіршіліктің күдігі емес, кеше өзі ұнатқан Еріктің адамгершілік қасиетіне деген алаң. Күннен-күнге Ерікпен ерлі-зайыпты ретіндегі ішкі жарасымы сейіліп бара жатқандай...



...Шалқалай ашық тұрған есіктен Қатын суының ақ жал толқыны көрінеді. Оның ар жағында беткейіне арша аралас бұта-қарағай өскен тау, таудың қыр желкесінен жалдана өскен орманның ұштары шалынады. Қаңғыллектеген ара кірді үйге. Өуелі айнала ұшып барлау жасап, тіміскілеп жемтік іздеді, содан соң стол үстіндегі мөлдіреген балды төңіректеді. Шай ішіп отырғандар осынау үйреншікті «түліктері» шағады-ау деп сескенбеді, жасқап үркіткен де жоқ. Ара өз қалдығын жаңа көргендей ұшқалақтана ұшып келді де, бал сауыттың ішіне қона қалған. Қонғаны бар болсын, қоймалжың тәттіге белшесінен батып, тырбаңдады дерсің. Айна ептеп қана



Тірек сөздер

ара
жылқылар
түпсіз ой
студенттік кездер
қарекет
шынайы
жақсы көру
ене мен келін
қосауыз мылтық
аю
атпау

қанатынан көтеріп алып, тиместен есік алдына шығарып тастады.

– Араның адамнан айырмасы болсайшы, – деді осы көріністі мұқият мұғдарлап отырған кемпір. – Жиган байлығың да бал секілді. Күндердің күні малтығып өлесің.

– Айырмасы көп, апа, – деді ыдыс-аяқты самауырда қалған ыстық сумен жуып отырған Айна. – Араның байлығы адамдар үшін, ал біздікі... біздікі өзіміз үшін ғана.

– Тек түбі тыныш болсын де... Күні ертең жиган-тергеніңе ие болар ұрпағың жоқ болған соң, дүние-боқтың керегі не? Шыр еткенге зар қылған төңірдің төлкегіне не дауа...

Айқара ашылған есіктен анау жап-жасыл тауға қарап отырған көк көз кемпірдің қоламтана бастаған тозыңқы жанарында кісі аяйтын арманға толы мұң бар еді. Күн шалмай қағаздай ағарған, өбден өжім айғыздаған жүзі сазара қатып, ерні дірілдеді. Келіні апасының аузынан шыққан осы бір өкінішке, өкпеге толы алғашқы сөзді тосырқай тыңдап отырды да, дастарқанды толық жинамастан асығыс шыға жөнелді. «Албасты басып, алжып отырмын ба, қайдан ғана айтып едім, – деп өзіне-өзі ұрысты Нүрке кемпір.

– Жас балаша мөпелеп баққан келінімді ренжітіп алдым-ау. Бала деген немене... итте де, құста да бар. «Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз» деген емес пе бұрынғылар. Ол жылбысқы кім білсін кім боп туарын. Өкесінің сақалына жармасқандарды да талай көргенбіз. Апыр-ай, Айнашжан өкпелеп қалды-ау...»

Айнашжан енесіне тіпті де өкпелеген жоқ еді. Сол жүгіре шыққан қалпы қазықтың басында ілулі тұрған ноқтаны білегіне іле салып, таңғы салқынмен жайылып жүрген жылқыларға барды. Жануарлар жатырқаған жоқ. Енесінен туа салып, Айнашқа үйренген құлындар да тырағайлап қашпай, ноқталауына көнген. Екеуін бірдей енелеріне қосақтады да, арқан бойы көтеріліп қалған күнге көзін қарықтыра бір қарап пішендікке беттеді. Тобықтан түскен шық алғашқы жылумен жылтылдай ағып, кербездене кешіп келе жатқан келіншектің балтырын сулады. Шөп әлі кебе қойған жоқ, енді бірер сағаттан соң ғана жиюға жарайды. Айна асығыс аққан өзеннің жағасына жақындады. Жардың жиегінде Ерлік орнатқан тақтай орындық бар еді, оның бетін де шық басып дымданып тұр екен, алақанымен бір сипады да, отыра кетті. Бұл – Айнаның үйреншікті жері. Рас, енесіне реніш білдірмеді. Бірақ көңілінде көптен бері көлеңкелі тартқан уайым бар, көбеңсіп жатқан күдік бар, жалғыз-ақ ырғақпен өтіп бара жатқан өмірінің өткенді қойып, жыл өткен сайын, өрши түскен өксігі бар. Бар! Одан құтылудың



жолын таба алмаған. Таба алмаған соң, істеген сайын таусылмай балалай беретін жұмысты алданыш етер еді; одан да жалыққандай, анда-санда жар жағасына келіп, өзеннің асау ағысына қарап түпсіз терең ойға бата еді; түпсіз терең ой мұны Алтайдан алысқа, студенттік шағы өткен Алматыға алып кетер еді.

Түпсіз ойдың тұңғығына тұншыққан Айна қайтадан бетіне қалқып шыға алмай ұзақ отырды. Көзден де, көңілден де баяғыда қашаңдап кеткен жастық дәурен – қыз кезі, бірге өсіп, біте қайнасқан достары, туған-туысқандары есіне түсті. Қыздар институтының жаратылыстану факультетінде оқып жүрген шақта, қолаң шашын қос бұрымдап өріп, жанынан өткен адамды жалт қаратар сұлулығымен талайды таң-ғалдырмап па еді... АХБК-ға жұмысқа орналасты. Сөйтіп жүріп оқуға өте кеш түскен өзінен ересек Ерікпен танысты. Айтып-айтпай не керек, Ерік өдемі еді ғой: қара торы, сұңғақ, бөрінен де көзі – азиялық әлпетіне ойда жоқта орналасқан еуропалық көгілдір тартқан көзі мен қара бұйра шашы... Екеуі қолтықтасып қатар келе жатқанда көлде жүзген аққудай аса жарасатын, дос-жарандарының бөрі қызыға да қызғана қарайтын. Ерік күресті қойған соң ғана, төртпақтанып толып кетті ғой... Оқу бітірген жылы үйленді. Ерік аудан орталығындағы спорт мектебіне орналасқанда, дипломы жоқ Айна интернатта тәрбиеші болды. Осылайша он жыл өмірлері оңды-солды, мән-мағынасыз өте шыққан екен. Мамандықтарын тастап ара бағып кеткендеріне де осы жазда бес жыл толған. Төңірім-ау, сонда не қызық көрді? Көер қызығымыз алда дейін десе, өзі отыздан асып, Ерік қырыққа толыпты...

Рас, Айнаның жан сарайы азанда жауған қардай таза, тұманың суындай мөлдір, балиғатқа толмаған баладай аңқау да адал, жақсы мен жаманның, сұлулық пен сұмдықтың аражігін ажыратып, өмір екеш өмірдің өміршеңдігі мен өшпенділігін де саналай алатын зейін бар; өзіндік көзқарас пен пайымы да жетерлік; олай болса неге ғана арқандаулы аттай өзімшілдігі басым өгей өмірді таңдады екен; неге



Омарта шаруашылығынан көрініс



ғана бұйығы тірліктің бұйдасын үзіп, мынау бәрі бар, бірақ еш нәрсе жоқ шыңырауда шыңғыра бермей, шырқау биікке ұмтылмайды екен; неге ғана... неге ғана... Пенде дегеніміз – жалғыз-ақ адамның, мысалы, Еріктің жалауын көтеріп, көңтері құмыр кешсе айып па? Қай-да-а-аан білейін...

Үлкен ойдың жетегінде жүріп құлындарды ноқталады; үлкен ойдың жетегінде жүріп сиыр сауды; үлкен ойдың жетегінде жүріп самауырға су құйып, шоқ салды; үлкен ойдың жетегінде жүріп барлық шаруаны тындырды... күн қыза, дестедегі шөпті жинай бастады. Әуелі әр дестені бір жерге шүйкелеп үйді. Содан соң биыл қара басып қысыр қалған кер биені жегіп, әлгі пішенді сүйретпеге салды. Кеше төбесі шықпай, жапырайып қалған шөмелеге тасымалдай бастаған. Шық суынан әлі де арыла алмай дымқыл тартқан пішен тырма мен айырдың илеуіне түсіп, әрі-бері аударыстыра келгенде өз-өзінен дегдіп қалған. Осы қаракетпен түске дейін жан дәрмен қимылдаған Айна шаруасын іркіп, үйге барды. Енесі мұны жайдары қарсы алды. Таңертең шай үстінде оқыстан айтып қалған сөзінің артын жуып-шайғаны емес, мәймөңкесі жоқ көңілмен шынайы жақсы көруі еді.

– Шаршадың-ау, Айнажан. Таудың шөбі ащы ішектей шуатылған қандай ұзын әрі ауыр болады. Білем ғой мен, білемін, айырлағамыз, арпалысып үйгенбіз.

– Шөлдеген шығарсыз, апа, қайыңның нәрін ішесіз бе, әлде қымыз өкелейін бе?

– Қайыңның суын қайтем, қымыз болса...

– Жалғыз өзім көтере алмаймын, сізді далаға шығарып күншуақтатсам деп едім... Егер ара болсам ғой... Салмағы он-ақ грамм, бірақ өзінен жиырма есе ауыр жүк көтере алатын күштілігіне таңғаламын.

– Рақмет, Айнаш. Жалғанның терезеден түскен жарығына жарылқансам да жетер. Демінді алып, тамағыңды іш.

– Балық қуырайын ба, апа.

– Керек емес. Ерік тұзын көп салып жіберген бе, ащы екен, шөлдете береді.

– Ендеше бастаңғымыз болсын, ет асайын.

– Өзің біл, қалқам.

Айна шоланнан ет алып, тазалап жуып қазанға салды. Таудың күні қызық: арқанды қыздырып, алдыңды жауратады. Далада жүріп-жүріп үйге кірсең, мұздан жасалған үңгірге енгендей қалтыратып жібереді. Қарағай дөңбектен қиып, мүктеп салған үйдің ерекшелігі сол – жазда салқын, қыста жылы болушы еді. Қазір бұл жерде не ыстық, не суық емес, моншаның табы секілді жайма-шуақ маужыратып ұйқыңды келтірер жылылық ұялаған. Аралар әлемі толассыз жұмыс қамында. Қаз-қатар тізілген қораптардың танадай тесігінен дамылсыз кіріп-шығып, мәңгілік қозғалыстың ұясына айналған. Осына алты аяғы,





төрт қанаты бар шыбынның жұмбақты тірлігі Айнаны біржола өзіне баурап, сиқырлап алғандай еді. Қанша білдім, үйрендім, кітаптан оқып, көзіммен көрдім дегенімен, әйтеуір бір түйінін шеше алмай, өмірінің сырына қаныға алмай, семьясының заңдылығын түкпілдікті ұға алмай қайран қалатын. Міне, қазір де быжынаған араның арасында тұрып та, ақылды жәндіктің асқан ерлігіне қайран қала сүйсінеді. «Өмір сүруді арадан үйренуіміз керек шығар», – деп ойлады...

Иен таудың ішінде пішен үйіп жүрген келіншек екі қолы жұмыста болғанымен, ойы алыста, бәлкім біз түсіне бермейтін басқа-басқа, тек бір өзі ғана байыбына баратын өзге-өзгеше әлемі бар шығар-ау. Рас, жалғыз жүргенде кісінің ойына оралмайтын дүние жоқ, армандамайтын, қиял құсын құшырлана ұшырмайтын биік жоқ. Сыңарынан айырылған аққудай, жаулығы ағараңдап, шөп жинап жүрген келіншек көбінесе өткенін, қайтып қайырылмастай қош-қошын әлдеқашан айтқан қыз кезін – қырмызы шағын есіне алар еді. Сол қызығы мол қыз кезі көлбеңдеп, кей-кейде көз алдынан өтіп бара жатар еді; жалқы сөт, аялдашы, ежелгіні еске алып сырласайықшы дегендей ұмтылғысы, ұстағысы келер еді; боталаған жанарын жұмыстан мүйізденген қолымен уқалап қалғанында, буалдыр сағым, бұрқыраған Қатын суын ғана көрер еді. Айнаның жалғыз-ақ алданышы бар еді, ол – еңбек.

«Мен ана ара емеспін, – деп ойлайтын ол. – Мен – жұмыс арасымын. Өмір бақи ұйқы дегенді білмейтін, сеспей қатқанынша шырын жинап ызыңдап өтер байғұс аралар сол толассыз еңбегін өзгелер жеп жатқанын қайдан сезінсін. Ал адамның айырмашылығы еңбек – егінінің жемісін теріп жеуінде, ертеңгі мұрат-мақсаттарға талпынуында емес пе? Олай болса... мен кім үшін жан ұшыра жанталасамын...

Осы бір азғырынды ой соңғы кезде Айнаның миын шіркейдей айналдырып алды.

«Сонда не істеу керек?»

Білмейді, білсе өстіп өгей өмір кешіп жүрер ме еді. Тағы да бие сауымы болды...



Ене мен келін керосин шамның жарығымен ауқаттанып отырған қоңыр тыныштықты Аламойнақ иттің үргені бұзды. Күні бойы тышқан аулап қаңғып кеткен ит шабаланып қатты үрген соң, Айна тысқа шыққан. «Аламойнақ, жат!» деп еді, бөрібір тынышталмай, орманға қарап арсылдады-ай. Ай өлі туа қойған жоқ, таудың қалқасында қамалып жатыр, оңтүстік-шығыста жұқалаң жарық бар. Сап түзеген самырсындар тұңғыық ойда: мылқау мүлгиді. Қатын суының бұлқыңғанмен арнасын бұзып кете алмасын сезе ме екен, өсіресе түн баласында күркіреп-сарқырап қатты ашуланатындай үні өктем естілетін. Басқышта тұрып байқағанмен, көзге еш нәрсе көріне қойған жоқ. Алғашында ауылдан оралған Ерік пе екен деген дәмесінен қайтты, ит иесін күншілік жерден сезеді, сондықтан да өңешін жыртып үрмейтін.

«Қой, Аламойнақ, мазамызды алма».

Қора жақтан жүгіріп келген ит Айнаға бірер еркелеп алды да, тағы да қарауытқан теріске қарап саңқылдады.

«Мынаған бірдеңе көрінген шығар».

Сиыр мәңіреді. Жылқылар осқырынды. Малдың тынышы бұзылған секілді. Келіншек жүрексінейін деді. Үйге қайта кірді.

– Апа, маңайда бір нәрсе жүрген тәрізді.

– Өнеутүні қонжығын ерткен аю көрдім деп едің, сол шығар омартаны торып жүрген. Шықпай-ақ қой.

– Араның ұясын қиратып кетеді ғой, – деп, күпәйкесін киіп, қосауыз мылтықты қолына алды.

– Қиратпақ түгіл, түк қалдырмай жеп кетсе екен, аманымызда ауылға қайтатын, – деп күңкілдеді енесі.

– Өзімізді де асап қойса қайтеміз, апа, – деп күлді.

– Бүйтіп тобанаық болып жатқанша, аюдың қорегіне жарасам арман жоқ. Алтайдың аюы кісі жеп дәндемеген.



Айна сайланып далаға қайта шыққанда, ағаш-жалды алып таудың артындағы ай шапшаң көтеріліп қалған екен, маңай сүттен бастапты. Бір шетін әлдекім кесіп алған секілді кетіңкі. Қолында қосауыз мылтығы бар келіншек жасқаншақтана басып үйдің сыртын айналды. Аламойнақ та етегіне оратыла үріп, Айнаға демеу беріп келе жатыр. Оған да жан керек-ау, алдына түсіп арсылдамайды және бір елі соңында қалмайды да. Араның ұялары ағараңдап орнында тұр, қора жақта тыныштық. Жайшылықта алаңқайда жусап жатар сиыр, түнгі салқында күрт-күрт шайнап, барлық шөпті жеп тауысып қоярдай, қомағайлана жайылатын жылқылар да үрке қашып, үйдің іргесіне жиналып тұр. «Аюдың келгені анық», – деп ойлады Айна. Жүрегі кеудесін балғалай жөнелді. Қаттырақ дем алса, аузынан ыршып шығып кетердей, іштей тынып алға жылжыды. Тас байлап алғандай табаны әрең көтеріледі. «Қолымда қос оғы бар мылтық, несіне қорқам», – деп, өз-өзіне қайрат берді де, ұзақырап шығып, баспалап төңіректі шолды. Жартысы жоқ айдың сәулесі титтей заттың нобайын дабырайтып, үңрейтіп, абажадай үлкейтіп, албастыдай ажуалап, құбыжықтай құбылтып көрсетеді. Қимылдап, қыбырлап өзіңе жақындаған сияқтанады немесе атып тұрып бас салатындай. Айнаның түн ішінде далаға жалғыз шығуы бір бұл емес болса да, осы жолғыдай оқырына қорықпаған. Тіпті бұл қорқыныш та емес, осындайда қорған болар азаматыңды сағыну шығар... «Өзі берген жанды өзі алар, не көрінді соншама», – деп дауыстай адымдап қараңғылыққа мелдеген орманға беттеді. Адамның айдынын сезген Аламойнақ та алдына түсіп, саңқылдай үріп енді ғана ұзай беріп еді, күндіз үйездеген жылқылар тұратын бай самырсынның түбінен қыңсылай шөңкілдеп кері қашты. Сол самырсынның түбінен екі аяғына тік тұрып, ақырған аюды көргенде Айнаның мылтығы қолынан түсіп-ақ кеткені. Аю мен адам есік пен төрдей қашықтықта бетпе-бет келіп қалған. Әйелдің өне бойын ток соғып өткендей, жұлынын қуалап ыпыстық бір нәрсе ағып өтті. Құдіретті күш бір секундта қара жерге қаға салғандай сілейтіп, кірпік қақпастан мелшиіп тұр. Өрине, аю сасқан жоқ, неге екені белгісіз, ол да қозғалмаған. Айнаның пыр етіп ұшып кеткен жаны қайта айналып қонған сәтте, еңкейіп мылтықты алғысы келді-ақ, амал не, сіресіп қалған денесі бағынбайды. Аю ақылды болып шықты. Жанында шоқайып-шоқайып, енесі не істесе соны қайталаған екі қонжығын томпаңдата ертіп, бұрылып жүре берді.

«Уһ, зәрем қалмады-ау, – деп күліп жіберді Айна. – Мені кісіге санап менсінбей кетті-ау». Қысылтаяң шақта түкке аспай қалған мылтықты жерден көтеріп алып, мүлдем қаперсіз әрі асықпай борсаңдап бара жатқан аюды көздеді; шүріппені бармағымен басып-ақ қалғысы келді; батылы жетпеді білем, батылы жеткен, тіпті оқтың дәл тиюі де мүмкін еді, атпады, бөлкім аяды, ол мақұлық та бұған тиіскен жоқ қой; «ендеше қашқан жауға әйел де батырдың керін істеп қайтем» деп, кері бұрылған...



Лұғат

Мұғдар (лап) – көне сөз: шамалап, мөлшерлеп, болжап, жорамалдап деген.

Қоламта – бұл жерде: ауыспалы мағынада көз жанары сарқылыққыраған, көз нұры азайған деген мағынада.

Жылбысқы – 1) шала туған жас төлдің еті мен терісі; 2) малдың толық жетілмеген төлі; 3) жай, әрең-әрең. Бұл жерде: ауыспалы мағынада риза еместігін білдіру үшін қолданған.

Көтері – 1) жүні қырқылып, күнге қақталған тері; 2) тотыққан, күнге, желге тиіп қарайған. Бұл жерде: ауыспалы мағынада: әбден шыныққан.



1. Балға қонған ара туралы ене мен келін қандай ойға келді?
2. Автор Айнаның өткені туралы неден хабардар етеді?
3. Айнаны қандай ойлар мазалайды?
4. Қалай ойлайсыңдар, Айна аюды неге атпады?
5. Осы үзіндіде берілген табиғат көріністерін бөлек-бөлек айтып беріңдер.



1. Шығармада берілген пейзаж арқылы Еріктің отбасы кәсібін, тұрмыс-тіршілігін анықтаңдар. Бұл кәсіпке ене мен келіннің көзқарасы қандай? Олардың тұрмыс-тіршілігі туралы сендер не ойлайсыңдар? Пікір білдіріңдер.

Нүрке өженің көзқарасы	Айнаның көзқарасы	Оқырман көзқарасы


2. Авторлық шегіністің шығармадағы қолданысын талдаңдар. Айна бейнесінің толығы түсуіндегі авторлық шегіністің рөлін анықтаңдар. Сызбада берілген үштіктің өзара байланысын түсіндіріңдер.
3. Аралардың өмір сүруі мен адамның өмір сүруіне қатысты қандай ойлар айтылады? Автор аралар тіршілігіндегі адам үйрену керек қандай ерекшеліктерді атап өтеді? Салыстыра талдап, қорытынды шығарыңдар.



1. Шығармадағы ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты топта талқылап, бүгінгі замандағы көрінісімен салыстыра отырып баға беріңдер.
2. Айна аюды атпағанын қалай түсіндіреді? Айнаның бұл әрекеті туралы сендерде қандай ой қалыптасты? Айнаның әрекетіне баға бере отырып, «Адам мен табиғат – егіз ұғым» тақырыбында үндеухат жазыңдар.



Айнаның енесінің жүзіндегі мұңға себепкер төрт мәселені қарастырыңдар. Бұл мәселелерге Ерік пен Айнаның қандай қатысы бар? Кестені толтырып, жұпта ой бөлісіңдер.



Кестеде берілген сөздердің өже бейнесіне қатысы қандай? Бұл сөздер арқылы жазушы қандай мәліметтерді жеткізгісі келеді? Өже портретін топта талқылап, автордың кейіпкерге жүктеген жүгінің салмағын саралаңдар.

Күн шалмай қағаздай ағарған...	Жалғанның терезеден түскен жарығына жарылқансам да...	Бүйтіп тобанаң болып жатқанша...	Көк көз кемпірдің қоламтана бастаған тозыңқы жанарында...	Азиялық өлпетіне ойда жоқта орналасқан еуропалық көгілдір тартқан көзі...
--------------------------------	---	----------------------------------	---	---

Ана

Ұлты басқа болса да жастайынан қазақтың шаңырағына келін болып түсіп, бүгінде елге сыйлы ана болып отырған Нүрке әжейдің ендігі бар тілегі жалғыз ұлы Ерік пен келіні Айнаның үстінде. Тек сол жалғызының дүниеге жақындығы соңғы кезде көңіліне селкеу түсірген. Пайда табудың жолында неден болса тартынбайтынын іші сезеді. Айна ғана жанына жалау болып, көңіліндегісін табады. Өткенге өкініш жоқ десе де, ана көңілі алаңдаулы.



– Мен Еріктің әкесі Қандауырға тұрмысқа шыққан жылы, жарықтық атамыз, атын атау әдепсіз болар, қайын атамды айтамын, – деп пысықтай түсіндірді, – Меккеден оралып, қажы атанып қайтқан. Үркердей үш келінін бірдей, оның ішінде мен де бар, мұсылманша оқытып, хат танытты. Мен сол күннен бастап бес уақ намаз оқып, шарифаттың шәлісін жамылдым. Оны өзің де білесің, Айнажан, екі аяқтан айрылғанша, ораза-намазды қаза қылғаным жоқ. Қайын атамыздың ісләм діні жайында, пайғамбарлар мен сақабалар туралы әңгімесі бізді ешқашан жалықтырмайтын және біз күмән-күдіксіз сенетінбіз. Алғашында мен қазақ тілін жарытып білмейтінмін, мұқым ауыл балалары шүлдірлегенімді қызық көріп, сөйлете беруге өуес еді... Иә, ол да бір дәурен, қимас шақ еді-ау.

– ...Әке-шешем және бүкіл Фадеевтер әулеті қазаққа тұрмысқа шығатынымды естігенде үзілді-кесілді қарсы болды, әкем мен ағайым тіпті өлтіреміз деп те қорқытты. Біздің кержақтар орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамның өзі ішкері жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін, «кержақтар» атанғанбыз.

– Үйінен су бермейді екен, ал алда-жалда су сұрап іше қалсаң, сол ыдысты қайтып пайдаланбайды екен, бөтен біреу ұстаған есіктің тұтқасын ыстық сумен жуады екен деуші еді, рас па? – деп сұрады енесінің әңгімесін ұйып тыңдаған Айна.

– Баяғыда одан да сорақы әдеттері бар еді, қазір оның жұрнағы да қалмай, жергілікті елмен сіңісіп кетті ғой... Әкемнен гөрі шешем қатал болды. Мені Қандауыр бір-ақ күннің ішінде алып қашып ауылына алып барған күннің ертеңінде артымыздан шешемнің өзі бастаған қуғыншылар келді, түрлерінен адам шошырлық ашулы, бөрінің қолында мылтық. Төбелес, барымта десе қолы қышып, ереуілдеп кетер қазақтар қарап қалсын ба, барында шиті мылтық, жоғында шоқпар, сойылдарын қоқайтып олар да «мен атайын, сен тұр» деп қаптады. Сонымен не керек, екі жақ бітімге келсе алмай «тұрысатын жерін» белгілеп, Бек-Алқаның ағаштан ада беткейіне қарай бет алған. Кержақтардың оқтаулы мылтығына

Тірек сөздер

қажы атанған келін
аса діншіл
қуғыншылар
екі жақ болу емші
жұғымы жоқ жылау

қарсы төтеп берер қару қазақтарда жоқ еді, тек бірен-саран аңшылары ғана қолдарына шиті мылтығын ұстап, намыстың айдауымен қиқулап жөнелген. Екі ауыл қанды шайқасқа қас қағым сәтте өзір болды. Құлынды бие беріп сатып алған бесатарын мойнына асып Қандауыр да аттанып кетті. Торғын шымылдықтың ар жағында толған айдай толысып мен отырмын. «Қандыаяқ болды-ау, шоқынды» деп, мені қарғап-сілеп абысын-ажындарым жүр. Шымылдықты ашпаған күйі атам тіл қатты:

«Келінжан, өзің бөтуға келтірмесең, екі елдің арасы ашылып, азаматымыздан айырылғалы тұрмыз. Сені ықылассыз алып кетті деп, күш бермей тұр... Менің қазақша сөзімді түсіндің бе?»

«Ұқтым, ата, өзім барайын», – деп, шымылдықты сыдыра атып шыққаным. Бұл оқыс қимылдан шошына шалқалап, «астапыраллалап» шегіншектеген атама қараған қайда, кермедегі кербестіге міне шаптым. Үстімдегі қазақша кигізген бүрмелі етек көйлек желбіреп, басымдағы үкілі тақияны жел ұшырып өкетті. Екі жақтың жігіттері сақадай сай, бетпе-бет келіп тұр екен, тура орталарына ағызып шықтым. Өз туғандарыма: «Мен өз еркіммен келген адаммын. Мен Қандауырды сүйемін! Тоқтатыңдар шайқасты!» – деп, орысша да, қазақша да үш рет қайталап, дәл орталарында атымды ойнатып тұрып алдым. Не істерлерін білмеді. Атыса жөнелейін десе – оқ маған тиюі мүмкін. Осы кезде шешем келді жаным: «Ақымақ қыз, қайт үйге! Дінімізді қорлама!» – деді мені қамшымен тартып жіберуге ыңғайланып. «Айналайын, анашым, бер батаңды, амалым жоқ...», – дегенімде ғана, жібіп, зар еңіреп жылады-ай... «Қор болғаның осы... қызым... енді қайтып сенің қара жүзіңді, қазақ жалаған бетіңді көрмеймін, лағынет, лағынет» деп, аттарын ойнақшытып, көздері қанталаған туыстарымды ертіп, кері шаба жөнелді. Ат шаптырып той жасады, қазақтардың барлық ырымымен Қандауыр екеуміздің некемізді қиды. Құдай-ау, әлі есімде: басыма кимешек, шылауыш киіп, ақ шатырдай боп бие саууға шыққанымда, бүкіл ауыл мез-мейрам боп қарап еді-ау. Өсіресе бір тізелеп, биенің борбайына жабыса қалғанымда, кержақ қызынан мұндай өнер күтпеген атам: «Көресіндер әлі, бұл келінім барлығыңнан озады», – деп масаттанған. Ал Қандауыр екеуміз қосылмай тұрып-ақ, қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне жасырын дайындалғанбыз, ана тілін үйреткен де Қандауыр.

– Қандауыр деген не сөз? – деді Айна енесін қымтаңқырап қойып.

– Тек, о несі-ай, атасының атын атағаны несі...

– Кешіріңіз, – деді қызара ұялған келіні. – Байқамай қалдым, әншейін сөз төркінін білгім келіп еді...

– Қандауыр деген ұстараның бір түрі, кіп-кішкене айбалта секілді, асыл темірден соғады. Басының қаны тасығанда, төбе шашты дөңгелете



қырып, қандауырмен шетіп, лоңқа төңкеретін. Ішінде ауасы жоқ стақан артық қанды сорып, өзіне жинап алады. Бізге көрші Сарқыт деген кемпір болды, төбені қойып маңдайдан, мұрынның ұшынан қан ала беретін, жарықтық жақсы адам еді, жатқан жерің жаннат болсын (Нүрке бетін сипады). Сол кісі айтатын, бұл қан алудың ең қиындығы – емші кісінің қандауырды тамырға көлденең салмай, жарып салуында деп. Ол кемпір бұл дүниеден аттанған соң, басының қаны тасыған талай адам аттанып кетті соңынан... Иә, ол кісі бетімдегі жараны да жазып еді, сондықтан да есімнен, бес уақ намазымнан қалдырмай атап отыратынмын. Алғашында маған бала тоқтамады, не түсік тастаймын, не болмаса қырқынан шыққан соң қызылша шығып өліп қалады, не керек, бұл қорлықтан өз анам қайтыс болған соң ғана, көзім ашылды... қатал кісі еді-ау, жарықтық. Қатал еді... оның да топырағы торқа болсын, ғайбаттап қайтейін аруақты... сүтін емізген шешем ғой...

– Сіз, апа, анаңызға тартпаған екенсіз...

Жарықтық күйеуім балажанды кісі еді ғой... амал не! Еріктің ержеткенін көре алмады... Көзі тірі кезіндегі сөбидің бірде-біреуі тоқтамады. Айтып-айтпай не керек, не көрмедік, неге көнбедік... Ерігім біртоға, тұйық, сенер кісісі болмаған соң, шаруақой болып өсті. Мектеп бітірген соң да, мені жалғыз тастап кетуге қимай, оқуға кешеуілдеп барды ғой. Алматыда жүргенде көп қиыншылық көрген секілді. Өйткені колхоз совхозға ауысып, апалас-төбелеске ұшыраған кезеңде мен пенсиясыз қалдым, кейін ғой кемпір бас сайын 28 сом «айлық» тағайындағаны, өйтеуір, елде бардың ерні қимылдап жұтамадық, халықтан айналайын, қарнымызды ашырмады. Жалғыз бала қатты болады деуші еді содан ба, Ерігім өсе келе жұртқа жұғымы жоқ, даланың тағысы секілді төкашпарлау болып кетті. Саған да обал, келін шырақ, ішім сезеді, құсалық бар, қайтейін, Алтайдың аңғарына қамап ұстайтын аң емессің...

– Қойыңызшы, апа, мен тіпті де жалғызсырап жүргенім жоқ. Тағдырымды Ерікке тапсырғанмын, Мұзтауды асамын десе де, қалармын ба соңынан.

– Рақмет, айнама, Еріктен артық көрмесем, кем көрмейтінім бір құдайға хақ. Екеуіңнің жамандықтарыңды көрмей, бір күрек топырақ бұйырып, алдарыңда кеткеннен озық мұрат бар ма мен үшін.

– Сіз... апа... сіз орыс та, қазақ та емессіз... сіз басқа бір... ұлтсыз... жер бетінде жоқ ұлттың өкілісіз. Ол ұлттың аты – аяулы АНА. Өттең, сіздей адам жалғыз-ақ па деп қорқамын...

Айнаның шамның сәулесімен боталаған жанары жасаурай, енесін қатты қысып құшақтады. Неге екенін өзі де білмеді, екі иығы селкілдеп, ағыл-тегіл жылаған. Байтақ ел, бақытты күндерін аңсады ма, өз анасының жұпар иісін сағынып, кең кеудесіне басын қойғысы келген шығар, бәлкім, бұған дейін көкірегінде бұғып жатып, өбден қысылып,



өбден сыздаған мұңның ененің еміренісінен кейін иіп, бұлақ боп, көздің жасы боп, сарқырап аққаны ма екен?.. Кім білсін, кімнің ішіне кім кіріп шыққан... бәрімізде де ашылмаған сыр, айтылмаған сөз бар-ау...

Лұғат

Кержақ (орысша киржак) – бұл жерде: ескі әдет-ғұрыпты, діни ұстанымдарды, салты көксейтін орыс халқының әлеуметтік бір тобы.

Бәтуа (пәтуа) – араб сөзі. Бұл жерде: белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде, нәтижелі тоқтам, шешім.

Шылауыш – 1) көне сөз: кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал; 2) шылайтын құрылғы; 3) баланың бетіне түсетін жара; 4) сыпырғыш. Бұл жерде: бірінші мағынада.



1. Нүрке өже қазақ отбасына қалай келін боп түседі?
2. Оның *кержақ* деп отырғаны кімдер?
3. Нүрке өже келініне *қандауыр* сөзін қалай түсіндірді?
4. Еріктің өкесі қандай кісі еді?



Нүрке кемпірдің бойында қазақ халқына тән ұлттық, адамгершілік құндылықтардың, таным-түсініктің, мұсылмандық сенімнің біте қайнасып жатқанын көрсететін эпизодтарды жинақтаңдар. Нүрке өже образына қатысты қандай қорытынды шығаруға болады? Мінездеме беріңдер.



Шығармада көтерілген мәселеге өзіндік көзқарас тұрғысынан қарап, өлең жазып көріңдер. Өлеңді халыққа үндеу сипатында жазыңдар.



Қоғамда екі ұлт өкілінің бас қосып, шаңырақ көтеріп жатуына қатысты түрлі пікір, әрқилы көзқарас бар. Аралас некеге сендердің көзқарастарың қандай? Төменде берілген екі ұстанымның бірін таңдап, осы мәселені пікірталас алаңына салыңдар.

Жақтаушы топ	Даттаушы топ
Аралас некеге қарсы емеспіз. Махаббат ұлтқа қарамайды.	Аралас некеге қарсымыз. Ол ұлттық ерекшеліктердің, ұлттың жойылып кету қаупін тудырады.



Екіжақты бітімге шақырудағы қыздың іс-әрекетіне баға беріңдер. Осыған ұқсас оқиғалар қазақ шешендік сөздерінде, жырларында кездеседі ме? Қазақ халқы ел арасында туындаған даулардың шешімін қалай тапқан? Салыстырмалы талдау жасаңдар.

Оралу

Еріктің шаңырағына оралмағалы бірнеше күн болды. Анасы да, Айна да ел ішіне кеткен Еріктің бұлайша ұзақ хабарсыз болуына алаңдаумен отырған... Ерік өзімен бірге Тағанды ерте келді. Ащы суға тәуелді болып қалған Тағанды енді ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстаймын деген қараниетін жүзеге асырмақ. Өзінің ойынша, арағын тауып берсе Таған тауды да қопаруға бар... Бірақ Ерікке ілесіп келген адамның алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі екендігін білгенде Нүрке өже қатты таңырқаған...



...Айна дәл бүгінгідей көңілі азынап жалғызсырап та, санамен сарғайып сансырап та көрген жоқ. Неге екенін білмейді, биелерді сауып болған соң, алғаш рет өз үйіне өзі кіргісі келмей, жоқтан өзгені сылтауратып сыртта жүріп алды. Ертеңді қара кеш ермек етер енесінің әңгімесі де жалықтырғандай ма? Жо-жоқ, ол ондай күнәлі ойға барған жоқ, тек, әншейін, жалғыздықтан жерінген сайын оңаша күйді аңсайтын дел-сал халдің илеуіне көніп, ырқына бағынуы шығар. Тағы

да Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барды. Ендігі қалған дөтке қуат, жанға суат осы – арқыраған асау өзен ғана. Берекесі жоқ бей-берекет дүниеде бір нәрседен березеп болмаса, осы – Қатын суы аталар өзен еді. Кей-кейде өз көңіліне, өз өміріне ұқсастық тауып, не себептен «Қатын суы» аталуы тарихын білгісі келетін. Ал өзен тарихын Нүрке кемпір де, Еркін де білмейді. «Бәлкім, мен секілді жалғыздықтан жаны жанған әйел өрт болып лаулаған жалынын басар шипа іздеп суға секіріп, ағып өлген шығар...» Оқыстан туған осы ойына өзі қуанып қалды; қуанып қалғаны бар болсын, Іле-шала: «Мен де секіріп кетсем қайтеді?» деген азғырынды ой және иектеген. Алдымен жай әуестік үшін ғана болып басталып еді, санасынан тіпті қуаласа шықпайтындай жабысқаны соншалық, жүрегі өрекіп, өзен жағасына бірте-бірте тым жақындап қалғанын байқамады. Бетін судың салқын лебі шарпығанда ғана есін жиғандай сескене шегініп кеткен. Өзен мың жылғы қалпында, өгіздей өкіріп, толқынынан толқын балалап, бар даусымен бастырмалата ән шырқайды. Өзіне қадала қараған қаршадай келіншекті тылсым күшпен қойнына тартып, қақшып алып қақпақылдата жөнелмек... Өлгі бір сайтандай сап ете түскен өзөзіл ойдан құтқарған, ту сыртынан күмбірлей кісінеген жылқының үні болды. Артына жалт қарағанда, Тихойдың өткелінен салып ұрып өте берген Ерікті көрді. Көрді де: «Төңірім-ай, келдің бе?» – деп, екі бетін алақанымен басқан күйі шөге түсіп, еңіреп жылап жіберген. Әйел затына тән босандық немесе долылықпен емес, адам төзгісіз ауыр азаптан құтқарушысын оқыстан көріп, көбік ата шалқып-тасыған қуанышынан жылаған... жыласын... жыласын...

«Неге біз осы оқта-текте жылап алмаймыз? Неге?»

Ерік көкбестісін лекілдете аяндап аяулы жарының қасына келді. Айна белі кеткендей отырған орнынан тұра алмады. «Ой, саған не көрінді?» – деген ерінің сөзін естімеген секілді, қос жанарынан сорғалаған жас жүзін жуып, мең-зең отыр. Шошына аттан секіріп түсіп, қолтығынан демегенде ғана, Айна мойнына асылып, бетін күйеуінің тер сасыған кең кеудесіне басып өксіп-өксіп еңіреген.

Тірек сөздер

сыртта жүру
өзен
жылқы үні
оқыс дауыс
ана
ел
соңғы маскүнем
текті тұқым



– Не болды, Айнаш? – Күн иісі аңқыған қолаң шашынан иіскеп, арқасынан сипап өзіне тартты. – Амансыңдар ма?

– Аманбыз, – деді өксігін баса алмаған Айна.

– Төтеме бір нәрсе болып қалған екен деп... Апыр-ай, мұндайың жоқ еді, не көрінді. Қой, жаман ырым бастама.

– Қойдым, – деді келіншек көзінің жасын балаша алақанымен сүрткілеп, мұрнын тартып. – Мұншалықты кешікпеуші едің...

Екеуі көкбестіні жетекке алып, үйге қарай қатарласа аяңдай берген кезде: «Ау, ағайын, мен қалай өтем судан?» – деп барқыраған дауыс оқыс тоқтатты. Тихойдың ар жақ жиегінде делдиіп тұрған самтыр-самтыр кісіні көргенде, Айна шошына таңғалып: «Мұнысы кім?» – деп, Еріктің бетіне қарады.

– Жолдасым ғой, – үні самарқау шықты. – Әй, Қарабура, кіндігіңнен де келмейді, кешіп өт! – деп айқайлады...

– Көлік апарайық, – деген әйелінің сөзін тыңдаған да жоқ, қыпша белінен құшақтаған қалпы үйге қарай икемдей ертіп кеткен. Таған да қырсықты білем, бергі бетке өтетін ниет білдірмей, өзеннің жағасына жайғасып тұрып жантайып жатып қалды.

Орманның арасынан Аламойнақ шықты арсалаңдап. Баршатышқан қуамын деп жүріп иесінің келгенін кеш байқап қалғанына кешірім тілегендей, құйрығын бұлғандатып, Еріктің кеудесіне шапшыды. Иттің алдыңғы екі аяғынан ұстап алған Ерік жас балаша тәй-тәй бастырып жетелеп барды да, құлағының түбінен қасып, арқасынан сипап қоя берді. Арғы жағалауда қалған бөтен кісінің иісін енді сезген иісшіл Аламойнақ ендігі мезетте солай қарай үре ұмтылған-ды.

– Үй-бай-ау, ұстайық, – деп оқталған Айнаны Ерік тоқтатты.

– Ой, ол сүмелекті ит қаппайды екен.

Абалап жүтірген Аламойнақ Тихойдың жағасына зымырап жеткенімен, су кешіп өте шығуға жасқанды ма, әлде Тағанның табиғи мысы басты ма, шоқайып отырып қалған. Таған жатқан орнынан қозғалған жоқ, жан тапсырғандай қимылсыз.

Жалғыз ұлы есіктен еңсеріле кіріп келгенде, сал болып жатқан шешесі құшағын аша ұмсынып: «Құлыным-ау, есен-сау келдің бе?» – деп, аналық абзалдықпен аңырап еді. Айшылық алыс жолдан оралғандай-ақ, Ерігін бауырына басып, екі бетінен кезек шөпідете сүйді-ай. Осыншалық мол мейірім күтпеді ме, Ерік ыңғайсыздана күліп жіберген.

– Ауғанға барып келгендей-ақ қарсы алдыңдар-ау.

– Енді қайтейік, бір үйдегі бір азаматтан айдың-күннің аманында айырылып қалсақ... Ел аман, жұрт тыныш па екен, өйтеуір.

– Еліңіз орнында, ештеңе ете қояр түрі жоқ. Желдей есіп, желпініп отыр. Бір тоқсанға бөлінген... бір айда ішіп тауысып, жоспарын асыра орындапты.



– Апыр-ай, баяғыдан сондай еді, – деді Нүрке кемпір басын шайқап. – Ауылдағы... таусылмайынша, бірде-біреуі шошаң етіп жұмысқа шықпайтын. Радиодан... сатылмайды, енді ішпейміз деп күнде қақсайды, сол тәртіп жете қоймаған екен-ау. Қай-да-ан жетсін, жер шалғай ғой. Таудың қуысына тығылып алып, білгендерін істейді. Өстіп жүріп азып-тозып кетпейік, атау-керелерін ішіп жатқанын сезбейді-ау жасаған ием...

– Ол күн де алыс емес, төте... – деп, екіұштылау пікір білдірді Ерік.

– Қандай күн? – деп сұрады бопсаға түсінбеген Айна.

– ...сатпайтын күнді айтамын. Ең соңғы маскүнемді мен ертіп келдім.

– Үйбай-ау, ұят болды-ау, жолдасыңды өткізіп алайық, – деген Айна орнынан тұра беріп еді, оның білегінен басып, қайта отырғызған Ерік:

– Өзі-ақ өтеді. Омыраудан келмейтін суға ағып өлер деймісің? Қайта таза су кір-қоңын шайып, иіс-қоңысын кетіреді.

– Ол кім еді тағы?..

– Ол менің бірге оқыған досым, төте. Сіз білесіз. Біздің елдікі. Көкenniң ұлы – Таған Мақажанов.

Нүрке басын оқыс көтеріп алды:

– Төңірім-ау, не айтып отырсың?.. Өзіміздің Мақаңның – алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі ме? Көкен жарықтықтың ұлы ма? Апыр-ай, шешесі марқұм болғаннан бері бетін көрген жоқ едім. Ол қайдан жүр, бұл ит өлген жерде! Жеткізіңдер! – Кемпірдің даусы шаңқ етіп қатты шыққаны соншалық, Айна селк ете түсті...

– От оттап, су ішіп отырған жеріңізге «ит өлген» деп тіл тигізбеңіз, төте, – деді Ерік шешесінің ашуына арзымайтын нәстеге дірілдеп-қалшылдап кеткенін жақтырмай. – Бар жазығым астына жіберіп, өлейін деп жатқан жерінен жетелеп келгенім болса, онда кері қайтарайын.

– Бет-жүзін көрейінші өзінің. Текті тұқымның тұяғы ғой...

– Ендеше көрімдігіңізді дайындаңыз, – деп, Ерік қамдана бергенінде, ашық тұрған есіктен пұшпақ-пұшпағынан су сорғалаған Тағанның сұлбасы көрінді. Аяғы тайып сүрініп жығылды ма, әлде өзенге өдейі өзі шомылып алды ма, әйтеуір, сутышқандай үсті-басы сүңгілескен, киімін де сықпаған қалпында ербиіп тұр.

– Ей, Қарабура, кел мұнда, төтем шақырады. Асылдың сынығы едің ғой... нұр дидарыңды жарқыратшы, – деді Ерік саңқылдай.

– Кел, шырағым, кел, – деп бәйек болды кемпір. Аяғын тұсап қойғандай бір басып, екі басып жыбырлай жылжыған азаматтың ажары Айнаға ұнаған жоқ. «Қайдан ғана қазып тауып алды екен» дегендей еріне ренжи қарады. Табалдырықтың ар жағынан:

– Амансыз ба, апа? – деді Таған тұрған орнынан қозғалмай. Бұдан соң Нюра Фадеевнаның ақ сары жүзін, көк көзін жаңа ғана байқады ма, – Здравствуйте! – дегенді қосып қойды. Нүрке кемпір күлді. Айна да жұмсақ жымыған.



– Еркек адам есіктен еңселі кірер болар... Ұры иттей жан-жағыңа жалтақтап жанарыңды түсірме, ұлым. Ерді кебенек ішінен таны деген, ханның сарайына кірсең де қадіріңді қашырмай, кеудеңді жоғары ұста!

Төсек үстінде отырған орыс кемпірден мұндай торғындай судыраған қазақшаны күтпеді білем, жанарының жапсары жыпылықтаған Таған әлі де болса үйге кіруге жүрексінгендей.

– Төрге шығатын түр жоқ, шеше.

– Өкең жарықтық жұрттың бермесін тартып алар аусар еді, тартпаған екенсің.

– Кірсеңші кергімей! – деп, Ерік гүр ете түсті. Таған адымын санаған қалпын бұзбай тақалды да, жарасы жарылып кетердей сақтықпен табалдырықтан аттады. Босаға тұстағы ағаш орындықты соқыр адамдай сипалап жүріп тауып алды да, отыра кетті. Үстінен сорғалаған су еденге тырс-тырс тама бастады. Еріне еріп келген қонақтың осыншалық ынжықтығы Айнаның жүйкесін тоздырды ма, самауырды көтеріп шыға жөнелді. Айқара ашық есіктен басын қылтыңдатып сығалаған Аламойнақ қазан-ошақ жаққа шай қамымен беттеген Айнаның соңынан еркелей еріп кетті...

Лұғат

Березеп (зәрезап) – мезі болды, ығыр болды; қашқалақтау, жуытпау.

Самтыр-самтыр – диалект сөз, яғни салтақ-салтақ деген мағынада.

Кебенек – 1) көне сөз: малшылардың саздан, жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырткімі, сулық; 2) сыртқы жамылғы, бастырма; 3) ешкіде ғана болатын аса қатерлі, жұқпалы ауру; 4) ешкіге айтылатын қарғыс. *Бұл жерде:* киім айтылып тұр.

Аусар – 1) көне сөз: аң аулайтын аспап, тор; 2) ұрда-жық, дөкір, есерсоқ; 3) өжет, қара күшке мол; 4) құмар, ынтық, құштар. *Бұл жерде:* үшінші мағынада.



1. Айна Қатын суының қасында қандай ойға шомды?
2. Еріктің келгені Айнаны қалай қуантқаны туралы айтып беріңдер.
3. Тағанды ұялтқан кімнің сөзі еді?
4. Ерікпен еріп келген жігіт туралы Айнада қандай пікір қалыптасты?
5. Ерікке еріп келген Тағанның ендігі өмірі қалай жалғаспақ?



Еріктің сөздерінде кездесетін *иронияны* анықтаңдар. Кімге, қай оқиғаға қатысты қолданады?

Иронияның анықтамасы	Кейіпкер сөзі	Қолданылу мақсаты



Нүрке өже мен Еріктің диалогінде көтерілген мәселеге қатысты пікір білдіріңдер. Жазушы қай ғасырдың дертін тілге тиек етіп отыр? Олар өмір сүрген заман бейнесіне баға беріңдер. Бұл мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігін талқылаңдар.

Мәселе			
Шығармада		Бүгінгі қоғамда	
• себебі	– заман бейнесі;	• себебі	– заман бейнесі;
• салдары	– халықтың өлеуметтік жағдайы.	• салдары	– халықтың өлеуметтік жағдайы.

Серт

Таған араққа бой алдырып, адам аярлық халде жүрсе де, ішкі жан дүниесін бүлдірмеген. Өмірдегі асыл мұраттары, мақсаттары жарты жолда аяқсыз қалғандай. Осы жүрісінде адамның өз-өзін жеңуі ең қиын екеніне де көзі жеткендей. Арақты қоюға оқталған бір әрекетін Ерік еріксіз бұзды. Ерікке Тағанның арақ ішіп жүргені керек. Оны Ерікке тәуелді қылып отырған осы – арақ. Тағанның араққа салынғаны Айнаға да бататын. Тағанның бойындағы ізгіліктің, пайым-парасаттың биіктігін ащысу ғана лайлап жүргенін Айна жүрегі сезді. Айна бірде буынып жатқан Тағанның үстінен шығып, құтқарып қалды. Осы жолы Таған енді қайтіп арақ деген бәлені татып алмауға серт берген...



Бүгін Ерік пен Айна омартадағы барлық ұяларды қақтай сауып, бал шайқады. Бастарында ақ қалпақ, беттеріне торлы паранжы тұтқан, қолдарында түтіні будақтаған оттық. Таған да көмектескен болып жақындап еді, сезімтал аралар бөтенсіді ме, әлде бағана қояр да қоймай сұрап ішкен сыраның иісінен жиркенді ме, дуылдап кеп талаған араның екеу-үшеуіне шақтырып, шекесін ісірген күйі басы-көзін сабалап тұра қашқан. Бұдан соң оған бал шайқайтын үлкен шелектің құлағын бұратып қойған.

Соңғы кезде сыраны азайтып, Нүрке кемпірдің ақылы бойынша қайнаған шөп ішіп, таңертең суық сумен шайынып, кешке моншаға түсіп, көдімгі кісі кейпіне ыңғайланып қалып еді. Сырадан да тыйып, аузын кептірген. Бірақ досының бұл салауатты қалпы Ерікке ұнаған жоқ. Анда-санда шешесінен ұрлап бірер саптаяқ салқын сыраны тарттырып жібереді. Оның бұл қаскүнемдігін байқап қалған Нүрке кемпір келініне ағаш күбідегі бал сыраны төгіп таста деп тапсырса да, Айна «Еріктен қорқам» деп баспаған, ал кемпірдің өзінде хал жоқ. «Ендеше көрсетпеңдер көзіме» деп кейіген соң үйден өкетіп, сеңкеге жасырған...

Орта жасқа жақындаған жасында жанын садақалар мұрат-мақсатсыз лағып, ерегіспен есерсоқ ғұмыр кешіпті; тіпті өткен өмірін ғұмыр деп атаудың өзі де ұят, аспиранттық өмірінен бергі өткізген уақыты – ай тақыр бос, іс-түзсіз екен-ау... Сонда кімге ерегісті... кімдердің шат-шадыман

Тірек сөздер

омарта
қайнаған шөп
ерегісу
жақсылық
қызғаныш
марғау қарау
өңгіме
шошу
шайқау
ант ету

тұрмысына ортақ болды, кімдер мүсіркеп, «обал болды-ау» деп маңдайынан сипады; оның бүгін ашқан жаңалығы – басқаны басындырмау үшін ең әуелі өзіңді жеңу, тек өзіңе сеніп, өзіңе-өзің тәрбиеші болу; сен адамдарға керек емессің, адамдар саған керек; егер сен өзіңнің бұл жалғанда бар екеніңді, қолыңнан іс келетін іскерлігіңді дәлелдесең ғана, басқалар назар сала бастамақ; жатқан тастың астынан су жүгіре ме, тәйірі; демек, талант дегеніміз – сол талантты ұйымдастыру; рас алғашында – жігер-қуаты бойында жалындап жүрген жастық шағында қарағұстан тиген соққы есеңгіретіп тастады, алғашқы соққыдан-ақ арманын күл-талқан етіп алды да, бар ашу-ыза, өш-кегін өзінен алғысы келгендей ішімдікке салынды, жинап-терген білімін сыраханаларда айтып, талайдың таңдайын қақтырды; оның біліміне, білгіштігіне тәнті болған студенттер үйірсек тартып, пір тұтып жүрді де, ой қайталауы көбейіп бара жатқан соң, сырғақсып кеткен; дос-жаран, құрбы-құрдастардан біртіндеп айырыла бастады; ақыр аяғында әйелі де бұдан бас тартып, баласын ертіп төркініне кетіп тынды; жалғыздық басталды; жұмыссыздық басталды; тайғанақ тағдыр басталды; ол бөрінен бұрын студенттердің алдында көсіліп оқыр лекциясын сағынатын. Иә, жастар аузын ашып, көзін жұмып тыңдаушы еді-ау, осы Айнаны да сол жәудір көз студенттердің арасынан көрген секілді...

– Әй, дәреттеніп болсаң, дәмге кел, – деген Еріктің айғайы Тағанның адамдыққа бастаған асыл ойларын үркітіп-ақ жіберді. Ілби басып қараңғылықта аузы жарқырай есінеген ол, есігі ашық үйге беттеді. Тамаққа төбеті шаппады, дастарқан басында қара көрсетіп құр бекер отырғаны болмаса, қолын табақтағы етке жалғыз рет те жақындатпаған. Құрт қосқан ақ сорпаның бір кесесін ішті де: «Болдым, рақмет», – деп, орнынан сыпайы ғана тұрып шығып кеткен. Ол шығып кеткен соң, Нүрке кемпір:

– Ренжіткен жоқпысың? – деп ұлынан сұрап еді. Ерік: «Онда не бар, өзі ғой бұртиып жүрген, – деп жауап берді. – Есен-сауында ауылға қайтарсам деп едім, жете алмай жолда қала ма деп қорқамын».

– Қыстап шықсын, – деді шешесі. – Ырысыңды ішіп тауыспайтын шығар. Ауылға барып не мәртебе табар дейсің. Енді-енді ғана есін жиып келе жатқанда, жат адамдай жатырқап қайтеміз. Мені ана деп сыйласаң, ұлым, ақырғы қолқам болсын, тиме оған. Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма. Тағанның әке-шешесінен көрген жақсылығымды бір таң айтып тауыса алмаспын.

Шешесінің сөзін Ерік үндемей тыңдады, не мақұлдағаны, не теріс-тегені белгісіз. «Неге ертіп келдім?» деген өкінішін сыртқа шығарған жоқ және неге екені белгісіз, ішкі бір қызғанышы қыңсылап маза бермей жүргені де рас. Өзімен асып кетеді-ау деген қауіптен гөрі, өзі де білмейтін дүдәмал ой көңілінде көгенделіп маңырайды да тұрады.



Досының мәңгі мас күйінде мәңгіріп жүре бергені ғана жанын жай таптыратындай...

Ит арқасы қиянға өзі ертіп келсе де, енді құтыла алмай әлек болған Тағанның алғаш рет ауылда көргеннен көш ілгері кісі болып қалғаны Ерiкті, шынында да, алаңдатып еді. Байқастап қараса, соңғы кезде оған деген шешесінің де, әйелінің де ілтипаты өзгеше. Әсіресе бұған ұнамағаны – өзі жоқта сыра бермей, қайта-қайта моншалап, дәрі шөп ішкізіп, өбектеп бағып-қаққаны. Өлі жүні түспеген иттей болып жүретін бұралқы неме қазір қарға аунаған түлкідей құлпыра бастаған сыңайда. Егер осы қалпымен енді бір-екі ай бақса, баяғы студент кезіндегі жұтынған, жұлқынған Тағанға айналып, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей, қайта қайраттанып кетуі мүмкін. Ал ондай, өзімен үзеңгі қағыстыратын қарағымның Ерiк үшін түкке де қажеті жоқ. Ендеше есін жиғызбаған қалпы, таз кепешін кигізу керек. Осы оймен үйден шыққан Ерiк шоландағы бал сырадан көк құманға толтыра құйып алды да, Тағанның қара шаңырағына қарай беттеді. Бұл кіргенде, Таған екі қолын басына жастап, төбеге тесіле қарап, ой үстінде жатыр еді. Сақырлай ашылған есікке марғау қарады да, сол шалқасынан жатқан қалпын өзгерткен жоқ. Еппен басып кірген Ерiк нардың шетіне отырды.

– Бүгін ерте жатыпсың ғой, шаршаған шығарсың, кел, мынадан тартып жібер, ұрлап алып шықтым, – деп сыра құйып ұсынды.

Соған бір түрлі төбетім тартпай тұрғаны...

– Мұның енді адам естімеген жаңалық болды, тек ұзағынан сүйіндірсін.

– Мен өздігімнен ішкен емеспін, өзгелер іштіретін.

– Кінәны өзгеге арта салу – пәледен құтылудың ең оңай жолы. Айталық, мен өз кемшілігімді тек қана өзімнен көрем. Сен ойлайтын шығарсың: бейне бір саған қастандық ойлап жүр деп. Егер ондай арам ойым болса, ауылда аунап жатқан жеріңнен тауып алып, осында ертіп келер ме едім. Сенсіз де таңымыз атып, күніміз шыққан. Айналырған аз шаруаны Айна екеуміз-ақ дөңгелетіп аламыз. Құдайшылығыңды айтшы өзің – осында келгеннен қор болдың ба?

– Ол қамқорлығыңа рақмет. Өкінішім де, ренішім де жоқ. Бірақ сен мені еркек, ер-азамат деп есептемейтін секілдісің, асын беріп айтақтап үргізетін Аламойнақ сияқты көзге ілгің де келмейді.

– Мен о бастан сөзге шорқақ, тұйық екенімді білуші едің ғой. Сондықтан да үйірсектігім жоқ, тағылау мінезіме таңғалмай-ақ қой. Кейде Айна мен анам да осы саяқтығыма өкпе білдіреді, қайтеміз, жаратылысымыз солай, көр түземесе, адамның қолынан келмейді. Үндемегеннің бәрінде үйдей бөле бар деу де қате... Сенің көкейінде маған қойылар бір сұрақ бар, – деді Ерiк қыза сөйлеп. – Ол сұрақтың төркіні – осынша байлықты, мол ақшаны жинай беріп не істейсіңге саяды. Өтірік деші осы ойымды...





– Рас, реті келсе сұрамақ едім.

– Сен сұрамай-ақ, айтайын: адам болып асқақтап жүру үшін, өркімге бір жалтақтап жарамсақ ғұмыр кешпес үшін, қарызданып-қауғаланып итшілемес үшін...

– Сонда қалай...

– Сонда қалайдыны қоя тұр. Өзің айта беретін «Неге біз осыны» енді мен айтсам: неге біз осы байлығы бар адамды бандит деп есептейміз. Кім қабілетті – сол ғана байлық жинап алды. Баяғыда да сөйткен. Ақымақтың аты – ақымақ, етегіне салған біруыс бидайды төгіп-шашып алады немесе ап деп асап қояды; ол бидайды үнемдеп, егіп, баптап күтіп – мол өнім алуды білмейді немесе ерінеді.

Салынып ішпегендіктен бе, екі саптаяқ сыра Еріктің ежелгі салмақты мінезіне желік бітіріп, бетіне қан жүгіріп, есіп сөйлей бастады. Майшамның жарығымен шағылысқан жанары жалт-жұлт жайнап, сұлу ажарын аша түскендей. Досының ағынан ақтарыла айтқан сыры желеу болды ма, әлде көптен бері ашылып сөйлесер жан таппай әбден ішқұса күй кешкендіктен бе, Тағанның да мұң қабыздаған көңілі жіпсіп, жұлын-жүйкесі босап, әңгімеге араласқысы келгендей арқасы қоза бастады.

– Кел, Қарабура, баяғы базар шақты еске алып тартып жіберейік, мен саған алғаш рет қолқа салып отырмын, – деді Ерік саптаяқтағы сыраны ұсынып.

– Апыр-ай, қойсам деп едім, – деп қипақтады Таған.

– Ертеңнен бастап қойсаң да кеш емес.

– Бар пәле бір бастасам, қоя алмайтынымда болып тұр ғой. Жарайды, енді... сенімен бұлай отырмағалы қашан. – Бастап жіберді...

...Күн шыға, Айна оянды. Күйеуінің үйге қонбағанын, өрине, сезген. Кештетіп келгенде, мазаларын алмау үшін сеңкеге жата кетер өдетін



ежелден білуші еді. Киініп далаға шыққанда, шөп басын тұтқан аппақ қырауды көрді. «Күз де келіп қалған-ау», – деп күбірлеп, жан-жағына қарап басқышта біраз тұрды. Кешелер аспанда ойқастаған бұлт жоқ, аспан жұтып қойғандай жым-жылас, есесіне қатқыл суық түскен, Шелектегі судың беті қаймақшып қатыпты. Сауын сиырлар ұзап жайылып кеткен бе, көз жетер маңайдан көрінбеді. Өншейінде күн шыға, гу-гу тіршілігін бастайтын аралар қалашығы да тып-тыныш, оқыс ұрған алғашқы суықтан қорғанып ұясында жатыр-ау. Беті-қолын тітіркене шайды да, үстіне күпәйке киіп сиырды іздеуге шықты. Сарайдың тұсынан өте бере, Тағанның өлі-тірісін білгісі келгендей айқыш-ұйқыш темір тор терезесінен сығалап еді, алакөлеңке бөлмедегі нар кісі жоқ, қаңырап жатыр екен. «Ерікпен бірге аң қарауға кеткен шығар», – деп ойлады да, қорадан айналып, орманға бет ала бергенінде... шарбақтың ағаш діңгегіне жіп байлап, мойнына тұзақтап салып, жанталаса шегінген Тағанды көрді. Жүрегі алқымына кептеліп, шошығанынан: «Апа!» – деп, бетін баса шыңғырып отыра кетті. Мұншама қатты айғайлағаны алғаш рет шығар. Белі кеткендей тұра алсашы... Ал Таған тырбанып шегініп өлек, ол көткеншектеген сайын, жіп шіренеді. «Өлді-ау», – деп ойлады. Өрең дегенде орнынан көтеріліп, көмекке ұмтылды. Бү кезде Тағанның шеке тамыры адырайып, көзі алайып, көгеріп-сазарып, демі тарыла қырылдап, буына бастап еді. Жіп діңгектің басына емес, түбіне байланғандықтан ғана, қанша шегінгенімен, бірден қылқынбай, жаны бірсіндеп шыға бастағаны шығар... Жіпті күрмеп емес, қалай болса солай шорапит байлағандықтан, сасқалақтап шеше алсашы. Жұлқылады, тістеледі, қиып жіберер пышақ жоқ және «буынған жіпті бірден кеспей не шешіп, не кісіні көтеріп алу керек, оқыс өліп кетеді» деген сөзді естігені бар. Қан-сөлсіз бозарған жігіттің екі қолтығына қол салып, алға қарай сүйреп жылжытты. Ағыл-тегіл аққан көз жасы омырауын бояп, өзі қылқынғандай жанталасқан Айна жіп босаған соң ғана, діңгектен шешіп, Тағанның басынан ағытып, дәй далаға ашулана лақтырып жіберген. Таған қимылсыз, демсіз. Жата қалып, құлағын жүрегіне басып тың тыңдап еді, анда-санда ғана бұлк-бұлк етіп өлсіз соққандай ма... тамырын ұстады – болар-болмас діріл бар. Аппақ қыраудың үстінде шалқасынан түсіп, көйлекшең сұлаған жігіттің үстіне күпәйкесін шешіп жапты да, үйге қарай зыр жүгірді.

Нүрке кемпір басын көтеріп, таспиғын санап күбірлеп отырған. Алқын-жұлқын кірген келінінің айдаһар құғандай жүзіне шошына қарады:

- Не болды, қарағым?
- Өлгі... қонақ... Таған... буынып қалыпты...
- Не дейт, ойбай, тірі ме?
- Тірі секілді.



– Алла, байғұс-ай, ендігі жетпегені осы еді... түбіне өз ұлым жетті-ау. Енді ғана ес-ақылын жинай бергенде, қайта ішкізіп...

– Қойыңызшы, апа, қайдағыны айтпай, Еріктің жазығы не? Не істейміз?

– Шамаң жетсе әрі-бері шайқа, баяғыда буынған кісіні сырмаққа салып тербеуші едік... жалғыз өзіңнің шамаң жетпейді.

Сеңкеде Ілулі тұрған тонды ала салып қайта жүгірді. Сұлық жатқан Тағанды екі қолтығынан алып әрі-бері шайқады. Жүрек тұсын уқалады, қолын созғылап жаттығу жасатты. Әбден қара тері шығып шаршаған Айна құлағын сол жақ кеудесіне қайта тосып еді, бағанағыдан гөрі жүрек қағысы жиілеп, жан кірген секілді. Ыңырсыған үн шыққанда, еңбегінің зая кетпегеніне қуанған Айна тонды төсеп аунатып жатқызды, күпәйкесін үстіне жапты. Маңдайынан сорғалаған терді жаулығымен сүрткілеп, шоқайып жанында отырды. Көптен бері алынбай бобыраған қою шашы сырылып, аппақ маңдайы жарқыраған Тағанның қан қашқан беті таң нұрымен таласа әдемі көрініп еді. Қыр мұрны, өсіресе қамасып жатқан ұзын кірпіктері назар салдырмай, сұқтандырмай қоймайды... «Ажарлы жігіт, – деп ойлады ішінен, – бір кезде жігіттің сұлтаны болған-ау». Ол өз ойынан өзі өлердей қорқып әрі осы қылмысымды біреу біліп қоймады ма дегендей, екі беті қызара ұялды да. Таған тағы да ыңырсыды, қол-аяғы қимылдағандай болды да, наркоздан кейін есін енді ғана жинағандай, кірпігін дірілдетіп барып, көзін жасқана ашты. Ең әуелі көргені – төбесіне тіккен көк шатырдай аспан... Содан соң көргені – көзі жаудырап қасында отырған Айна. Иә, Аспан мен Айна... Оған керегі де осы еді... Жүзіне қуаныштың ба, жұбаныштың ба, жанын жарылқар киелі сәулесін таусағандай күлімсіреген. «Мен өлген жоқпын ба?» – деп сұрады.

– Тірісіз, аға, – деді Айна, – шамаңыз жетсе тұрыңыз, сиз өтер.

– Мен көңтері пақырға сиз өтпейді, – деді Таған осы жатысына ұялған сыңайда.

Басын көтермек болып еді, қозғалта алмады, шегелеп тастағандай ауыр...

Орнынан тұрып, кетуге ыңғайланған Айна:

– Аға, – деді майда үнмен қиыла қарап. – Жалғандағы жалғыз өтінішім болсын, енді қайтып басымды кесіп алса да, ішпеймін деп ант беріңізші. Бұл тіпті өлімнен құтқарып қалған жақсылығымның өтеуі болсын. Сіз, әйтеуір, бір адамға бәрібір керексіз... Ол адамды іздеу үшін де ес-ақыл бүтін, көңіл таза, сезім сергек болуы керек қой.

– Бердім уәдемді, – деді Таған басын көтеріп. – Анамның атымен ант етейін!



Лұғат

Салауатты – бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* сән-салтанатты, байыпты, парасатты, әдемі, әсем, яғни жөнді, дұрыс, түзу деген мағынада.

Сеңке – кебегінен айырылып тартылған ақбидай ұны.

Марғау – 1) мысықтың баласы; 2) селқос, сылбыр, самарқау; 3) көңілсіз, жабырқақты. *Бұл жерде:* үшінші мағынада.

Шорқақ – іске жүйрік емес, олақ, шалағай, орашалақ деген. *Бұл жерде:* сөзге шорқақ мағынасында беріліп тұр.

Саяқ – *бұл жерде:* жеке-дара, бөлек жүретін, өзін оқшау, жалғыз ұстайтын деген сөз.



1. Үстел үстіндегі өңгімеде Тағанға қатысты не айтылды?
2. Нүрке баласының ісіне неліктен наразы?
3. Ерік пен Таған өңгімесінің салдары қандай болды?
4. Айна Тағанды қалай құтқарып қалды?
5. Қалай ойлайсыңдар, ол Айнаға берген сертінде тұра ала ма?



1. Ерікте «бәрін сатуға, бәрін сатып алуға болады» деген көрсөқыр көзқарастың қалыптасуын ол өмір сүрген қоғаммен байланыста талдаңдар. Жазушы оқырманды неден сақтадырады? Ерік өмір сүрген заман бейнесін суреттеңдер.
2. Кестеде Таған мен Еріктің ойлары берілген. Екі кейіпкердің ойы арқылы олардың ұстанымын анықтаңдар. Қай кейіпкер сөзінің салмағы басым? Қай ой сендерді сендіріп, иландыра алды?

Тағанның ойы
<ul style="list-style-type: none"> • ...басқаны басындырмау үшін ең әуелі өзіңді жеңу, тек өзіңе сеніп, өзіңе-өзің тәрбиеші болу; сен адамдарға керек емессің, адамдар саған керек; егер сен өзіңнің бұл жалғанда бар екеніңді, қолыңнан іс келетін іскерлігіңді дәлелдесең ғана, басқалар назар сала бастамақ; жатқан тастың астынан су жүгіре ме, тәйірі; демек, талант дегеніміз – сол талантты ұйымдастыру.

Еріктің ойы
<ul style="list-style-type: none"> • Ақымқтың аты – ақымақ, етегіне салған біруыс бидайды төгіп-шашып алады немесе ап деп асап қояды; ол бидайды үнемдеп, егіп, баптап күтіп – мол өнім алуды білмейді немесе ерінеді.



Нүрке әженің Тағанға деген ерекше ықыласы мен көмегін қалай түсіндіресіңдер? Тағанды аяққа тұрғызудағы мақсаты қандай? Өз баласына неге өкпелі? Кейуананың іс-әрекетіне талдау жасап, ана бейнесінің романдағы рөлін анықтаңдар.



3. «Атау-кере» повесіндегі философиялық ойлар тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

Таған

Таған – ащы судың алдында дәрменсіз. Десе де жан дүниесі таза, өмірдегі әділетсіздікті өлердей жек көреді. Жоғарғы оқу орнында біраз уақыт оқытушы да болған оның бар арман-мақсатын ащы су адыра қылған. Ол қызып алған сайын «Неге біз осы...» ұзақ түн лекция оқиды. Қаламгер Таған образы арқылы қоғамдағы әділетсіздікті, құрдымға кетіп бара жатқан адамзаттық құндылықтар мәселесін көтерген.

Ерік оның осындай халін пайдаланып, құл орнына пайдалануды мақсат еткен. Тай-құлындай тебісіп өскен Ерік – мал табу үшін барлығына дайын, тек байысам деп нәпсінің жетегінде жүрген пысықай пенде. Ол осы жолда ештеңеден де тайынбайды. Бар ойы Тағанға арағын беріп жұмыс істету, құлша жұмсау.



...Иә, бұл жалғанда адам баласына көп нәрсе керекті жоқ. Ал не керек екенін өздері де білмейді. Олардың – пенделердің білетіні – неғұрлым жанталасып, неғұрлым тағдырының жағасына жармасып жан сақтаса, мәңгілік мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешетіндей, өз-өзінен тарылу, өз-өзінен кектену, өзін-өзі азаптың арқанымен буындыру, өздерін-өздері отқа қақтап, оққа байлап беру ғана... тек сол ғана ма? Тек сол ғана болса, айықпас опаттың жар-жағасына асығып келіп ат басын тірер ме?.. Бұл жалғанда бар екеніңе шүкіршілік ету – кер жалқаулыққа жоримыз да, бұл жалғанның барымтасына кірісіп, лақсаланған тіршіліктің лағына таласып, көкбөрі мінезбен көкпар таласқа түсеміз.

«Тауда көкпар тарта алмайсың, – деп ойлады Таған. – Демек, таулы жердің тартысы бөсең болмақ. Бірақ ұрымталдан ұрар ұрысы, қаны тасыр қанышезерлігі көп емес пе екен» деген ой және көлденеңдеді.

Осы шақта таудың жығылмас жалындай күдірейген қарағайдың ара-арасынан саулаған күннің ең соңғы шуағы көл бетін талақ тастап, со-о-н-ау ұшар басы тазданған шоқының тас кепеші ғана жалқындайды. Маралкөлдiң бетiнде жыбырлаған майда толқын бар. Өлгiнде ғана қанданған, содан соң жезденген су жүзi алабұртқан кейпiнен лезде айырылып, қара көк барқыттан ақырет киiмiн кигендей өкпелi өксiкпен кешқұрымның құрым киiзiн де бiртiндеп қымтана түстi. «Мiне, өмiр дегенiмiз – осы» деп күбiрлеген Таған доғаланған кемпiрқосақ жоғалған соң, жолға шықты. Таудың қуысынан Шал жаққан от жылтылдайды...

«Мiне, өмiр деген – сол...»

Алайда... өмiр дегенiмiз – осылар ғана емес едi...

«Неге бiз осы...»

Атын тұсап, алдынан шыққан Шал қонағын қалжыңдай қарсы алды.

– Перiнiң қызы Бекторы жолығып, азғырындыға ерiп кеттi ме деп шошыдым.

– Ондай бақытты кiм берiптi. Мен кейде сол сайқал қызды сағынамын...

– Су иесi Сүлейменнiң қыздарына да қызығатын шығарсың...



Тірек сөздер

шал
 батасыз ұрпақ
 ұңгір үй
 ұл мен қыз
 күнө
 ашық айту
 өсер ету
 өлеңші, ақын
 бітімшілік
 уайым
 үш жол

– Сөз жоқ. Бірақ... олардың бәрі, тіпті қазақтың қасы, көзі қиылған қылықты аруларының бәрі ертекке еріп кетіп қалды ғой...

Жігіттің қоңырқай жүзі батар күннің батсайысындай аһ ұрған арманмен алабұртып, ішінде жалындай жанған өкініштің бе, өкістің бе, бөлкім өлі де үміткер, өлі де қоламтасы суи қоймаған... сезімнің сергелдең шағы туған шығар. Мынау қарсы алдындағы ағынан ақтарылып тұрған Тағанның күнөдан ада сыры Шалды да шалт жібермей ойлантып еді. Ұзақ та ирелең азапты сапардан – мән-мағынасы жоқ мақсатсыз сандалбай тірліктен запы болған азамат ақылшы аға, қамқор қол, аялар алақанға сусап, егер осылар дәл қазір қатыгездік танытып өгейсітсе, өте-мөте өкінішті боларын, қазақ қайратты да қасіретті тағы бір азаматынан айырыларын бағамдады Шал. Маңдайдан сипар ықылас балаға ғана емес, үлкендерге де керегін ұқты Шал. Тәлімі мол тәрбие, көшбасшы көшелі сөз жастарға ғана емес, ересектерге де керегін сезді Шал. Кең де тар дүниенің кеселді кесірінен, зіл-зала кесепатынан сақтап қалу үшін, осына екі тастың үстінде талтайып, қалай қарай аттарын біле алмай аласұрған жігітке ертеңгі өмірінің мінажатына айналар байсалды бата беру керегін көперледі Шал. «Рас, рас, қазіргі ұрпақ батасыз, батасыз болған соң, пәтуасыз лағып бара ма, қалай», – деп ойлады Шал.

– Шырағым, үйге жүр, қонып, қонақасыңды же. Өңгімелесейік. Мен саған балаларымды таныстырайын.

Осы шақта тау қуысындағы үйден: – Ата, ата, қайдасың? – деген баланың даусы естілді...

Ұңгір-үйдің ішіне еңкейіп кіргенде туған осы ойлардың ұшығын таба алмаған жігіт айналасына аңтарыла қараумен болды. Үлпершектей үлбіреген ұл мен қыз аса бір ізет, иманды инабаттылықпен сәлем берді де, атасының мойнына асылып, аймалап, сағыныш-мауқын басты...

– Ұлымның аты Қозы, қызымның есімі Баян, ырымдап әдейі қойдым, – деді ақсақал өңгімеге ықылас білдіріп. – Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсын дегенім...

– Шынымды айтсам, ағасы, сіздің осы өрекетіңізге түсінбей отырмын. Не үшін? Жаман айтпай-жақсы жоқ, ешкім де мың жасай алмайды...

– Өліп кетсең, екі бала кәмелетке толмай далада қалады деген уайымың шығар, – деп Шал жігіттің айтпағын өзі жалғастырды. – Айтшы, шырақ, маған қанша жас бересің?

– Шамамен... – деп ойланды Таған. – Кем дегенде жетпіске жақындап қалдыңыз.

– Сақалым мен шашымның ағына қарап ажыратсаң, солай, әрине. Нақтысы – 1924 жылғымын, демек, елу сегіздемін. Енді бір он бес жылсыз өлімнің дұзағына іліне қоймаспын деген сенім бар. Ендеше менің екі балам ол кезде бірі бойжетеді; екіншісі ержетеді, яғни жиырманың үстіне келеді деген сөз... Одан әрі менің керегім жоқ, өз күндерін өздері көреді, атамекеннің атпал азаматы болады.

– Қызық екен... ертектегідей... бәрібір түпкі мақсатыңыз тұманды. Елдің ішінде отырып ержеткізеңіз, кім таршылық жасар еді? Обал ғой, аға, обал...

– Бүгінде ел қалды ма? – деп сақалын саумалады Шал. – «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген... Егер мен елден қашсам, баламның саудаиы қылық, арзан қызықтан таза өссін дегенім.

– Ағайыннан көңіліңіз қалған-ау. Өйтпесе үлкен жердегінің бәрі ақымақ дегенге кім сенер. Рас, көпшіліктің ортасында жүріп те жалғызсырайсың, ондай ауыр сөт өз басымда да болған. Бірақ... айналайын халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін.

– Адам-орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскеніне не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да төкашпар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле-қала, өсек-жаладан... меңдуана жегендей желіктірер әуен мен әумесер қылар айғай-шудан да алып қашып отырмын.

– Адамзаттың өмірі Алтайдан басталған деуші еді әрі жазушы, әрі тарихшы бір досым. Соның сөзін, бәлкім сіз дәлелдеп шығарсыз, – деп күлді Таған. – Сонда қалай, екеуін үйлендіресіз бе?

– Дәм жазса, ондай ойым жоқ емес.

Өз бауырыңызда, бір үйде ағалы-қарындас секілді төл өскен балаларыңызды ерлі-зайыпты етіп қосқаныңыз ата жолын бұзғандық емес пе, ағасы...

– Ашып айтамын деп, қанын шығара қасып айтып отырсың-ау, шырақ. Екі бала ақыл тоқтатқан соң, анығын ашармын, өздері шешер... Болмаған жағдайда ауылдан адам табылмас деймісің. Өссінші әуелі... Жә, доғарайық, тамақ дайын...

Ағаш табаққа салған етті буын бұрқыратып Қозы, соңын ала сорпа құйған ыдысы бар Баян кірді...

– Жүр, шырақ, қол шайыш келейік, – деп сыртқа беттеген Шалмен қабаттаса шыққан Тағанның ең әуелі көзіне түскені беті шымырлап, жайбарақат жатқан көл болды. Аумағы атшаптырым. Үй іргесіндегі жақпартастан өз-өзінен сорғалап тұратын суға науа орнатып мәдениеттендірген екен. Қолдарын сол саулаған суық сумен жуды.





Ауқат үстінде көп өңгіме болған жоқ. Қонақ жігіттің қарны ашып қалса керек, қарбытып асап, түтінге ысталған шала сүрі етті сүйсіне жеді. Балалардың зауқы бұл үйреншікті асқа онша шаба қойған жоқ, атасы ұсынған сүйекті шұқылап, шоқып жеген болды да:

– Мал жайғаймыз, ата, – деп, астың қайырылуына қарамай, балалық жеңілтектікпен шыға жөнеліскен.

– Мал ұстайсыздар ма? – деп сұрады Таған шайнаң қағып.

– Иә, он шақты қой-ешкі, бір бұзаулы сиыр, екі жылқымыз бар...

Сүзбе қосқан ақ сорпаны ағаш аяқпен сораптап, бабымен ішкен екеуі көпке дейін ләм дескен жоқ. Дастарқан жиналмады, балалардың еншісіне қалдырды білем. Тысқа шыққанда бағанағы шапақ шаршау тартып, айналаны ымырт жайлай бастапты. Сонадай жердегі дәу самырсынның түбін қоршай жасалған қашаның ішінде үй иесі айтқан он шақты ұсақ мал қамаулы тұр. Ал ақ шап қызыл сиырдың бауырына таскенедей жабысқан қаршадай қыз созғылап сиыр сауып отыр. Қолының күші жетіңкіремесе де, онысын білдірмеуге тырысып, құнжың-құнжың етеді. Ер бала – Қозы бұзаудың мойын жібін ұстап, қасында аңдып тұр. Он жастан енді ғана асқан балалардың шаруақой пысықтығы Тағанға қатты әсер етті. «Төңірім-ау, өмір дегеніміз осы емес пе?» – деп ойлады. Әсері жүректі шабақтап, жанарға жас ұялатар кино іспетті, мынау қоңырқай ғана қарапайым тірлікте өміріміздің барлық мазмұны мен о бастағы бастауы, мәні мен сөні табиғи күйінде құжынап жатқанын түйсінді. Тағанның алғаш рет балаға деген махаббаты оянды. «Төңірім-ау, өмір дегеніміз, өмір сүру дегеніміз – артыңа ат ұстар, сиыр сауар ұрпақ қалдыру екен-ау...» Бүгінде өзінің тұңғыш ұлы жиырмаға толғанын есіне алды. Не істеп жүр? Өлі ме, тірі ме? Фамилиясы қалай? Әкесін сұрай ма... Кім білсін?..



Малды жайғаған Қозы мен Баян асыр сала жарысып, үңгір-үйге кіріп кетті. Мынау аспанмен таласқан меңіреу таулардың ішінен естілген бала күлкісі, бала ойыны қандай жарасымды еді. Кеспелтек ағаштың үстінде «арқарын» асықпай тартып отырған Шал жігітті жанына шақырды.

– Қой сойып, бас тартпады деп, күрең қабақ болып тұрған жоқсың ба, шырақ?

– Жоқ, аға. – Шал бағана жасын айтқан соң, өзінен он бес жас-ақ үлкендігін біліп, «ақсақалды» «ағаға» ауыстырған.

– Қайдан білейін, сыңайың нәумез секілді.

– Оқта-текте меңірейіп алар әдетім барын ескертіп едім-ау. Туғаннан бері арнайы сойылар малға бата жасап, бас ұстап көрмеген пақырмын.

– Малға бата жасау дегеннен шығады, баяғыда осы ер Алтайда Мақажан деген өлеңші болған, естуің бар шығар. Сол кісі төменгі жаққа – Үлкен Нарын өңіріндегі Андағұлдарға жолаушылай барыпты. Елге еркелеп еркін жүретін ақын Қатпа деген болыстың үйіне түскен екен. «Алыстан алты алашты аузына қаратқан Мақаң келді» деп, қонақасына серке соймақ болады да, ақының алдына көлденең тартып бата сұрайды. Қойдан гөрі ешкі етінің жеңіл екенін айтып, сырғақсыған болыстың сараң сыңайын таныған Мақажан бұл да болса олжа дегендей, қанағат тұтып, үндемеген көрінеді. Тамақ пісіп, алдарына тартылған табаққа қараса, бағанағы серкенің басы тым кішірейіп қалғанын байқаса керек. «Ал, ақын, бата жасаңыз», – деген Қатпа байға былайша өлеңмен бата беріпті:

Заман, заман, заман-ай,
Жылдан-жылға заманы
Жұмбақ болған заман-ай,
Сарқыраған өзені
Бұлақ болған заман-ай,

Алғаш қонақасыға келгенде,
Атан ақ серке еді,
Тамақ болып піскенде,
Лақ болған заман-ай,
Аллауакбар, –

деп, бетін сипапты.

Қайткенмен Қатпа болыста сөз төркінін ұғар намыс бар екен, түн ішінде қотаннан қой алдырып сойдыртыпты дейді.

– Мақажан ақын менің атам, әкемнің әкесі... – деп, міңгірлеп төмен қарады.

Шал: – Рас па, шырақ? Асылдың сынығы екенсің ғой, – деп, қайран қалды. – Бесе, бесе, тұқымы бар деуші еді. «Алты күн аш отырсаң да, ата жолын ұмытпа» деген қазекем, ұят болды-ау. Бүгін балаларды өуре қылмай-ақ қоялық, ертең де еру бол, атаулы малыңның басын мүжі. Мақаңның аруағынан ұят болар...

– Рақмет, аға, еттен еттің жорғасы бар дейсіз бе, жедік қой бұйырғанын.

– Апыр-ай, ө. – Шал шыншыл көңілмен сабырсызданды.

– Ең өкініштісі сол, аға, ел-жұрттың аузында жүрген Мақаңның бірауыз өлеңін жатқа білмеймін. Өлгінде сіз айтқан өлеңді мен де



ішіп алғанда шоқырақтататынымын, бірақ кімдікі екеніне мән берген емеспін. Ол кісіні көруге жазбады. Әкеден де ерте айырылды. Білім қуып Алматыға кеттік. Есім бүтін кезімде ауылға барған жоқпын. Арақкеш атанып, аузымызды ит жалап жатқан жерімнен Ерік тауып алды. Онысына да ризамын, осы өзіңіз көрліп отырған кейіпке келдік. Еріктің шешесі Нюра шешеміз мықты адам екен, сол кісінің арқасында ғана аман қалдым. Атамның аққұла ақын болғанын сол кісіден алғаш естідім. Кірерге жердің тесігін таппай, бетімнен отым шықты...

– Ой, ол көк көз кемпір мық-т-е-е, – деді Шал. – Білем, естігем, ұлы өзіне тартпаған.

– Ерікпен неге дұрдаразсыздар, Алтайдың тауы мен ағашын бөлісе алмай жүрсіздер ме?

– Оны өзім де білмеймін, өйтеуір, әлекедей жаланған соны көрсем, ит көрген ешкідей боламын. Бәлкім, дүниеқоңыздығынан қоңсылас бола алмайтын шығармын.

– Дүние жиса, бір діттеген ойы бар шығар. Ағайын-туғаны жоқ. Ол да жалғыздік жігіт қой, жасқа аға, ақылға сақа үлкен адамсыз, артық-ауысын кеңдікпен кешіре салмайсыз ба...

– Сен, шырақ, бітімшілікке келгеннен саумысың? Менің жаныма бататыны – байлығы деп кім айтты. Алдына келсең тістер, артынан келсең тебер қазымыр шошқа мінезі де. Ана жылы үсті-басына бал жағып барып, көрші омартаның бір рой¹ арасын ұрлап кетіпті.

– Араны қалай ұрлайды? – деп таңдана сұрады Таған.

– Ол оңай. Балдың балауызын үстіңе жапсырып ұясына жақындасаң, ара біткен жапырлап төттіге қонады. Сол қалпымен үйіне алып келіп өз жәшігіне кіргізеді. Адам баласына қайыры жоқ. Не орыс емес, не қазақ емес, өгей неме...

Таудың түні шапшаң түседі. Жерошақтағы от қана шоқтана жылтырайды. Маралкөлден салқын саулады. Көлден шығар шүмек-судың даусы естіледі. Әзірше бөтен үн жоқ. Балалар үйшік-үйден кіріп-шығып, тіс қақты тіршіліктерімен жүр-ау. Көшелі әңгімеге шөліркеп қалған Таған тағы да не айтады дегендей, Шалға жалтақтай қараған. Асыр салып ойнаған балалардың күлкісі естіледі.

– Оу, Қозы, Баян, ыдыс-аяқты жинап болсаңдар, ұйықтаңдар, – деп дауыстады Шал. – Күз де жақындап қалды, байқайсың ба, түн суыта бастаған. – Шоқтанып қалған отқа көсеп-көсеп бұтақ тастады. – Таудың түні осылай, шырағым, алдың терлеп, арқаң мұздап отырарсың.

– Әсіресе қыста қиын болатын шығар, аға. Ат бұза алмайтын ақ қар, ақырған аязда қалай жан сақтайсыздар?

– Қар қалың түсетіні рас, оған шаңғымыз сайлаулы. Ал ақырған аяз тау ішінде болмайды. Жан аман болса, жан сақтау деген не, тәйірі. Чукчалардың да тұқымы суықтан құрып кеткен жоқ қой.

¹ Рой – ұйлы ара (аралар семьясы).



– Бұл тіршілігіңізден өрі қорқамын, өрі қызығамын...

– Оның несіне басыңды қатырасың, адам баласының таңдап алған тағы бір ғұмыр жолы да... Дүниенің бәрі дат болып ластанып жатқанда, ағаңның қашып тығылған үңгірі де. Жоқ, шырағым, мен қара басымды сауғалап келгенім жоқ бұл қу мекен жерге; анау екі қозымның амандығын ойлап, солардың дені сау, рухы таза өссін деп келдім бұл жерге; жарықтарымның жас жаны жараланбасыншы, ит тірліктің итаршысына айналып, аумалы-төкпелі заманның зәлімі болып кетпесінші деп келдім бұл жерге; жалғанның үзрінен, бірін-бірі алқымынан алып шайнап тастар қаскөй бірлігінен не пайда, күндердің күні болғанда адамның өзін опат етер ілім-білімінен не пайда... Аспанға ұшып асыққаннан, арпалысып қаруланғаннан не пайда; апыр-ау, осыншалық асыққанда қайда барамыз, қой торы аяңмен мың-миллион жыл ғұмыр кештік, енді, міне, өбден кемелімізге келіп, болдық-толдық, табиғаттың барлық құпиясын білдік, ғылым мен техниканың самғау биігіне шықтық деп айдарымыздан жел есіп мақтанған сәтте – табиғаттың жартығасырлық ғұмырын ұзартуды көксеп уайымдап отырмыз...

Шал үйге кіріп кеткен соң, Таған ежелгі әдетінше сыртта қалды. Шалдың әңгімесі шым-шымдап бойына тарап, жанын жадылап тастағандай, жабырқау халден айыға алмады. Болмыстың болар-болмас тірлігіне алданып, арпалысып өте шығар адам өмірінен аянышты не бар бұл жалғанда. Шал ағасының сараңдау айтқан сырынан ұққаны: мәңгіліктің алдында пенде шіркін өрқашан да ұтылары, жеңеміз деп жеңіліс табатыны, сөйте тұра кештік ғұмыры үшін түстік мал жиятындығы. Бұл дүниеден кімдер өтпеді: қаһарынан қан тамған хан, байлықтан бастау ағызған бай, мұқым әлемді аузына қаратқан ғұламалар... Көне, солардың мың жасағаны, көне, солардың о дүниеден қайтып оралғаны? Сонда не үшін өмір сүру керек? Бәлкім, ұрпақ үшін, ұлт үшін... Бірақ сол ұлтқа мен секілді «алқаш», жоқ болмаса Ерік секілді топас та тоғышар ұрпақ керек пе? НЕГЕ БІЗ ОСЫ ұрпақтың рухы мықты, дені сау, дауласкер де күрескер, ана тілін ғашығынан да артық ардақтайтын асыл тектілігі үшін, ізгілікті әрекеттер үшін тәрбиелемейміз?.. Ал Шалдың әрекеті ше? Тығырықтан шығудың жалғыз жолы осы ғана ма? Жо-жоқ, бұл амалсыздың күйін кешкен тым-тым жіңішке жол. Сонда не істеу керек? Егер қаладағы қазақтардың қалың ортасына барып: «Оу, ағайын, ес-ақылдарыңды жиыңдар! БІЗ қатыгезденіп барамыз, БІЗ имансызданып барамыз, БІЗ айналайын анамыздың ақ сүтін ақтай алмай жүрміз, бір күнгі қызды-қызды қызыққа мастанып, тасыраңдап кеттік, көзімізді шел басты, көңіліміз көр, жігеріміз құм болып, құрдым дәуреннің өлеулейін шырқап жүрміз; тамаша өмірдің тасқынымен ығып, ығысып ағамыз келіп, ағысқа



қарсы жүзу, не болмаса жағалауға қарай ұмтылу жоқ, өмір сүрудің ең оңай тәсілін тауып алдық да, жер бетінде өзімізден артық адам баласы жоқтай, жоқтан өзгеге сілеміз қатқанша күлеміз, сілікпеміз шыққанша бір-бірімізге үреміз. Оу, сондағы мақсатымыз не? Тірі жүру, тіміскі өмір сүру ме? Ел болудың ең бір оңтайлы сәтінде оспадарлық танытсақ, етегімізді жел көтеріп, еңкейіп шапқылай берсек, берекесіз де бекер ішіп-жемнің құлы болсақ, біз үшін жалғыз жанын садақалаған ата-баба аруағынан ұят емес пе?.. Ал мен неге қайтпаймын ел-жұртыма? Неге?! Жамандықтан құтылудың жолы, сол жамандықтың батпағын кешіп жүріп күресу емес пе еді?! Мен тазардым! Мен енді ішімдік атаулыға қарғыс айтып өтемін. Айнаға берген антымның ала жібін аттамаспын... Ішімдікке салыну, ана тілінен жеріну, дәстүр мен салтты саудалау да солай... Үйретеді, үйренеді... Алдымда үш жол бар: бірі – осында қалу; екіншісі Еріктің үйіне бару; үшіншісі – ауылға қайтып, бар-барлығын қайта бастау; айтпақшы, Алматыны ұмытып кетішпін-ау, балықтың басын тазалау керек екен-ау, оған енді қалған құлаш бойы ғұмырым жете қояр ма екен, әуре болмайын, онда да оң жамбасымен тұрған азаматтар бар шығар, онда да оң-солын танып қалған есті жұрт, еңсесі көтерілген жігерлі жігіттер жүрген шығар...»

Таған санасының сау кезіндегідей сартылдап істей бастағанына қуанды. Бейне тоқтап қалған сағатты бұрап қайта жүргізгендей. Қара шапанды түннің етегін түріп ай шықты. Дүние сүттен бастады.



1. Шалдың елден ерек, оңаша өмір сүріп жатқаны туралы не ойлайсындар? Осы жөнінде пікірлеріңді білдіріңдер.
2. Екі баласын қайдан асырап алған? Олардың өміріне құрған жоспары қандай?
3. Бұл отбасына қарап Таған не ойлады?
4. Тағанның монологінде қандай ойлар айтылады?
5. Таған алдындағы үш жолдың қайсысын таңдауы мүмкін? Өз жорамалдарыңды айтыңдар.

Лұғат

Ұрымтал – 1) жақын, жуық таяу; 2) қолайлы, ыңғайлы (жағдай). *Бұл жерде:* екі жағдайға ыңғайлы қолданылған.

Кепеш – сырып не кестелеп тігілген жұқа дөңгелек баскиім, тақия. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада шоқының тас кепеші деп айтылып тұр.

Саудайы – көне сөз: алаңғасар, нақұрыс, есі ауған деген.

Қаша – бұл жерде: қабырғасы қашалап жиналған мал қамайтын қоршау, төбесі ашық мал қора, малдың жатар орны.

Нәумез – диалект: ренішті, өкпелі, наразы.

Аққұла – 1) бекерге, босқа, зая; 2) ерекше, өзгеше, айрықша. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Балауыз – *бұл жерде:* араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.

Талан – тағдырдың жазуы деген.

Тағылым тамшылары

Су иесі Сүлеймен

Жынның басшысы Самандун Сүлейменге мың жүйрік тұлпар ұстап беріпті. Сүлеймен оның қызметіне риза болып:

– Не сұрайсың? – дейді. Самандун:

– Өзен-көлді ежелден мекен етуші едік. Оны бізден тартып алып, адам ұрпағына бердің. Бізге мекенімізді қайтар! – деп сұрайды. Сүлеймен:

– Дегенің болсын. Бірақ түнде пайдаланасың. Күндіз адам баласының игілігінде, – дейді. Содан жын-жыбыр түнде өзен-көлді аралап, сайран құрады екен. Бір күні бір жігіт үйінде ішерге суы болмай, түнде өзенге барады. Барса, жындар су бермейді. Жігіт Сүлейменнің сарайына барып, болған жайды айтып береді. Сүлеймен жігітке бір дұға жазып береді де, Самандунға сәлем айтады:

– Суға барғанда мынаны оқы, Самандунның есіне сал, – дейді. Жігіт суға барып дұғаны оқиды. Дұғасы мынадай екен: «Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет». Оны естігенде Самандунның барлық жынға:

– Бұл жердің шын егесі – Сүлеймен патша. Су беріңдер, – дейді. Содан бастап адамдар түнде су алғысы келсе: «Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет», – деп сұрайды екен.

Қазақ арасында «түнде суға барма, суға түспе» деген ырым осыдан қалыпты.

«Қазақ газеттері» ақпараттық-танымдық порталы.



1. Шығармадағы мифтік бейнелердің қолданысына талдау жасаңдар. Халық ауыз әдебиетіндегі перінің қызы Бекторы, Су иесі Сүлеймен образдарын еске түсіріңдер. Повестің реалистік сипаты басым ба, әлде мифтік сипаты басым ба? Дәлелді жауап беріңдер.
2. «Қоғам және адам» тақырыбында ойтолғау жазыңдар. Өр кейіпкердің сөзіндегі түйінді пікірді анықтап, жазба жұмысында қолданыңдар.



1. Шығармадағы уақыт және кеңістік категориясының көрінісін талдаңдар. Жыл мезгілдері мен уақыттың сипатталуын кейіпкер іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастырып талдаңдар. Мысалы, жазушы «Қара шапанды түннің етегін түріп ай шықты. Дүние сүттен бастады» деген суреттеуді Таған санасының түзеліп, дұрыс жолға түсуімен қатар қолданады.
2. Шығармада монологтің қызметіне талдау жасаңдар. Автор монологті қандай мақсатта қолданған? Онда кейіпкер бейнесі ашылады ма, әлде қандай да бір мәселе талқыланады ма?
3. Төменде берілген *лейтмотив* ұғымымен танысыңдар. Шығармада лейтмотив қай кейіпкердің сөзінде кездеседі? Бұл сөздің шығарма идеясын жеткізудегі рөлі қандай?

Лейтмотив – әдеби шығармада кейіпкердің немесе оқиғаның сипатын ашу үшін үнемі қайталанып келіп отыратын бейнелі ойдың атауы ретінде қолданылады. Лейтмотив қайталана келіп, идеялық, психологиялық, символдық терең мәнге ие болады.

4. Өткен мен бүгіннің тартысында қайсысының асығы алшысынан түсті? Жеңістің бе, жеңілістің бе? Төменде берілген ұғымдарды ұлт тағдыры, келешегі тұрғысынан талдаңдар.

Жеңіс

үміт, қайырым,
адамдық, махаббат

Жеңіліс

түңілу, қиянат, аяр-
лық, марғаулық



1. «Рас, рас, қазіргі ұрпақ батасыз, батасыз болған соң, пәтуасыз лағып бара ма, қалай?» Кімнің ойы? Қашан, қандай мақсатта айтылған? Осы айтылған пікірмен келісесіңдер ме? Бата беретін қарттардың азайып бара жатқаны рас па? Батаның қандай қасиеті бар? Оның қандай түрлерін білесіңдер? Жатқа білетін баталарыңмен бөлісіңдер.
2. Шалдың тұрмыс-тіршілігіне, көзқарасына сыни баға беріңдер. Оның айналасына деген көзқарасынан, ойынан өзі өмір сүрген қоғам туралы қандай сурет қалыптасты? Шалдың пікірі қаншалықты дұрыс?



«Адам-орманның ортасында жүріп күнеға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскенге не жетсін» деген шалдың пікірін төмендегі кесте бойынша талдаңдар. Қандай қорытынды шығардыңдар? Кейіпкеріміз рухани дағдарыстан шығудың жолын таба алды ма?

Мықты жақтары	Өлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

Соңғы сапар

Ерік мол табыс табу мақсатында алыстағы Америкадан араның басқа түрін алып келіп, өз араларымен будандастырады. Жергілікті арамен будандасқан бұл аралардан өнімді көп берсе де, түсі суық, қауіпті араның ұрпағы өсіп шықты. Өзі де «будан» тұқымға жататын ұлының дүниеқоңызыдығын Нүрке кемпір ұнатпады. «Жатжұрттық ешқашан жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертең уын ұсынады...» – деген ескертулері еленбей, ақырында кемпірдің ажалы да сол шетелдік аралардан келген. Нүрке кемпірді екі түрлі араның буданынан шыққан ара ұрпағы өлімші қылып шағып талады. Автор табиғат пен адам арасындағы үйлесімділіктің жоғалуы ауыр қасіреттерге апаратынын меңзейді. Бәрін бағындырсам, бәріне үстемдік етсем деген адам бойындағы менмендіктің соңы қашан да қасірет. Жаратушы жасаған жанды-жансыз дүниенің ғажап нығметтерін өзгертуге ұмтылуы, оған қол сұғу адамның ар алдындағы жауапкершілігіне сын.

Қазаққа күйеуге шығып, мұсылман дінін қабылдаған, тіпті бес уақыт намазын қаза қылмайтын Нүрке кемпірдің өмірден озар сәтіндегі арпалысы да оқырманға үлкен ой салады. Будан дегеннің не екенін терең сезінген ол өмір бойы айқышын сандықта сақтаған күйі қайтыс болады.



...Күннің бүгін тым жанға жайлы болып тұрғанын білген Нүрке кемпір, бұлар бал шайқау науқанына кіріспес бұрын, бір өтініш айтқан. Онда да ұнжырғасы түскен ұлына емес, келіні мен Тағанға қаратып айтқан.

– Қарақтарым, бүгін күн ашық екен, келер күзді көрем бе, көрмеймін бе, оны бір Алланың өзі білер, мені тысқа шығарып отырғызыңдар, намаз арасында шуақтайын, – деді үні дірілдеп. Өрқашан да ажарлы да айбынды отыратын қарттың жас баладай жаутаңдап айтқан сөзі Тағанды толқытып жіберді. Осына қара шаңырақтың бақыт құсына оқ тигендей, суықтау ой ұялап, секем алғандай болды. Кемпірдің екі аяқ, екі қолтығынан көтеріп, далаға шығарып отырғызғанда, күннің



Тірек сөздер

өтініш
бал айыру
будан аралар
лап берді
ісіп кету
ұрыс
тамыр ұстау
жоқтау
от қою
дем беру
орманға сіңіп
кету

шымқай жарығы қарықтырып, көзі қарауытып, басы айналды. Жан-жағына жалтақтап қарап, өңім бе, түсім бе, дегендей сәл тосырқады да: «Е, құдіреті күшті Құдайым, мен осы дүниеден аттанып кетсем де, осылайша масайрап тұра бересің-ау», – деп күрсінді. Бұл жасарын жасаған, асарын асаған қарияның жарық дүниенің жақсылығын өзгелерден – өзінен кейін қалатындардан қызғанғаны емес, бұл дүниенің ешкімге де мәңгіліксіздігін, бейопалығын мойындағаны еді... Күннің шуағы сұрлау тартқан жүзін жуды ма, Нүрке кемпірдің ажары ашыла түскендей, шүңірек тартқан көк көзі де табиғаттың нұрын сіміріп, шоқ түскен тамыздықтай ұшқындана бастаған.

– Апа-ау, керемет әдеміленіп кеттіңіз, – деп күле өзілдеді Таған таңғалғанын жасыра алмай.

– Мені айттыратын адам жоқ енді... Қыз кезімнен қалған жұрнақ шығар. Қараңғыға қамалған қаздай қаңқылдап отыр едім, далаға шығып, жаным жарылқанып қалды-ау. Ал енді сендер жұмыстарыңа барыңдар. Ерік іздеп жатқан шығар, – деді серги сөйлеген кемпір.

Міне, енді сол аралар өулетінің арпалысып тірнектеп жинаған шырынын аузынан жырып алу қаракетіне кірісіп кеткен. Бал айырғыш аппараттың құлағын бұрап тұрған Таған анда-санда кемпір отырған жаққа қарап қояды. Анадайдан басында кимешек-шылауышы бар, ақ шатырдай болып көрінген Нюра апасы Қатын суының сарынына құлақ қойғандай, қозғалмастан арғы бетке телмірді-ай. Не ойлап отыр? Кім білсін... Еріктің қолындағы түтіннен үріккен аралар тынымсыз айналсоқтап, тыныштығын бұзған бұзақыны нәлеттегендей гу-гу етеді. Кейбірі ұзап ұшады, кейбірі Тағанды жағаттап, мөлдірленген балға қонып, малтығып қалады. Ондай сөтте еппен қанатынан сүйреп шығарып, былайырақ тастайды. Мұның да басында бетіне перде тұтқан ақ қалпағы бар-ды, абиыр болғанда, ешбіріне шақтыра қойған жоқ, қанша төңіректесе де, пісіп алар саңылау таба алмаған өн бойынан. «Егер баяғыдай тұла бойымнан арақ мұңкіп тұрса, мұқым ара біткен маған шабуыл жасар еді», – деп ойлады.

Бал алу кезегі Америкадан келген «қауіпті гибридтерге» жетті. Бұлармен аса сақ әрі сыпайы қарым-қатынасқа көшпесе болмайды. Бағанадан бері тор перденің шалғайын қайырып тастап, жүзін ашық ұстап жүрген Ерік еріксіз маскасын түсіруге, қолына қолғап киюге мәжбүр болды. Ұяның қақпағы ашылғаннан-ақ, атойлаған ноян аралар ал дегеннен-ақ анталаған шабуылға көшіп, Айна мен Еріктің ес-ақылын шығарып жіберген. Амал не, қымтаулы қорғаныста тұрған ерлі-зайыптылар тісіне жұмсақ бола алмады. Сонда да шебін бұзбастан,



қара бұлттай қаптап көпке дейін дуылдап тұрып алды. Бірен-сараны ғана төңіректі барлауға кетті. Екеу-үшеуі Тағанды тексеріп қайтты. Жергілікті аралардан едеуір өзгешелігі бар будандарды бұл да бірден байқаған. «Капиталистік тұқым сен боларсың... қандай шапшаң ұшады жауыздар», – деп ойлаған да, бұл да қымтана түскен. Бұл жақтан оң жамбасқа келер оңай олжа таппаған соң, самғай зулап Нүрке кемпірге беттеген. Алғашқы келген бірен-саранын қолындағы өне бойы тастамайтын беторамалымен «кіш-кіштеп» жасқап жібергенді. Жалғыз-жарымы түк бітіре алмайтынын сезді ме, шырқай ұшып негізгі әскерге оралып, болған жайды, яғни кемпірдің қару-жарағы жоқ, алаң-ашық, бейқам отырғанын хабарлаған. Содан не керек, бұл табиғаттың құдіретіне дауа бар ма, адамзат түсінбейтін тілмен түсініскен жөндік-жендеттер жалғыз-ақ секундта Нюра Фадеевнаға қарай «уралай» қаптап лап берген. Мыңдаған араның өп-сөтте ғайып болып кеткенін омарташы ерлі-зайыптылар жұмыс бабында тұрып байқамай қалды. Ал «жауыздар» болса Алтайдың бұршағындай көшіп, түйілген қалпы қапысыз кемпірдің шат-шөлекетін шығарды. Қанша қайрат көрсеткеніне қарамастан, бет-аузын, қолын сау-тамтығын қалдырмай шағып тастады, ішінара болған шығынға пішту деген жоқ. «Ой-бу, балалар, әй, Айна, Ерік, айдап өкет мына иттеріңді!» – деп азандады, бірақ жан даусын шығара айқайламаған. Енесінің үніне елеңдей қараған Айна: «Ойбай, апамды аралар опалап жатыр», – деп тұра жүгірді, тұра жүгіріп барып кері оралды да, делділіп тұрған Еріктің қолынан түтіндеткішті жұлып алып, қайта безілдеді. Таған да тарғаяқтай ұмтылған. «Бұлар жынданған шығар», – деп күңк еткен Ерік раманы қаперсіз суыра берген. «Ара шаққаннан өлген кісінің бейітін көргем жоқ бұл жақтан».

...«Қауіпті будандардың» бетін түтін қайтарды. Амал не, көмек тым кеш жетіп, кемпір әлсіреп-ақ қалған екен. Жарықтық сүйегі мықты адам ғой, сонда да сыр білдірмей сұлық отыр, құламады. Ара талаған беті мен қолында ине шаньшқандай ноқат қара дақ қалып, айналасы домбыға ісініп бара жатты. Айна мен Таған көтеріп үйге кіргізіп төсекке жатқызғанда, кісі танымайтын болып ісініп кетіп еді... Тілаузы байланып қалды ма, өлде ендігі арыздасып, қоштасардың түкке қажеті жоғын сезді ме: «Апатайым-ау, енді не істейміз, қандай дәрі-дәрмек қолданамыз?», – деп зар еңіреп басында отырған Айнаның бірде-бір сұрағына жауап қатпай, ағаш үйдің белағашына телміріп үнсіз жатқан. Өз қолы өзіне артық көрініп, қоярға жер таппай серейіп тұрған Таған да, дегбірсізденіп құр жаны аши қарағаны болмаса, лажсыз еді. Сырттан асықпай, адымын санап басып Ерік кірді. Кірген бойда:

– Кім сендерге пысықсып далаға шығар деген?! – деп айғай салды. – Ала жаздай аман-есен үйде отырғанда астынан су шыққандай жылы орнынан қозғап... ісім сендермен болсын!





Төбеге телміріп жатқан кемпір айғайды құлағы шалды білем, ұлының ұрысына нәумез болды білем, ендігі сәтте Ерікті көздей бағжия қараған. Сүп-суық жанары еңменнен өтердей қорқынышты еді, адам танымастай ісініп өзгеріп кеткен шешесінің оқтаулы көзінен жасқана шегініп: «Әне, тағы да мені айыптап жатыр», – деп, күңкілдеген күйі үйден шыға жөнелді.

Өзі құлағалы тұрған тауға қой жайғандай, Айна көз жасын көлде-тумен болды.

– Бұлай тұра берудің реті жоқ, не ем-дом жасаймыз? – деді Таған бөйектеніп.

– Білмеймін, аға, білмеймін... Апамның түбіне ара жетеді деп кім ойлаған. Апамның өзі біледі, айтпай жатыр...

«Жарықтық, өлімге біржола дайындалған шығар, – деп ойлады Таған. – Нюра Фадеевнаның түбіне жеткен әншейін ара емес, будандар екенін, әр тұқымның қосындысынан шыққан «жауыздар» екенін қайдан білсін Айна». Бұдан әрі не әрі жоқ, не бері жоқ делдіе берудің қисынын көре алмады ма, бұл да тысқа шықты. Арғы бетке қарап ойланып, қашаға сүйеніп тұрған досының қасына барды.

– Не істейміз? Рация жоқ па, вертолет шақыртайық, – деп сұрады Еріктен.

– Сенің не қимаң қышып барады, – деп дүңк етті ол. – Осының бөрі сенің кесірің. Айрандай ұйып, шай деспей отырған шаңырақтың ойран-ботқасын шығардың... Өттең, өттең, бекер, бекер-ақ ертіп келдім...

– Демек, өзің де кінәлісің... Бір-бірімізді айыптағаннан түк шықпайды. Апамызды ажалдан арашалап қалудың амалын іздейік.

– Ол бөрібір адам болмайды, берген дөріңді ішпейді де. Көрмейсің бе сөйлей алады, қырсығып тіліне тиек салып, үнсіз жатыр. Маған деген қысастығы. Жалғыз ұлын осыншалық жек көретін шешені көрсемші... Құдай-ау, менің жазығым не? Үстінен құс ұшырдым ба, тамақтан, киер



кімнен тарықты ма? Екі сөзінің бірінде «ел, ауыл» деп, зарлайды да отырады, сол елінде, сол ауылда құшақ жайып қарсы алатын ағайын, туғаны отырғандай; сол көксеген елі емес пе еді, сиырдай мүйіздеп айдап шыққан. Рас, сол өтінішін орындаған жоқпын, басқа жазығым қайсы? Мұндай боларын білгенде, кеше вертолетке салып жіберер едім ғой... Ішім сезеді, енді беті бері қарамайды, маған өсиет сөзін айтып, қоштаспасын да білемін...

– «Аман жүр, ұлым» деп айтпайтын ана жоқ жер бетінде, – деді Еріктің сөзіне толқыған Таған. Неге екенін кім білсін, досы үшін өзі жылау керегін сезді. Жанарында жас бар еді. Ал Еріктің беті бүлк етпестен, асқан төзімділікпен сөйлеп тұр.

– Менің сорым шығар, арылмай жүрген қырсығым шығар осының бөрі де. Бостандыққа шығайыншы, азат ғұмыр кешейінші, жаманаттан қашайыншы деп, құлақ естіп, көз көрмеген жаққа саяқтанасың, бөрібір сені қуып жетеді, іздеп тауып алады... Қыл аяғы туған анаң өз қағынан жеріп, әр басқан қадам, еткен еңбегіңнен қарамдық іздейді. Кімнің егініне түстім, кімнің бермесін тартып алдым, табан ет, маңдай теріммен тапқан дүниемді есепшотқа салып, көзге түрткі қылатындай күпірлігім болды ма? Өне, беттің арын белбеуге түйіп, мемлекеттің байлығына белшесінен батып жүргендер не ұсталмайды, не сотталмайды, оларға бөрі кешірімді, бөрі жарасымды... түсінбеймін.

– Шынында да, сен түсінбейтін бір сыр бар шығар...

– Ей, кетші өрі өзің сөуегейсімей, – деп, қолын бір-ақ сермеді. – Апам бізге жоқ енді, жыла-сықта, фактінінің аты – факті. Ал, сендер, Айна екеуің өп-өтірік өкіре беріңдер. Па, шіркін-ай, қандай үлкен жүректі, кеңпейілді гуманиссіңдер-ей. Ана сендерге емес, мына маған керек, ендеше монтаны да жалған жоқтауларыңның керегі жоқ маған. Жақсы көрген болып, сыйлаған болып, сып-сыпайы мінезбен өлтірген де екеуің, мен емес. Ап-аман, таспиғын санап, құдайына құлшылық жасап отырған адамды сүйрелеп далаға шығарғаны несі-ай... Құныкерім – сендерсіңдер!

– Ол кісі өлі тірі ғой, өтпей жатып өлдіге жорығаның не?

– Өлмесе – өледі. Тағы да мүләйімсіп тұрсың. – Көзі қанталаған Ерік: – Сенімен төжікелесіп несіне тұрмын осы, одан да анам мәңгілік мекен етер жайлы жер іздейін.

– Астапыралла, – деді тыпыршыған Таған жағасын ұстап. – Жынданған шығарсың.

– Кімнің жынданғанын ертең таңертең білерсің, – деді де анасын қоятын жер іздеуге жөнелді.

Тағанның көңілі ойран-асыр. Досының мінезін тағы бір қырынан таныды, алайда кім екенін, қай ұлттың ұлына жатқызарын білмеді. Білуі мүмкін де емес еді...

Біраздан бері берекесі қашқан үйдің түтіні дәл осы күні ұшқан жоқ:



от жағылмады, самаурын қойылмады, қазан көтерілмеді – онсыз да жұқарған жүйкеңді мезі қылар ауыр тыныштық орнаған. Бір кіріп, бір шығып, тағат таппаған – тек Таған ғана. Досының кінә артқан айыптау сөзінен кейін, расында да, Нюра Фадеевнаның оқыс әлсірегеніне өзі себепші болғандай, осы үйдің артық адамы екенін сезінді. Айнаның жанары жастан тыйылған жоқ. Сусын әкелсе де, шипалы шөп нәрін ұсынса да, енесі бас шайқаумен болды. Анасының арғы дүниеге ықтиярлы екенін білген, білсе де ақтық парызын өтеуден танбай, аялаумен құрақ ұшқан. Енесінің көңілінде тас болып байланған қара қазандай өкпе бар... Неге? Кімге? Осының сырын ұға алмаған келіні кездейсоқ келген кеселдің бір ұшығын өзінен іздеген, тілін алып далаға шығарғанына өкінген де... Адам өмірінің бақилық емес екенін білсе де, жер-жаһандағы пенде шіркіндердің ғұмыры бір-біріне байлаулы, ауру меңдеп, ажал алды дегеннің өзінде бірінің өліміне бірі себепшілігін саналаған. Бәлкім, Айнаның таусыла, егіле еңіреуі де осыдан шығар... өз анасы қайтқанда да, дәл осылай жыламаған.

...Ерік үйге қас қарая кіріп, анасының тамырын ұстады, алақанын маңдайына басты. Нүрке кемпір ұлының қолын сезді.

– Апа, не айтасың маған?.. – Шешесі басын шайқады.

– Артық-кемім болса кеш, анашым. – Қанша қатыгез десек те, үні дірілдеп шықты. Шешесі басын изеді.

Шамның сәулесі кемпірдің ашып, жұмып жатқан жарымжан жанарын тіміскілей берген соң, Таған газетпен көлегейлеп қойды.

Бұл күні ешкімнің де мардымды ұйқысы болған жоқ, тек таң алагеуім тартқанда, әбден қалжыраған екі жігіт тысқа шығып, үйдің екі бұрышында жүрелей отырған...

Айнаның жөні бір басқа... Дүниедегі ең қимас затын байқамай сындырып, енді қайтіп құрай алмай діңкесі құрыған шарасыздық бар; немесе ең аяулы адамы көзден бұлдырай алыстап, қалың тұманның арасына сіңіп бара жатқандай; немесе Маралкөзді кешіп біртін-біртін суға батқан адамның ел-жұртына енді қайрылмас қаттылығын ұққандай. Жанарындағы жасты жылап тауысты ма, енесінің қасында жылжымастан сазарып отыр...

– Айнаш! Ау, Айнаш! – деген үннен селк етіп оянды. Бірер минут көзі ілініп кетсе керек. Өлгі өзін шақырған үн қайдан шыққанын білмей, жан-жағына қарады. Ешкім жоқ. Енесі көзі ашық, тіпті сау кезіндегідей ажарлы.

– Айнам-ау! – дегенде, зәре-құты қалмады. – Қорықпа, келінжан, мен ғой. Су жылытпалап әкелші, дәрет алайын, – деді қимылдап.

– Қазір, апатай, қазір. – Қатты қуанды. Сауыға бастады деген иланым биледі бойын.

Бұл – Нүрке кемпірдің бой жасағаны еді.



Асықпай дәреттеніп, ақтық дәм – атау-кере суын ішіп болған соң, Алла Тағалаға мінажат білдіріп, рақымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мың да бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі. Бұдан соң: «Бисмилла рахман рахим», – деп, екі қолын кеудесіне қойып, шалқалай жатып көзін жұмды. Енесінің әрбір қимылын қалт жібермей аңдып отырған келіні тынысы үзілгендей үнсіз сұлаған апасынан шынымен-ақ айырылып қалдым ба, деген қорқынышпен үңіле түсіп еді, қарияның жүрек соғысы әлі де әлсіз білініп жатқанын сезген...

Үйдің бұрышында шөкелей отырып, сәл көз шырымын алған Таған, өлдекім түртіп жібергендей, селк етіп оянып еді. Күн бұлыңғыр, аспанда тұтасқан бұлт бар. Сондығынан ба, таң атса да, маңай қаракөлеңке. Кемпірдің жағдайын білмекке үйге кіріп еді, өліп жатқан кемпір мен талып жатқан Айнаның үстінен түсті. Жан ұшыра Ерікті шақырды.

Келесі күні түске таман Нюра Фадеевнаның сүйегін Қатын өзенінің жағасына жерлейтін болды. Өзі өмір бойы көксеп өткен туған ауышынан біруыс топырақ бұйырмады.

Жер мойны қашық, мәйт шыдас бермейтін болған соң, анасының арманын орындай алмады Ерік. «Ақсақалды үлкен адам ғой, аңшы Шалды шақырайық» деген Тағанның өтініші аяқсыз қалды. Сонымен жас қабірдің басында үшеуі ғана тұрды. Дегенмен осынау үш адамның иығында үш жүз адамның қасірет-мұңы бар еді. Амал не, қайғырудан қайтып оралған пенде жоқ. Неге екені белгісіз, өлікті үйден екі жігіт көтеріп шығарғанда, Айна анасына арнап жоқтау айтты, бірақ көзінен жас шықпаған. Зор да зарлы ұнпаздықпен қабір басына жеткенше тоқтамаған...

Нюра Фадеевнаны жерлеу рәсімі аяқталған соң екі еркек, жалғыз әйел томпайған топырақ үйіндісіне салбыраңқы қабақпен қарап,



үнсiз ұзақ тұрды. Өрқайсысы өзiнше қайғырды, өзiнше бақылдасты. Алтайдың жамбасқа жұп-жұмсақ қойнауы қойнына алған Нүрке кемпір қанша дiндар болса да, не мұсылманша, не христианша жерленбей, өз иманын өзi айтып, өз жаназасын өзi шығарып, жарық дүниенің бар азабынан осылайша бақилыққа азаптанып едi...

Жер беттенiп, кiмге екенi белгiсiз, кектi сыңаймен түйiлген Ерiк шұғыл бұрылып кете бердi. Ендi Таған мен Айна ғана қалған қабiр басында. Басына ораған қара шөлiсiнен бет пiшiнi сөл ғана көрiнген келiншек көз жасының суалып, ағыл-тегiл жылар шағында кеуiп қалғанына қайран... Таған болса не iстерiн бiлмеген. Жасқаншақтана жақындап, Айнаның қолтығынан ұстады: – Апамыз келмеске кеттi, өткенше өкiн, өткен соң бекiн деген, жүр, қайтайық, – деп икемдеп едi, келiншек мiз баққан жоқ. Ендiгi тұрыстың лажын таппаған соң, ол да үй жаққа аяндады. Жас қабiрдiң басында тұманға тұмшаланып Айна жападан-жалғыз қалды.

Түн аса суық болды.

Ертеңiнде шөп басын сiлбi басып, кешегi жаңбыр мұздақтап тастап едi. Айлақта отырған жалқы омартаның түтiнi бұл күнi шыққан жоқ, тiршiлiктiң барлығын кемпір өзiмен ала кеткендей, өгейсiген өмiр басталды. Ежелден аз ұйықтап, көп жортатын Ерiк, таң қылаң бере, атын ерттеп, мылтығын өңгерiп аң қарап кеттi. Түнi бойы дөңбекшiп, ұйқысы қашып, көрер таңды көзiмен атқызған Таған тауық шақырарда ғана тыншыған. Ал Айна мүлдем көз iлмедi. Енесiнiң киiмдерiн жинастырды, төсек-орнын сiлкiп, бөлменi аршаллады. Енесiнiң оны-мұны салынған сары ала сандығын алғаш рет ашқан. Қақпағын ашарда, неге екенiн өзi де байқамай, «бисмилла» деген сөз аузына түстi. Сандықтың iшiнде өзiнен жасырған мол «байлық» жоқ екен, тек ең түбiнде шетiн кестелеген ақ орамалдың орауын жазғанда, өз көзiне өзi сенбедi, адамзатқа бақырая қараған көнетоз иконды қолы қалтырай алып, бұрышқа апарып сүйеп қойды.

Ерiнiң ертелетiп аттанғанын көрген. Тәуекелге бел байлап үйден шыққан. Омартаға барды. Оқыс түскен суық аралардың да зәресiн алғандай... Америкадан келген будандардың ұясын iздеп тауып, ара кiрiп-шығар танадай тесiгiн шүберекпен мықтап бекiттi. Құшақтай ырғап орнынан көтерiп алған күйi, өзен жағасына апарды. Екiншiсiн де жеткiздi. Үйден шелекке құйып керосин әкелiп, аямай лақылдатып төктi ағаш жәшiктерге. Бұдан соң шырпы тұтатып от қойды. Лап еткен жалыннан жасқана шегiнiп, «жауыз араның» жанғанына рақаттана қарады-ай... Сөйтiп, енесiнiң қазасына себепкер болған капиталист шыбынды шырқырата құртқан едi... Амал не, Алтайдың ана аралары олармен өлдеқашан шағылысып, «жауыздардың» ұрпағы анау қаптаған ұяның өрқайсысында қыбырлап жатқанын сезген жоқ едi... Амал не... бiлген жоқ едi...



– Бұл жалғанда сенерің, сүйенерің, құтқарарың, қол ұшын берерің болғанға не жетсін, – деді басын көтеріп, орнынан тұрған Айна сергек үнмен. Таған келіншектің су-су шашынан сипап, алғаш рет маңдайынан иіскеді. – Сен болмасаң, менің де сау-саламат жүруім екіталай, айнам, ішіп-ішіп өліп қалар едім...

Тихой өзеншесінен Айнаны көтерген күйі, белуардан кешіп өткен Таған Шалдың «мемлекетіне» жетелейтін білте жолмен Алтайдың қара орманына сіңіп бара жатты...

Лұғат

Бейопа – опасыз, тұрлаусыз, тұрақсыз.

Рама – төрт қырлы жұқа тақтайшалардан төрт бұрышты етіп жасалатын түрлі мақсаттағы жақтау. *Бұл жерде:* аралар ұя салған жәшік.

Тарғаяқта – тарпаңдау, тапырақтау.

Сәуегей – алдын ала болжай алатын, болашақты болжап біле алатын көріпкел. *Бұл жерде:* сәуегей сияқты болма деп, ұнамсыз көзқарасты, ұнатпаған ниетті білдіріп тұр.

Сілбі – 1) баяулатып ұзақ жауған жауын-шашын; 2) өрмекші өрмегін тоқуға керекті талшық зат; 3) жас асау түйелердің мұрнына өткізілетін бүлдіргі, қыл жіп; 4) көктемгі көбең кезең; 5) жұқа мұз, кілегей мұз. *Бұл жерде:* бесінші мағынада берілген.

Білте (жол) – бұл сөздің мағынасы өте көп. Төменгі сыныптарда барлық мағынасы берілген. *Бұл жерде:* өте жіңішке жол.



1. Нүрке өжені сыртқа неге шығарды?
2. Америкадан әкелінген аралардың ерекшелігін айтып беріңдер.
3. Нүрке өжені аралардың талауына баласы кінәлі ме?
4. Еріктің анасы туралы пікірімен келісесіңдер ме?
5. Ерікті жалғыз қалдырып кеткен Айна мен Тағанның әрекетін құптайсыңдар ма?



Тағылым тамшылары

Апитерапия

Арауының көптеген ауруларды емдейтін қасиеті бар екендігі медицинада дәлелденген. Араға шақтырып емдеу жолын *апитерапия* деп атайды. Ара уын Қытай, Жапония, Германия, АҚШ, Франция мемлекеттері кеңінен қолданып, остеохондроз, артрит, ревматизм, ішкі құрылыс, асқазан, буын, жүрек, көз, жүйке ауруларын, басқа да ауыр кеселдерді жеңуге болатындығына көз жеткізген. Алғаш Мәскеуде апитерапиялық клиниканы ашқан Михаил Френкельдің «Крылатый фармацевт» атты еңбегі бар. Ара уының құрамында адам ағзасына пайдалы ферменттер мен аминқышқылдар, митилин бар. Оған сыртқы жағдайлар әсер ете бермейді, яғни ыстық және суық температурада өз қасиетін сақтап қалады.



«Егемен Қазақстан» газетінен.



1. Оқиға ішінде оқиға ретінде қай көріністі қарастыруға болады? Дұрыс нұсқаны анықтап, сол оқиғаның шығармадағы рөлін қарастырыңдар. Осы оқиғадан автор уақытты кейінге шегереді ма, әлде алға оздырады ма?
 - Ерік пен Тағанның өңгімесі; • Айна мен Нүркенің өңгімесі;
 - Айна мен Тағанның өңгімесі; • Шал мен Тағанның өңгімесі.
2. Еріктің Тағанды үйіне алып келу туралы шешімі дұрыс болды ма? Еріктің ойлағаны жүзеге асты ма? Бұл шешім кім үшін тиімді болды? Шығармаға композициялық талдау жасаңдар.



- Оқиғаның шешімі
- Оқиғаның шарықтау шегі
- Оқиғаның шиеленісуі
- Оқиғаның дамуы
- Оқиғаның басталуы

3. Шығармадағы басты үш кейіпкердің өмірге деген көзқарасын, философиялық ұстанымын анықтаңдар.



1. Еріктің қатыгез, томырық мінезі мен «қауіпті будан» араларға төн құбылысты салыстыра талдаңдар. Ерікке берілген мінездеме-лерді талдау барысында *символ*, *метафоралық параллель* ұғымдарын қарастырып, жазушы стилін анықтаңдар.
2. Енесін ақтық сапарға шығарып салған келіні оның сандығын ашқанда ақ орамалға оралған икон тауып алады. Осы деталь арқылы Нүрке кемпірдің ақиқат болмысына талдау жасаңдар. Мұсылман дінін қабылдап, бес уақыт намазын қаза етпей жүрген кемпірдің иконды сақтап қоюы неліктен?
3. Америкадан келген «қауіпті гибридтерді» Айнаның жойып жіберуінен автор позициясын байқай алдыңдар ма? Нүрке өженің сол аралардың қолынан қаза табуы арқылы неден хабар бергісі келді? *Будан* деген сөзді қалай түсінесіңдер? Осы ұғымдарға қатысты автор ұстанымын анықтаңдар.



1. Шығарма неліктен «Атау-кере» деп аталады? Шығарманың атауы қандай мәселені көтеріп тұр? Мәселенің бастауы, көзі қайдан шығады? Романдағы заман бейнесі Қазақстан тарихындағы қай кезеңге төн?
2. Әдебиет порталынан Франц Кафканың «Құбылу» новелласын оқып, Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» повесімен салыстырыңдар. Басты кейіпкер Еріктің сонауға, Грегор Замзаның жөндікке айналып кетуіне қатысты әдеби талдау жасап, «Атау-кере» повесіндегі құбылу мен мифтік сипат тақырыбында әдеби сын жазыңдар.
3. Еріктің көкбас сонауға айналып кетуіне қатысты эпизодты хрестоматиядан тауып оқып, жазба жұмысында қолданыңдар.



- Мәтінмен танысып, төмендегі тапсырманы орындаңдар.
- а) Араның шаққаны адам денсаулығына пайдалы ма? Халық арасында «Араның уы – емнің сұлтаны» дейді. Олай болса, Нүрке өжейдің ажалына араның себеп болғанын қалай түсіндіресіңдер?



Сұрақ	Араның уы ем	Араның уы денсаулыққа қауіп төндіреді
Неліктен?		
Неліктен?		
Неліктен?		

- ә) Ерік «Қауіпті гибрид» мақаласынан бұдан аралар туралы қандай мәліметтермен танысады? Мақала мазмұнын хрестоматиядан тауып оқыңдар.
- б) Шығармада автор оқиға орны ретінде қай өңірді сипаттайды? Қазақстандағы ара шаруашылығымен айналысатын аймақтардың картасын құрастырыңдар. Неліктен бұл аймақтарда ара өсірілетіндігін түсіндіріңдер.



«Тағанның айыбы» тақырыбында сот сабағын өткізіңдер. Екі пікірдің біреуін жақтап, топта пікірталас ұйымдастырыңдар. Тағанның соңғы шешімін талқыға салыңдар.

Айыптаушылар	Ақтаушылар	Күегерлер	Сот шешімі
Таған Еріктің жасаған жақсылығына қиянат жасады. Ол Еріктің арқасында есін жиып, аяққа тұрды.	Таған ешкімге қиянат жасамады, керісінше Айнаны қарапастағы тіршіліктен арашалап алды.	Тағанның ісіне қатысты айғақтар жинақтайды. Күегерлер сөздері нанымды, дәлелді болу керек.	Үкім нақты, өділ болуы тиіс.

Кері байланыс: «Бес саусақ»

Ақ параққа алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балаяқ үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Ортан терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



ЖАРАСҚАН ӘБДІРАШЕВ

(1948–2001)



Әбдіраштың Жарасқаны қазақ поэзиясында сирек кездесетін құбылыстардың бірі еді. Ол рухани алтын кезеңіміз – алпысыншы жылдардың екінші жартысында әдебиет табалдырығын батыл аттап, көп ұзамай-ақ өз орнын бірден белгілеп алған болатын.

Жарасқан поэзиядағы нағыз хас шебер еді. Оның өлеңдерінен селкеу тұрған бір сөйлемді, бос тұрған бір сөзді таба алмайсыз. Әрине, мен бұл жерде оның жырларының архитектуроникасын ғана айтып отырмын...

Темірхан МЕДЕТБЕК





Қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбдірашев 1948 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманәткел ауылында дүниеге келген. Әдебиетке 1960 жылдардың екінші жартысында келген жаңа буынның ішінде Ж.Әбдірашев өлеңдері шынайылығымен, терең ой мен сырлы сөз құдіретін жеткізуімен ерекшеленді. 1969–1994 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма және әдеби байланыстар жөніндегі бас редакцияда, «Тамаша» ойын-сауық театрында қызмет атқарған ақын әдебиет әлемінің есігін «Тұңғыш кітап» (1969) атты жыр жинағымен ашқан. Ақын қаламынан «Аққайран», «Найзағайлы жаз», «Саяхат», «Парасат пен парыз», «Дала, сенің ұлыңмын!», «Соғыстан соң туғандар» секілді бірнеше кітап жарық көрді. Адамның жан дүниесіне терең үңіліп, оның бойындағы асыл қасиеттерді өлеңмен өрнектеген ақынның әр туындысы әдебиет сүйер қауымның тарапынан жоғары бағаланды.

Қарымды қаламгер қазақ әдебиетінде эпиграмма жанрын қалыптастыруда да зор еңбек сіңіріп, «Өзілің жарасса» деген кітабын жарыққа шығарды. Сонымен бірге қазақ балалар әдебиетінің мәселесіне арналған «Парасат пен парыз» атты әдеби-зерттеу еңбегі де жас ұрпаққа арналған көркем туындылардың бағыт-бағдарын, даму ерекшеліктерін айқындаудағы толымды жұмыстардың бірі болды. Оның тәржімелеуінде А.С.Пушкиннің, Р.Тагордың, Я.Купаланың, А.Блоктың т.б. шығармалары қазақ оқырмандарымен табысты. Ақынның өз туындылары да көптеген шетел тілдеріне аударылған.



Жарасқан Әбдірашев (оң жақта екінші) кеншілер арасында



Ақиық ақын, сарабал сыншы Ж.Әбдірашев өмірінің соңғы жылдарында «Құлпытас» атты циклді өлеңдер топтамасы арқылы Шөкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет т.б. секілді алаштың асыл азаматтарының басына өлеңмен құлпытас қойды. Ақынның бұл еңбегі өзіне де қойған ескерткішіндей еді. Осы кітабында жазылған шығармалары арқылы ақын қазақ халқына, оның ардақты перзенттеріне деген құрметін, махаббатын паш етті. Жыр өлемінде өшпес атын қалдырған Жарасқан Әбдірашев 2001 жылы дүниеден озды.



1. Жарасқан Әбдірашев өлеңдерінің ерекшелігіне тоқталындар.
2. Эпиграмма жанры туралы не білесіңдер? Ақынның осы жанрда жазған қандай туындысы бар?
3. Ақын кімдердің шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті?
4. Жарасқан Әбдірашевтың өлеңіндегі *дала* ұғымының қолданысы қандай?
5. Ақынның ұлы тұлғалар бейнесін жыр еткен өлеңдер топтамасы туралы не білесіңдер?

«Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы

Өзінің туған жері туралы өлең жазбаған ақын кемде-кем. Қай ақынның да өзі туып-өскен жері – Жер-Ананың жерұйығындай қасиетті. «Дала, сенің ұлыңмын!» атты шығармасында да Жарасқан ақынның атамекенге, елге деген махаббаты, сүйіспеншілігі көркем айшықталған. Туындыда «Туған дала» сөзі жиі қайталана отырып, айтылар ойдың темірқазығына айналған.

Төбірене жырлаған ақынның шығармасында *дала* ұғымы тек бір аймақтың аумағын білдіретін географиялық мекен емес, ол – *Отан, атамекен, ұлт, дәстүр* секілді ұлы ұғымдарды айқындаушы образ. Ақын:

Туған дала,
менсіз талай қамалдар
алыныпты!..
Сенің арың –
Маған да ар.

Кешір мені,
кеш келіпін өмірге!
Кеш туыппын!
Кеш қалыппын!
Не амал бар? –

деп осы еліме «Мен не бердім?», «Қандай жақсылық жасадым?» деген сауалға жауап іздейді. Ол қазақ халқының аяулы перзенттерінің жасаған істерін үлгі ете отырып, халқын сүйген әр перзенттің ұлт болашағы үшін аянбай еңбек етуін, қажет болса жанын қиюға да дайын болуы керек екендігіне тоқталады. Қазақ баласының асыл мұраты ұлты үшін мағыналы ғұмырын арнаған ардақты перзенттерінің есімін қастерлеп, істеген істерін жалғастырса ғана баянды. Сонда ғана қазақ халқы өзге жұртпен терезесі тең, озық мемлекеттердің қатарында болады. Бұл тұлғалар – ұлттың идеалдары. Міне, ақынның негізгі айтар ойы, жеткізер арман-қуаты – осы.

Шығармада ақынның азаматтық үні, өмірлік ұстанымы қалың бояусыз, әдемі өлең өрнегімен биікке көтерілген. Ақын ғасырдан-ғасырға жеткен дала философиясын, салт-дәстүр мен мәдениетті келер ұрпаққа берілген аманат ретінде пайымдайды. Қазақтың дарқан даласы – мақтаныш қана емес, ән мен күйдің қазынасы, биік рухы.





Туған дала,
талайлардың от қанын
лапылдатты тентек күйің,
текті өңің.

Сөз сөйлесем –
Сенсің биік тұғырым!...
Сенсің менің абыройым,
мақтаным!..

Тоймен емес,
ауыр оймен ақты күн,
Дабыл қақсам –
ауыр ойсыз арман жолын
тапты кім?

Сенсің асқақ ұраным!..
Сенсің менің қасіретім,
шаттығым!..

Даналық бар,
даралық бар затыңда
болатын тек батырларда,
ақыңда!

Өлең жазсам –
Сенсің өмірбаяным!..
Сенсің менің фамилиям,
атым да!..

* * *

Туған дала,
тынысымды кең алып,
көңілімнен көп іздедім даналық...
Мүмкін емес –
менің тексіз болуым,
ұлы Абайды туған болсаң сен анық!

Қиынға сал,
қалтқысыз сене гөр,
намыс үшін найзаласып өледі ер.
Мүмкін емес –
менің отсыз болуым,
Махамбетті туған болсаң сен егер!

Араласпай даңғазаға,
шуларға,
кірем барып күңдіренген нуларға!..
Мүмкін емес –
менің тайыз болуым,
терең Мұхтар мына сенен туғанда!

Алға апарар жолдар барда,
жүк барда,
борышымнан бір сәтке де құтқарма!
Мүмкін емес –
менің төмен болуым,
биік Шоқан мына сенен шыққанда!..

Тірек сөздер

дала, өн
той, дабыл
дана, тек
ер, от
тайыз
борыш
жау
үн
күндестік
күй, мұң
салт, дәстүр





Мен – ұлыңмын!
Буырқанып бойда ағын,
талай мәрте бақытыңды тойладым.
Мықты ағаның немересі –
балам да
осал бола қоймас деген ойдамын!..

* * *

Туған дала,
табалап,
жатқан күліп,
жауларымен ісі жоқ,
мақтан біліп...
Мықтылығы дейсің бе?..
Кей ұлдарың
тағдырыңды тартыпты көкпар қылып!..

Көңілдерін күндестік бұлты басып,
арбасыпты,
тістеніп,
сұрқы қашып...
Ақырында ұмытып сені мүлде,
жөнеліпті өзара жұлқыласып!..

Шаң көміпті!..
Көміпті алапты мұң!..
Қабақ түйе көгіңнен қарапты күн!..



Осылайша кетіпсің талай рет
тақымында көлденең көк аттының!

Топқа кіріп,
жүргендер төсін ұрып,
алдыменен алса екен осыны ұғып!
Бармақ тістеп,
бас шайқап
өкінгеннің –
несі дәстүр?
Несі салт?
Несі ғұрып?!

Лұғат

Күндестік – бұл жерде: бәсекелес адамдардың бірін-бірі көреалмаушылығы, бақталастығы.

Көлденең көк атты – кездейсоқ адам, әйтеуір біреу, былайғы адам, қатысы жоқ адам деген.

Төсін ұру – даңдайсып мақтану, менменсіп кеуде керу.

Бармақ тістеу – зая кетіру, өкіну, опық жеу.

Тағылым тамшылары

«Қаладан келген қыз» фильмі

Ақын поэзиясының желісі бойынша 2004 жылы ақынның баласы, режиссер Рүстем Әбдіраш «Қаладан келген қыз» көркем фильмін түсірді. Фильмде Жарас пен қаладан келген Жібек есімді қыздың бозбала махаббаты көрсетіледі. Жібектің отбасы Арал маңындағы ауылға көшіп келеді. Жарас екеуі бір мектепте оқиды. Әдебиет үйірмесіне бірге қатыса жүріп, екеуінің де поэзияға деген қызығушылығы арта түседі. Бір-біріне арнап өлең шумақтарын оқып, хат жазысып тұрады. Олардың арасындағы сезімді байқаған ауыл адамдары, әке-шешелері қарсылық білдіреді. Екі оқушының бозбала махаббаты үшін үйірме жетекшісін айыптайды. Бұл Жарастың ауылдан кетуіне себепкер болады.



«Жас өркен» танымдық порталы.



1. Ақын өлеңінде туған дала несімен қымбат дейді?
2. Туған даланың ұлы қандай болу керек?
3. Туған далаға зиянын тигізіп жүргендер кімдер?
4. Өз өлкелеріңнен шыққан қандай тұлғаларды мақтан етесіңдер?



Эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ түрлерінің аражігін ажыратыңдар. Жырда қолданылған образ түрін ақын бейнесімен, оның ішкі бітімімен байланыста талдаңдар.

Эпикалық образ	Лирикалық образ	Драмалық образ



1. а) Төменде берілген өлең жолдарында ажарлаудың (эпитет, теңеу, аллитерация, ассонанс) қай түрі қолданылған? Дәлелді жауап беріп, қызметін түсіндіріңдер.

*Сөз сөйлесем –
Сенің биік тұғырым!..
Сенің менің абыройым, мақтаным!..*

- ә) Ақынның дала образын «Шаңырағым Аспаның!», «Көкжиегім – Керемет!», «Батысың – бір, Шығысың – бір Босағам» деген сөздер арқылы сипаттаудағы мақсатын түсіндіріңдер. Поэманың осы шумақтарында қолданылған көркемдегіш құрал түрлерін ажыратып, қызметіне талдау жасаңдар. Поэманың хрестематияда берілген бөлімімен танысыңдар.
2. Қайталаудың түрлеріне анықтама беріңдер. Өлеңде қайталаудың қай түрлері қолданылады? Қызметіне талдау жасаңдар.

Жай қайталау	Еспе қайталау	Анафора	Эпифора

3. Өлеңнің құрылысына талдау жасаңдар. Қандай ұйқасқа құрылған? Неше буыннан тұрады?
4. Берілген өлең жолдарында айтылған ойды дамытып, туған жер тақырыбында үш-төрт шумақ өлең құрастырыңдар. Эпитет, теңеу, метафоралы сөздерді қолданып, жырларыңды айшықты сөз оралымдарымен көркемдеңдер.
5. «Дала перзентінің борышы» тақырыбында шығарма жазыңдар.



Ж.Өбдірашевтың «Дала, сенің ұлыңмын!» өлеңін С.Торайғыровтың «Сарыарқа», О.Сүлейменовтің «Песня над песком», «Трава» өлеңдерімен салыстыра талдап, идеялық, тақырыптық үндестікті, ортақ құндылықтарды анықтаңдар.



«Тағылым тамшылары» айдарындағы мәтінмен танысып, тапсырмаларды орындаңдар:

- а) Жарасқан Өбдірашевтың басқа да өлеңдерімен танысыңдар. Фильмдегі Жарастың прототипін анықтаңдар;
- ә) ауыл адамдарының үйірме жетекшісін айыптауы дұрыс па?
- б) оқушылардың өдебиетке, поэзияға қызығушылығын арттыратын өдеби үйірменің жаңа форматын ойластырып, шығармашылық жұмыс жасаңдар.

Қадамдары:

Жобаның тақырыбы мен мақсатын айқындау

Жобадан күтілетін нәтижені анықтау

Жобаның форматын жоспарлау

Қажетті құралдарды белгілеу

Қорытынды жұмысты ұсыну



«Туған дала...»

«Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы – қазақ халқының басынан өткен қасіретті күндерінің, тарихының шежіресі мен үміт отының сәулесі. Ақын тағы бірде:

Туған дала,
азабың,
уайымдарың аз емес-ау!
Сезіндім!

Пайымдадым!
Іріліктен дейсің бе?..
Әлі күнге
Сыйыса алмай келеді кей ұлдарың! –

деп көңіліндегі кірбіңін білдірсе, бұдан әрі:

Тұншықса деп тілейін асқақ ойлар,
Жүрмін аңдап жетесіз қастан айбар!
Азынабайлардың заманы өткенменен,
Бар екен ғой әлі де Поштабайлар! –

деп өз мүддесін ұлт мүддесінен биік қойып, ел ішіне іріткі салушыларды Біржан салдың басына қамшы үйірген парықсыз Поштабайдың бейнесі арқылы да жеткізеді.

Жырдағы дала бейнесі – халық бейнесімен астасып кеткен қастерлі образ. Жарасқан ақын дүниедегі ең ардақты, ең асыл, ең асқақ қасиеттерді дала образына көшірген.

Бар арманым:
еңсесі биік өлең,
сапар шегер ұрпаққа сыйыменен.

Мен өлмеймін!
Өлсем де саған деген
Махаббаттан осынау күйіп өлем! –

деп жырлаған ақынның Отанға, туған жерге деген көңілі кіршіксіз, жалғандықтан ада. Ақын арманы – барлық азаматтың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігінің, адал махаббатының куәсі болу.



Туған дала,
сезімге мырза жырдың
селіменен келеді ырза қылғым!..
Тірлік үшін тырбанар бір жан емес,
Шындық үшін жынданар Біржаныңмын.

Тұншықса деп тілейтін асқақ ойлар,
жүрмін аңдап жетесіз қастан айбар!..
Азынабайлар заманы өткенменен –
бар екен ғой әлі де Поштабайлар!..

Өлшеп мынау өмірді бүгінгімен,
салты емес пе –
сыйыспау дүбірлімен!..
«Домбырамды қолымнан алса тартып»
тек өзіңе шағамын мұңымды мен!..

Өнерімен танылар тамам елге –
тағдыр әр кез ақынды салады өрге!
Сенен менің жалғыз-ақ өтінерім:
жанымды ұқпас Жанбота бола көрме!..

Тірек сөздер

сезім
шындық
сері, сөн
Құлагер
қуат, айбын
тау, теңіз
баба
бес күн
жұрт, жат
аңыз
мұра

* * *

Туған дала,
 атыңның,
 атағыңның
 аспандатар тұғырын
 қатарым мың!..

Сөніңмін мен!
 Серіңмін!
 Сеніміңмін!
 Арыңмын мен!
 Ақынмын!
 Ақаныңмын!..

Еңселі тау,
 ен жазық,
 құба белің
 тілегімді тілеуде мына менің!..

Жырым-пірім!
 Қанатым!
 Шалқұйрығым!¹
 Тайбурылым!²
 Жо-жо-жоқ...
 Құлагерім!³

Жылдар зулап,
 Ұшқанда аттандап-ай
 алға шықпай,
 арындап,
 қапталдамай,
 қалып қойса –
 амал не?..
 Тек, өйтеуір,
 Батыраштар қолынан мерт
 болмағай!

* * *

Туған дала,
 кең болғанмен аумағың,
 таңданғанмен достарың һәм жауларың,
 тарихыңа,
 тағдырыңа келгенде –
 сөз алады тауларың!..

Уақыт қана емдей алар – емдесе...
 ауыр дертке шалдықпады Ел неше?..
 Қайғырыпсың қара аспанның астында –
 Қаратау боп сен кеше!..

Шаттандырып азаттығың,
 теңдігің,
 мақтандырып қазақтығың,
 өрлігің,
 күлімдейсің көк аспанның астында –
 Көкшетау боп сен бүгін!..

Ерен өлкем,
 еңселі өлкем,

¹ Шалқұйрық – Ер Төстіктің тұлпары.

² Тайбурыл – Қобыланды батырдың сөйгүлігі.

³ Құлагер – Ақан сері Қорамсаұлының серігі болған ат.





ер өлкем,
көшпен бірге көсегенді көгертем.
Асқақтайсың алыс аспан астында –
Алатау боп сен ертең!..

* * *

Туған дала,
орнаса да қандай күн
сендік Қуат болды сенім,
болды айбын!..
Байтақ Отан,
орнаса да қандай күн –
сендік Сенім болды қуат,
болды айбын!

Мен өзіңсіз –
байтақ Отан бақытын
ешқашан да елестете алмаймын!
Мен өзіңсіз –
туған Дала тағдырын
ешқашан да елестете алмаймын!..

* * *

...Туған дала,
түсінгенге –
тағдырың
эстафета таяқшасы сияқты.
Білемін мен:
ауыр кезді,
аш күнді
бастан кешті
жанарыңа жас тұнды;

Қайран бабам
бірақ оны өкеме
аман-есен өз қолымен тапсырды!
Баз біреулер аңқаулығын аңдаған –
алдап алмақ,
тартып алмақ болды одан;
Қанын төгіп,
қалды қорғап, ақыры
аман-есен табыс етті ол маған!..



Туған дала,
Шықсам-ақ бес күн жырақ –
сен туралы сөздерге тостым құлақ:
ой толғайды кексіз деп кейбіреулер,
айта алмайды тексіз деп ешкім бірақ!

Мойынсынтпай қояр ма мәніне шын
талай жұртқа талайдан қанық есім:
күйшілікке келгенде – Құрманғазы,
өншілікке келгенде – Өміресің!

Болаттайын шыңдалған атқарып сын
болмысыңды ұққанда – жаттар ұқсын.
Ақындыққа келгенде – Махамбетсің,
батылдыққа келгенде – Тоқтаровсың!

Таласуға келгенде – ауырдансың,
ал, ашуға келгенде – дауылдансың!
Балуандыққа келгенде – Қажымұқан,
батырлыққа келгенде – Бауыржансың!

Өткеніңе келгенде – ұлы аңызсың,
жеткеніңе келгенде – мұрамызсың!
Парасатқа келгенде – барлығысың,
болашаққа келгенде – мына Бізсің!..



1. Даланың Қаратау боп қайғырғаны қай кезең?
2. Оның Көкшетау боп күлімдеген кезі қашан?
3. Ар мен намысты ардақ тұтып аққан жұлдыздар кімдер?
4. Дала кім боп сыр шертеді?
5. Даланың өткені мен жеткені не? Болашағы неде?



1. Туған даланың басынан кешкен тарихи кезеңдеріне хронологиялық кесте жасаңдар. Ақын ұлы тұлғалар бейнесін жырға қосу арқылы қандай түйінді ой айтқысы келді? Төмендегі кестені толтырыңдар.

Ұлы тұлғалар								
Абай	Шоқан	Махамбет	Мұхтар	Құрман-газы	Өміре	Қажы-мұқан	Бауыр-жан	Тоқтаров

2. Қазақ халқының тарихында еркіндік, азаттық үшін күрескен тұлғалар бейнесіне тоқталып, олардың тарихтағы орнына шолу жасаңдар. Ақын *тау* ұғымы мен *дала* ұғымын қатар алады. Олардың арасындағы байланысты қалай сипаттаған?





1. Өлеңнің негізгі идеясы қандай? Дала перзенті ретінде ақынды қандай мәселелер толғандырады?
2. Ақын қолданған метафора, теңеу, эпитет секілді көркемдегіш құралдарды анықтап, қызметіне талдау жасаңдар.



1. Жырда көтерілген басты мәселені анықтап, оның бүгінгі күндегі өзектілігіне талдау жасаңдар.
2. «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасындағы ақынның азаматтық бейнесі» тақырыбында өдеби эссе жазыңдар.



1. Төменде берілген поэма кейіпкерлерінің суреттерін нөмірлеп, аты-жөнін жазыңдар. Осы «Алыптар» сызбасын екі топқа бөліп, өздерің де екі топқа бөлініп толық мәліметтер беріңдер. Қай топ нақты дұрыс мәліметтер берді, салыстырып бағалаңдар.



2. Жоғарыда берілген суреттер ішінде суреті берілмеген поэма кейіпкерлерін табыңдар. Ол кімдер? Олар туралы толық мағлұматтар беріңдер.

Кері байланыс: «Зерде»

Ж.Өбдірашевтың поэмасын оқу барысында алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



**I БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ**

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Кісілік сөзі «Атау-кере» повесінде қандай мағынаға ие?

- а) ақбөкен;
- ә) тұлғасы адам тектес мақұлық иесі;
- б) кісімен араласпай саяқ жүретін адам;
- в) жабайы адам.

2. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңдар.

*Алға апарар жолдар барда,
жүк барда,
борышымнан бір сәтке де құтқарма!
Мүмкін емес –
менің төмен болуым,
биік ... мына сенен шыққанда!..*

- а) Абай; ә) Махамбет; б) Мұхтар; в) Шоқан.

3. «Дала, сенің ұлыңмын!» өлеңіндегі Батыраш қай шығарманың кейіпкері?

- а) «Көксерек» әңгімесі; б) «Томирис» драмасы;
- ә) «Құлагер» поэмасы; в) «Райымбек» поэмасы.

4. Берілген сөйлемдерді оқиға реттілігіне сай орналастырыңдар.

1	2	3	4	5
Ене мен келін керосин шамның жарығымен ауқаттанып отырған қоңыр тыныштықты Аламойнақ иттің үргені бұзды.	– Издегенім сен едің! «Өлмегенге өлі балық» деген осы, Ерік.	– Ат шаптырып той жасады, қазақтардың барлық ырымымен Қандауыр екеуіміздің некемізді қиды.	– Апамның түбіне ара жетеді деп кім ойлаған.	Бүгін Ерік пен Айна омартадағы барлық ұяларды қақтай сауып, бал шайқады.

- а) 3, 1, 2, 4, 5; ә) 4, 5, 2, 3, 1; б) 2, 1, 5, 3, 4; в) 2, 1, 3, 5, 4.

5. Берілген үзіндіге қатысты әдеби ұғымды анықтаңдар.

Осы шақта таудың жығылмас жалындай күдірейген қарағайдың ара-арасынан саулаған құннің ең соңғы шуағы көл бетін талақ тастап, со-о-н-ау ұшар басы тазданған шоқының тас кепеші ғана жалқындайды. Маралкөлдің бетінде жибырлаған майда толқын бар. Әлзінде ғана қанданған, содан соң жезденген су жүзі алабұртқан кейпінен лезде айырылып, қара көк барқыттан ақырет киімін кигендей өкпелі өксікпен кешқұрымның құрым киізін де біртіндеп қымтана түсті.

- а) фабула; ә) портрет; б) сюжет; в) пейзаж.



Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер:

1. Қарабауырды үйіне алып келген Еріктің әрекетін екі қырынан (келісу-келіспеу) қарастырып, баға беріңдер.

2. Төмендегі өлең шумағында ақынның «Азынабайлар» мен «Поштабайлар» дегені кімдер? Бұларға ақынның көзқарасы қандай? Дәлелді жауап беріңдер.

*Тұншықса деп тілейтін асқақ ойлар,
жұрмін аңдап жетесіз қастан айбар!..
Азынабайлар заманы өткенменен –
бар екен ғой әлі де Поштабайлар!..*

3. Шығармада қоғамдық-әлеуметтік өмір ортасын жатсынып, ұлттық болмысты сақтап қалуды мақсат ететін шал бейнесі көрініс табады. Бұл түспалды бейне арқылы автордың айтқысы келген астарлы ойын жеткізіңдер.

4. Қарамен белгіленген сөздердің мән-мағынасына, қолданысына мән беріңдер. Туған даланың бетіне ізін қалдырған оқиғаларды ұлықтаудың маңызын түсіндіріңдер.

*...Туған дала, түсінгенге – тағдырың
эстафета таяқшасы сияқты.
Білемін мен:
ауыр кезді, аш күнді
бастан кешті
жанарыңа жас тұнды.*

5. Нюра кемпірдің ішкі ойы арқылы дараланатын Еріктің образын жазушы қай қырынан танытқан? Шығармадан мысал келтіріп, кейіпкер бейнесіне талдау жасаңдар.

Жазба жұмысын орындаңдар.

«Атау-кере» шығармасындағы кейіпкерлердің өмір сүру салты және әлеуметтік мәселелер тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



II бөлім



ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Бұл бөлімде:

✓ Б.Мұқайдың «Өмірзая» романына, Е.Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіне сюжеттік-композициялық талдау жасап, жанрлық ерекшеліктерін түсінесіңдер;

✓ шығармалардағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптармен, әлем әдебиетімен байланыстырасыңдар;

✓ шығармалардағы қанатты сөздер мен дәйексөздерді қолданып, шығармашылық жұмыс жазасыңдар;

✓ шығармалардағы айшықты сөз амалдарын анықтап, көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісіне баға беріп, идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазасыңдар;

✓ шығармаларды көркемдік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазасыңдар.

Кез келген халықтың басынан өткерген тарихы, яғни **заман шындығы** олардың көркем туындыларына негіз болады.

Қазақ әдебиетінің тарихына жіті қарасақ, қазақ халқы басынан өткерген қасіреттердің барлығы дерлік көркем шығармаларға негіз болғандығын байқаймыз. Қаламгерлер есте жоқ ескі заманнан бастап, қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған дәуірге дейінгі аралықтың көркем шежіресін жасауда жетістікке жетті.

XX ғасырда қазақ басынан өткен зобалаңдар ұлт тарихынан үлкен орын алды. Әдебиетте өмір шындығын бірде ашық, бірде астарлап жеткізу дәстүрі қалыптасты. Кейбір жағдайда авторлар өз арман-мақсаттарын кейіпкерлердің аузына салып, кейіпкер сөзімен жеткізді. Сөйтіп, қаламгерлер өздері өмір сүрген заманның шындығынан көркем шешім жасады.



БАҚҚОЖА МҰҚАЙ

(1948–2008)



Баққожа шығармашылығын қадағалап келген оқырман осынау «нар қазақтар» мен «құл қазақтардың» жарты ғасырға жуық бітіспес шайқасына куә болады. Бұл нені көрсетеді? Бұл қазақ қауымында шешімін таппаған үлкен ұлттық мәселе бар екенін көрсетеді. Ол ұлттық мәселе – отаршыл заман қақ бөліп кеткен халық – қазақ мәселесі.

Смағұл ЕЛҮБАЙ

Баққожа Мұқай 1948 жылы 31 қаңтарда Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Нарынқол ауылында туған.

1966 жылы Нарынқол ауылындағы Абай атындағы орта мектепті, 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы Кеген аудандық «Коммунизм нұры», Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газеттерінде бастаған. 1970–1988 жылдары «Білім және еңбек», «Жұлдыз» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеген.

1990–1995 жылдары Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында бас редактор, бас басқарма бастығы қызметтерін атқарған. 1990 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырып, басшылық жасады. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшесі, «Парасат» журналының бас редакторы болды.

Ол – «Жаңбыр жауып тұр» (1976), «Өмір арнасы» (1978), «Аққу сазы» (1980), «Жалғыз жаяу» (1983), «Мазасыз маусым» (1986), «Алғашқы махаббат» (1988), «Дүние кезек» (1992), «Тоят түні» (1994), «Жеті желі» (1996), «Ертегідей ертеңім», «Өмірзая» (1998) атты кітаптардың авторы. Шығармалары тәжік, қырғыз, белорус, якут, татар, башқұрт, чех, орыс, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, корей тілдеріне аударылған. Орыс тілінде «Водоворот» (1984), «Белая птица» (1988) атты кітаптары шыққан. Оннан астам драмалық шығармалары Қазақстан және шетел театрларында қойылған. Өзі де бірқатар жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Сонымен бірге ол – ұлттық драматургияға қомақты үлес қосқан драматург. 1976 жылы «Қош бол, менің ертегім» атты екі бөлімді драмасы үшін Қазақстан Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағы бірлесіп жариялаған байқауда екінші бөйге алды. «Иірім» (1975), «Өлгендер қайтып келмейді» (Б.Соқпақбаевпен бірге, 1977), «Раушан гүлі» (1979), «Өзгенің өмірі үшін» (1980), «Сергелдең болған серілер» (1982), «Ерулік» (1983), «Тоят түні» (1985), «Дүние кезек»



(1989), «Заманақыр» (1991), «Тойы көп үй» (1992), «Өмірзая» (1989), «Жетім жұлдыз» (2000) драмалық туындыларының кейбірі бірнеше тілге аударылды. Б.Мұқайдың пьесалары өз елінен басқа Татарстан, Дағыстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Башқұртстан, Қырғызстан сияқты түркі халықтарының театр сахналарынан орын алса, «Төңді қосқан жар» деген радиопьесасы қазақ радиосынан беріліп тұрады.

Жазушы-драматургке «Қош бол, менің ертегім» пьесасы мен «Аққу сазы» хикаялар кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы (1982), Қырғызстан Республикасының Т.Әбдімомунов атындағы әдеби сыйлығы (1995), «Өмірзая» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген (2000). Б.Мұқай «Парасат» орденінің иегері (2006) және «Еңбектегі ерлігі үшін», «Астана» медальдарымен марапатталған.



1. Баққожа Мұқайдың еңбек және шығармашылық жолына шолу жасап, қосымша мәліметтер жинаңдар.
2. Жазушының ұлттық драматургияға қосқан үлесі қандай?
3. Қандай шығармалары шетел тілдеріне аударылған?
4. Жазушы шығармашылығы үшін ие болған марапаттарды атаңдар.

«Өмірзая» романы

3-тарау



«Өмірзая» романы – тәуелсіздік рухына қандай да зорлық-зомбылықтың әлі келмейтіндігіне иландыра алатын шығарма... Бұл роман – қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі саналады.

Шерназдан ЕЛЕУКЕНОВ

«Өмірзая» романын Баққожа Мұқай: «Бұл еңбегімді Қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына арнадым», – дейді.

Жазушының 1988 жылы қолға алған «Өмірзая» романы 1995 жылы аяқталып, 1998 жылы жарық көрді. Қаламгер 1989 жылы «Өмірзая» трагедиясын ұсынды. Жазушының романды жазуға жеті жылдай уақытын арнағанынан ақ шығарманы жазудың оңай болмағаны байқалады. Себебі ол кез – Кеңес Одағы мызғымай тұрған кезең болатын. Ал Қазақстан – сол одаққа кіретін он бес республиканың бірі саналатын. Сондықтан кеңестік солақай саясат туралы шығарма жазу оңай емес еді. Роман жөнінде әдебиеттанушы Жанар Сейсенбаева былай деген болатын: «Бұл туынды кеңестік сыңаржақ саясаттың қазақ халқының ұлттық болмысы мен елдің қоғамдық құрылысына тигізген ауыр зардаптарын суреттеуге бағытталған. Автор тарихтың ақтаңдақ беттерін ашып, жетпіс жыл бойы үстемдік еткен кеңес саясатын жүзеге асырушылардың тұлғасын бейнелеген «Өмірзая» романында өмір қиындығына шыныққан, рухани қуаты берік, моральдық сапасы жоғары азаматтар бейнесі жасалған».¹

¹Сейсенбаева Ж. Аспантаудың ақиығы (естеліктер). Алматы, 2018.



Б.Мұқай «Өмірзая» романында қазақ халқының XX ғасырда басынан өткерген қасіреттерін көркем бейнелеген. Шығармаға тіл, дін, ұлттық құндылықтар, кірмелер, баспана, білім-ғылым жүйесі, Ауған соғысы, Желтоқсан оқиғасы ұлттық трагедия ретінде суреттелген. Бір дәуірде өмір сүрген төрт буын өкілдерінің тағдыр талайы социалистік қоғамның идеологиясымен бірлікте суреттелген. Автор төрт буын өкілдерінің өмір, қоғам жайындағы ұстанымдарымен, сөйлеген сөзі, істеген істерімен қазақтың өткені мен бүгіннен, болашағынан хабар береді.



...Өңгіменің ең қызық жеріне жеткенде сырттан өлдекімнің шырылдап жылаған даусы естілді. Баласының даусын танып, Әсем орнынан атып тұрып, сыртқа жүгірді. Келіншегінің соңынан Аяған да есік алдына шыққан. Үй иесі татар шал жеті жасар үлкен ұлының құлағынан ұстап, дедектетіп сүйреп келеді екен. Болар-болмасқа көтеріле қоймайтын Аяған мынаны көргенде шыдай алмай кетті.

– Әй, ақсақал, құлағын жұлып аласыз ба баланың? Қолынан неге ұстамайсың? – деп ашулана айқай салды. Сәл нәрсеге бола көз жасын төгіп жіберетін Әсем шырылдап барып, ұлын құшақтай алды.

– Уһ, күшік! Алмағашының түбіне кіш етіп тұр ұялмай, – деп сәл тосылып қалған шал қайтадан ашуына мінді. – Бау-бақшамды құртты мыналарың. Бұлардан шошқа жақсы.

– Ақсақал, тіліңізді тартып сөйлеңіз. Бала – періште, – деді ызаға булыққан жігіт. Талағы тарс айырылардай болып тұрса да жасы үлкен адамның алдында әдеп сақтауға тырысты. – Үш күндік фөниде шай деспей сыйласу шарт, ақсақал. Сіз де жақсылыққа бірден гүмп етіп түсіп кеткен жоқ шығарсыз. Біз де сіздің босағаңызды күзетіп қалмаспыз.

– Сені мен шақырған жоқпын. Айда, кет! Босат үйді! Маған қаңғырған қазақтардың керегі жоқ. Бар, айда, еліңе қайт, – деді шал қолын сермеп. – Бала-шағаң ауланы былғап болды. Көрінген жерге отыра салады. Жабайы бәрі, культура дегенді білмейді.

Ызаға булыққан жігіттің басына ыстық қан шапшыды, қатты ашуланғандікі ме, көмейіне ып-ыстық зат кептеліп, сөйлей алмай қыстықты. Қанша күйініп тұрса да үлкенді сыйлап үйренген әдетімен – қазақы әдептен аса алмай мысы құрыды. Жігіттің осал жерін біліп алған шал қотырын онан сайын ауыртып қаси түсті.

– Бар төлейтінің алпыс-ақ сом. Бес адам тұрасың. Жоқ, енді шыдай алмаймын. Бүгін көш. Бес студент жіберемін.

– Біз сізге бұл айдың ақшасын алдын ала төлеп қойып ек қой, – деді Әсем көз жасын сүртіп тұрып. Жаутаңдап түнеріп тұрған Аяғанға қарады. Шал

Тірек сөздер

бала даусы
татар шал
алмағашы
босаға
осал жері
ақша төлеу
кітап
басының бағасы
ақша жасау

енді бір нәрсе десе жарылатын секілді. Күйеуінің мінезін білетін келіншек Аяғанның қолтығына жармасты.

– Үйге жүр, үйге!..

– Әй, әділетсіз өмір-ай! – деп күйіне сөйледі жігіт пәтеріне қарай кетіп бара жатып. – Ата-бабамның қаны сіңген ұлан-ғайыр мекеннен алақандай жер тимеді-ау бізге. Өлі күнге көрінгеннің есінде жүрміз.

– Қаңғырған қазақтарды қуу... кирек, – деп ызақорлана айқайлады шал.


– Қуасындар сендер! Өзімен-өзі жауласып, жаға жыртасып жүрген аз қазақты қуалап, тау асырып тастау сендерге сөз болып па, – деді Аяған күңіреніп. Көңілі бос Өсемнің көзі боталады, жылап жібермес үшін астыңғы ернін қатты тістеп алды.

* * *

Үйге кіргеннен кейін Өсем есікті мықтап жауып қойды. Шалдың жүйкені жұқартар қотыр сөзін естісе, Аяғанның шыдап отыра алмасын біледі. Далаға шыққысы келіп қыңқылдаған баласына зекіріп ұрсып, құйрығынан салып жіберді. Өкесінің қабағынан қорықты ма, Елжас көзі жаутандап, бүрісіп үнсіз отырып қалды.

Ашуланғанда, ызаланғанда кітап оқу – Аяғанның ежелгі әдеті. Күйеуінің сол қасиетін білетін Өсем оның қолына Ғафуровтың «Тәжіктер» деген қалың кітабын ұстата салды. Алғашқы әлетте жігіт келіншегінің бұл қылығына түсіне алмай қалды, қалың нән кітаптың ауырлығын білгісі келгендей салмақтап біраз отырды. Сонан соң мырс күлді.

– Егер біреу «Қазақтар» деген кітап жазса ғой, қазақпыз деп кеуде қағып жүргендер шу ете түсер еді. Бөрінің артындай шуылдап, аттандап, кітап жазған бейшараны «қаны сорғалаған ұлтшыл, халқы-



мыздың атына сөз, беделіне нұқсан келтірді» деп кінәлап, түрмеге жапқызып қояр еді. – Аяған шарасыз күйге түсіп, тұйықтан шығар жол таппай қиналған адамдай қабақ шытып, ақырын ғана күрсініп қойды. Басы салбырап, бір сөт үнсіз отырып қалды. Өсем қозғалақтап өрең отырған Елжасқа қарап, қабақ шытты. – Қазақтың тарихын XV ғасырдан өрі жылжытуға тырысып көрші, басыңа өңгіртаяқ ойнатсын. Қазақ деген ұлт XV ғасырда аспаннан түсе қалған сияқты. Ал төжік, өзбек, қырғыздардың тарихы ерте дүниеден басталады. «Ағайындар-ау, қазақ халқының негізін құрап отырған рулар біздің эрамызға дейінгі ғасырларда өмір сүрген жоқ па? Олардың ғажайып мәдениеті болған» десең саған қарақүйе жағып, құйрығыңа шала байлап жібереді де, қарқ-қарқ күліп, мөз болып қарап тұрады. Сөйтіп жүріп аспандағы Айды жерге сүйреп түсіргендей гүпінетінімізді қайтерсің. Сөйтіп жүріп халықтың мұңын мұңдаған, жоғын жоқтаған адам болып көріну үшін мінбелерден айқайлайтынымызды қайтерсің. Қолыңда билігі бар әлдекім зекіріп ұрысса «апыр-ау, қай жерден қате жібердім» деп зөреміз зәр түбіне кетеді. Мансабы бар әлдекім шақырып алып сілкілесе кешегі айтқан ақылды сөзімізден айнып шыға келеміз. Басымыз жерге тигенше иіліп, сан мәрте кешірім сұраймыз. Солай ғой, Өсем. Біздің осындай екенімізді бөрі, ақыр аяғы жаңағы татар шал да біліп алған...

Қойшы сол шалды. Қайдағы бір татар шалмен жағаласып қайтесің. Үндеме. Ол сөйлеп-сөйлеп қояды, – деп Өсем басу айтты. Ашу деген асауға мініп алған Аяған оның сөзін тыңдайтындай халде емес еді. Кеудесі толып қалыпты. Толысын шайқап төгіп, берекесін алған тексіз шалға өлердей ашулы. Мұның бір адамға ғана бағыштаған ашу-ыза еместігін Өсем біледі. Соңғы бірер айда Аяғанның басынан нелер өтпеді?! Барлығы жабылып жүріп Алдияр Ақпанұлын құлатты, сонан соң сол шалдың жыртысын жыртады деген оймен Аяғанға жабылды. «Қой, олармен алыспа: Алдияр ағаның шамасы келмеген топқа сен не істей аласың?», – деді. Ол туабітті қайсарлығына басып тыңдамай қойды. Жақия сияқты жұмыртқадан жүн қырыққан айлакер адаммен алысып жеңе алмасын білмеді. Мықтап сүрінді. Әділдік іздеп бармаған жері қалды ма? Бұл аз болғандай әлдекімдер сойылға жығып кетті. Енді, міне, татар шал қоқандап, қоқан-лоқы көрсетіп қоқиланып жүр. Басының бағасын білетін азамат қалай шыдасын бұған!?

– Неге біз ғана түсінуге, біз ғана кешіріммен қарауға тиіспіз? Ал олар ойына келгенді істейді. Соны көре тұра үндемеуіміз керек екен. Ол оқымаған, надан. Сол себепті не бүлдірсе де кешірім. Солай ма сеніңше?

Аяған келіншегіне ежірейе қарады. Өсем жеңілгенін мойындағандай езу тартып, төмен қарады.



– Олар шетінен ..., Әсем. «Қолыңнан келсе қонышыңнан бас» дейді шырт-шырт түкіріп. Олардың мақсаты біреу-ақ, – деп Аяған жұдырығымен столды салып қалды. Әкесінің сөзіне түсіне алмай манаурап отырған Елжас селк ете түсті.

– Баланы шошыттың ғой, Аяған-ау, – деп Әсем қабақ шытып.

– Оларда ақша жасаудан басқа мақсат жоқ. Мемлекеттің байлығы солардың қалтасында жүр, Әсем. Біздің күніміз соларға, шеттен келген келімсектерге қарап тұр, Әсем. Сен білмейсің, – деп күрсінді жігіт. Ашуланғандікі ме, шеке тамырлары ісініп, білеуленіп кетіпті. – Мемлекет байлығын саудаға салса барлығын солар сатып алар еді. Сол себепті де олар бізге бір халықтың азаматы, мақтанышы деп емес, қалтасы тесік мүсәпір деп қарайды. Сен мейлі, дүлдүл ақын, ғұлама ғалым бол, ол бәрібір менсінбейді. Өйткені сенің ешкімге, мемлекетке де, партияға да керегің жоқ. Осыны білген келімсек көңіліне жақпасаң пәтерінен қуып жібереді. Ал сен бала-шағаңды жетектеп, шабаданыңды көтеріп, Алматының көшелерін кезіп, баспана іздеп, қаңғырып жүресің. «Әй, осыған обал болды-ау» демейді ешкім. Ата-бабаң жанын беріп, қанын төгіп жүріп қорғап қалған атажұртыңнан бала-шағаңа баспана, пана болар қуыс таппай қаңғырығың түтеп сен жүресің, өз елінен опа көрмей күні кеше көшіп келген әлдекім кең сарайдай сәулетті үйде тұрып, екіден, үштен ит ұстайды. Олардың итке бөлінген бөлмесі бар, Әсем. Біз кіндік жұртымызда баспана таба алмай Қазаннан, Ереваннан, Сібірден, Кавказдан келгендердің өзіміз сияқты жалаңаяқтарға арнап салған күркелерінде пәтерде тұрамыз...

Лұғат

Мысы құрыды – амалы қалмады, болдырды, шаршады.

Қотыр сөз – бұл жерде: жанға тигізе айтылатын, біреуге тиісе, біреуді қағыта айтылған қыршаңқы сөз.

Әлет – мезгіл, мерзім, кез, уақыт.

Шала – бұл жерде: оттың толық жанып бітпеген қалдығы.

Қалтасы тесік – ақшасы жоқ, кедей, ақша құтаймайтын адам.

Қаңғырығың түтеп – қаңғыру, қаңғырып қатты шөлдеу. Бұл жерде: баспанасыз, үй-күйсіз көшіп-қонып жүру айтылған.



1. Татар шалдың Аяғанға «пәтерді босат» деуіне не себеп болды?
2. Аяғанның басынан қандай қиындықтар өтті?
3. Кейіпкердің қазақ тарихының қалыптасуы туралы ойына тоқталыңдар.
4. Аяғанның айтуы бойынша «Қазақтар» деген кітап жазылса, қандай кіне тағылмақ?
5. Сол кезеңдерде қазақтардың өз жерінде баспанасыз жүруін қалай түсіндіресіңдер?

Тағылым тамшылары

Қасым Аманжолов «Бермесен, бермей-ақ қой баспанаңды»

Он жыл бопты, жүгірдім астанада,
Шақырса да бармадым басқа қала.
Алдамшы елес сықылды үміт қуып,
Он жыл бойы зар болдым баспанаға.

Ақын болдым, жырладым астанам деп.
Бос жүгіріп жүрмедім, босқа нан жеп.
Солдат болдым, сағындым, келдім қайтіп,
Тағы біраз сенделдім баспана іздеп.

Қойдым енді, сірә, мен үй алмаспын,
Үйім жоқ деп ешкімнен ұялмаспын.
Өгей ұлдай қойныңа сыймасам да,
Кете алмаспын, астанам, қия алмаспын...

Бермесен, бермей-ақ қой баспанаңды,
Сонда да тастамаспын астанамды.
Өлеңнің отын жағып жылытармын,
Өзімді, әйелімді, жас баламды.

Аманжолов Қ. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Алматы: Тенгри, 2001.



Төменде берілген сөздердің қолданылу орны мен мақсатын анықтап, сипатталып тұрған кейіпкерлер бейнесін ашыңдар.

Сөз тіркестері	Қолданылу орны	Қолданылу мақсаты, қызметі
«Шеттен келген келімсектер» «Жұмыртқадан жүн қырыққан» «Өз елінен опа көрмей» «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» «Шалдың жыртысын жыртады» «Қалтасы тесік мүсәпір» «Өзіміз сияқты жалаңаяқтар» «Туабітті қайсар»		



Романда Аяған қазақ тарихының өріден басталатындығын, XV ғасырдан басталады деп санайтындардікі қазақ тарихына жасалған қиянат деп есептейді. Тарихымызды шектеудегі тоталитарлық жүйенің мақсаты не еді? Өз ойларыңды дәлелді жеткізіңдер. Шығармадан мысал келтіріңдер.



Романдағы баспана мәселесін Қ.Аманжоловтың «Тағылым тамшыларында» берілген өлең жолдарымен салыстырып көріңдер. Ақын мен Аяғанның өмір сүрген кезеңдерін қарастырыңдар. Олардың баспанасыз жүруінің ықтимал себептеріне байланысты «Баспана мәселесі» тақырыбында өдеби сын жазыңдар.

4-тарау



Танымал жазушы Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы осы құлдық сана, рухтың жанышталуы турасында. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа серпін, соны құбылыстар дер едік.

Мұхтар МАҒАУИН

Құрылысшы жастар мен студенттер арасындағы оқиғалардан да көп нәрсені түюге негіз бар. Қазақстанның астанасы Алматыға арман қуып шалғайдағы қазақ ауылынан келген талапты жастардың оқуға түсе алмауының себебі – шеншекпенділердің дүмбілез балаларынан мемлекеттік гранттардың артылмауы. Сондықтан олар құрылыста, мақта мата комбинатында, кілем фабрикасында,

түрлі зауыттар мен цехтарда қара жұмыс істеуге мәжбүр. Талабы таудай болғанмен, сенері де, сүйенері де жоқ жастардың бірі – құрылысшы Асылхан мен Хадиша. Тарих факультетіне келіп жолы болмаған Асылханның тарихшы, профессор Алдияр Ақпанұлын іздеп барып, оған көмек қолын созуы, Аяған істі болғанда отбасына қамқор болуы үлкен азаматтығын көрсетсе, Геркулес пен араб қолынан пышақтап өлтірілуі, қылмыстың арты ашылмауы – ащы болса да өмірден алынған шынайы оқиғалар. Осы тұрғыда жазушы шеберлігі жөніндегі Сүлеймен Мәметтің: «Қоғамның қасіреті демесек те, кеселін суреттеген «Құлдық ғұмыр», «Өмірзая» санаға екіұдай сәуле түсіргені бар. Ол жақсы деген қоғамда осындай сұмдықтар да бола ма екенге саятын. Тоғышарлық пен пендешілік, даурықпа идея – енді қадағалап қарасақ, астарлы түрде суреттелген екен», – деген¹ пікірімен келісуге негіз бар.

Ал қаршадай Хадишаның Аяғанға болысам деп алпамсадай Геркулеске қарсы ұмтылуы, Әсем ауруханаға түскенде балаларына бас-көз болуы, тұлдыр жетімектерді бауырына басыуы – әйел-аналарға тән мейірім мен ибаның көрінісі болса, он екіде бір гүлі ашылмаған ұяң қыздың сезім жетегіне еріп, Асылханның ермегіне айналуы өкінішті. Автор Хадишаны кінәлаудан аулақ, керісінше өз баласынан жеріген Алмас сияқты ездерге қарғыс наласын жаудырған. Себебі ол өз перзентін ғана емес, Аяғанның үш ботасын да жетім қалдырған безбүйрек.



– Әй, профессор, бізді жұмысқа салып қойып, қайда жоғалып кеттің? – деді қарсы кездескен Геркулес. Төбелестен кейін жүрегі шайлығып қалған Аяған қандай жауап қайтарарын білмей абыржыды. Көзі жапақтап, жымыш күлді. Геркулестің бірнеше рет сотталғанын, бір жерде тұрақтап жұмыс істемейтіндігін естіген. «Онымен жағаласуға болмайды, қалтасына пышақ салып жүреді, ашуына тисең жарып кетеді. Абайлап жүр» деп ақыл айтқан білетіндер. Сол сөздер есіне түсіп, денесі түршікті.

– Профессор, кімді мазақтап тұрсың? – деді Геркулес қабақ шытып, тістене сөйлеп. Оның ақиған көзін, сұстанып кеткен түрін көріп, Аяғанның бойын қорқыныш биледі.

– Ешкімді мазақтаған жоқпын.

– Мазақтамасаң неге күлесің? – деп тақымдап қоймады Геркулес. Аяғанға бір аттап, екі аттап жақындай түсті, жұдырығын түйіп алышты. Мынаның соншалық өктемсіп, басып кетердей басынып тұрғанына намыстанған жігіт:

– Күлкіге тыйым салынған заң өлі қабылданған жоқ, – деді батылданып. Бұға берсе мынаның ерік бермей есіріп кетерін түсініп, келсең кел дегендей оң иығын алға салып, бір қырындай тұрды.

Тірек сөздер

профессор
төбелес
сабыр
жұмысшылар
күе
екі қыз
сұлап түсу
рақмет айту

¹ Мәмет С. Аспантаудың ақынғы (естеліктер). Алматы, 2018.

– Сен байқа, – деді Геркулес ожаудай жұдырығын жігіттің бетіне тақап. – Бала-шағаң бар шығар. Қарсыласпа. Қарсылассаң қазық қылып қағып жіберемін. Бала-шағаң жетім қалады...

Аяғанның құлағы шыңылдап, басына қан шапшыды, екі беті дуылдап кеудесіне алапат ашу тығылды. Геркулестің сөзі еттен өтіп, сүйекке жеткенмен ашуын ақылға жеңдіріп, сабыр сақтады.

Қағып жіберу үшін нағыз жігіт болу керек, өңкиген дәу сарының шатынаған көзіне қаймықпай тік қарады. Іштей ширығып алған, шамырқанып тұр. Төбелесе кетсе мынаған өлінің жетпесін сезеді, оны қорқыныштың темір шеңгелінен намыс босатып алған. Дәл қазір екі жағында пышағын жалаңдатып, екі Геркулес тұрса да қорқақтап, шегінбес еді.

– Сендер куәсіндер. Мынау ит, доңыз, шошқа, шылаушын менімен жағаласа бастады, – деді Геркулес тістене сөйлеп. Жан-жағына қарап, кеңілдей күлді. Жақын маңайда жүрген жұмысшылар бір сұмдықтың боларын сезгендей жұмысты қойып, екеуін аңдып тұр. Ішке кіріп бара жатқан екі қазақ қызы да тоқтай қалып, бері бұрылды.

– Қойсақ қайтеді, – деді Аяған қыздардан қысылып. – Ренжісетіндей арамызда ештеңе болған жоқ.

– Бұлар осындай. Бүлдіріп, тас-талқанын шығарып қиратады да, түк болмағандай бетіңе қарап күледі иттің балалары, – деп кіжіне айқай салды да, Аяғанның жағасынан алып, мытып-мытып жіберді. Қарап жатып өлмек жоқ. Геркулестің темір шеңгелі кеңірдегіне кемпірауыздай жабысып, қысып, қылғындырып өлтіріп барады. Өне-міне дегенше жаны кеудесінен пыр етіп ұшып шығардай Аяғанның көзі аларып, тынысы тарылды. Ақтық күшін жинап алып, Геркулесті іштен ұрды, бірақ оның темір шеңгелі Аяғанның кеңірдегінен ажырамады. Қан толып кеткен екі көзі кішірейіп, қатты тістеніп алған.

– Жібер оны!

Екі қыздың біреуі жүгіріп келіп, Геркулестің қолына жармасты. Аяғанды босатып алуға шамасы жетпеді. Айқайлап еді, ешкім көмекке келмеді. Аяғанның екі көзі аларып, қарсыласудан қалды, әл-дәрмені құрып, тамағы қырылдай бастады. Не істерін білмей сасқалақтаған қыз құлаштап тұрып Геркулесті көзден ұрды.

– Ах... .. – деді түсі бұзылып кеткен Геркулес ызалана ақырып. – ...өлтiрeмiн сенi.

Қыз бірақ ықпады, шыңғырып тағы ұмтылды. Қыздың қолындағы таяқты көріп, Аяғанды босата салып, қайта шегінді. Сонан соң қызды ішінен теуіп жіберді. Қыз сұлап түсіп, сұлқ жатып қалды. Манадан бері «қызық» көріп тұрған құрылысшылар шу ете түсті. Екінші қабатта жүрген Асылхан мына оқиғаны көре салып, жерге секірді. Өзіне ұмтылып келе жатқан жас жігітті көріп, мазақтағандай мырс-



мырс күліп, екі бүйірін таянып, талтиып тұр. Асылханның өзіне қол көтеруге батылы баратындығына сенген жоқ.

– Күшік! – деді ол шырт түкіріп. – Жарық дүниеден жеріп болған екенсің сен...

Асылхан сол қолымен жасқай беріп, оң қолымен Геркулесті екі көзінің арасынан ұрды, өкшесі кірпішке ілініп, шалқасынан құлаған ол орнынан атып тұрғанмен теңселіп барып қайта жығылды. Өзі ит жанды екен, төлтіректеп қайта тұрды да, қолына ілінген кірпішті Асылханға лақтырды. Тағы да кірпіш алмақ болып еңкейген, Асылхан атылып келіп қолтықтың астынан тепті. Геркулестің айқайлауға ғана шамасы келді, екі бүктеліп сұлап түсті.

Осы екі арада досының намысын жыртып, айқайды салып Араб жетті. Қолында ұзындығы бір қарыс екі жүзді кездік. Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып, Асылханның жеті атасын түгендеп, өзінің түгін қалдырмады. Даусы шарылдақ, ащы екен. Айбынды көрінгенмен айқайлап емес, жылап жүрген тәрізді.

– Бөріңді бір-бірлеп жарып өлтіремін! Ал келіңдер! Иттер, шошқалар, доңыздар!..

– Әй! – деді үйден шыға келген Сергей есімді жігіт ауланы басына көтере дауыстап. Қолында бір құлаш темір таяғы бар. – Көне, шық жекпе-жекке! Басыңды қақ айырайын, иттің баласы! Сендер келгелі бригаданың берекесі кетті.

Сергейдің гүрілдеген даусынан, тұлғасынан қаймықты ма, Араб бір сәт не дерін білмей тосылып қалды. Сонан соң үйреншікті айғайына басып, «қызық» көріп тұрған құрылысшыларға ұмтылды, олар тым-тырақай болып, жан-жаққа шашырап қашты. Сергей бар даусымен ақырып, бейқұт елге бүйідей тиген Арабқа тұра ұмтылды. Жан керек екен, ол Сергейге беттей алмай тайқып шыға келді. Оны біраз жерге қуып тастап, айбыны асып қайтып оралған Сергей екі бүктеліп, қимылсыз жатқан Геркулесті көтеріп тұрғызды.

– О-о-һ! – деп қинала ыңырсыды. – Өлтіремін оны. Кешпеймін ешқашан.

– Душмандардың оғы өтпеген Асылханға сенің пышағың батпайды, бейшара, – деп Сергей мырс-мырс күлді. – Тағы да түрмеге түскің келмесе... тыныш жүр.

– А-а-а! – Ызақорлана айқай салған дәу сары анадай жерде тұрған Асылханға ұмтылып, үш-төрт қадам жетпей тоқтады. Беті қайтып қалған сияқты. Екі көзін одан алмай, атып жіберердей ақия қарап біраз тұрды. Асылханның жұдырығы екі көздің арасынан тиген екен, мұрны күмпініп ісіп кетіпті.

– Геркулес мырза, біздің ортамызда сізге орын жоқ, – деді Асылхан



түк болмағандай жайбарақат үнмен. – Біраз еркелеттік. Жолыңыз өне, тайып тұрыңыз.

– Бұлардың бізге істемегені қалды ма, – деді Сергей қызына сөйлеп. – Келе сала екеуі маған жабылған. Бұлардан барлығы қорқады. – Аяғанды құшақтап, бетінен сүйді. Асылханның қолын қысты. – Рақмет саған, бауырым. Сен болмасаң... Бұларды не құдай алмай, не милиса алмай өбден қор болып едік.

– Ерте қуанасың сорлы, – деді Геркулес сыңарезулей күліп. – Бүгін әйеліңе айт, табыт алдырып қойсын. Біреу емес, екеу... Ұқтың ба, екеу!..

Жеңістің буына мас болып, басы айналып тұрған Сергейдің түсі қашып, жылайтын адамдай кемсеңдеді. Араша тілегендей Асылханға жаутаңдады. Ол Сергейдің жағдайын түсінді. Оның қозғалып кеткен көңілін орнына түсіру үшін:

– Әй, Геркулес! Араб екеуің табытқа жатамын деп дәмеленбей-ақ қойыңдар. Сүйектерің шашылып, далада қалады, – деді жігіт күле сөйлеп.

– Көреміз, – деді Геркулес сыңарының соңынан кетіп бара жатып...



1. Оқиға орнын сипаттаңдар.
2. Аяғанға Геркулестің соншалықты шүйлігуін қалай түсіндіресіңдер?
3. Қара күш иесіне кім тосқауыл болды?
4. Аяғанға араша түскен кімдер?
5. Жанжалдың соңы неге апарып соғуы мүмкін?



1. Геркулес пен Арабтың Асылхандарға тісін қайрап кеткенін байқадыңдар. Бұл оқиғаның салдары қандай болмақ? Бірнеше болжам жасап көріңдер.
2. «Душмандардың оғы өтпеген Асылханға сенің пышағың батпайды, бейшара» деген Сергей сөзінің мәнісін түсіндіріңдер. Асылханның өткен өмірі туралы не ойлайсыңдар? Дұшпан деп отырғаны кімдер? Шығармадағы заман келбеті туралы ой бөлісіп, кейіпкер сөзінің мәнін ашыңдар.



Сарказм дегеніміз не? Қай кейіпкерлердің сөз қолданысында жиі ұшырасады? Сарказмның кейіпкер бейнесін ашудағы қызметіне талдау жасаңдар.

Сарказм деген не?	Кейіпкер сөзі	Қызметі



Аяғанға араша түскен Асылхан мен қаршадай қазақ қызының іс-әрекетіне баға беріңдер. Шығарма кейіпкерлерінің басына түскен жайға өздерің кезіксеңдер қандай шешім қабылдай едіңдер?

Асылханның әрекеті	Хадишаның әрекеті	Оқырманның әрекеті



9-тарау



Соңғы бірер жылда мен оқыған қазақ романдарының ішінде, ең алдымен, маған ой салып, жүрегімді тебіренеткен Баққожа Мұқайдың «Өмірзаясын» атар едім... Бірер ауыз сөзбен қысқаша қайырақ, бұл – тынысы кең, идеялық жүгі ауыр, шым-шытырық уақиғаға құрылған, болмыс-бітімі жан-жақты, заман ағысын, ұлттық тарихтың жауапты кезеңін терең бажайлап, баяндайтын, кім-кімді де ойсыз қалдырмайтын сұбелі, соны туынды.

Герольд БЕЛЫГЕР

Аяған Қуатов пен құрылысшы Асылханның қайғылы тағдыры кеңестік идеологияның бүкіл қазақ жастарын сезімсіз темір қуыршаққа айналдыра алмағанына сендіреді. Орта буыннан шыққан Қуандық пен Аяған, жастардың арасынан шыққан Асылханның тіршілігінен «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайтынын» байқаймыз. Жалғыз інісі ауған соғысында шейіт болған Аяғанның білім мен ғылым жүйесіндегі бассыздықтарға қарсы болғаны үшін жұмыстан қуылуы, жалған жаламен жеті ай тар қапаста жатуы, тамыры тереңге кеткен залымдардың қолымен жындыханаға түсуі, белгілі мақсатпен басының күрекпен жарылуы, 16-17 желтоқсандағы оқиғадан хабары жоқ жанның Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушы ретінде сотталуы, тар қапаста азаматтық ары мен құқының тапталып, аяқасты болуы, жалдамалы баукеспенің қолынан итқорлықпен қаза табуы – өмірдің көлеңкелі жақтары. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың дені жалған жаламен айыпталып, алды бірнеше жылға сотталса, басым көпшілігі жұмыстан қуылып, оқудан шығарылғаны – тарих шындығы. Негізгі кейіпкер төңірегінде жүріп отыратын шерлі оқиғалардың барлығы дерлік кеңестік дәуірдің адам капиталына деген ұстанымын аңғартады. Әділдік, шындық іздеумен төрт жыл қуғын көрген Аяғанның мұң-зарын тыңдар пенде, естір құлақ жоқ. Ал болашағынан мол үміт күттірген Асылхан сияқты азаматтың баукеспенің қолынан өлуі өкінішті. Неге? Себебі жең ұшынан жалғасқан тобыр барлық саланы жайлап, тамырын тереңдетіп жіберген.

«Өмірзая» ...Романды осылай атағанда жазушы Алдияр мен Аяған ұрпақтарының өмірі зая кетті деуден аулақ. Жоқ, бұлар зая ұрпаққа (потерянное поколение) жатпайды. Өмірзая – жетім жұлдыз. Бір өшіп, бір жанады. Күллі әлемнен теперіш көріп тұрған сияқты. Аяғандар – кеңес тәртібінің сыртқа тепкен жетімдері. Шындық үшін күреседі. Ал шындық... тоталитаризмнің ата жауы. Шындықтан қорқу дертіне ұшыраған тоталитаризм ауруын жасырған өледінің кербін киді» деген¹ Шериаздан Елеукуеновтің пікіріне сүйенетін болсақ, Аяған мен Асылхандар – тоталитаризмнің құрбандары.



...Мектеп қабырғасынан кеше ғана шыққан бозөкпе балалардың біразын бірер ай Апшхабадтың маңында оқытып, жаз шыға Ауғанстанға алып жөнелді. Бір жарым жылда не көрмеді дейсің, талай рет ажал аузынан қалды, душмандардың қолына да түсе жаздады.

¹Елеукуенов Ш. Қазақ романы: өткені мен бүгінгі (ұжымдық монография). Алматы: Алматы баспа үйі, 2009.

Тірек сөздер

Ауғанстан
үміт үзбеу
екеу
боздақтар
ауыр сөз
ұйым
қамшымен сабау
Алматыға кету

Құс қанаты күйгендей аптап ыстықта жер жастанып, ашық далада, шақырайған күннің астында бас көтеруге шамасы келмей жатқанда үш күндік фөниден сұмдық жеритін. Бас көтерсе-ақ душманның оғы іздеп таба қоятын. Азапқа шыдамаған жас жігіттердің талайы қай жерде бұғып жатқаны белгісіз душман мергенінің нысанасына айналды. Қаршадайынан бейнет көріп өскен Асылхан шыдады, аспан айналып жерге түсердей ыстықта зілмауыр жүк көтеріп, қанша шақырым жол жүрсе де,

кенеттен душмандардың тосқауылына тап болып, жауып тұрған оқтың астында қалса да сыр берген жоқ. Бірнеше күн күші басым жаудың қоршауында қалып, бір тамшы суға зар болып жатқанда да үрей шақырып, үмітін үзген емес. Шыбын жаны шырылдап, бір күндік жарық сәуле үшін жанталасты. Қиындыққа шыдамаған жас жігіттердің талайы сол төбенің етегінде мәңгілікке қалып қойды. Өскерге бірге алынып, Ауғанстанда бір жарым жыл бойы қол ұстасып қатар жүрген, талай-талай қысылшаң қияда бір-біріне ес болған бесеудің екеуі елге қайтуға дайындалып жүргенде ойламаған жерден қаза тапты. Қаланың қақ ортасында тапайдың тал түсінде екі боздақты бауыздап кетті.

Ауған соғысы қаншама боздақтың басын жұтты екен? Қанша боздақтың ізін ажал аңдып жүр екен? Бұл соғыс әлі қаншаға созылар екен? Бір жарым жылда Асылхан кіммен кімнің соғысып жатқанын біле алмады. «Өзімен-өзі келісе алмай қырық пышақ болып жатқан елдің арасына түсіп, бекер қан төккеніміз қалай? Жап-жас жігіттер кім үшін қыршынынан қиылып жатыр?» Осы тақылеттес сұрақтарға жауап іздеп, үнемі тұйыққа тірелетін. Біледі дейтін адамдар иығын қиқаңдатып, бұрылып кетеді. «Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеп жатқан біздің балалар» деп мақтанып отыратын қазақтардың қамсыздығына, тайыздығына күйінетін. Шыдай алмай ойын ақтарып салатын, сол үшін үлкендерден талай рет ауыр сөз естіді.

– Ағатайлар-ау, өзімен-өзі келісе алмай жатқан ағайындардың арасына түсу отқа май құйғанмен бірдей емес пе?! Күні ертең «интернационалдық борышымызды өтейміз» деп американдықтар Қазақстанды басып алса не дер едіңіздер, – деп шырылдаған Асылханды, алдымен аудандық комсомол ұйымына шақырып, әбден сілкілеп, сілікпесін шығарды, сонан соң мұның өзін босатып, Мұсахан қарияның миын ашытқан. Партия басшысының ақылы – азық, сөзі – сусын деген түсінікпен ғұмыр кешіп келе жатқан Мұсахан қария аудандық ұйымның бірінші хатшысының алдынан жер болып шыққан. Сүйретіліп үйіне келген соң егіліп жүріп, Асылханды қамшының астына алған. Шырылдап араға түскен кемпірін де аяған жоқ.



– Сүйекке таңба салғанша өлгенің жақсы еді ғой иттен жаралған-ау. Кеңес өкіметіне қарсы сөз айтып, тірідей көрге тықтың мені, – деп күні кеше аман келгеніне қуанғаннан жылап, құшақтап аймалаған баласын көк ала қойдай қылып сабады. Асылхан өкенің қолын қаққан жоқ, жаны қиналса да шыдады.

Ауданға барып, рәйкөмнен кешірім сұра, – деп қорқыныштан көз жасын көлдеткен анасының тілегін орындамады. «Ауғанстанда қыршынынан қиылған достарымның назасын айттым» деп ойлаған Асылхан ол кезде біреудің алдына кішіріп барып, бас иетіндей емес еді.

Аудандық партия ұйымына шақырып, басына қара аспанды төндіріп қорқытқанмен ыға қоймады. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің аудандық бөлімшесіне қайта-қайта шақыртып, оқ пен оттың ортасынан күні кеше келген Асылханның басын өуреге салды. Үн-түнсіз бас шұлғып жүре алмасына көзі жеткен жігіт ешкіммен ақылдаспай Алматыға тартты да кетті. Соңына түсіп, ешкім іздеген жоқ...

Лұғат

Зілмауыр – зілдей, ап-ауыр, өте ауыр.

Тапайдың тал түсі – күннің тас төбеге көтерілген кезі, нағыз түс мезгілі деген.


Сүйекке таңба салу – жаман атқа ұшыратып, ұятқа қалдырды деген. Бұл жерде: кеңес өкіметіне қарсы шыққанды айтып отыр.



1. Жалпы Ауған соғысы туралы не білеміз?
2. Ауған соғысы туралы қандай шығармаларды, киноларды білеміз?
3. Ауғанстанға кеңес жауынгерлерінің жіберілу себебін айтып беріңдер.
4. Өкесі Асылханды неліктен қамшының астына алды? Көзқарастар алшақтығын қалай түсіндіресіңдер?
5. *Интернационалдық борыш* сөзінің мағынасы қандай?



Өке мен бала арасындағы келіспеушіліктің туындауы неліктен? Ұрпақтар көзқарасының алшақтығы байқалатын эпизодқа талдау жасаңдар. Өке мен баланың мақсат-мүддесін, өмірлік ұстанымын өздері өмір сүрген қоғаммен байланыста талдаңдар.



Бөлімде көтерілген мәселенің өзектілігіне талдау жасап, авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтаңдар. Ауған соғысына қатысты Асылхан сөзінің растығын айғақтайтын тарихи деректерді жинақтап, топта талқылаңдар.



Талай тағдырды жалмаған ауған соғысының ақиқатын ашып, «Ауған: сөнген шоқ, өшкен арман» тақырыбында таныстырылым дайындаңдар. Тарихи деректермен қатар, шығарма үзінділерін мысал ретінде ұсыныңдар.

16-тарау



«Өмірзая» романындағы Аяған бейнесі арқылы жиырмасыншы ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен ұлттық трагедия суреткерлік шеберлікпен көрініс тапқан.

Несіпбек АЙТҰЛЫ

Кенесары Қасымұлының көтерілісін ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалғаны үшін тарих ғылымының докторы Ермұқан Бекмаханов 1952 жылы итжеккенге 25 жылға жер аударылғаны белгілі. «Өмірзая» романында профессор Желтоқсан оқиғасына дейін аянышты жағдайда өмірден өтеді. Драматург С.Асылбековтің «Желтоқсан түні» пьесасында азаттықты аңсаған Баймырза қарт қазақ жастарының бостандық үшін ұлы күресінің басып, жаншылғанына куә болады. Пьесада қарт тарихшы кеңес заңына қарсы шығып, алаңнан қашқан жастарды пәтеріне паналатады. Қаламгерлер әр кейіпкерін типтік бейнеге көтерген десек, Алдияр мен Баймырза – ұлтын сүйгені үшін «ұлтшыл», халқын сүйгені үшін «халық жауы» атанған барша Алаш қайраткерлерінің жиынтық бейнесі. Өз қолдарымен құрған, басқыншы жаудан қорғаған Кеңес өкіметінің әскері бейбіт шеруге шыққан жастардың үнін тұншықтырып, біржолата тасталқан етуі аға буын өкілдеріне оңай соққан жоқ. Қаламгерлер не себепті шығармаларына қарт тарихшыны кейіпкер етіп алды деген сауалдың астарына үңілуге тура келеді. Кенесары Қасымұлы ақ патшамен азаттық үшін күрескен соңғы ханымыз болса, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік, азаттық үшін күрестің заңды жалғасы еді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы басып-жаншылғанмен, көтерілісшілер қуғын-сүргінге ұшырағанмен, ол – Кеңес Одағының ыдырауына бірден-бір түрткі болған қанды қақтығыс ретінде тарихта қалды. Осылайша азаттық үшін соңғы және нәтижелі күресті суреттеуде авторлар тәуелсіздіктің қаншама боздақтардың қанымен келгендігін жадында ұстап отырды.



...Екі шалды оңаша қалдырып, барлығы жөніне кетті. Екеуінің өңгімесі олар қайтып оралғанда енді-енді қыза бастаған. Алдиярдың іші өбден толып қалған екен, өке-шешесін ақтың әскерлері киіз үйге қамап, өртеп жібергенінен бастап өңгімеледі. Үлкен дәрежеге бейнетпен жеткен Алдекеңнің азапқа толы өмірі туралы өңгімені Қуат



Тірек сөздер

екі шал
 ақ әскер
 қармақ
 балық
 Отан қорғау
 есік тоздыру
 екі орден
 жұбату
 ел бетіне қарау

қария малдас құрып, тапжылмай отырып тыңдады. Бір кісідей қиындық көрдім деп ойлаушы еді. Профессордың өмірімен салыстырғанда мұнікі ауызға алуға да тұрмайды екен. Ол жетім қалып, телім-телімі шығып, көрінгеннің есігінде жүрген жоқ, анасы ертеректе қайтыс болғанмен әкесін беріде өз қолымен жерледі. Жұрттың баласы ашығып, тышқан аулап жан сақтап немесе талғажу етер дән таппай ісіп-кеуіп, қырылып жатқанда шаруақор әкенің арқасында тірі қалды. Марқұм әкесі шаруаға мығым, еті тірі адам еді. Осынау ұлан-байтақ даланы аштық жайлап, қалың жұрт таңдайға салар бір түйір дән таппай босып кеткенде Сағынтай қарасуға қармақ салып, бала-шағасын балықпен асырады. «Ойбай, жылан жемейміз» деп кесірленген кейбіреу бала-шағасының обалына қалды. Қарасудың балығы қыста да азық болған. Жұрттың «жылан» деп жүргені патша балық екен. Патша балықты айтып тамсанып, аузының суы құритын талай адамды кездестірді осы өмірінде. Қалың елдің қабырғасын қайыстырған қаралы жылдар Сағынтайдың үйін айналып өтті. Одан кейінгі бүкіл халықтың басына туған ауыр күндерде Қуат ел қатарлы қолына қару алып, Отанын қорғауға қатысты. Құдайдың құзыры жауып, аман-есен қайтып оралды. Үлкен ерлік жасап, аты аңызға айналған жоқ, бастың амандығын ойлап, жан сауғалап, бұғып та қалмады, белуардан су кешіп, ақ қар, көк мұзда апталап, айлап жататын кездері болған.

«Көппен көрген ұлы той» демекші, Ұлы Отан соғысында көрген қиямет, қиыншылықтар барлық халыққа ортақ болғандықтан қария басынан өткендерін әңгімелеп, кеуде қағуды ерсі көрді. Кейбіреулер секілді соғысқа қатысқанын бұлдап, орден-медальдарын сылдырлатып, темпеңдеп есік тоздырып жүретін әдеті жоқ. «Көп қатарлы елімді, Отанымды қорғадым» дейді сұраған адамға. «Ақсақал-ау, өзіңіз майдангерсіз, ордендеріңіз бар, неге жеңілдікті пайдаланбайсыз» дейді білетіндер сыр тартып. «Е-е, шырағым-ай, өзіміз екі баспыз, тарығатындай не зауал туды дейсің. Тәубе деп қойсаң бәрі орнына келеді» дейді қария.

Аса діндар болмағанмен ептеген молдашылығы бар, аузынан тәубесі түспейді. «Жалғыз ұлдың абыройы көтеріліп жүрсе осының арқасы» деп ойлайды. Тәубешілігінің арқасында жаманшылық көрген жоқ. Соғыстан келгеннен кейін колхоздың жұмысын істеді, күн деген жоқ, түн деген жоқ. Адал еңбегі абырой әперді, үкімет пен партия еңбегін бағалап, кеудесіне екі рет орден қадады. Айналайын үкіметі мен партиясынан көрген жақсылықтары аз емес қой. Жасы келгеннен кейін құрметті демалысқа шығарып салды. Алатын пенсиясы кемпірі

екеуіне кең қолынан жетеді. Сол пенсиядан жырымдап жүріп жинаған ақшасы бар. Құдайға шүкір, көп қатарлы өмір сүріп жатыр.

– Е-е, тәубе! – деп Қуат қария бетін сипады. Бөлмеге имене басып, Хадиша кірді. Ежелгі дағдысымен екі шалға кезек-кезек жаутаңдай қарап, жылы жымыды.

– Ата, сізге төсек салып қойдым.

– Қызым, атаңа төсекті осы үйге сала ғой. Өңгімелесіп жатайық, – деді Алдияр, «дұрыс айттым ба» дегендей сұраулы жүзбен Қуатқа қарады.

– Иә, ұйқы шіркін келе қоймас.

Түзге отырып келіп, шамды өшіріп жатқан соң екі шалдың өңгімесі әрі қарай жалғасты. Өзінің өмір тарихын айтып болып, Аяғанның жағдайына ауысқан кезде Қуат қария басын көтеріп отырды. Біраздан кейін көңілі босап, іштей егілді. Жалғыз ұлдың жағдайы қабырғасына батып, ішін ит тырнағандай қиналды. Профессор оның егіліп отырғанын көрмесе де іштей сезді. Шалдың көңілін жұбату үшін өзінің ай бағып қарап жатпағанын, дос-жарандарының оны құтқарып алуға кіріскенін тілге тиек етті. Қуат қарияның үміт шырағы тұтанғанмен құлазыған көңілі қалпына келе қоймады. Ол сарғайып таң атқанша дөңбекшіп, кірпік ілмеді. «Жалғызыма жанашыр бола гөр» деп жаратқанға жалбарынды. Болар-болмасқа босап, бордай тозбайтын діні қатты шал бүгінгі қылықтарын – немерелерін көргенде шыдай алмай көзіне жас үйірілгенін, жалғыздың жағдайын ойлап қиналып, егілгенін есіне түсіріп, қартайғанын, білегінен күш кетіп, басынан бақ тайғанын түсінді. Жалғыз ұлын қорғай алмайтындығын, сөзінің ешкімге өтпесін іштей бағамдады. Өзінің бейшара халіне, қартайғанда қадыры кетіп, жер болғанына күйінді. Өмір бойы торуылдап, жолын аңдып жүрген жамандықтың күні батар шағында, қуаты қашып, мүсәпірлік халге жеткенде жағасына жармасқанын жаман ырымға балап, іштей тіксінді. Есіне әкесінің қайталап айта беретін сөзі түсті. «Құдай, бар болсаң мені бала-шағамның жамандығын көрсетпей ал» деп зарлап отырушы еді марқұм. Әкесінің тілегі құдайдың құлағына шалынды ма, көзі жұмылғанша жаманшылық көрмеді. Ауруға шалдығып, жаны қиналып, басқаларды да қинап, сарыжамбас болып жатып алған жоқ. Тік жүріп өтті дүниеден.

«Жағың түспей жамандық көрме» деуші еді әкесі бата бергенде. Жүріп-жүріп жасы жетпіске келгенде тағдыр көрі иттігін жасап, мойнына құрдым іліп қорламақ па? Айқайлап айтпағанмен жалғыз ұлын мақтан тұтып, іштей марқайып, көңілі тоқ жүруші еді. Енді қалай қарайды ел-жұрттың бетіне?

– Ой, Алла-ай! – деп көкірегі қарс айырылардай терең күрсінді.



Лұғат

Зауал – 1) араб сөзі: түстен кейінгі уақыт; 2) күн батар кез, кешкілік, іңір, ымырт; 3) жаза, сазай, азап, өлім, апат; 4) қауіп-қатер, қиын-қыстау. Бұл жерде: төртінші мағынада қолданылған.

Сарыжамбас болу – науқастанып, төсекте ұзақ жатып қалу, жата-жата жамбасы тесілу, міндеті кісіге қарап қалу, яғни өздігінен жүріп-тұра алмау. Бұл жерде: сондай болмады деп түсіндіріп отыр шығарма авторы.



1. Алдиярдың өңгімесі Қуат қарияға қандай ой салды?
2. Үзіндідегі тарихи оқиғалар туралы айтып беріңдер.
3. Шал төубешілдігін немен байланыстырады?
4. Қарияның жалғыз ұл деп отырғаны кім?
5. Өке көкірегін қарс айыратын қандай уайым еді?



Шығармадағы Аяған мен Қуат қарияға берілген тура және жанама мінездеулерге талдау жасаңдар. Екеуіне ортақ қандай қасиеттерді байқадыңдар?

Кейіпкерлер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу
Аяған		
Қуат қария		



Екі қарт өңгімелерінде қай тарихи кезеңнің ақтаңдақ беттерін парақтайды? Осы кезеңді кейіпкерлер қалай еске алады? Кейіпкер өңгімелерін монологке айналдырып жазыңдар.



1. Ашаршылық кезінде Сағынтай отбасын балық аулап аман алып қалады. Осыған ұқсас эпизодты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романынан (1-кітап. Ымырт. 30–40-бб) тауып оқыңдар. Балық аулап күн көруге қатысты қазақ халқы қандай көзқараста болған?

2. Балық шаруашылығы туралы сұхбат өткізіп, ойларыңды ортаға салыңдар.

49-тарау



...кең құлашты шығарма кешегі дәуірдің көркем шындығы ретінде қабылданады, кеңестік жүйенің күдгері ретінде иландырады. Адамдардың психологиялық, қоғамның панорамалық портретін жайып салған творчестволық ащы тердің, азапты ардың ақиқаты деуге лайық.

Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ

Профессор Алдияр Ақпанұлы, Қуат қария, Ес ақсақалдар – өмірдің бар теперішін мойымай көтерген ерлер. Кеңес өкіметін құрысқан, ашаршылық пен Ұлы Отан соғысының бел ортасында жүріп Отанды басқыншы жаудан қорғаған, қуғын-сүргіннің неше түрін көрген бұл буын өкілдері – өмірден қанша қиыншылық көрсе де адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай, ұлттық әдет-ғұрыптарымызды көздің қарашығындай сақтаған жандар. Олар үшін ар, ұят, намыстан биік, Отан мен партиядан жоғары ештеңе жоқ. Олар «малым жанымның, жаным арымның садақасы» деп өскен буын өкілдері. Сондықтан оларға дүние-мүлік те, атақ пен даңқ та қажет емес. Себебі, олар қамшының

сабындай қысқа өмірдің өткінші екенін білетін, аузында Алласы, тілінде кәлимаһы, жүрегінде иманы бар жандар.

Дегенмен осы үш кейіпкердің қасіретке толы тағдырлары бір-біріне ұқсамайды. Ұқсастық – үшеуі де артынан ерген жалғыз балаларының тілеуін тілеген әкелер. Мәселен, Алдиярдың баласын маскүнем еткен оның өз шәкірттері. Профессорға жақындау үшін баласының тілін тапқан пысықайлар ғылыми дәрежелерінің арқасында бір-бір креслоға ие болып шыға келді. Сыздықтың стақандас достары оны әкесіне қарсы пайдалану үшін есін жиғызбай ащы суға белшесіне батырып суарды. Ал қаладан шалғай ауылда өскен Қуат қарияның баласы елін, жерін, ұлтын шексіз сүйгендігі үшін қылмыскерлер қатарынан орын алса, Ес ақсақалдың білдей бір институттың ректоры болып отырған баласы қызмет жолында әкесінен баз кешіп, сап-сау адамды жындыханаға өткізіп отыр. Автор заманы бір, адамы бөлек қоғамның осындай сауалдарына жауап іздейді. Осы ойымызды Несіпбек Айтұлының: «Жазушы оқырманын толғандырғанда ғана, ой салғанда ғана өз мақсатына жетеді. Бұл тұрғыдан алғанда Баққожа – өз мақсатына да, мұратына да жеткен жазушы. Өйткені Баққожа – өз заманының жазушысы. Қаламгердің ең үлкен бақыты да сонда»¹ деген пікірі толықтырады.



Кенет қақпаның алдына машина келіп тоқтады. Жаттығу жасап жүрген жігіт теректің тасасына тығылып, кірпік қақпай қақпаны аңдыды. Көпке дейін үлкен есік ашыла қоймады.

– Балам-ау, мені қайда алып келдің?

– Басқа амалым болмады. Жан сақтаудың жалғыз жолы осы, өке, – деді біреуі.

– Құдай мені қанды қырғын соғыстан осыны көрсін деп әдейі аман алып қалған ғой, сірә, – деді қарлыққан дауыстың иесі.

– Артық сөздің керегі жоқ. Мұнда бөтен адамдар бар.

– Бөтен... Бәрі бөтен. Мен де бөтенмін, – деді қарлыққан дауыстың иесі. – Бөтен екенімді 17 желтоқсанда білдім.

– Үндемеңіз дедім ғой. Үндемеңіз!..

– Ал үндемедік, – деді мырс-мырс күліп. – Үндемей жүріп жеткен жеріміз осы болды. Үн шығарып ек басымыз жарылды.

– Үндеуге болмайды деймін. Не деген түсінбейтін адамсыз?!

– Жер басып жүруге болмайтын шығар. Не жазып ем жаратқанға?!

– Сіз асарыңызды асап, жасарыңызды жасадыңыз. Қойыңыз, күйіп тұрған заманда бекер күйдірмеңіз.

– Өл дейсің бе маған енді!..

– Айтаққа ерген ақымақ балаларға қосылып неңіз бар еді?! Олар шетінен маскүнем, шетінен наркоман... Ал сіз... Міне, соның нәтижесі.

«Апыр-ау, мынау таныс дауыс қой. Кім болды екен?!» Аяған қаншалық бас қатырғанмен әлгі дауыстың иесін есіне түсіре алмай-ақ қойды.

¹Айтұлы Н. Кеңілдің төрінде, өмірдің өрінде. «Мұқағали» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журнал. №2, 2018.



Тірек сөздер

үлкен есік
жан сақтау
желтоқсан
саяси қылмыс
алаң
партия
жетпіс жыл
тарих

– Қартайғанда шығардыңыз өнерді. Хомейни... Аятолла Хомейни болғыңыз келді ме?

– Аятолладай елімнің жыртығына жамау болуға жарасам арман не?!

– Елдің жыртығы әлдеқашан бүтінделген. Жыртыққа жамау салу жоқ қазір. Ол кешегі күн.

– Бүгінгі күн – кешегі күннің жалғасы, балам.

– Кешегі күн жоқ, өке. Бүгінгі күн мүлде басқа.

Мүлде жаңа...

– Көрдім кеше, – деп мырс күлді шал. – Нәтижесі мынау жара.

– Нәтижесі алда. Шекедегі жара жазылар, – деп күрсінді баласы. – Сіз, өке, саяси қылмыс жасадыңыз.

– Мен бе? Маған айтасың ба?

– Сіз!..

– Мен отыз алтыншы жылдан коммунистік партияның мүшесімін.

– Ойнамайтын көзіріңізді көлденең тарта бермеңіз, өке. Елу жылдық партстаж гарантия емес.

– Құдай берген жанын өзі алады, – деді шал. Осыдан кейін өке мен бала үнсіз қалды. Аяғанның есіне әкесі түсті.

«Олар не күйде екен? Мені жоғалтып алып, қан жұтып жатқан шығар. Хадиша барды ма екен?» Осы сияқты сұрақтар жолын кесті. Көңіліне қара шауып, жанын мұң баурап алды. Хадиша ауылға кеткелі де біраз уақыт болған. Аяған осы бір ұзақ үнсіздіктен қорқады.

– Өзіңізді өзіңіз сыйласаңыз ақымақ балаларға еріп, алаңға шығар ма едіңіз, – деді баласы. Аяған елең етіп, қаптап келіп қалған қалың ойдан тез арылды. Қақпаның дәл түбіне келіп, сыртқа құлақ тосты.

– Шиеттей балалар шырылдап жатқанда қалай шыдап отырайын. Жасырмаймын, таяғыма сүйеніп, алаңға барғаным рас. Басқалар секілді үйімде отырып ұрандап, жала жұғады деп қорыққаным жоқ. Маған халқым қымбат, – деді шал. Түрін көрмеген ақсақалға Аяған разы болып тұр.

– Сіз партияның саясатына қарсы шықтыңыз.

– Мен әділетсіздікке қарсы шықтым.

– Қандай әділетсіздікке? Қандай? – деп баласы ашуланып, дүрсе қоя берді. – Бәлкім, Пленумның шешіміне қарсы шығарсыз. Солай ма? Бұл орыс халқына, партияға қарсылық!..

– Партия бір ғана орыс халқының меншігі деп кім айтты саған? – деп ашуға мінген шал даусын көтере сөйледі. Екінші адамның беті қайтып қалған сияқты, даусы бөсең шықты.

– Т-и-ш-е-е! Орыс халқы – ұлан байтақ Россия... Олар көп. «Кімнің арбасына отырсаң соның өнін айт», – дейді, өке. Қонаев жоқ. Қазір Колбин. К-о-л-б-и-н...

– Ұлттық белгі емес, адамгершілік, ар сөйлейтін тұста мен неге үндемей қалуға тиіспін? Жә, селкілдеме! Лениндей кемеңгерді туған ұлы халықтан Ежов сияқты қаныпезер де шыққан.

– Т-и-ш-е! – деді баласы үрейленіп. – Е жоқ, жоқ қазір, жоқ! Есіңізді жиыңыз! Болды, өңгіме осымен бітті.

Ол темір қақпаны тарсылдатып ұра бастады. Бейқам тұрған Аяған селк ете түсті де, теректің тасасына тығылды. Жуық арада ешкім келе қоймады.

– Қалшылдама, балам. Орыстың қадірін сенен гөрі мен жақсырақ білемін. Мен олармен бірге қан кешіп жүріп, Отанымды азат еткенмін. Үш бірдей бауырыма Россия жері мәңгілік мекен болған. Мен бір аяғымды Мәскеудің түбінде фашистерге садақаға бергенмін.

– Соның барлығын бір күндік ісіңіз жуды да кетті. Еңбегіңіз зая, өке. Еңбегіңіз – еш, тұзыңыз сор болды.

– Солай ма еді! – Шалдың даусы бұзылды. Баласының жаңағы сөзі шамына тиіп кеткен тәрізді. – Мына аяғым қайта өсіп шығады екен ғой. Үш бауырым тіріліп келіп, көзайым болады екенмін-ау...

– Тынышталыңыз, өке, – деді баласы жалынышты үнмен. – Мына шу басылғанша осында боласыз. Екі елі ауызға бес елі қақпақ. Ештеңе білмейсің, алаңға шыққан жоқсыз.

– Жетпіс жеті жыл айтпаған өтірігімді енді қайтып айтамын? – деді шал жылдарман болып. – Балалар мен қыздарды шырылдатып итке талатқан әбес өрекетті қай жерде болса да айтамын.

– Жала! Мұныңыз шындыққа қиянат. Олар наркомандар! – деп шамданды баласы.

– Екі солдат қарғадай қызды шырылдатып сүйреп барады екен, арашалап алайын деп тұра ұмтылдым. «Ол – ана. Анаға қол көтеруге



болмайды», – дедім. Еңгезердей біреуі жалт бұрылды, алдымен кеудемдегі орденіме қарады. «Міне жау! Кеңес өкіметінің барлық жақсылығын көрген. Өзі орыстарға қарсы» деп айқайлап келіп, қақ маңдайымнан қойып жіберді. Бұл да жала шығар, сірә.

– Кінәңіз бар себебі.

– Отаным үшін жанымды аямаған мен, қарт коммунист кеңес солдатынан таяқ жедім, – деді шал күйіншітлі үнмен. – Үндемеуім, сойылға жығылғанымды жасыруым керек екен.

– Айқайлағанмен қолыңыздан не келеді? Қарсылассаңыз тура жібереді. Сондықтан үндемеңіз, ө-ө-к-е... Үндемеңіз!

Аяған аяндап келіп темір қақпаның иненің көзіндеі саңылауынан сығалады. Таяқ ұстаған ақ сақалды шалды көрді, баласы теріс қарап тұр екен. Әлдекімге ұқсайтын төрізденді, оның кім екенін бірақ біле алмады. Даусы да соншалық таныс.

– Алаңды әскермен қоршап, танкі әкелетіндей неден, кімнен қорықты екен, а?

– Шектен шығып барасыз. Еске салмаңыз ол күнді. Алаңдағы жағдай достыққа жасалған қиянат.

– Достық деймісің? – Шал мырс күлді. Сонан соң біраз уақыт үнсіз қалды. – Достық деген Қарағандының көмірі, Қаратаудың, Маңғыстаудың қазба байлығы ма, балам? Өне, Семейде талай жылдан бері дүңкілдетіп бомба жарып жатыр. Бәлкім, достық деген сол шығар.

– Қойыңыз деймін, қойыңыз! Семейде не шаруаңыз бар? Онда радиация жоқ.

– Жоқ болса жоқ шығар. Бірақ мүтедек болып туған балалар көп дейді ғой. Бірінің көзі, бірінің қол-аяғы жоқ дейді. Күні ертең басы жоқ балалар келсе ше дүниеге? Е-е, жалған дүние-ай, – деп күйіне дауыстады шал. – Өне, солар біздің болашағымыз.

– Үй артында адам бар, – деді баласы. Бірақ шал оны тыңдамады.

Ұйықтап қалған шындық оянып, өзінің бар екенін айту үшін алаңға шыққан. Оны итке талаттық қой, балам.

– Шындықты емес, экстремистерді, наркомандарды, бұзықтарды... Оларды ату керек! – деп тістене кіжінді баласы.

– Саған нысана болсам арманым жоқ, балам.

– Жүйкемді тоздырмаңыз, өке, – деді абыржып қалған жігіт шаршаңқы дауыспен. – Дүние сізбен бітпейді. Ол жалғаса береді. Бізге әлі өмір сүру керек. Кешегі күн өмір емес, тарих.

– Иә, біз кешегі күнбіз. Біз тарихпыз. Сондықтан да ешкімге керек емеспіз, – деп күрсінді шал. Аяғанның есіне Алдияр Ақпанұлының «тарих үкімет басына келгендерге ерқашан кедергі жасайды. Сондықтан оны дүркін-дүркін жаңалап отырады» деген сөзі түсті. Мына шал да осы ойды жаңғыртып тұр.

– Біз жемтікпіз, өке. Тарихтың жемтігіміз.



– Еш болған қайран еңбегім-ай, – деп күңірөнді шал. – Жемтік болсын деп өсірмеп ем сені.

– Осымен сөз бітті. Осы төңіректе біреу жүрген сияқты, – деді баласы қақпаға бұрылып. Саңылаудан сығалап тұрған Аяған өз көзіне өзі сенбеді. Мұса Байларовты көрмегелі не заман. Мүлде өзгермепті. Бұрын аса сабырлы, байсалды адам болып көрінуге тырысатын. Қазір басқа, жан-жағына күдіктене қарап, тықыршып тұр. Пәле-жаладан аман-есен құтылу үшін әкесін жындыханаға салмақ сияқты.

– Сіз осында қала тұрасыз. Шу басылғанша, әрине. Түсініңіз, жауым аз емес, әке, – деді ұлы мұңайып.

– Мені қорламай ауылға, ағайын-туғанға жібер, балам, – деп қиылды шал.

– Ағайында өсектен басқа ештеңе жоқ. Маған жаныңыз ашыса, мен десеңіз осында боласыз. Сіз осында жатсаңыз ғана менің жаным қалады. Дұшпаным біліп қалса, соңыма шам алып түседі. Бәрін сыпырып алады, бәрін... Қызметті де, қызыл билетті де... Колбин ешкімді аяйын деп отырған жоқ, әке. Өрі қарай маған өмірдің керегі жоқ. Асылып өле саламын.

– Жә, жә! Жалғызым үшін жанпида. Сен үшін өмір сүрдім, сен үшін өлсем арман не?!

– Рақмет, әке! – деді Мұса әкесін құшақтап.

– Жүректегі жара ешқашан жазылмас, сірә...

– Уақыттан ұлы емші жоқ. Шыдайық, әліптің артын бағайық. Менің уақытым бітті. Өркімнің артында бір-бір жансыз. – Мұса ашуланып, темір қақпаны теуіп-теуіп жіберді де, айқай салды. Аяған шошынып, кейін шегініп кетті. – Ө-ә-й, кім бар анда? Бері кел!..

Ешкім жауап бермеген соң Мұса темір қақпаны дүңкілдетіп ұра бастады. Аяған андап барып, кезекші дәрігерге адам келіп тұрғанын хабарлады. Өзі ілесіп келіп, қақпаның есігін ашуға көмектесті. Мұса Байларов сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен Аяғанға үрейлене жалт қарады, бірақ танымады. Төсқалтасынан бір жапырақ қағазды суырып алып, дәрігерге ұстата салды.

– Бас дәрігермен келісілген, – деді Аяғанға қарап тұрып. Қайдан көргенін есіне түсіре алмай тұрған секілді. – Сізге ескертемін деген.

– Иә, білемін. Жүріңіз, ақсақал...

– Ұлы иісті алып келіп тұрыңдар. Оны көрмесем, маңдайынан иіскемесем құса болып өлермін.

– Мақұл, әке. Өкеліп тұрамын ғой, – деді өзінен көз алмай түнеріп тұрған жүзі таныс жігіттен қаймыққан Мұса. Аяғанның оған арналған сөзі көп-ақ еді, үлгере алмады. Мұса есікті тарс жапты да, жебей басып, қолсозымда тұрған машинасына үмтылды. Жаңағы жігіттің Аяған Қуатов екенін машинасына отырғанда бір-ақ біліп, жүрегі зырқ ете қалды.

– Ит! – деп кіжінді Аяған. – Адам емес, хайуан!





1. Мұса Желтоқсан оқиғасына қатысқан өкесіне қандай кінә артуда?
2. Өке мен бала көзқарасының алшақтығы туралы айтып беріңдер.
3. Қарттың Отан алдындағы ерлігі, төккен тері, адал еңбегі неге еленбеді?
4. Өкесін жүйке аурулар ауруханасына жатқызудағы Мұсаның көздегені не?
5. Ауруханадан Аяғанды көрген Мұса неден қаймықты?



Баласының өз мүддесі, бас пайдасы, беделі мен мансабы үшін өкесінен бас тартуы қоғамға жат қылық екені түсінікті. Бұл қазақ қоғамында бұған дейін болып па еді? Оның белең алуына не себеп? Бұл мәселені ұрпақтар арасындағы көзқарастар қайшылығы деп атай аламыз ба?



1. 1986 жылғы көтерілістің романдағы көрінісіне тоқталыңдар. Жастардың көтеріліске шығуына түрткі болған жағдайларды атаңдар. Бұл оқиғаға қатысты кейіпкерлер пікіріне талдау жасаңдар. Олардың мақсат-мүддесі қандай? Пікір білдіріңдер.
2. «Отаршылдық сананың жемісі» тақырыбында Мұса Байларов бейнесіне талдау жасай отырып, өдеби эссе жазыңдар.
3. «Тарих үкімет басына келгендерге ерқашан кедергі жасайды. Сондықтан оны дүркін-дүркін жаңалап отырады» деген Алдияр Ақпанұлының сөзімен келісесіңдер ме? Профессор сөзінің астарында қандай ой жатыр? Тарихи төңкеріс жасаған ел басқарушылардың саясатынан мысал келтіріп, кейіпкер сөзін дәлелдендер.



Кейіпкер бейнесін танытуда диалогтің атқаратын қызметіне талдау жасаңдар. Ес ақсақал мен Мұса Байларовтың диалогі негізінде кейіпкерлер бейнесінің қай қыры ашылады?

Диалогтің кейіпкер бейнесін жасаудағы рөлі	Үзінді	Қызметі



Роза Мұқанованың «Мөңгілік бала бейне» өңгімесін еске түсіріңдер. Шығарманың тақырыбын Ес ақсақалдың көтеріп тұрған мәселесімен байланысты талдаңдар. Шығармалардағы тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы жөнінде сыни пікір білдіріңдер.

Шығармалар	Заман шындығы	Көркем шындық
«Мөңгілік бала бейне»		
«Өмірзая»		

52-тарау



Ол асқар таулар аясында туған, қазақтың намысшыл, өр мінез ұлы, тау мінез тұлға еді. Біз енді ағамызды сағынғанда, өрлікті іздегенде, қазақтың асқақ армандары мен биік мұраттары туралы ойлағанда, көркемсөзінің сырына үңілгіміз келгенде Баққожа Мұқай шығармаларын қолымызға алатын боламыз.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

Орта буын өкілдері: Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері Мақсұт, тергеуші Міртемір, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, институт ректоры Мұса Байларов, тарих факультетінің деканы Жақия Тайлақұлы – ел мен жерді, әке мен шешені, ұлттық құндылықтарды, ар мен намысты, иба мен иманды мансұқ еткен, кеңестік жүйе дайындап шығарған, сезімнен жұрдай Құлтемірлер (роботтар). Автор оларды кеңестік идеология тәрбиелеп шығарған, құлдық қамытын біржолға киген социализмнің құлақкесті құлдары ретінде суреттейді. Жазушы кеңестік жүйе тәрбиелеген барша ұрпаққа топырақ шашудан аулақ. Орталық комитеттегі бөлім меңгерушісі Қуандық Сәруаровтың жалғызының жолында тәуекелге бел буып, етегі жасқа толған қарияның өтінішін тыңдап, Аяғанның ісіне араласуы, профессор Алдияр Ақпанұлын үйіне іздеп келуі, оны ауруханаға орналастыруы – азаматтық іс. Алайда коммунистік партияға мұндай ұлтшылдар қажет болмағандықтан, оны облыс орталығына қарай ығыстырып жібереді. Осы ойымызды сыншы Тұрлыбек Мәмесеіттің: «Ал енді қаламгердің кемеліне келіп, шығармашылығы толысқан шағында жазған «Өмірзая» романы да кәдімгі «кемелденген социализм» тұсындағы қазақ халқының өмір-тұрмысына, тыныс-тіршілігіне арналған» деген пікірі толықтырады.¹

Орта буын өкілдерінен әділдікті ту еткен Аяған өз қатарларына жалғыз қарсы шығып қаза тапса, жастар арасынан Алмас Байсановтың жалғыз өзінің сатқындыққа баруы көңілге демеу, себебі өсіп келе жатқан жастардың басым көпшілігі аялыққа жанымен қарсы. Оған екі сөйлегеннен өлгенді артық санаған Қанат Елемесов, Ерік Қаңтарбаевтардың оқудан шығарылуы, Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушылар ретінде Камал Жақаев, Қанат, Ерік сияқты студенттердің кеңес түрмесінде жазалануы, азаптауларға шыдамаған жастардың құлындаған дауыстарының адам жанын жегідей жеуі – мысал.



– Қария, көрші болғанымызға біраз уақыт. Өрі дұрыстап жөн сұраса алмай жүрміз ғой, – деп күлді Аяған. Шал басын көтеріп отырды. – Менің Алдияр Ақпанұлы деген ұстазым болды. – Алдекеңнің атын естігенде қандай күйге түсер екен деген оймен шалға қадала қарады. Ол мүлде селт етпеді, меңіреу адам сияқты басын изектетіп, мең-зең болып отыр. – Сізге қарасам сол кісі есіме түседі. Сіз екеуіңіз сондай ұқсайсыз. Сіздер ақылдан, ардан жаралған адамсыздар, қария.

– Е-е, – деп көкірегі қарс айырылып кетердей күрсінді шал. – «Дүние ойлап тұрсам шолақ екен» депті біреу. Көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Біз кешегі күнге айналдық. Кешегі күн...

– Кешегі күн өмір емес, тарих. Ал ертеңгі күн – ертегі. Оның тіпті болмауы да мүмкін ғой, қария. Тарихымызды ертегіге айналдырып жіберген халықпыз біз, – деп жымыды Аяған. Кешегің де ертегі, ертеңің де ертегі. Ал өмір деген бүгінгі күн. Орысша айтқанда, жизнь – это всегда сегодня. Ал сіздің барлық қызығыңыз алда өлі.

– Е-е, қарағым-ай! Біз қан базардан қайтып келген адамбыз. Ілдалдалап жүріп өмірімізді өткіздік. Қысқа өмірдің мәнді бөлігі түрмеде,

¹Мәмесеілт Т. Аспаптаудың ақиығы (естеліктер). Алматы 2018.



Тірек сөздер

көрші
ұқсас
пікір
орындаушы
құны
қиянат
өкесу
бөтен, жат

айдауда, соғыста өтті. Сен ақылды сөздер айтып жатырсың. Ал бізде өз пікіріміз болған жоқ. Тірі жүру үшін ақылдың, пікірдің керегі жоқ еді бізге. Біз орындаушы болып өттік.

Шал сауалын саумалап, үнсіз отырып қалды. Аяған жиі-жиі жөтелетін ескі трактордың көксау моторы сияқты анда-санда тынысы тарылып, пырқ-пырқ етіп ұйықтап жатқан Саламон патшаға қарады. Бұрын да өмірдің рақатын көрген, қазір де дүниесі түгел «патша» сонау ерте дүниеде туып, содан бері тірі жүрген адам тәрізді. Ол өлі де мың жыл жасайтын сыңайлы. Аяған ақырын ғана күрсінді.

– Осынша жасқа келіп, жүрегіне кір түсірмеген, арына шаң жұқтырмаған азамат аз, қария. Алдияр Ақпанұлы сондай асыл азамат еді. Сіз оны білесіз, – деді Аяған оған тура қарап. Тағы қателесті, шал оған сыр алдырмады. Танымайтын, білмейтін кісінің сыңайын танытып отыр. – Ол көптің адамы еді. Қара басының қамынан басқа ештеңе ойламайтын қараниет пенделердің қолынан қаза тапты асыл азамат.

– Е-е, Алла! – деді шал көкірегін кере дем алып. Қабағы түнеріп, танауы қусырылды. Жар жиегіне қарай сүйрелеп, тықақтап отырған Аяған мүлде назар салмады. – Болған сондай бір асыл адам. Қылышынан қан тамып тұрған заманда басын қатерге тігіп, Кенесары бабамның аруағын асырған ол. Ал менің ұлым... Менің жалғызым бабасының аруағына... – Шал өрі қарай сөйлей алмай өз деміне өзі тұншықты. – Сол үшін білетіндер мені көзге шұқиды. Е-е, менің сөзім кім, өзім кім? – Салбырап түсіп кеткен басын шалт көтеріп алып, жігітке ала көзімен ұнатпай қарады. Тышқақ лақ құрлы құным болса күнім батарда көзім бозарып, осында жатар ма едім?! Адам өз қолын өзі кеспейді, қарағым.

– Балаңыздың әрекеті бір адамға, бір сізге ғана жасалған қиянат емес, қария. Бұл ата дәстүрге, туған халқына жасалған қиянат. Бұл туған өкесін ғана емес, туған халқын, ата-баба салтын жек көрудің белгісі. Бұл имансыздық! – деді ашуға булыққан Аяған қалшылдап. Басы қалтаңдап, кемсеңдеп отырған шалға жаны аши тұра өзін-өзі ұстай алмады. Көкірегін толып қалған ащы запыранды бір-ақ қотарды. – Ондайлар қара басының пайдасы үшін бүкіл халықты жек көруді үйренді.

– У-у-й! – деді шал. Аузынан отты леп шыққан сияқты.

– Ұлттық сезім өлген жерде адам да өледі, – деді Аяған қинала қабақ шытып. Басы қақ айырылып кетердей ауырып тұрса да, ашу-асаудың басын бос жіберді. Кеудесіне толып қалған ыза-өртті сөндіре алмай-ақ қойды. – Ұлтын сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жөндіктен айырмашылығы қайсы? Оған өнердің, әдебиеттің, тарихтың, мәдениеттің, қысқасы, ештеңенің керегі жоқ. Оған қыбырлап тірі жүру

ғана керек. Оған бәрібір. Ондайларды туған халқының тағдыры мен тарихынан гөрі дүниенің бір бұрышындағы ешкім білмейтін халықтың мәселесі көбірек толғандырады. Өз халқының басы жарылып, көзі ағып түссе де қабырғасы қайыспас. Себебі – оларда тек жоқ, қария...

– У-у-һ! – деп шал тағы да күрсінді. Қос алақанымен бетін жауып, өксіп қоя берді. Одан мұндай қылық күтпеген Аяған алғашқыда абдырап қалған. Көмейінен лек-лек болып төгіліп жатқан ызалы сөздерді тежеу үшін дәлізге шығып кетті. Енді байқады, екі беті от болып жанып тұр екен. Басы сынып өкетіп барады. Күрек маңдайын қақ айырып кеткен сияқты, қолы сәл тиіп кетіп еді, жанын көзіне көрсетті. Құлағына тосын үн шалынды. Жан-жағына алақтады, ешкім жоқ. Енді ғана аңғарды, Ес қария әлі өксіп отыр екен. Шалдың көкірегінің со-о-н-о-у бір терең шыңырауынан көтерілген зарлы дауыс Аяғанның ызаға қақалған жүрегін аямай шағып алды. «Бекер болды-ау. Жарымжан адамды сонша сөккенім не? Әй, ақымақ басым!» деді Аяған қынжылып. Қол тигізбей қақсап ауырған басы жарылып кетердей зәресі ұшқан жігіт қинала ыңырсып, палатаға қайтып келді де, аналгин ішті.

Ес бетін қос алақанымен жауып, өксіп отыр екен. Аяған келіп құшақтаған кезде даусы шығып кетті.

– Ай-й, ит өмір-ай!..

– Кешіріңіз мені, – деді жігіт оның сақалынан сүйіп. – Айтпасақ амалым қалмады. Көкірегіме толып қалған запыран шыдатпады.

– Дұрыс, – деді қарт кемсеңдеп отырып. – Айтатын жөнің бар, балам. Сен айтпағанда кім айтады?! Біз үндемей жүріп өттік өмірден. Халқымыз аштан қырылып жатқанда Голощекиннің бетіне қарап, жарамсақтана жымыдық. Тірі қалу үшін бірге туған бауырымызды, өкемізді НКВД-ға ұстап бердік. Қу жанның амандығы үшін не істемедік біз?! Біз бәріне қызмет еттік, қарағым. Тек адамға, туған халқымызға қызмет еткен жоқпыз. Жетпіс жеті жыл ғұмыр кештім. Біздің ғұмыр құлдықпен өтті. Өмір – зая... Өмірім зая... – Босап, болдырап отырған шал қабағын қарс түйіп, жүзі сұрланып, қатайып алды. – Ұлыиіс деген жалғыз немерем бар. Қазақпын деуге намыстанады. Ол – менің болашағым. Бөтен. Мен де оған бөтенмін... Жатпын. Өз шаңырағыма, өз баласына сыймай, жат болып, далада қалған жалғыз ғана мен дейсің бе? Жоқ, жоқ! Көп олар, өте көп!..

Әрі қарай тілі икемге келмеді. Иегі кемсеңдеп, басы қалтаңдап отырған шалдың көзінен жас парлап қоя берді...

Лұғат

Ілдалда(лап) – қажетіңе жарап тұрған, жоқтан бар, нашарлау. *Бұл жерде:* әрең-әрең өмір сүрдік дейді.

Саумала(п) – 1) арқан, таспа я жіпті сығымдап, сырып тарту, берік етіп бекіту;
2) ептеп орағытып, қақпайлау. *Бұл жерде:* кідіріп, аңдысын аңдап отыру.



1. Алдияр Ақпанұлы деген кім еді?
2. Аяған Мұсаның іс-әрекетіне қандай баға берді?
3. «Кешегі күн өмір емес, тарих» деген пікірді қалай түсінесіңдер?
4. Қазақтың деуге намыстанатын немересі туралы қарттың ойы қандай?
5. Қарттың өмірі неліктен зая кетті?



1. Аяған кімді үлгі тұтады? Оған қандай баға береді? Ал сендер қай кейіпкерді үлгі тұтар едіңдер? Оның қай іс-әрекеті, мінезі сендердің болашақтарыңа бағдаршам болмақ? Кестені басшылыққа алып, сипаттама беріңдер.

Аяғанның үлгі тұтар адамы	Менің үлгі тұтар кейіпкерім
Мінезі	Мінезі
Іс-әрекеті	Іс-әрекеті
Ұстанымы	Ұстанымы
Пәлсапалық ойлары	Пәлсапалық ойлары

2. Жүйке ауруханасында Ес қария мен Аяғанның, Рахия әжей мен Ес қарияның арасындағы өңгімеде көтерілген мәселелердің тізбегін құрастырыңдар. Бұл мәселенің себебі мен салдарын қарастырыңдар. Екі кейіпкер диалогін хрестоматиядан толық оқып, мысал келтіріңдер.

Диалог	Мәселе	Себебі	Салдары	Мысал
Ес қария мен Аяғанның өңгімесі				
Ес қария мен Рахия әжейдің өңгімесі				



- А.Ақпанұлының есімін естігенде Ес шалдың тынысы неге тарылады? Жұптасып отырып, кестеде берілген кейіпкер сөздерінен мәселенің мөнін ашыңдар.

Кейіпкер сөзі	Бұл сөз қай оқиғаға қатысты айтылды?	Бұл сөздердің шығарма идеясын ашудағы рөлі қандай? Жазушы стиліне тән қандай ерекшеліктерді аңғарамыз?
Сіздер ақылдан, ардан жаралған адамдарсыздар, қария. ...Сіз оны білесіз.		
«Адам өз қолын өзі кеспейді, қарағым»		



- Шығарма неліктен «Өмірзая» деп аталған? Автор осы шығармасы арқылы қай заманның шындығын өшкере етеді? Тарихқа көз жүгіртіңдер.



- Берілген екі пікірдің туындауына себепті факторларды қарастырыңдар. Қоғамда неліктен бұндай пікір қалыптасты? Шығармадан мысал келтіріп, дәлелді жауап беріңдер. Бұл мәселенің бүгінгі күндегі өзектілігі неде? Сендер өмір сүріп отырған қоғамда осындай адамдар бар ма? Бұл мәселемен қалай күресу керек?

- «Ұлтын сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жөндіктен айырмашылығы қайсы?.. Себебі – оларда тек жоқ».
- «Ұлыиіс деген жалғыз немерем бар. Қазақтың деуге намыстанады».



53-тарау



Адамның адамша өмір сүре білу заңдылығының терең қалтарыстары мен табиғи болмысын өз шығармаларында ауқымды қамтып, шынайы әрі талантты жазған ол сол деңгейінен бірде-бір рет аласарған жоқ... «Өмірзая» романы үшін берілген мемлекеттік үлкен марапат осының айқын айғағы.

Мәди АЙЫМБЕТОВ

Шығарманың шешімі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Он бес республикадан құрылған Советтік Социалистік Республикалар Одағына қарсы шығып, өз талап-тілектерін білдірген жастардың бұл ерлігі ұсақ ұлт деп еленбей келген қазақ халқын әлемге паш етті. Сондықтан да бұл оқиға қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі тақырыптарының біріне айналды. Кеңестік жүйеге қарсылық танытқан оқиға тұсында үлкен де, кіші де, шенеунік пен бұқара халық та сынға түсті. Сол оқиға тұсында ерекше батырлығымен көзге түскен Ұлы Отан соғысының қан майданын кешіп келген ақын Ж.Молдағалиевтің ерлігін халқы ұмытпақ емес. Майдангер ақынның Қазақстан Республикасы (ЦК КП) КП ОК-нің бірінші хатшысы Г.В.Колбинге қасқайып тұрып өз пікірін ашық айтқаны үлкенді-кішілі бірнеше шығармаға арқау болды.

Шығармада көзге түсетін негізгі мәселенің бірі – білім, ғылым саласындағы көзсіздіктер. Ұлт тарихына қиянат жасамау жолындағы ұстаз бен шәкірт арасындағы тартыс ғылым саласынан шығып, пендешілік үлкен кекке ұласады. Қорқаулар үшін адам баласын азаптап, ит қорлықпен өлтіру – үлкен жеңіс. Өздерінен білімді азаматтың жер басып жүруі – шала сауатты ғалымдар үшін қорқынышты. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлардың қолына түскен Аяғанның бар кінәсі – министрдің қызына жақсы баға қоймағаны, ауған соғысының әділетсіздігін айтқаны, шәкірттеріне ұлттық құндылықтарды насихаттағаны болғанмен, оған тағылған саяси айыптарды санап шығу мүмкін емес. Ғылымда жолы болмаған Мақсұт ұстазының пікірін қолдағаны үшін Аяғанмен өштескені сонша, профессордан ала алмаған кегін оның шәкіртінен алып тынды. Аяғанның Алмас сияқты болашағынан мол үміт күткен шәкіртін күшпен қорқытып куәгер етіп жатқандар қазақтың болашағына балта шапқанынан бейхабар еді.

Алайда «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқын ешкім де жер бетінен біржолата жойып жібере алмайтындығына желкілдеп өсіп келе жатқан жеткіншектер мен бүлдіршіндер мысал бола алады. Роман оқиғасына төртінші буын өкілдері ретінде тартылған – Елжас сияқты бүлдіршін мен Олжас, Бибі, Асылхан тәрізді жастар қазақтың болашағы ретінде суреттелген.



Дәл бұлай болады деген ой Аяғанның түсіне кірмеген. Басы сынып кетердей ауырып, таң атқанша кірпік ілмеген жігіттің көзі енді ілінгенде санитар келіп, оятып алды да, жетелей жөнелді. Ұйқы меңдеген Аяған жөн сұрайтындай халде емес еді. Өзін қарап жүрген дәрігердің алдына келгенде ұйқысы шайдай ашылды. Басын таңған дөкені алып, ырсынып тұрған жараны қайта жауып, тазалап дәрілеген соң:

– Бұл саған ескерткіш, – деп күлді дәрігер. – Бұдан кейін қолымызға түсуші болма. Үйіңе қайта беруге рұқсат.



Тірек сөздер

дәрігер
босату
ұмытпау
мысық төрізді
ұяттан қорқу
көзіне жас алу
көресін көру
жетпіс жеті жыл
ұн

Басы ауырып тұрған Аяған қинала езу тартты. Өзін кекеткендей жымып отырған дәрігерге ашулана жалт қарап:

– Бастағы жара жазылар. Сендердің ескерткіштерің мұнда, жүректе, – деді кеудесін дүңк-дүңк ұрып. Ол жара ешқашан жазылмайды. Менің төніммен, жаныммен көрге бірге түседі.

– Бекер ашуланба, жігітім. Менде кінә жоқ, – деді дәрігер қызарақтап. – Сізді осында өкеліп салдырған адамға айтыңыз өкпеңізді. Мынау қағазыңыз. Хош болыңыз!..

Ауруханадан шығарылғаны жөніндегі қағазды көкірегіне басқан күйі жүгіріп отырып бөлмесіне келді.

– Ақсақал! – деп шалды құшақтай алды. – Мені босатты! Мен... Мен...

– Алда айналайын-ай! Босатты деймісің?!

– Мен кетемін қазір! Ауылға, балаларыма барамын!.. – деп Аяған жымып күлді. Тамағына ып-ыстық қатты зат келіп кептелді, екі көзінен мөлт-мөлт етіп шыға келген тамшыларды сұқ саусағымен қағып тастады.

– Жолың болсын, қарағым! Бала-шағанның қызығын көр... Басың аман, бауырың бүтін болсын!

– Рақмет, қария! Сіздің ұрпағыңызға бақыт тілеймін, – деді көңілінде кірбің жоқ жігіт. Шал ернін тістеп, жанарын жықты.

– Сен бізді ұмытпай келіп тұр, – деді Саламон патша жігіттің қолын сілкілеп. – Мені іздейтін ешкім жоқ, өзің білесің. Маған жақсы-жақсы тамақ ішу керек. Менің өмір сүргім келеді.

– О-о, сіз әлі көп жасайсыз, – деді Аяған оны құшақтап.

– Рақмет! – деді бүкіш шал көзі жасаурап. – Менің өлгім келмейді.

– Біз сан рет өлдік. Бірақ бірде-бір рет шындап өлгіміз жоқ, – деп күрсінді шал орнынан тұрып жатып. – Біз қандай биіктен лақтырса да төрт аяғымен түсетін мысық сияқтымыз. Біз мысықпыз!

Саламон патша Есті мазақтағандай мырс-мырс күлді.

– He-he! Мысық! Еңге өзі орден тағады жарымес, – деді. Ес оның сөзіне мән берген жоқ, ойға батып сілейіп тұр.

Өзімен бірге алып кететін ешқандай заты болмаса да Аяған төсегінің әр-әр жерін сипалап, сипақтап ұзақ жүрді. Аурухананың киімін басқа корпусқа барып ауыстыру керектігін біледі, өлденені ұмыт қалғандай қайта-қайта тумбасын аша береді.

– Қарағым Аяған, – деді Ес оның жанына келіп. Жігіт тіктеліп, шалға бұрылды. – Мен өлімнен қорықаймын. Ұяттан, жалғыз ұлымның жолын кесіп, жүргізбей қоятын, еле-өлгенше алдымнан шыға беретін ұяттан қорқамын. Маған айтатын, маған арналған талай сөзіңнің ішінде





1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан көрініс

кетіп бара жатқанын да білемін. Үндемегенің сақалымды сыйлағаның шығар. Текті жерден екенсің, қарағым. Саған аппақ басымды иемін.

Шал тақиясын алып, еңкейе берген. Аяған оны қапсыра құшақтай алып:

– Ат-о-у, – деді сасқалақтап. Абыржып күлді. – Мұныңыз не? Ұялт-пасаңызшы.

– Кешір, шырағым, кешір!.. Олар үшін мен кешірім сұрайын сенен, – деп жігіттің маңдайынан қадалып сүйді.

– Сақалыңыздан айналайын сіздің, – деді көңілі босап, көзіне жас үйірілген Аяған шалдың аппақ сақалынан сүйіп тұрып.

Ес қария төсегінде жатқан құндыз бөрігі мен қыстық пальтосын алып, бірін жігіттің басына кигізіп, бірін иығына жапты.

– Ой, ата-ау, мен тоңбаймын ғой. Ұят емес пе? – деп қарсыласқан жігітке:

– Мен сияқты қалтыраған шал бол, – деді. – Мен өлмеймін. Өлсем өкінішім жоқ.

Аяғанның көңілі босап, көзіне жас іркілді.

– Е-е, шер көкірек шермендем, – деп күрсінді Ес қария. – Кембағалдың көз жасына қанбаған сұм заман-ай! Жыла, ботадай боздап жылап ал. Сенің қадырыңды бөрібір білмейді бұл жұрт. Азамат қашан керек болыпты бұл жұртқа?! Азаматының басын қашан бағалапты бұл қазақ?! Өлген соң шұрқыраған болады. Қаймана қазаққа күлкі болған асыл азаматтардың қадірі-ай!.. Жетесі жоқ жетім жұрт... Жетектегі жетім ел... – деп күңіренген шалдың көзіне жас толып кетіпті. – Жылармын да жұбанармын. Арзан атақ, алдамшы абыройдың соңына түсіп сүмеңдеп, болашақтың бетіне күл шашқан жалғыз ұл емес, аруақтар менің тілекшім. Тірінің қадырын аруақтар ғана біледі. Аруақтарды еске



алып, тағзым етіп жүр, қарағым. Күндердің күнінде олар алдымыздан шығады. Өлмейтін пенде жоқ. Ажал – ақиқат. Бақилықпыз бәріміз. Иә, құдая тоба! Аруақтарға құдайдың рақымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тие берсін!.. Әумин!..

Шал көз жасын алақанымен сүртіп, Аяғанға күле қарады.

– Ато-о-у, – деді жігіт шалды жұбатпақ ниетпен қапсыра құшақтап.

– Жасым жетпістің жетеуіне келгенде көрдім көресімді. Кешегі соғыста өліп қалмағаным өкінемін. Жындыханада өлу үшін сүйікті Отаным, Кеңес Одағына, Коммунистік партияға, ұлы көсемдеріме шын берліп қызмет еттім. Құл бол деді. Болдық. Жын бол деді. Болдық. Өлтір деді. Өлтірдік. Өл деді. Өлдік, – деп шал қынжыла бас шайқап, қинала езу тартты. – Жалғыз ұлдың арқасында мен тірі өлікке айналдым, қарағым. Ол мені тірідей көрге тықты. Ұшпаққа шықтым. Жалғыз ұлдың үйінен неміс әпшеркесіне орын табылады, ал маған... – Шал егіліп қоя берді. Аяған оны қаттырақ қыса түсті. – Ай, заман-ай! Заман-ай! Бақи дүниеде менің жолымды торып жатқан мың сан аруаққа не бетімді айтамын? Не тындырдым деп барамын? Жетпіс жеті жыл жер басып жүргенде тындырғаным не? Мыналар үшін тыпырлап жүгірдім бе сонда? – Қалтасынан ордендері мен медальдарын алып, Саламон патшаның тумбасының үстіне тастады.

– Бұл сөлкебайлар маған емес, саған жарасады. Ес Байларов деген пенде бұл фөниге келмеген. Ол жоқ. Ол өмір сүрмеген. Бәрі зая! Өмір – зая, қарағым.

– Ато-оу, қайдағыны айтпаңызшы, – деп қиылды жігіт.

– Үнемі түсіме Мұсаның бала кезі кіреді. Бала Мұсаны жігіт Мұса қылғындырып жатады. Үнемі шошып оянамын, қарағым...

Аяғанның құлағына Бибісінің шыңғырған даусы келді, селк етіп, тың тыңдады. Өлгі үн оның шұрқ тесік жүрегін оңдырмай шағып алды.

Лұғат

Сөлкебай – көне сөз: бір сомдық күміс ақша. Бұл жерде: темірден жасалған орден-медальдарды айтып отыр.



1. Бостандыққа шыққан Аяғанның сезімін суреттеген үзіндіні тауып оқыңдар.
2. Саламонның соншалықты өмірге құштарлығын қалай түсіндіресіңдер?
3. Сол кездерде жалғыз баласының қолына сыймаған Ес секілді қарттардың саны неге артты?
4. Ес қарттың түсі неден хабар береді?
5. Аяғанды алда не күтіп тұр деп ойлайсыңдар?



1. Шығармадағы оқиғалар қай кезеңдерді қамтиды? Өр бөлімнің негізгі оқиғасын, ол орын алған жылдарды белгілеңдер.
2. Аяғанның өмірінен қай кезеңнің шындығын байқадыңдар? Тарихқа көз жүгіртiңдер. Бұл оқиғалар қазақ халқының жағдайына қалай әсер етті?

3. Аяғанның басынан өтіп жатқан қиыншылықтардың, кедергілердің себепшісі не, кім? Бұл мәселелердің туындауына не түрткі болды? Аяған неге наразы?
4. Аяған Қуатовқа төн қасиеттерді жинақтаңдар. Ең басты қасиеті қайсысы? Қай мінезі жолына кедергі болды?
5. Шығарманың роман жанрына төн ерекшелік қалай көрініс тапқан? Талдау жасап көріңдер. Ол шығармада роман мен повестің айырмашылығын «Өмірзая» романы мен «Атау-кере» повесінен мысал келтіре отырып анықтаңдар.

«Өмірзая» романы



«Атау-кере» повесі



Тағылым тамшылары

Желтоқсан алаңы

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер,
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел.
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер...

Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет,
Қара беттің көбі бүгін дара тұлға, дара бет.
Жас бүлдіршін, мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт,
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт.

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,
Ал біреулер намысы жоқ жігер, қауқар, қары жоқ.
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаңаяқтары» деп.
Жоқ! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.



Шаханов М. Төрт ана: Өлеңдер балладалар, дастандар, әндер. Алматы, 2014.



1. Саламон патша бейнесі шығарманың идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады? Кейіпкер бейнесін қандай образға жатқызасыздар? Саламон патшаға қатысты эпизодтарды жинақтап, автордың айтпақ ойына, оның маңыздылығына талдау жасаңдар.

Саламон патша қатысқан эпизодтар	Кейіпкер образы	Жазушы идеясы	Маңыздылығы

2. Алдияр қарттың «Азамат – құл, ару – күң» деген сөзінің астары қандай? Отарлық саясаттың қазақ халқының рухын жаныштау мақсатында жасаған іс-әрекеттері қандай зардабын тигізді? Кейіпкер сөзінің мән-мағынасын ашыңдар.
3. Шығармада кездесетін тұрақты тіркестердің қолданылу мақсатын түсіндіріңдер.




Шығармада көтерілген мәселелерді екіжақты қарастырып, оның көрінісіне баға беріңдер. Төменде берілген кестені пайдаланыңдар.

Тәуелсіздікке дейін	Мәселе	Тәуелсіздіктен кейін
...	баспа	...
...	қарттар үйі	...
...	жұмыссыздық	...
...	білім алу	...
...	жастар	...
...	ой еркіндігі	...



1. Мұхтар Шахановтың өлеңімен танысып, тапсырмаларды орындандар.

- а) Желтоқсан оқиғасына ақынның берген бағасы қандай? Осы жөнінде тарихи деректер не дейді? Ұлттың рухани шыңдалуын көрсететін жастардың бұл толқуы қаншалықты насихатталып жүр? Пікір білдіріңдер, өз көзқарастарыңды дәлелді жеткізіңдер.



- ә) ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихи оқиғаларды насихаттау, кино түсіру мәселесі қозғалады. Желтоқсан оқиғасына қатысты фильм түсіруді сендерге тапсырса, сценарийін қалай құрастырушы едіңдер?

2. «Алмас – отаршылдық сананың жемісі» деген тұжырымды топта талқылап, оның іс-әрекетіне баға беріңдер. Пікірлеріңді дәлелдеу үшін хрестоматиядан Алмас бейнесіне қатысты бөлімдерді тауып оқып, мысал келтіріңдер.



1. Б.Мұқайдың «Өмірзая» романын орыс әдебиетінен оқыған К.Г.Паустовскийдің «Телеграмма» өңгімесімен салыстырыңдар. Екі шығармадағы идеялық ұқсастықты анықтап, әдеби сын жазыңдар.


Талдау нысаны	«Өмірзая» романы	«Телеграмма» өңгімесі
Қаламгер стилі, мәнері		
Кейіпкерлер тағдырының шешілуі, автордың шешімі		
Авторлық көзқарас		

2. Аяған Желтоқсан көтерілісіне қандай баға береді? Желтоқсандағы дүрбелеңнен кейінгі Алматы қаласының, студенттер жатақханасының күйі қандай кейіпке түседі? Осы сұрақтардың жауабын хрестоматиядан іздестіріңдер.



Кері байланыс: «Ой сүзгі»

Б.Мұқайдың «Өмірзая» романын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасаңдар.



ЕРБОЛАТ ӘБІКЕНҰЛЫ

(1980 жылы туған)



Ерболат Әбікенұлы – қазақ әдебиетіндегі суреткерлік бағыт-бағдары айқын, өзіндік стилі қалыптасқан талантты жас буын өкілдерінің бірі.

Жас жазушы Қытай Халық Республикасы, Шынжаң Ұйғыр автономиясының Санжы қаласына қарасты Мөргу ауылында дүниеге келген. Ол 1998 жылы Санжы қалалық үшінші орта мектебінің қазақ бөлімін бітірген. 2002 жылы атажұртқа оралған. 2007 жылы өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітірген.

Ол өз шығармаларында қоғамда болып жатқан өзгерістерді шынайы суреттейді. Үнемі үкен ізденіс үстінде жүретін жазушының әңгімелері өмірдегі келеңсіз жайттарды, шешімі табыла қоймаған түйткілді мәселелерді шебер жеткізеді. Оның кейіпкерлері – көркем шығармалардағы кесек образдарға айнала қоймаса да, өмірдің өзінен алынған, көзқарасы қалыптасқан, айтары бар адамдар. Уытты өзіл мен сарказм арқылы баяндалатын шығармаларда олардың ішкі рухани әлемі де әдемі берілген.

Ерболат Әбікенұлы әңгімелерінің өзегі – жан дүниенің тазалығы, адамгершілік пен имандылық. «Кіші ғылыми қызметкер», «Ақын», «Министр», «Қыжыл» т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қарым-қатынаста жетпей жататын сыйластық, ізгілік секілді құндылықтармен бірге қоғамдағы тоғышарлық, жағымпаздық, даңққұмарлық секілді жағымсыз қасиеттерді аяусыз сынға алады. «Елу теңге», «Бір бал», «Күйеубала» секілді әңгімелерінде ауылдан келген жастардың қала

өмірінде бетпе-бет келетін қиындықтары, студенттік өмірдің қызық та қиын сәттері суреттеледі.

Жас қаламгер балаларға арналған «Бірінші байлық», «Алтын бұлақ» атты ертегі кітапшаларының және «Шетел қазақтарының өдебиеттануы» монографиясының авторы. Е.Әбікенұлы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«Пәтер іздеп жүр едік» атты әңгімесінде қаламгер ауылдан келген қазақ жастарының тұрмыс тауқыметін тартуы, басында баспанасы жоқ болғандықтан, үй жалдап күн кешуі, үй қожайындарына кіріптар болуы ащы шындықпен баяндалған. Профессор А.Ісмақова жас қаламгердің осы әңгімесі жөнінде: «Ерболаттың әңгімесі – Қасым Аманжоловтан бастап бүгінгі жастарға дейінгі қазақ баласының пәтер жоқтығынан көрген зардабына арналған екен. Тоғыз беттік әңгімеде Ерболат пәтер іздеп құлдыққа түскен қазіргі жас қазақ отбасының тарихын бейнелеген... Бұл – қазіргі қазақ жастарының басына түскен қасірет. Мұндай тақырыпты барлық қаламгерлер жабыла жазса да артықтық етпес», – деген пікір білдіреді.

Қоғамдағы өзекті тақырыптардың біріне қалам тербеген жазушы бұл мәселені ащы мысқылмен, юмормен шебер жеткізген. Бір отбасының басындағы қиындық, тұрмыс тауқыметі, пәтер беруші мен жалдаушылардың арасындағы диалогтер оқырманын адамгершілік пен дүние-қоңыздық секілді қасиеттердің алдында бетпе-бет қалдырады.



1. Е.Әбікенұлының қандай әңгімелері бар?
2. Жас жазушының шығармашылығына шолу жасаңдар.

«Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

«Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі де басқа шығармалары секілді диалог арқылы өрбиді. Қаламгер өз кейіпкерлерінің әлеуметтік жағдайын диалогтердің шеңберіне шеберлікпен сыйдыра білген. Шығарманы оқыған оқырман оқығаның бел ортасында өзі жүргендей, өз басынан өтіп жатқандай күй кешеді. Автор пәтер іздеушілер «Жетімбұрыш»¹ атап кеткен жерді жағалап күн кешетін бауырлардың тағдыры арқылы қоғамда шешімін таппай жатқан күрделі мәселелерді жеткізуге тырысқан.



Алматыны алты айналып, жетімбұрышты жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетімбұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті мақлер саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

¹ *Жетімбұрыш* – Алматыдағы пәтерін жалға берушілердің жиналатын орны.

Тірек сөздер

жетімбұрыш
кезек
жас отау
өте алыс
жуан дауыс
сужұқпас

- Пәтер бар ма, апай?
- Бір қыз керек.
- Пәтер бар ма, ағай?
- Бір жігіт керек.
- Апай, пәтер керек еді.
- Екі қыз керек.
- Келіншегім екеуміз тұрсақ бола ма?
- Болмайды, келіншегіңнің қасына бір қыз қос,
өзің басқасын жалда.

– Пәтер керек еді.
– Жас отау керек.
– Біз жас отауымыз, – қуанып кетіпшім, даусым қатты шығып кетті.
– Онда естіп ал, елу мың теңгеден, жүз елу мың теңге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.

– Бөліп тапсырса ше?

– Онда барыңдар өрі. Сасқанымнан келіншегіме қарадым, маған жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген боп тұр. Аппақ бетінің ұшына аздап қан шапши қалыпты, көзінен мұң байқалады, қасынан алыс тұруға тырысып, тағы бір маклерге қарай жүгірдім.

– «Шаңырақта»¹ бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді семіз қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

– Қанша болады?

– Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.

– Шаңырақ алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.

– Өте алыс қой...

– Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса болады екен.

– Жарайды, келістік.

– Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

– Мінеки, мың теңгеңіз. Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

– Мынау телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш төте жіберді дейсіңдер.

– Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды, – деді келіншегім жол-жөнекей құлағыма сыбырлап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай өте көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымып күлген болдым. Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан даусы шықты.

– Ало, кім?

– Ало, ассалаумағалайкүм, Сөкен аға ма екен?

– Иә, мен. – Сұлушаш төте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік...

¹ Шаңырақ – Алматы қаласындағы ықшамаудандардың бірі.



– Қайдағы пәтер, өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.
 – Сұлушаш төте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.
 – Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым, – деді де телефон тұтқасын тастай салды. Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым.

– ...маклер алдапты, – дедім келіншегіме.

– Не деген опасыз адам еді, – дейді келіншегім даусы дірілдеп.

Тозығы жеткен маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып өрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір-бір аяғымызды көтеріп тұра қалдық. Маршрутка қиралаңдап жетімбұрышқа қарай тартып келеді. Ойым әлгі алдамшы әйелді тауып алып, сазайын тарттыру. Тіпті болмағанда қолымда жүрген топли өкшесімен маңайдан тарс еткізу. Ызадан булыққаным сонша, ішімнен тынып өрең келем, жол бойы келіншегім екеуміз бірауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік ақыры. Маклер әйел сужұқпастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей, тайып тұрыпты.

Барахолқадан¹ бір-ақ шықтық. Көше бойымен өр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздап, бетімді шымшып өзімді өрең тежедім. Қожайын әйел екен, бізді суық қарсы алды.

Лұғат

Иман үйіру – діни сөз: дүние салғалы жатқан адамға жасалатын ғұрыптардың бірі. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада қорқу, үрейлену, күдіктену.


Кепе – 1) жартылай жерден қазылған, қабырғалары, көбінесе балшық не шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылған шағын лашық; 2) ерте туған марқа қозы, лақ; 3) тезектің бір түрі. *Бұл жерде:* жай тауық қора.



1. Жас отбасы пәтер іздеп қайда келді?
2. Үй жалдаудағы маклердің қызметі қандай?
3. Барахолканың маңынан тапқан пәтердің жағдайы қандай еді?
4. Олардың бұл пәтерге тоқтау себебін түсіндіріңдер.
5. Жас отбасы маклерге қалай алданды?



1. Шығарманың жазылу кезеңіне мән беріңдер. Шығармадағы өмір шындығы қалай суреттелген?
2. Өңгімедегі баспана мәселесі қазіргі кезде де өзекті. Бұл мәселені қалай шешуге болады? Төмендегі сызбаны пайдаланып, мәселенің бірнеше шешу жолдарын ұсыныңдар.



¹ *Барахолка* – Алматы қаласындағы үлкен базардың халық арасындағы аты.

Тағылым тамшылары

Жетімбұрыш

«Жетімбұрыш» – жалдамалы баспана тауып берумен айналысатындардың орны. Пәтер іздегендер, әсіресе жас отбасылар, абитуриенттер, студенттер осы бұрышты сағалайды. Алғашқы уақыттарда бұл жерде пәтер иелерінің өздері тұратын болса, кейін «маклер» деп аталатын делдалдар пайда болды. Маклер пәтер иесі мен пәтер іздеушінің арасында делдал қызметін атқарады. Бұл бұрыш туралы жас ақын Мұратхан Месеіханның өлеңінде де айтылады.

Сақылдаған аязында ақпанның,
Бір үй тігіп берсек пе деп басына.
Пәтер іздеп бар қаланы ақтардық,
Жаңа үйленіп отау болған досыма.

Арзан үй бар деген сөзді малданып,
Шиырладық тегіс жетімбұрышты.
Барахолка базарын да шарладық,
Амал қанша үй табылмай қырсықты.

Көңілдің көк жайлауы да ақпан, мұз,
Бұл қаладан көгерер ме көсегең?
Сүлкін түсіп қайтып келе жатқанбыз,
Бедірейген бетон үйлі көшемен.

Арман болған аңсап үйдің жылуын,
Досым келеді ішкі мұңын жасырып.
Көпқабатты көк үйлердің бірінің,
Балконынан ит қарап тұр асылып.

Сонда нағыз түстім-ау мен азапқа,
Өзегімді бір жетімдік тырмалап.
Үй таба алмай тентіреген қазаққа,
Шетел иті аянышпен тұр қарап.

Тағдырыңның тартқан сыйы осы ма?
Бақыт құсын көре алмадым көгіңнен.
Әзілменен жабырқаңқы досыма,
Ит боп неге туылмадың дедім мен.

«Алматы ақшамы» қоғамдық-саяси газеті



Мәтінмен танысыңдар. Төмендегі кесте бойынша салыстырмалы талдау жасап, мәселені талқылаңдар.

Талдау	«Өмірзая»	«Пәтер іздеп жүр едік»	«Жетімбұрыш»
Мәселе			
Мекен			
Уақыт			

Терезесіз лашық



Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші сасық иісі мұңкіген қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Көзім сәл үйірлескендей болды. Қоян екеш қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сірә!? Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі¹ аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тең

¹ Шөрке – қысқа етіп араланған ағаш кеспелтегі.

Тірек сөздер

даліз
төсек
қария
бір нәрсе
терезе
екі төбет
досым

жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы қуыс болмаса бір ғана төсек сыятындай. Үш метр үйге төрт метр төсек, өне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден өрең асатын кішкентай үстел қойылыпты.

Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсең-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бірсәрі. Қыртыспен қиюластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы қуысы бізге бұйырып тұр. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небәрі жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сәнсе, екі жақ та жарықсыз қалады. Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң құлап түсердей, қаусап өрең тұр. Бірақ ол оң жақ қабырға сияқты ашық емес, сәл де болса жиі шегеленіпті. Опырылған оң жақ тоқал өкшемен еденді ақырын теуіп көріп едім, ескі төсеніштің шаңы бұрқ етіп балағыма шапшыды. Шамасы бізден бұрын аяқкиімін шешуді білмейтін біреулер тұрған тәрізді.

– Қоныс жайлы болсын, – деген дауысқа жалт қарасам, аппақ сақалы кеудесін жапқан қария қарап тұр екен, қапелімде сасып қалдым.

– Бірге болсын, ата, – депшім.

– Е-е, балам менсінбей тұрсың-ау, ө! «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді». Біз де жүрміз ғой! – деді солқ-солқ күліп. Осы арада қожайын әйел кейіп кетті.

– Алсаңдар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіңдер. Келіншегім маған қарады, мен келіншегіме қарадым. Екеумізде де үн жоқ. Қария күлімсіреп: «Әй, балаларым-ай!» – деп басын шайқап қояды.

– Аяғым ісіп кетті, жетімбұрышқа енді бармай-ақ қояйықшы. Өкшем ойылып қалды-ау деймін, удай ашып тұрғаны.

– Келістік, – дедім. Аузымнан осы сөз қалай шыққанын да сезбей қалдым. Артынша елден қай жеріміз артық... – деп қоям күбірлеп. Өзімді-өзім жұбатқан түрім.

– Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп.

– Бір нәрсе жоқ.

– Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.

– Бір нәрсе ғана жоқ.

– Телевизор ма?

– Жоқ.

– Айна...

– Қойшы, айна біздің не теңіміз. Өзің соқырмысың. Көзіңді ашып қарасайшы.

– Өзің айтшы ал. Кенет жарық жалп етіп сөне қалды.

– Өй, жарыққа не болды, – деп сасып қалдым.

– Мен өшірдім, – дейді келіншегім сыңғырлап.

– Жындымысың, жақ шырақты.

– Не нәрсе жоқ екенін тапсаң жағам.

– Бәрі жоқ бұл үйде. Ештеңе жоқ.

– Өдейі істеп тұрсың ба, әлде соған да миың жетпей тұр ма?

– Бала қорқады, жарықты жағындар, – деген еркек даусы шықты қыртыс қабырғаның ар жағынан.

– Терезе жоқ, – деген әйел даусы шықты қырсық қабырғаның ары жағынан. Шырақ жарқ етіп жана қалды.

– Терезе жоқ дейді?

– Иә, терезе жоқ, – деді келіншегім.

– Терезе жоқ, – деп қарқылдап күлді ер мен әйел.

– Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ө.

Қырсықтың көкесін жатарда көрдік, екі адам еркін айнала алмайтын қуықтай бөлме, ермек етерлік дөңеңе жоқ. Жалғыз шырақты жағып-сөндіру құқы бізден бұрын келгендіктен көршімізде болды. Сол себепті жарықты сөндіруге бата алмадық. Ерте ұйықтайын десек, біреу-міреу қыртыстың саңылауларынан сығалап тұрған секілденді де, киімімізді шешуден арландық. Астымызға бірдеңе салып бүктетіліп жата кетуге еден тым лас екен. Оның үстіне егеуқұйрық талап кететін



түрі бар. Амалсыз бір төсекке қырымызбен қысылысып жаттық. Мен келіншегіме суық тиіп қалмасын деп түпкірге жаттым. Келіншегім әлме-әл қозғалып қояды. Тар төсекке сыймай жатқанын сезіп, өзім шет жаққа алмастым.

Ұйқы келер емес, жалмауыздың жалғыз көзіндей жарқыраған шырағы құрғыр көзімді талдырып жіберді. Көршінің жас нәрестесі жағы талмайтын жылауықтың өзі екен. Қарсы бөлмеде жатқан ақсақал күрк-күрк жөтеледі. Оған есік жақтағы құрылысшы жігіттер соғыстырған рөмке сыңғыры, бір-біріне сөз бермей гәукіген ащы дауыстары қосылды. Біресе барқырап өн айтқан болады, біресе орысша-қазақша араластырып боқтасып қояды. Бөлмелер бөлек-бөлек болғанымен ауасы ортақ екен. Терезенің пайдасын енді білдім. Мүңкіген иіс қолқамды қауып барады. Мұрныма арақтың сасық иісі келді, оған анда-санда темекінің түтіні қосылады. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін.

Қай мезгіл екенін білмеймін, ояна келсем, терге малшынып жатыр екем. Қайда жатқаным есіме түсіп, көңілім ортайып қалды. Уақыт өткізу үшін тамақтан кейін келістіріп отырып екі шөугім шай ішкен едік, сол қысып барады. Еріксіз далаға шығуға тура келді. Сипалап жүріп жарықтың түймесін өрең тауып, жасқана жақтым. Бір бұрышқа маңдайымды, бір бұрышқа тіземді соғып жүріп, бұлың-бұлың дәлізбен далаға өрең шықтым. «Уһф» деп кең тыныстап, рақаттанып қалдым. Дәретхананы үйден недәуір алысқа салыпты. Солай аттай беріп едім, тайыншадай екі төбет тұра атылды... Төбеттердің күркіреген даусына арқаланып, малақайдай-малақайдай бес-алты қанден қосыла шөүілдеді. Солардан қашқан беті жан дәрменім қалмай дәретханаға бірақ сүңгідім. Қайтарда да иттен қашқан мысықтың күйін кешіп жүріп үйге өрең жеттім. Қандендерден оншалық қорықпадым, ит үрсе есім шығатын әдетім бар еді, әсіресе шөүілдеген дауыстан қатты мазасыздандым...

Кешке пәтерімізге өте жақын бір досым келді. Бұл біз бас құрап ұй болғалы келген тұңғыш қонақ еді. Сол себепті бір жағынан қуансақ, бір жағынан қатты қысылдық. Сыртқа шай қайнатқалы шыққан келіншегімнің қасына барып едім, қайнап тұрған еттің көбігін сүзіп жатыр екен.

- Етті қайдан алдың, – дедім таңданып.
- Көрші әйелден қарызға сұрап алдым.
- Ұят-ай!

– Ұялмай-ақ қой, бірер күннен соң ауылдан ағам келеді, телефонмен сөйлестім, ет әкелетінін айтты. Досым: «Екі адамның арасына есі кеткен түседі» деп, қоярда-қоймай шабаданның үстіне жайғасты. Келіншегім екеуміз төсекке отырдық. Дастарқанның үсті недәуір жайнап кеткен екен. Мен келіншегімнің мұндай тағамдарды қайда сақтап, қайдан әкеле қойғанына таңмын. Табақ толы етті жағалап, енді ауыз тие



бергенде, қыртыс есікті біреу жұлқып ашты. Қожайын әйел екен. Ашулы, дүрсе қоя берді.

– Мынау кім? – Қатар атып тұрыстық.

– Досым еді, тәте.

– Сендер жас отауыз, басқа ешкіміміз жоқ деген едіңдер, енді үшеу болып алыпсыңдар. Мен сендерді білем, көбейіп аласыңдар. Үйді қоқсытып жіберіпсіңдер, түнімен темекі шегесіңдер бұрқылдатып.

– Қашан шектім мен, темекі шекпеймін, – демекші болып едім, досым білегімнен тартып қалып, үндеме деген сыңай танытты.

– Сізге тамақтан кейін барып түсіндірейін деп отырғам, ақшасын берем ғой.

– Қадірлеріңді кетіргенше сөйтпейсіңдер ме, баяғыда? – есікті тарс еткізіп жапты да бұлқан-талқан болып шығып кетті.

Досымнан ұялып, кірерге тесік таппай тұрмын. Келіншегім сыр білдірмегенсіп, жымыып күліп қояды. Досым иығымнан қағып жұбатқандай болды. Қожайынға ақша апарған кезде, бір кеңдеу ескі темір төсек берді. Досымды соған жатқыздым. Торы салбырап, құйрығы жерге тиді.

«Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді», біз де қараңғы пәтерге үйірлесе бастадық. Таңертең тастай қараңғы пәтерде шалбарымның қайда тұрғанын, жейдемді қайда ілгенімді, аяқкиімімнің қай жерде жатқанын ойланбай-ақ табатын болдым. Тіпті шалқалап жатқан беті қиналмай қол созсам болды, қуықтай пәтердің қай жерінде болса да іздеген дүниемді оңай бас салам.



1. Пәтердің иесі кім? Әйелі пәтерден қандай ерекшелікті байқады?
2. Осы пәтерде тұрып жатқан басқа отбасылар туралы не ойлайсыңдар?
3. Үйге келген досын әйелі қалай күтті?
4. Жігіт пәтер иесімен қандай келісімге келді?



Басқа мемлекеттерде жас отбасылардың пәтер мәселесі қалай шешімін табады? Бұл жағы арнайы ойластырылған ба? Өлемдегі басқа мемлекеттердің баспана мәселесінің статистикалық көрсеткішін тауып, біздегі көрсеткішпен салыстырмалы талдау жасаңдар.



1. Автор кейіпкерлердің тапқан пәтерлерінің сиқын беруде қандай тәсілдерді қолданған? Авторлық сипаттаудың ерекшелігіне талдау жасаңдар.
2. Пәтер іздеуші жігітті сол қоғамның әлеуметтік тобын сипаттайтын жиынтық бейне ретінде қарастырыңдар. Кейіпкер атынан қоғамға қандай сауал жолдайтын едіңдер? Топта талқылап, өзекті деген үш сауал құрастырыңдар.



Өзге ұлт пәтерінде қазақ қарияның да тұрып жатқанын қалай түсіндіресіңдер? Жас отбасындағы пәтер мәселесіне түсіністік танытуға болады, ал қарт адамдардың қартайған шағында жалдамалы пәтерде жүруі қалай? Жан-жақты қарастырып, бұл мәселеге қатысты сыни баға беріңдер.



Қайнаға



Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен туысым келетін болды деп қорқатын болдым. Әуел десеңіз, дәл мынадай кезде өкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе қайттым, ойбай, ұят болды-ау! Қайсы төсекке жатқызам деп сарыуайымға салындым. Телефонмен сөйлескенде «әдірісін айтқан соң, өзім тауып барамын» деген еді. Бір күні кеште ойламаған жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздап үрейлене көз жүгірітті. Шай ішіп отырмыз, шабаданның мен қозғалған кездегі қаудырлаған дыбысынан басқа тырс еткен дыбыс шықпайды, ешкімде үн жоқ.

– Шай ішіңіз, аға, – деймін қайнағама жапақтап, іштей шайды аз ішсе екен деп тілеймін, түзге шығу бұл үйде қиямет екенін қайнағам байқус қайдан білсін! Ештеңе ойламастан сораптап отыр. Бір кезде үйдің төбесінен тамшы тама бастады. Отқа қақтаса да тер шықпайтын тандырдай денемді суық тер басты. Себепсіз ыржақтай бердім, ауылдың әңгімесін сұраған болып, сөзге тарттым, жарытып ештеңе айтпайды. Өдетте, аузы-аузына жұқпайтын шешеннің нақ өзі еді, енді ұртына су толтырып алғандай-ақ үнсіз отыр. Тамшының тамғанын пайдаланып, терлеп жыбырлатып әкетіп бара жатқан желкемнің терін өкесін танытып сүртіп тастадым. «Қайыршыға жел қарсы» деп енді дастарқанға тамшы тама бастады, тамған сайын жүрегіме біреу ине пісіп-пісіп алғандай күй кештім. «Қайнағамның ыдысына тамшы тамыза көрме» деп Алладан іштей тілей бергенім сол-ақ екен, кесенің дәл қасына тамшысы түскірдің тамып-ақ кеткені. «Тамыза көрме» деп іштей бәйек боп мен отырмын. Өне бір тамшы ернеуін сүріп те өтті. Өне тамып та кетті қайнағамның шыныдағы шайына. Маңдайымнан сүп-суық тер бүрк ете қалды. «Тер ыстық болушы еді, осындай да суық тер болады екен-ау!» деп таңғаламын. «Басқа шыныға құяйық» деп қайнағамның шынысына қолымды соза беріп едім, ол: «керегі жоқ», деп шайды сылқ еткізіп іше салды. Ашуланғаны ма, жоқ, бізді ұялтпау үшін солай істеді ме, ол жағын білмедім. Енді қайнағама қарайтын менде бет жоқ.

– Бұрын тамшы тамбаушы еді, не болды екен, ө, – деп ұялғаннан төбеге қарап едім, келіншегім:

– Біз келгелі жаңбыр бірінші рет жауды ғой, – деп түйеден түскендей дүңк еткізді. Бетіне жалт қарадым. Қысылғанда менің сөзімді сөйлемегені қалай, даусында діріл бар. Жүзі бұлт бүркеген күндей күреңіте қалыпты. Көзінің үсті домбығып, ұзын кірпіктерінің ұшынан мөлдір тамшы ыршығалы тұр.

Тірек сөздер

қонақ
тамшы
тарақан
келіншек
көз жасы
ұялу
кетіп қалу

– Өнеугүні жауған секілді еді ғой, – дедім мыңқылдап. Жауап болмады. Бұрын шыны көрмеген адамдай шыныны қолыма алып, сипалап үңіле бердім. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алып» сол сөт дастарқанның екі шетінен екі тарақан пайда болды да, қарама-қарсы жорғалай жөнелді. Келіншегім шөгіп барады. Тарақан құдды соғыс майданына жекпе-жекке шыққан қас батырдай екпіндеп келді де, бір-біріне тұмсық түйістірді. Бір-біріне айбар шекті... Қайнағам теріс қарады. Әйелім бетін басты. Мен күйіп-жанып бара жатым. Тамағым кеберси берді, құрт малтап отыр едім, сол құрт өңешіме тығылып қалғандай, сөйлесем дыбысым шықпайтындай сезілді.

Мен қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, өмірімде тап болмаған тылсым бір бақытсыздық күй кешудемін. Қайнағам тұнжырап, келіншегім жылап отыр, оған жаным ашыды. Ай мен күндей жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің ғана қолым жеткен сұлу келіншек, үрп ауызға салардай аппақ сұлу келіншек көз алдымда жылап отыр. Мен оны жылату үшін алып па едім!? Оның көз жасы менің жүрегіме, жүрегімнің ішіндегі өзекке тамшылап жатқандай.

Келіншегім тамақ жасауға сыртқа беттеді. Үйдің іші үй емес, төбесі түсіп құлазыған ескі моладай қаңырады. Жалғыздың күйін кешіп, мен қалдым. Қайнағамның бетіне қарауға дөтім шыдамайды. Келіншегім бейне бір алыс сапарға кеткендей сағындым да қалдым. Бір сылтау тауып, мен де сыртқа атылдым. Қазан-аяқ жақта әбігерленіп жатқан келіншегімнің қасына бардым. Жылап тұр екен. Ту сыртынан қапсыра құшақтай алдым, жақтыртпаған адамдай бұлқынды. Мен де жылап жіберіппін, көз жасым желкесіне тамып жатты. Келіншегім қарсылық көрсетпеді. Мұрнын пыс-пыс тартып ыдысын жуып жылап тұр...

– Ағамның қасына барсаңшы.

– Мен ұялып тұрмын, садаған кетейін сен баршы!

– Жарайды, мен барайын, сен тамақ ішерде келерсің. Белмеге кіріп кеткені сол екен, дереу тасыр-тұсыр жүгіріп келді.

– Ағам жоқ, кетіп қалыпты!?

Осы сөз маған «ағам өліп қалыпты» дегендей қайғылы өрі аянышты естілді.



1. Қайнағасы келген кездегі әбігерге түскен отбасының жайын түсіндіріңдер.
2. Қарындасының тұрмысын көрген бауырының ішкі сезімін сипаттаңдар.
3. Қалай ойлайсыңдар, оның пөтерден кетуіне не түрткі болды?

Жарнама



Көшеге жүгіріп шықтым. Жаңбырдың астында біреу тар көшені бойлап бара жатқандай. Қайнағам емес пе екен? Айқайлап шақырмасам жете алар емеспін. Бірақ не деп айғайларымды да білмеймін, «қайнаға» деп айқайлауым керек еді, айғайлай

алмадым, атын не деп атайын. «Пөленбай аға» деп атайын ба? «Қайнаға» деп атауға мен татимын ба? Төңіректі шарлап қайнағамды таба алмай, құр сүлдерімді сүйретіп, үйге қайтып келдім, келген беті ұйғыр қатынмен ұрсыстым. Ақыры шындап көшуге бекіндім. Көрпені буып-түйіп, иығыма салдым да, шабаданды бір қолыма ұстап, сыртқа беттедім. Басқа нәрсеге бас қатырмадым, үйде қанша қасық, қанша шыны бар, бәр-бәрі маған аян. Көп емес, көше-көше көндіккен пендеміз, сол себепті, ине-жібіне дейін бәрі менің санамда сайрап тұр. Қалғанын келіншегім қолына ұстай салатынын сезіп келемін.

Жаңбыр төпеп тұр. Түнделетіп жаяу келеміз, иығымда көрпе-жастық, қолымда шабадан, бірдеңелерін көтеріп келіншегім соңымнан еріп келеді. Көшелер шұрық тесік. Шұқырына аяғыңды малып алсаң суы шалп етіп, тірсегіңнен келеді. Алғашында қорғанып едім, сөлден соң соқыр адамша былшылдатып баса бердім. Алдымда машина көрінсе де, қорғанар мен жоқ. Машина көрінбеді. Такси ұстауға үлкен жолға қарай беттедік. Аялдаманың тұсынан шықтық, судан шыққан тышқандай аялдаманың астында жаңбырдан паналап тұрмыз. Ойым такси тосып, пәтер іздеу. Бағыма қарай жақсы біреу табылатын шығар деп үміттенем. Сіркіреп жауған ақ жаңбыр басылар емес. «Астыңнан су шықты ма?» деуші еді. Су емес, шу шықты ғой, су шығатын үйім болса, жеті түнде безбей-ақ, тұншығып өлсем де жата берер едім, өттең!

Кенет аялдамадағы жарнама қағаздарына көзім түсті. Бізге қажеті бар ма екен деп үңіле түстім. Көзім жайнап сала берді, үй жалдап алғың келсе, хабарлас депті. Өңім бе, түсім бе? Неше қайталап оқып шықтым. Телефон нөмірі де анық жазылыпты. Дереу телефон шалдым.

Ар жағынан:

- Бұл кім? – деген еркек дауысы естілді.
- Аға, мен ғой... Жарнамадан оқыдым, пәтер іздеп жүр едік.
- Иә, бар... Бірақ қазір өте жай болып кетті ғой.
- Бәрібір, аға. Бағасын айтыңыз, қазір өзіміз барамыз.
- Неше адам едіңдер?
- Жас отаумыз, келіншегім екеуміз ғанамыз.
- Үйленген бе едің? Бізге бала-шағаның керекті жоқ.
- Мына кейпімізбен баланы қалай бағамыз аға, әзірше баламыз жоқ.
- А, онда былай болсын, мен де әйеліммен бірге тұрамын, бір бөлмесін жалға береміз.
- Қанша болады, өдіресін айтыңызшы!
- Бағасы жиырма мың теңге, қымбат емес шығар?
- Қымбат емес.
- Ертең келсеңдер қайтеді!
- Жоқ, қожайынмен келіспей қалып, бізді қуып шыққаны.
- Мына түнде ме? Неткен опасыз еді. Әй, өздерің де тентексіңдер ғой тегі, тыныш жүрмегенсіңдер!



– Жоқ, бізде кіне жоқ.

Келіншегімнің жүзін жас жуып кеткен бе, әлде жаңбыр суы жуып кеткен бе, әйтеуір, малмандай су. Ерні дір-дір етеді. Жаңбырдан қорғана түсіп менің мимикамды бағуда.

– Онда былай болсын, бауырым. Біз тыныштықты қалаймыз. Қонақ келмейтін болсын!

– Жарайды.

– Арақ ішуші болмаңдар.

– Ол не дегеніңіз, ағасы, мен арақ ішкен адамды өлердей жек көрем.

– Мен ішем ғой, мені де жек көресің бе?

– Жо-ға, сіз іше беріңіз, сізді жек көрмеймін.

– Ха, ха, ха, тамақты бөлек жасап ішесіңдер.

– Оны білеміз енді, бірге тұрып жүрміз ғой.

– Келіншегің биік өкше аяқкиім кимейтін болсын.

– Неге?! Оның қатысы қанша?

– Қатысы қанша дейсің бе-ей? Дәлізден кіргенде мазамыз кетеді ғой.

– Жарайды.

– Далаға шыққанда аяқтарыңның ұшымен басып шығыңдар.

– Неге?

– Дыбысы шықпау үшін, әйелім ұнатпайды.

– Айтқаныңыз болсын.

– Ал кірген кезде...

– Онда да аяқтың ұшымен кіреміз ғой?

– Жоқ. Кірген кезде өкшелеріңмен ептеп, дыбыс шығармай кіресіңдер..

– Мақұл, мақұл, мақұл. – Ал тамақ жасаған кезде...

– Иісін шығармай, аяқ-табақты салдырлатпай жасаймыз ғой.

– Оны қайдан білесің?

– Аға, ау аға!

– Тыңдап тұрмын.

– Атаңның басы.

– Не, сен... адам боқтадың ғой, кімсің өзің?

– Боқтықтың үлкені мынау, естіп ал, қазақ былай боқтайды, жетпіс жеті атаңның басы, үйт тексіз хайуан сол... – дедім де, телефонды жаба салдым. Жаңбыр толастайын деді, сүрепеті кеткен айғыз-айғыз көшемен қараңғы түн құшағына сіңіп барамыз.

Пәтер іздеп жүрміз...



1. Лашық пәтерді неге тастап шықты?
2. Жарнамада не туралы жазылған? Жалпы жарнама туралы айтып беріңдер.
3. Пәтер иесі қандай талаптар қойды?
4. Қойылған талаптармен пәтер іздеушілер келісті ме?
5. Пәтер іздеп сандалған жас отбасының кейінгі өмірі қалай жалғасты деп ойлайсыңдар?





1. Пәтер іздеу барысындағы жас отбасының кездескен қиындықтарын тізіп жазып шығындар. Бұл қиындықтардың туындауына себепші факторларды қарастырындар.
2. Кейіпкерлер бейнесін ашудағы диалогтің қызметіне талдау жасаңдар. Диалог барысында қай кейіпкерлер бейнесін таныдыңдар?
3. Басты кейіпкердің өмірінде айналасындағы адамдар қандай рөл атқарады? Өңгімеде өр кейіпкерге қатысты эпизодтарды жеке қарастырындар.

Басты кейіпкерлер			
Әйелі	Досы	Қайнағасы	Пәтер беруші



1. «Пәтер іздеп жүр едік» шығармасының жанрын неліктен өңгімеге жатқызымыз? Өңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі неде? Төменде берілген жанр түрлеріне анықтама беріп, жанрлық белгілерін атаңдар.

Повесть	Өңгіме	Новелла
• жанрлық белгілері	• жанрлық белгілері	• жанрлық белгілері

2. Автор кейіпкерінің мәселесін, жан дүниесін, мұңын қалай сезінеді? Ол автор ойынан қалай байқалады? Үзінділерден мысал келтіріп, автор бейнесіне талдау жасаңдар.
3. Өңгімедегі басты мәселенің өзектілігін талқылап, «Өз үйің – өлең төсегің» тақырыбында шағын ойтолғау жазыңдар.
4. Шығарманың шарықтау шегі – қайнағасының ауылдан келетін тұсы. Осы эпизодтың шығармадағы маңыздылығы қандай?
5. Шығармадағы мәселелерге кейіпкерлер көзқарасы тұрғысынан қарап, диалог жүргізіңдер. Диалог барысында өркімнің өз ұстанымы көрініс табу керек.
 1. Пәтер іздеуші
 2. Пәтер беруші



1. *Жақтаушылар*: пәтер иелерінің іс-әрекетін жақтаймыз. Өз меншігі болған соң талап қоюға хақысы бар. Ақтайсыңдар ма, қаралайсыңдар ма?
Даттаушылар: пәтер иелерінің іс-әрекеті дұрыс емес. Адамгершілік қасиеттерді естен шығармау керек.
2. Баспана тақырыбында жазылған шығармалардағы басты идеяны топтастырып, «Қазақ әдебиетіндегі баспана мәселесі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



Шығарманың құрылысына толық композициялық талдау жасаңдар. Шығарма шешімімен келісесің бе? Өз ойыңды дәлелде.

Кері байланыс: «Жер қыртысы»

Ерболат Өбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» өңгімесі бойынша жинаған білім қорымыз, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой қорытайық.



II БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. «Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді» деген сөз қай шығармаға қатысты?

- а) «Өмірзая» романы; б) «Атау-кере» повесі;
 ө) «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі; в) «Дала, сенің ұлыңмын!» өлеңі.

2. «Кімнің арбасына отырсаң соның өнін айт» деген кімнің сөзі? Қай оқиғаға қатысты айтылған?

- а) Қуаттың сөзі: патша үкіметінің отарлау саясаты;
 ө) Аяғанның сөзі: билікке Колбиннің келуі;
 б) Алдиярдың сөзі: патша үкіметінің отарлау саясаты;
 в) Мұсаның сөзі: билікке Колбиннің келуі.

3. Сағынтай үй ішін қаралы жылдарда қалай аман алып қалды?

- а) егін егумен айналысты; б) Алтай асып, көшіп кетті;
 ө) қармақ салып, балық аулады; в) басшылық қызмет атқарды.

4. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінің композициялық құрылысын анықтаңдар.

Шығарманың басталуы	1. Пәтер іздеп жүрміз.
Шығарманың дамуы	2. Қайнағасының қонаққа келуі.
Шығарманың шиеленісуі	3. Терезесіз лашық. Тұңғыш қонақ.
Шығарманың шарықтау шегі	4. Пәтер іздеп жүр едік. «Шаңырақта» бір үй бар.
Шығарманың шешімі	5. Аялдамадағы жарнама.

- а) 4, 3, 2, 5, 1; ө) 3, 1, 5, 2, 4; б) 4, 5, 3, 2, 1; в) 2, 1, 5, 3, 4.

5. Қайнағасы келгенде дастарқанның екі шетінен екі тарақан пайда болған кездегі кейіпкердің ойын қай мақал дәл сипаттайды?

- а) Астауына қарай қауғасы; б) Бір жоқтың бір тоқтығы бар;
 ө) Арық атқа қамшы ауыр, в) Жау жағадан алғанда,
 Жыртық үйге тамшы ауыр; бөрі етектен алады.

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер.

1. Аяғанның осы сөзінде айтылған үш ойды тарқатып, адамгершілік құндылықтарды дамытып жазыңдар. Аяғанның өмірлік мақсат-мұратымен байланыстырып, тұжырым жасаңдар.

- «Үш күндік фәниде шай деспей сыйласу шарт, ақсақал».
- «Сіз де жақсылыққа бірден гүмп етіп түсіп кеткен жоқ шығарсыз».
- «Біз де сіздің босағаңызды күзетіп қалмаспыз».

2. «Атау-кере» және «Пәтер іздеп жүр едік» шығармаларындағы оқиғалардың орын алған жылдары бойынша баспана мәселесін салыстыра талдаңдар. Бұл мәселе қашаннан бастау алды деп ойлайсыңдар? Мәселе толық шешімін табуы мүмкін бе? Дәлелді жауап беріңдер.

3. Мұса Байларовтың әкесімен диалогінде көтерілген мәселені ұрпақтар



көзқарасының алшақтығы тұрғысынан талқылаңдар. Кімнің пікірін құптайсыңдар? Неліктен?

– Аятолладай елімнің жыртығына жамау болуға жарасам арман не?

– Елдің жыртығы әлдеқашан бүтінделген. Жыртыққа жамау салу жоқ қазір. Ол кешегі күн.

– Бүгінгі күн – кешегі күннің жалғасы, балам.

– Кешегі күн жоқ, әке. Бүгінгі күн мүлде басқа. Мүлде жаңа...

– Көрдім кеше, – деп мыре күлді шал. – Нәтижесі мынау жара.

4. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіндегі «автор – баяндаушы – кейіпкер» үштігіне талдау жасаңдар. Шығармада нарратор қызметін атқарушы кім?

5. Мұсаның әрекеті туралы кейіпкерлер қандай пікірде болды? Мұсаның өз ұстанымы қандай? Кестені басшылыққа алып, сұраққа жауап беріңдер.



Жазба жұмысын орындаңдар

1. «Отарлық заманның зұлматымен арпалысқан күрескер Аяған Кенесарылардың жолын жалғастырушы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

– Қор болып тірі жүргенше арпалысып өлмек жөн. Тұр орныңнан! – дейді Кенесары хан.

2. «Өмірзая» романындағы заман сырын жеткізудегі жазушы шеберлігі тақырыбында әдеби сын жазыңдар.

III бөлім



ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Бұл бөлімде:

✓ М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына сюжеттік-композициялық талдау жасап, жанрлық ерекшеліктерін түсінесіңдер;

✓ роман-эпопеядағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптармен, әлем әдебиетімен байланыстырасыңдар;

✓ қанатты сөздер мен дәйексөздерді қолданып шығармашылық жұмыс жазасыңдар;

✓ роман-эпопеядағы айшықты сөз амалдарының, көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасап, автор стилін анықтайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін баға беріп, идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазасыңдар;

✓ шығарманы көркемдік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазасыңдар.

Бала күнінен Абай өлеңдерін жатқа айтуға ынтық болған бала Мұхтар уақыт өте келе ақын поэзиясын, ол өмір сүрген дәуірді зерттеуге ден қойды. Нәтижесінде ақын мұралары туралы зерттеулер мен бір дәуірдің шындығын арқау еткен кең көлемді эпикалық туынды жазылды. Жазушы романда сол дәуірді шынайы қалпында бейнелеп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің көркем шежіресін жасады. **Ғасырлық туынды** «Абай жолы» роман-эпопеясы ретінде бағаланып, қазақ ұлты мен ақын Абайды әлемге танытты.

Осылайша қазақ халқының этнографиялық тарихын жасаған, әлем классиктерінің оң пікірін алған эпопея әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің қатарына қосылды.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ**(1897–1961)**

Ұлт туралы толық та, тұтас түсінікті бізге жазушының өнері береді... Мұхтар Әуезов өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы түсінігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың жұпар ауасын жұтып, қазақ болып кеткен тәріздімін...

Константин ФЕДИН

Өмірі мен шығармашылығы. Көрнекті жазушы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келді.

Ел ішіндегі ауыздан-ауызға тараған ертегі-жырларды, аңыз-өңгімелерді жатқа айтқан бала жастайынан әдебиетке құмарлығын танытады. Алғашында Семей қаласында медреседе, одан кейін бес сыныптық орыс мектебінде білім алған ол 1915–1919 жылдары мұғалімдер семинариясынан дәріс алды. Осында жүріп 1917 жылы халық аңызы негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды. Оның осы пьесасы драматургиядағы тырнақалды туынды болса, 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» өңгімесі проза жанрындағы тұңғыш шығармасы еді. Алғашқы қадамын екі жанрда қатар басқан оның жазушылық жолы осылай басталды. Аталған екі шығарма жазушының әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін байқатты. «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңлік пен Кебек арасындағы үлкен сезімнің трагедиялы жағдайға ұшырауын нанымды бейнелеген жазушы авторлық ұстанымын Абыздың аузына салуда ұтқырлық танытқан. 1918–1919 жылдары жазылған «Ел ағасы», «Бейбіше-тоқал» пьесалары ел арасына кеңінен тарап, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жастардың драмалық үйірмелерінің репертуарынан үлкен орын алды. Жазушының прозалық, драмалық шығармаларына сол тұстағы ел ішіндегі толғағы жеткен мәселелер арқау болды. «Қорғансыздың күні» өңгімесінде қазақ арасындағы қайғылы хал суреттелген. Атқамінерлердің бас иесінен айрылған қаралы шаңырақтың мүшкіл халін көре отырып, бар үміт артар жас періштесіне жасаған айуандығын бейнелеу арқылы сол тұстағы өмір шындығын қазақ әдебиетіне алып келді. Осы шығармалар жазушының қандай тақырыпқа да еркін бара алатынын, өмір шындығын шынайы бейнелейтінін, көркем шығармаға төн талаптарды





Жас Мұхтар, 1925 ж.

шебер игере алатындығын байқатты. Болашақ жазушының қадамы осылайша сәтті басталды.

М.Әуезов Семейде, Орынборда өртүрлі қоғамдық қызметтер атқарып, Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста болды. Болашақ жазушы 1923–1928 жылдары Ленинград университетінің тіл мен әдебиет факультетін бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия университетінің шығыс фольклоры бойынша аспирантураға түседі. Бұл – қазақтың оқыған зиялы азаматтарының Ташкентке топтаса бастаған кезі еді. Өртүрлі саяси айыптармен қудалау көрген ол 1930–1932 жылдары Алматы қаласында қамауда отырады. Тар қапастан ашық хат жазу арқылы құтылады.

Шығармаларының жинағы 1967–1969 жылдары 12 томдық, 1979–1986 жылдары 20 том-

дық болып жарық көрсе, 100 жылдық мерейтойы қарсаңында 50 томдық академиялық ғылыми жинағы 2011 жылы толығымен қолға тиді.



1. Жазушының 50 томдық шығармалар жинағы қашан, қайда шықты?
2. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты туралы білесіңдер ме?
3. Жазушы тұрған үй қай жылы мұражай болып ашылды? Ол қай қалада?
4. Жазушының тырнақалды туындыларын атаңдар.
5. М.Әуезовтің өмірбаянын айтып беріңдер.

Көркем шығармалары



Эпикалық «Абай» романы – ХХ ғасырдағы ең мәнді романдардың бірі.

Луи АРАГОН

Жиырманшы жылдардан бастап әдебиетке белсене араласқан жазушы қаламынан өртүрлі тақырыптарды арқау еткен неше алуан туындылар туды. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» өңгімелері мен «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерін жазды. Бұл жылдардағы өңгімелеріне жазушы қорғансыздар өмірін, әйел теңдігін, отаршылдық зардаптарын, оқығандар өмірін арқау етті. «Қорғансыздың күні» (1921), «Жетім» (1925) өңгімесі аянышты өмір көрінісіне арналған. «Қорғансыздың күні» бейкүнә Ғазизаның Ақан болыстың қорлауына төзе алмай, өз басын еріксіз өлімге тігуімен аяқталса, «Жетім» өңгімесіне қорғансыз, жетім бала өмірі арқау болған. Өңгіменің негізгі кейіпкері Қасым –



жуандардан жапа шегіп, жас өмірін қой соңында өткізіп, ішер тамақ, киер киімге зар болып жүрген бейкүнә жан. Бұл өңгімелердің идеясы – теңдік, бостандық, бақыт. Осы жылдары жазылған өңгімелері мен «Бейбіше-тоқал», «Қарагөз» сынды драмалық туындыларында кез келген мәселені типтік дәрежеге көтере алатындығын байқатты. «Бейбіше-тоқал» драмасы мен «Қарагөз» трагедиясында сол тұстағы аса өзекті мәселенің бірі әйел теңдігі баяндалады.

«Қараш-қараш оқиғасы» тарихи оқиғаға құрылғандықтан, негізгі кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жұматай өмірде болмаған әдеби кейіпкер болса, Жарасбай – Шығыс Талғар болысы Саймасай Үшкөмпіров. Ал Сәлмен – өмірден алынған дерегі бар болыс. Оқиға Іле Алатауының солтүстік-шығысында өткен. «Қайран, Тектім-ай!.. Алпамсадай арысым едің... Қаңбақтай жеп-жеңіл боп қаусап қалғаның-ау! Қолыма салмағың білінсеші» деп ауру жігіттің төсегін ағасы мен жеңгесі жайғап жүргенінен басталады да, Тектігүлдың: «Кегім... кегім!..» деген шерінен оқиға өрбиді. Шығармада Тектігүл жуандардың тепкісінен өледі. Дауылды күні ығып кеткен қойдың артынан шықпадың деп Сәлмен соққыға жығады. Барымтаның құрбаны болған Рысқұл бейнесінен қанаушыларға деген наразылықтың шегіне жетуін көреміз.

М.Әуезов – қазақ драматургиясының қалыптасып, дамуына мол үлес қосқан драматург. Оның қаламынан туған «Бейбіше-тоқал», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Түнгі сарын», «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада», «Ақан-Зайра», «Бекет», «Дос – Бедел дос» сынды драмалық туындылар – қазақ драматургиясын мазмұны мен түрі жағынан байытқан шығармалар. Бірде махаббат, бірде өнер, бірде тарихи тақырыпқа барып, енді бірде бүгінгі замандас бейнесін жасай білген драматург бір-бірін қайталамайтын әр алуан кейіпкерлерді қазақ сахнасына алып келді. «Хан Кене» пьесасында Кенесары бастаған көтерілістің Жетісу өңіріне келіп, Алатау баурайындағы сәті суреттелсе, «Қилы заманда» 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы ел өмірінің шынайы картинасы жасалды. Жазушының отызыншы жылдары қудалауға түсуіне «Хан Кене» мен «Қилы заман» шығармаларында өмір шындығының шынайы бейнеленуі де себепкер болды. Себебі осы шығармаларға тыйым салынып, «Хан Кене» 1981 жылы шыққан 20 томдыққа енсе, «Қилы заман» повесі алғашқы басылымнан кейін ұзақ жылдар жарияланбады. Тек 1972 жылы «Новый мир» журналында басылып, онан кейін неміс тілінде жарияланғаннан кейін ғана жариялану мүмкіндігіне ие болды. Осындай мысалдар жазушы шығармаларының кеңестік әдебиеттің тарихи тақырыпқа бару, өмір шындығын шынайы бейнелеу туралы талап-тілектерінен шығып кеткендігін байқатса керек.





И.Исабаев. Мұхтар Әуезов, 1967 ж.

1916 жылғы халық көтерілісіне 1934 жылы жазылған «Түнгі сарын» атты пьесасында қайта оралды. Жазушы осымен бірге отызыншы жылдары «Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бүркітші» еңгімелерін жазды.

«Абай жолы» арқылы қазақ халқын әлемге танытқан қаламгердің өмірінің соңғы жылдарында жазылған «Өскен өркен» романы – жазушының бүгінгі замандас бейнесін жасай білген кесек туынды.

Қаламгердің қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегінің бір қыры оның зерттеу еңбектерінен байқалады. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау сынды іргелі мәселелер М.Әуезов есімімен байланысты. Жиырмасыншы жылдардан бастап қоғамдық қызметтерге белсене араласқан жазушы ел өміріндегі өзекті мәселелерді мерзімді басылым беттерінде көтере білді. Сонымен бірге ұлттық әдебиеттану ғылымының фольклор, әдебиет тарихы, кеңес дәуіріндегі әдебиет тәрізді жекелеген салаларына да қыруар еңбек сіңірді. Оның «Эпос және қазақ халқының фольклоры» (Л.Соболевпен бірігіп жазған), «Қазақ эпосы және революцияға дейінгі фольклор», «Ертегілер», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айтыс» сынды еңбектері – қазақ фольклортануына қосылған қомақты дүниелер. 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» мен «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3 том, 6 кітаптан тұратын ұжымдық еңбектің фольклорға арналған I томы) атты іргелі зерттеулері мен Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектері, қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан ақын-жазушылардың мұралары жөніндегі тың тұжырымдары – қазақ



өдебиеттану ғылымына қосылған соны үлес. «Өдебиет тарихы» еңбегі ХХ ғасыр басында жазылғандығымен құнды. Зерттеуші мұнда ауыз өдебиеті үлгілерінен бастап, ХVІІІ–ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясына дейінгі аралықтағы қазақ өдебиетіне толық зерттеу жасады. Ауыз өдебиеті үлгілерін мазмұны мен түріне қарап жіктей отырып, Абайға дейінгі қазақ поэзиясындағы дәстүр жалғастығын көрсете білді. А.Құнанбаевтың көркем бейнесін қазақ өдебиетіне алып келген қаламгер ақын мұрасының зерттелуіне де ерекше үлес қосты. Жиырмасыншы жылдардан бастап жазылған шағын мақалалар легі жинала келіп, үлкен зерттеулерге ұласты. Ғалымның «Абай Құнанбайұлы» монографиясы – қазақ өдебиеттану ғылымында жекелеген ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын зерттеудің үлгісін қалыптастырған еңбек.

Ол – қазақ өдебиетін ғана емес, түркі халықтарының мұрасына зор құрметпен қараған білікті өдебиетші. Оның бір мысалы – қырғыз халқының «Манас» жыры. Кеңестік дәуір тұсында екіұдай тартысқа түскен шығарманың бірден-бір жанашыры да, оны арашалаушы да М.Әуезов екендігі тарихтан белгілі.

Қазақ өдебиеті мен қазақ халқын әлемге танытқан дарынды жазушы қаламынан туған озық үлгідегі шығармалар – қазақ өдебиеті ғана емес, әлем өдебиетіне қосылған үлкен қазына.



1. Тыйым салынған «Қилы заман» повесінің жарыққа шығуына кімдер көмектесті?
2. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы қандай халық ақындарының шығармалары бар?
3. М.Әуезовтен кейін Қарқарадағы Албан көтерілісі деген атпен тарихта қалған осы көтеріліс туралы роман жазған жазушы бар ма? Болса ол кім?
4. Жазушының өңгімелеріне қандай тақырыптар арқау болды?
5. М.Әуезовтің қазақ драматургиясына қосқан үлесі қандай?
6. Жазушының өдебиеттану ғылымына қатысты ғылыми еңбектерін атаңдар.



Роман мен роман-эпопеяға қатысты теорияны өдебиеттану сөздігінен қарастырып, ерекшеліктерін ажыратыңдар.

Роман	Роман-эпопея



1. Шығарманың «Абай жолы» деп аталу себебін түсіндіріңдер.
2. Роман-эпопеяның бөлімдерінің атауына мен беріңдер. Бөлімдерді «Қайт-қанда», «Тайғақта», «Қат-қабатта», «Жайлауда», «Жолда», «Еңісте», «Шытырмаңда», «Оқапта», «Бел-белесте», «Асуда», «Өрде», «Тарауда», «Қияда», «Биікте» деп атаудағы жазушының философиялық мақсат-мұраты не? Болжам жасап көріңдер.



Мұхтар Әуезовтің «Мен Абай туралы қалай жаздым?» мақаласымен танысыңдар. «Абай жолының» жазылу тарихы туралы жазушының ұсынған деректерін жинақтап, сыныпта талқылаңдар.

«АБАЙ ЖОЛЫ» роман-эпопеясы

БІРІНШІ КІТАП

Қайтқанда

1



Алты жасар шағымда үлкен әкемнің киіз үйінде бір күні қағазға жазылған өлең көрдім. Үлкендер әндетіп, бала атаулы өзіміз шырқатып жүрген ән сөзі қағаз жүзіне үнсіз, жым-жырт қонып жатыр дегенге таң болдым. Атам бұл сөз Абай ақын өлеңі дегенде, әсіресе қайран қалдым.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Отызыншы жылдары Абай мұрасы шырғалаңға түсіп, кереғар пікірлер айтылып, қоғамдық өмірде қызу дау-дамай жүріп жатқанда ақын мұрасын арашалауға ат төбеліндей адам қатысты. Сол топтың бел ортасында М.Әуезов те болды. Жазушы ақын бейнесін қазақ әдебиетіне алып келу мақсатында 1937 жылы «Татьянаның қырдағы әні» мен 1939 жылы Л.Соболевпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазып Мәскеуде бастырып шығарды. Бұлардың қатарын жазушының кейінгі жылдары жазған зерттеулері мен роман-эпопеясы, опера либреттосы мен киносценарийі толықтыра түсті. Абайдың Пушкинмен рухани байланысын көрсету мақсатында жазылған «Татьянаның қырдағы әні» көпшілік ықыласына бөленді. Кейін бұл «Абай жолы» атты роман-эпопеясының бір тарауы қызметін атқарды. Жазушы жазба поэзияның негізін қалаушы ұлы ақынның сом тұлғасын жасауға жиырма жылдай уақытын арнады. Осы қыруар еңбегі еленіп алғашқы екі кітабы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Луи Арагон, Андре Стиль, Николай Погодин, Бенжамен Матип, Николай Тихонов, Александр Фадеев, Альфред Курелла, Константин Федин сынды қаламгерлер тарапынан жоғары бағалануы шығарманың құнын арттыра түсті.



Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда өкең тұр... Сөлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4-5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар төрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр.

Тірек сөздер

шеше
өке
бала
атшабар
бетінен сүйі
өже

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді.

Кекету ме? Жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білімің де өсті ме?

Бала ес білгеннен бері қарай өкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Өкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін өке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, өке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәрiс тамам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

Өкесінің қасында тұрған Майбасар мен соның атшабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі. «Төрт тоқал» туысқандарының бір тоқалынан осы Майбасар. Бұны биыл Құнанбай өзі ағасұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Өлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгін оны қорқытқанын әңгіме қып жатты. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Бізғұттының қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді.

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді – Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп паңдана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, өнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.

Лұғат

Бақташы(дай) – 1) мал бағушы, малшы; 2) ауыспалы мағынасында бағып-қағушы, тәрбиелеп-өсіруші; 3) қорғаушы, қамқоршы. *Бұл жерде:* ауа райын бақылап отыратын, алдын ала болжау айтатын қария.

Фатиқа – Құран Кәрімнің бірінші сүресі. *Бұл жерде:* бата, тілек.

Атшабар – көне сөз: ұлықтың би-болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман.



1. Абай Құнанбаев туралы қандай шығармалармен таныссыңдар?
2. Абайдың туып-өскен өлкесі туралы не білеміз? Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ деген жерлерде болдыңдар ма?
3. «Бөрінің бөлтірігі» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Жеңгелерінің Абайға қойған аты кім?
5. Құнанбай мен Ұлжанның балаға деген салқындығын қалай түсіндіресіңдер?
6. Бала Абай қайдан білім алып келді?



1. Абай мен Құнанбай бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестерін жинақтап, «Екі жақты күнделікті» толтырыңдар. Бұл бөлім Құнанбай мен Абай бейнесіне қатысты қандай пікір қалыптастырды?

Кейіпкерлер	Кейіпкер бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестері	Неліктен бұл сөзді жаздыңдар? Қандай ой тудырды?
Құнанбай бейнесі		
Абай бейнесі		



2. Роман-эпопеяда Құнанбайдың ауылы, Ұлжан мен Айғыздың ауылы қалай сипатталған? Осы ауылдардың көрінісін суретке түсіріңдер. Толық мәліметті хрестоматиядан «Қайтқанда» бөлімінен табасыңдар.

Тағылым тамшылары

Құнанбайдың шешендігі

Тобықты елі мен Қаржас елі арасында жер дауы шығып, оның аяғы үш-төрт жылға созылыпты. Айтылған бітімге екі жағы келісе алмай наразы болып, жоғары жаққа шағынып, билікті бұздыра беріпті. Сөйтіп, бұл дау төтенше съезге түсіпті. Онда тобықтылар атынан Құнанбай би, Қаржас жағынан Шорманның Мұсасы сөз сайысына түсіпті. Екі би біраз салғыласып, бір бітімге келе алмапты.

Мұса кезекті бір сөзінде: «Менің ата-бабама бақыт қонған, біздің мәртебеміз биік, салмағымыз басым, байтақ жатқан елім бай, көгөрай шалғын жерім бар, шалқып жатқан көлім бар...» – деп, өзінің байлығын термелеп, мақтана беріпті. Сонда Құнанбай оған былай депті:

Пұт болдым деп мақтанба,
Пұттан ауыр батпан бар.
Биікпін деп мақтанба,
Асқар-асқар таулар бар.
Ар жағында аспан бар.
Басыма бақыт қонды деп,
Тосылмаймын енді деп,
Алдаушы жалған дүниеге,
Ғалып болып азбаңдар,
Қарсы келген дұшпаның,

депті ел.

Басын келіп изесе,
Оған да қыл бостандық,
Аяққа салып баспаңдар.
Бақ тайса ажарыңа қарамайды,
Біреуді біреу сырттан табалайды,
Басыңа қарапайым бір іс түссе,
Қылды деп білместікпен шамалайды.
«Адам басы Алланың добы» деген,
Дәм тартса әр тарапқа домалайды.
«Бәрекелді, Құнекең тауып айтты», –

Даланың дара ділмарлары. Алматы: Қазақстан, 2001.



1. Бөлімде қазақ халқының дәстүрлі отбасылық құндылықтары қалай көрініс табады? Жазушы қазақ шаңырағына ғана төн туыстық қарым-қатынас, бауырмалдық, мейірім секілді қағидаларды қалай жеткізе білген?
2. «– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағында өкең тұр... Сәлем бер!» деген Ұлжанның сөзінен қандай қорытынды шығарар едіңдер? Осы көріністегі ұлттық және жалпыадамгершілік құндылықтар өлем халықтарының отбасылық дәстүрінде қандай сипатқа ие? Салыстырмалы талдау жасап, ой бөлісіңдер.



1. Мәтінмен танысып, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.
 - а) Сөз сайысында Құнанбай дауды қалай шешті? Құнанбай сөзінің салмағы неліктен басым түсті? *Ділмар сөздің мән-мағынасын ашыңдар.*
 - ә) Римдіктер «адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті күш бар: бірі – қолбасшылық, екіншісі – шешендік» деп түсінген. Құнанбайдың ел басқару ісіне сөзге шешендігі, тапқырлығы қаншалықты ықпал етуі мүмкін. «Абай жолы» роман-эпопеясынан мысал келтіріп, дәлелді жауап беріңдер.
2. Жұмабайдың Абайды «бөрінің бөлтірігіне» теңеуі неліктен? Осы эпизодты хрестоматиядан тауып оқып, топта талқылаңдар. Абайға қатысты Жұмабай сөзінің мәнін түсіндіріңдер.

Қайтқанда

2



«Абай» романдарындағы ұлттық тұлғаның биік үлгілерінің бірі – Құнанбай. Ол – Абайдың жас кезіндегі қазақ қоғамының ең ірі қайраткері, феодалдық құрылыс пен әдет-салттың мықты тірегі, оны күшпен қорғаушы. Өмірдегі Құнанбай мен романдағы әдеби образға айналған Құнанбайдың айырмашылықтары жөнінде қазір арагедік сөз болып қалып жүр. Әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мұндай әңгіме жиі естіледі. Көркем шығармада ондайлар бола беретіні даусыз...

Серік ҚИРАБАЕВ

Құнанбай Өскенбайұлы 1804–1886 жылдары өмір сүрген. 1849–1853 жылдары ағасұлтан болған. Ол – Қарқаралыдан мешіт салдырған қажы. Оның атының шығуы – Көкшетауда әкесі Өскенбайға ас беруі. Романдағы Құнанбай – сан қырлы күрделі характер. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін Құнанбай бейнесі біржақты бағаланғаны белгілі. Алайда жазушы Құнанбай бейнесін жан-жақты ашуға ден қойды. Романда болыс, ағасұлтан болған Құнанбай өз заманынан оза туған, болашақты болжай білген жан ретінде бейнеленген. Ол жөнінде поляк халқының көрнекті демократ-революционері, көсемсөзші Адольф Янушкевичтің: «Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таңғаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады», – дейтіні бар. Осының өзі-ақ, Құнанбайды ісі қазақ қана емес, өзге ұлт өкілдері де құрмет тұтқанын байқатады. Бұл жолдардан оның өмірден тоқығаны көптігі, көп білетіндігі, заң-законды жан-жақты игерген терең қабілеті көрініп тұр.

Құнанбайдың көрегендігінің бірі – Абайды Семейге медресе беріп, оқу-білімнің заманы келе жатқанын алдын ала түсінуі. Құнанбай мен Абай бейнесінің толығы түсетін тұсы – Қодар-Қамқа өлімі. Бұл оқиға Құнанбай қатыгездігін танытса, Абайдың өмір, қоғам туралы көзқарасы қалыптасып, әке ісіне сын көзбен қарай бастайды. Қазақ тарихында кездеспеген, адам айтса нанғысыз жайтқа аузы дуалылардың барлығы дерлік шешім таппай тығырыққа тірелгенде, Құнанбай дін жолына сүйенеді. Бұл да оның қысылтаяңда жол таба білген данышпандығы деп түсінгеніміз абзал. Құнанбайдың тағы бір қыры Меккеге барып мінажат етіп келуімен толыққан. Енді ол пендешіліктен жоғары көтеріліп, имандылыққа бет бұрады. Оны автор Құнанбайдың көпшілікке араласпай, Аллаға мінажат етіп отыруымен суреттеген. Ислам діні – гуманизмнің бастау бұлағы болса, Құнанбай өмірінің соңы дінге бет бұруымен ерекшеленеді.



Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі өдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет төрізденетін. Әсіресе өжімі мол үлкендер пішіні бір қызық

Тірек сөздер

өдет
қызық сурет
бөрінен сұлу
сыр бермеу

хикая төрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я, селдір тоғай ма? Не көде-көкпек пе?

Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бөріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады.

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні – көп кездесетін, өңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бөрінен де сұлу. Бетінде әжімі де аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе – бұның бітікшелеу, кішкене келген көздері.

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты.

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал. Қызыл жүзді, жирен сақалды Байсалдың денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері – әрі сыр берместей сабырлы.

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағылезі Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.



Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласындағы
Құнанбай қажы мен бала
Абай ескерткіші

Үлкендер тобына бір жақтан, әкеден төмен отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы төріденіп, барынша бой салып қарап отырған – ана шеттегі жас жігіт Жиренше.

Бұл – Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқаның баласы. Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. Ол әңгіме атаулыны көп біледі. Қызық қып айтады. Өзі күлдіргі. Абайды еркелетіп те қоятын кезі бар-ды. Қазіргі осы жиында Абайдың оңаша кездесуді іздейтін жалғыз ыңғайлы көрер адамы осы.

Бірақ оның шыны ма, я әдейі үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір, қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты.

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ. Өзге отырғанның барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп қозғалақтап, ырғалып қалысты.

– Ендеше өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тас түйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді.

Отырғандар осы күйді танып қалды. Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда қайта оралар қайырымы жоқ, оны бәрі біледі.

Лұғат

Көде – 1) сұлы тұқымдас өсімдіктердің бір түрі; 2) бір байлам, бір буда бау; үйілген шөп, мая.

Көкпек – шөлді жерде өсетін ащы, қатты шөп.

Шұңет – 1) ойыс, ойдым жер, шұңқыр; 2) ауыспалы мағынада түбі, тереңі; 3) ішіне кіріп кеткен, шүңірейген. *Бұл жерде:* шұңет емес деген мағынада.

Келе – 1) келешілердің бәйге атына жаңашалап қосылатын жері; 2) бір топ түйе, бір қора түйе; бір үлектің не бураның үйірі; 3) ел арасы, көп іші, орта; 4) жиын, кеңес. *Бұл жерде:* үшінші мағынада.



1. Жазушы Құнанбай бейнесін не үшін біржақты, яғни жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген?
2. Құнанбайдың Қодар мен Қамқа оқиғасына жасаған шешімі дұрыс па?
3. Романдағы және «Құнанбай» фильміндегі Құнанбай бейнесін салыстырыңдар.
4. «Құнанбай» фильмі туралы не білеміз?



1. Әкесінің Абайды адам тағдыры талқыға түсіп жатқан жиындардан қалдырмаудағы көздегені не? Үй ішінің сүреңсіз келбеті мен Құнанбай портретін Абай сезімі арқылы берудегі жазушының мақсатына талдау жасаңдар.

2. Автор суреттеуі бойынша Құнанбайдың портретін салындар. Салған портреттерінді көркемсөз оралымдарын қолдана отырып сипаттап, сыныпқа таныстырындар.



1. Кейіпкерлердің портретін беруде автор қолданған айшықты сөз амалдарына талдау жасаңдар. Автор стилін анықтаңдар.

Ажарлау мен құбылтудың қолданысы	Қызметі

2. Төменде берілген екі пікірдің қайсысын қолдайсыңдар? Пікірталас ұйымдастырыңдар. Өз ұстанымдарыңды дәлелдендер.
- а) «Мен көк ит болсам, сендер көп итсіңдер. Жабылдарсың, таласарсың да жерсің». Қодар мен Қамқаға жасалған жаза өділетсіз;
- ә) «Жазасы – шариғат жолы. Шариғат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ» деген Құнанбайдың үкімі дұрыс.



Тағылым тамшылары

Құнанбай қажы мен хәкім Абай ескерткіші

Құнанбай қажы мен хәкім Абай ескерткіші «Арқаның алтын тәжі» атанған Қарқаралыда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ашылған. Ескерткіште шәкірт Абайдың медреседегі оқуынан келіп, әкесімен көрісу сәті бейнеленген. Бұл көрініс «Абай жолы» романында «– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ күдік пе? Немесе жай білгісі келгені ме? Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды ұнатпайтын әке мінезі Абайға мәлім» деп берілген.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Мәтінді оқып, тапсырмаларды жазбаша орындаңдар.

- а) Құнанбай тәрбиесінің Абайдың тұлға болып қалыптасуына тигізген әсері жөнінде пікір алмасып, тұжырым жасаңдар.
- ә) Құнанбайдың қажылыққа баруы, Қарқаралыда мешіт салдыруы жөнінде кітаптардан, ғаламтор көздерінен мәлімет жинақтап, осыған қатысты өз бағаларыңды беріңдер.



«Қайтқанда» бөліміндегі кейіпкерлер бейнесін топта талдап, шығармадағы орнына баға беріңдер. Төмендегі кестені пайдаланыңдар. Хрестоматиядан осы бөлімді толық оқып, қажетті үзінділерді жинақтаңдар.

1-топ. Байтас пен Жұмабай бейнесі.

2-топ. Байсал мен Бөжей бейнесі.

3-топ. Сүйіндік пен Майбасар бейнесі.

4-топ. Жиренше мен Қаратай бейнесі.

Кейіпкер	Портреті, мінез-құлқы	Шығармадағы орны
Байсал		



Шытырманда

1



Зере – әжелердің үлгісі; салқынқанды сарабдал, сабырлы ақыл иесі Ұлжан – аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін... ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жегіттің нақсүйер сұлу жарының үлгісі...

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

Романда бір-біріне мүлде ұқсамайтын әртүрлі жастағы кейіпкерлер қатары жеткілікті. Сан алуан әйелдер бейнесін жасауда жазушының көп еңбектенгені рас. Автор Зере мен Ұлжан бейнесін ел анасы дәрежесіне көтерген. Олар жоғары оқу орнын бітіріп, қолына диплом алмағанмен, халық университетінен өткен жандар. Абайдай бала тәрбиелеген аналардың өмірден тоқығаны мол. Дара ақынның қалыптасуына да аналар тәрбиесінің септігі жетерлік.

Зере әженің ел іргесінің сөгілмеуін, ағайын арасының алшақтамауын күзеткені Бөжей асы тұсында даралана түседі. Кәмшат оқиғасына қатысты Құнанбайды сөзбен тоқтатуы – ел басқарған баласының үстіне әмірін жүргізуі. Ал оның бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарауы немересі Абайға қатысты оқиғалармен толықты.

Романда Күңке, Айғыз, Ділделар бейнесі толық ашылған. Мәселен, Айғыз бейнесі Камшат оқиғасына қатысты толықса, Ділде Әбіш пен Мағаштың қайғылы қасіреттері тұсында дараланған. «Аталатсаң да, боталатпа» деген қазақ даналығы, екі бірдей балапанынан айырылып, аңырап қалған қасіретті ананың шерменде күйімен бейнеленген.

Үмітай, Керімбала, Салиқалар тағдырлас болса, Нұрғаным, Салтанат, Қуандық бейнелерінде ұқсастық бар. Жазушы әрбір кейіпкердің өзіндік ерекшелігін сөйлеген сөздері, істеген істері, өмір туралы көзқарастарымен дараландыруда шеберлік танытқан. Кейіпкерлер бойындағы психологиялық иірімдер шаттық пен қуаныш, қайғы мен қасірет тұсында айшықтала түскен.



Абай Қарқаралыдан қайтқан соң атқа мініп, ел аралаған жоқ. Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды. Медреседен қайтқалы кітапқа анықтап оқталғаны осы еді. Арап, парсы тілін, бірталай сөздерін ұмытыңқырап, қарайып қалған екен. Алғашқы бір жұмадай Ғабитханның төпсіріне қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды. Содан өрі мұның қолына түскен әрбір қалың кітап соншалық бір қатты сағынып жолыққан ыстық, қымбат досы тәрізді болды. Ғабитхан да кітап оқығыш болатын. Соның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Абұлқасым Туси-Фирдоуси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар бар. «Жәмшид», «Сеидбаттал Ғазі», «Мың бір кеш», «Табары жазған тарих», «Жүсіп-Зылиқалар», «Ләйл-Мәжнүндер», «Көрұғлы» сияқты



хикая дастандар да бар. Абайдың бас алмай оқығандары осылар. Аздаң соң, кешкі шайдан асқа шейінгі мезгілде Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішіне әдемі өңгіме қып, айтып беріп отыратын әдет тапты. Бұған әжесі себеп болды.

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айырылма! Ұқсама аналарға!.. – деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша өңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тыңдайтын. Анда-санда Айғыз да кеп естуші еді. Ол Кәмшат кеткелі қатты жүдеу. Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді. Үнсіз уайымдаған ана қаралы. Абай бұл шешесінің күйін қабақпен таниды. Ол келген кештерде өңгімесін ерекше ықыласпен айтады.

Абай өңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер боп барады. Ғабитхан тіпті өзі оқып шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда, бар пейілімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын.

Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бөрі тегіс оқылып, бар өңгіме айтылып қалды.

Тірек сөздер

кітап
дастандар
ала қағаздар
тыңдау
Айғыз

Лұғат

Тәпсір – діни сөз: Құрандағы ұғымдар мен ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін анықтама, түсініктеме.



1. Құдалық, қалыңмал, жасау, енші, елеулі күндер, мүшелге қатысты ертеден келе жатқан салттарға қатысты сөздер мен таным-ұғымдарға қатысты не білеміз?
2. Абай кімдердің және қандай шығармаларды оқыды?
3. Айғыздың жүдеп кетуінің себебі неде?
4. Абайдың дастандарды бар ықыласымен өңгімелеуіне кімнің сөзі демеу болды?



Төменде берілген кестені толтырып, өңгімеші Абайға сипаттама беріңдер. «Жер – өңгімеші, жер өңгімеші болған соң ел өңгімеші» деген М.Әуезов сөзінің Абайдың бейнесімен байланысы жөнінде ой өрбітіңдер.

Өңгімеші кейіпкер сипаты	Кейіпкер сипатына байланысты шығатын тұжырым



Шығыс өдебиетінің жауһарларынан сусындаған бала Абайдың білімге, дүниені тануға деген қызығушылығы байқалатын үзінділерді жинақтаңдар. Абай

дүниетанымын берік қалыптастырудағы алғашқы сатылардың бірі осы шығыс әдебиеті екенін қарасөздерінде айтылған оймен байланыста талқыландар.



Қазіргі таңда жастардың көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығы қандай? «Жастар кітап оқымайды» деген пікірмен келісесіңдер ме? Осы сұрақтарды топта талқылай отырып, жастар арасында кітап оқу дәстүрін дамытатын оқырмандар клубының жобасын құрыңдар.

- Жобаның тақырыбы
- Күтілетін нәтиже
- Жобаның мақсат-міндеті
- Жүзеге асыруға қажетті құралдар
- Жобаның өзектілігі

Шытырманда

2



«Алғашқы махаббаты – Тоғжанға байланысты сезімдер бітпес шердей, ескі айықпас дерттей Абайды сан рет тебіреніске түсіреді. Ақжарқын, ашық мінез ақын қыз Қуандық та, ерекше сәнді, саналы сұлу Салтанат та Абай жүрегіне өзіне біра алмайды. Ол Әйгерімге Тоғжанның баламасы көріп, өкінішті арманын орындамақ ниетпен үйленеді».

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

Абай әке тапсырмасымен Сүйіндік ауылына барғанда Тоғжанды кездестіреді. Бозбала Абайдың жүрегінен үлкен орын алған Тоғжан – оның алғашқы махаббаты. Екеуі де бір-біріне бір көргеннен ғашық болғанмен, тағдыр оларды қоспайды. Абай Ділдәға, Тоғжан Аққозыға атастырып қойғандықтан, жастар ата салтын бұза алмайды.

Жазушы Абай мен Тоғжан арасындағы махаббатты суреттеуде күйініш, сүйініш сезімдеріне ерекше көңіл бөлген. Автордың психологизмді терең игергені жастардың сезім күйлерінен аңғарылады. Сондай есте қаларлық кездесудің бірі – Абай мен Ерболдың Тоғжанды іздеп баруы болса, келесісі – Бөжейдің қаралы көші. Алғашқы кездесулер мен соңғы кездесу бір-біріне қарама-қарсы суреттелген. Бұл жолы жазушы Тоғжанның мұңға толы шерлі келбетін қаралы көшпен аастастыра бейнелеген. Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» және т.б. махаббат лирикаларының дені Тоғжанға арналғанына романда қаныға түсеміз.

Абай – Салиқа, Мәкен дауының сәтті шешілуіне басты себепкер жан. Романдағы Абай – Тоғжан, Абай – Әйгерім, Балағаз – Керімбала, Дәрмен – Мәкен арасындағы махаббат шынайы сүйіскен жастардың сезім күйлерін танытады.



«Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой».

Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар – жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ, мол сезім. Соның шалқи түсіп шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіреді.



Тірек сөздер

сезім
Тоғжан
жан жары
шолпы
сыпайылық

«Нені айтады?» Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?»

Бойына тоңазығандай бір діріл пайда болды. Себепсіз дірілдейді. Жүрегі де тулап кеп, өз-өзінен қысылып, шаншып кеткендей.

«Таң... жүрек таңы... Сол таңым сенсің бе? Жарығымбысың, кімсің?»

Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі жас баланың етіндей!..

Шынымен бар жанымен құлай табынған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған ең алғашқы «ғашығым» деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді.

Ойша екі-үш ауыз махаббат сөлемін айтып шықты. Бір түрлі оңай, рақат боп өз-өзінен құйылып тұрған тәрізді. Бірақ сол кезде Қарабас үйге қарай шақырды. Екеуі тыста жалғыз қапты. Абай үйге таман келе жатып, жаңағы өлеңін қайта есіне түсірейін деп еді, «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!» дегеннен басқасы есіне өзр қайта түспеді.

Қарабас пен Абай үйге кіргенде, Сүйіндік пен бейбішесі биік төсекке жатып қалған екен. Сарғыш шегірен шымылдық үлкендердің жататын орнын қоршап тұр. Кең үйдің төріне екі қонаққа арналып төсек салынып жатыр. Одан басқа өзге кісі жататын жай сезілмейді.

Тоғжанның өз үйі басқа ғой. Ол Сүйіндіктің кіші әйелі, Қантжанның қызы екен. Жаңа үйге кірген жерде Абайдың ойлағаны осы. Өйткені төсек салып жүрген – бағанағы шай құйған сары келіншек.

Абай төрге қарай қозғала беріп еді. Бір уақытта шегірен шымылдық толқып барып қозғалды да, есік жақтағы шетінен шолпы сылдыры естіліп, Тоғжанның әсем бойы көрінді. Қолына бір торғын көрпені алып, бері шығып келеді екен. Асықпай, тіпті ақырын қозғалады. Шолпысының ендігі сылдырынан өзі қысылған тәрізді.

Келіншек Абай жататын төсекті баптап салып болып қап еді. Тоғжан қолындағы торғын көрпені кеудесіне көтеріп, бауырына қысыңқырап тұрып, келіншекке әдеппен ғана бұйрық етіп:

– Аяғын, аяқ жағын биіктесеңші! – деді.

Абайға бұ да дәл өзіне ғана арналған, өзгеше ықылас сияқты көрінді. Бірдеме айтар еді... айтқысы кеп еді. Бірақ жүрегі лүпілдеп аузына тығылғандай боп, түк сөз таба алмады. Құр ғана қызарып қысылды да, сырт киімін шеше берді.



М.А.Казаров. Татьяна өмі,
1980 ж.



М.А.Касаров. Татьяна өні,
1980 ж.

Тоғжан ақырын, сыпайы ғана кеп, Абайдың төсегіне торғын көрпені жазыңқырап қойды да, есікке қарай қозғалды.

Үнсіз бейіл белгісіндей үлкен ілтипат жасады. Бірақ бары сол ғана. «Шын-ақ бары сол ма? Әлде, тіпті бар қонаққа істейтін дағдылы сыйлық сияқты ма? Сол ғой!» Үлкен үйдің есігіне жеткенше Тоғжан ақырын басып, келіншекті ертіп кетіп барады. Қайта бұрылмайды.

Дәл шығар жерде ғана өзінен бұрын есік ашқан келіншекті ілгері шығарып жіберіп, өзі бір түрлі сұлу қозғалыспен сырт айнала беріп, төрге таман ақырғы рет бетін беріп, үй ішінен сыртымен шықты.

Тоғжан есікке қарай қозғалғанда Абай қадалып, телміре қарап қалып бешпентін екі иығынан шеше беріп еді. Бірақ Тоғжан бір қарамағанға қайран боп, кеткенін қимағандай қалт тұрып қапты.

Енді Тоғжан есіктен шығар жерде бір сәтке көз қиығын тастағанда, Абайдың тапжылмай сілейіп тұрып қалғанын көрді. Бешпенті екі иығынан түсіңкірепті де, аппақ көйлегі ашылып тұр. Екі қолы бір нәрсеге таңғалғандай жазылып, ыңғайсыз түрде асылып қапты.

Лұғат

Шегірен – этнографиялық атау. Ешкі мен қой терісінен жасалатын, бетінде бұдыры бар жұмсақ былғары.

Шолпы – 1) алтын не күміс теңгелерден, қақталған алтын мен күмістен ою-өрнектеп, тізбелеп жасалған, шашқа тағатын моншақты, қоңыраулы әшекей; 2) сүзгі, кепсер, кәкпір, май шолпы. *Бұл жерде: бірінші мағынада.*



1. Романиан Абайдың махаббат туралы өлеңдерін жинаңдар.
2. Абай мен Ербол аң аулап жүріп қыстыгүні Тоғжанның үйіне тап болатын жерінен тапсырма беруге болады. Сен Абай болсаң не істер едің? Сен Тоғжан болсаң не істер едің?
3. Бөжейдің қаралы көшінде Абай мен Тоғжан кездесетін үзіндіні тауып оқыңдар.
4. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі қалай жазылған?
5. Тоғжанның жүріс-тұрысынан қандай мінезді байқадыңдар?



Психологиялық параллелизм ұғымына түсініктеме беріңдер. Үзіндіде кездесетін психологиялық параллелизмді анықтап, оның кейіпкер көңіл күйін ашудағы қызметіне талдау жасаңдар.



Абайдың Тоғжанға арнаған өлеңдерімен танысыңдар. Өлеңдерде заманның қатал қағидалары мен дәстүр-дәріптері дес бермей, дәрменсіздікке душар болған ақынның сезім машақатын бастан кешуі қалай жырланады?



Абай ақын Гете мен Пушкин поэзиясын сүйіп оқып, оларды қазақ тіліне аударған. Үш ақынның туындыларында ортақ стиль, мәнер, сарын бар. Ақындардың шығармаларымен танысып, «Ұлылар үндестігі» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіндер. Зерттеу нысаны: «Желсіз түнде жарық ай», «Татьянаның қырдағы өні», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б. шығармалары. Төмендегі үлгі-сызбаны пайдаланыңдар.

		
Пушкин	Абай	Гете
өлеңдері	өлеңдері	өлеңдері
Ортақ үндестік:		



Тоғжанның портреті берілген үзіндіні хрестоматиядан тауып оқып, топта төмендегі тапсырмаларды орындаңдар:

а) автордың сөз қолданысына талдау жасап, оны троп пен айшықтау түрлеріне ажыратыңдар;

Көркемдегіш құрал түрлері	Мысал	Қызметі

ә) Тоғжанның киім киісі, таққан өшекейлері, жүріс-тұрысы ерте заманнан бастау алатын қазақ қызының киім кию дәстүрінен сыр шертіп тұрғандай. Қазіргі уақытта ұлттық киімге халықтың сұранысы бар ма? Ұлттық киімдеріміз бен өшекейлерімізді насихаттау мен заманауи үлгіде сөнге айналдырудың жолын қарастырып, өз жобаларыңды ұсыныңдар.

Тағылым тамшылары

Абайдың мұраты

Әкенің еркі бойынша амалсыздан өнімсіз тартысқа араласқан Абай жігіт бола есейе түсіп, ес жия сол Құнанбайдай әкенің ісінен, бәсеке, бақталасынан торыға бастайды. Әділеті жоқ қатал әкенің көп талабына қайшы кеп, қарсы шығатын болады. Ел ішіндегі есесіз кім, мұңдар момын, жазықсыз кім, көп тілегін жыр қылып, қақпай тастай қағып-соғып, аунатып жеп жүрген жуандар кім, зорлықшыл қастар кім, соның бәрін ел қамырығынан, ел мұңдысынан ұғынып жүріп Абай әкесінен бөлек бет, бөлек мақсұт көздейді. Әкесі тапсырған көп істі оның еркінше шешпей, өзінің әділет ұғымы бойынша кесетін болады.

Әмірі қатал, суықбетті әке мен қайратты, әділ баланың екі арасында қайтып ұғыспастай қайшылық, қарсылық өседі. Осының арты барған сайын дами беріп, ақырында, әке мен баланың арасында араздық пен алыстау туады. Абай жиырма сегіз жасқа жеткенде, әке жолынан мүлде бөлініп, жаңғырар заманның жаңа жол іздер азаматы болуға бет қояды.

Әуезов М. *Абайтану дәрістерінің дереккөздері*. Алматы: Санат, 1997.



Мәтінмен танысып, тапсырмаларды орындаңдар. Хрестоматиядан Абайдың билікке араласуына қатысты эпизодтарды тауып оқып, шығармадан дәлел келтіріңдер.

- 1-топ. Абайдың билікке араласуына түрткі болған себептер.
- 2-топ. Ақынның сол кездегі ел билеушілер саясатына көзқарасы.
- 3-топ. Болыстық тақырыбы ақын өлеңдерінде.
- 4-топ. Абайдың ұстанымын жақтаушылар.

Өрде

I



Үлкенді сыйлап, құрмет тұту, бала туса, келін түсірсе шілдеhana, той жасау, өлікті құрметтеу, тағы басқа көптеген әдет-ғұрыптар, салт-саналар қай тап болса да қазақ халқының ерекше бағалаған қасиеттері.

Мырзабек ДҮЙСЕНОВ

Қазақ халқының елу жылдық тарихының көркем шежіресін жасаған романда Абай өмір сүрген дәуірдің көркем суреттері сол боямасыз қалпында бейнеленген. Романда ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың көптеп кездесетіні оның этнографиялық бояуының қалыңдығын байқатады. Осындай мысалдарды Бөжейдің артын күту мен Алшынбай ауылына барған құдалардың салт-жоралғыларынан көруге негіз бар. Бөжей өліміне қатысты жоқтау, өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беруден қазақ халқының қазаға байланысты ғұрыптарын көрсек, Ділдеға ұрын барғандағы құда түсу, киіт кию, қыз ұзату, ілу жасау тәрізді жоралғылар мен үйлену салтына қатысты ырымдар суреттелген.



Абайлар Алшынбай ауылының тұсына бір шақырымдай жер қалғанда иіріле тоқтасты. Енді тобының ішінен Төкежан, Мырзахан сияқты жасы үлкенірек жолдастар бөлініп, хабар айта кетті. Абай мен Ербол және үш жігіт аттарынан түсіп, қарсы алушы қыз-келіншектерді тосып қалды.

Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып Абай Ерболға:

– Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? – деді. Ербол бұған күлді.

– Рас айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырар екен деп, мен де үркектеп тұрмын!

Күйеу қасында қалған жігіттердің бірі – Жұмағұл атшабар. Ол өзі әлдеқашан үйленген. Мұндай қиындықтың талайын көріп өткен. Абай мен Ербол жол көрген біреу керек деп, мұны ылғи басшы боп отыруға лайықтап, өз қастарында ұстайтын боп еді.

Жұмағұл ауыл жаққа қарай түсіп:



Тірек сөздер

Алшынбай
ауылы
дәстүр
үкі
тымақ
күйеу
киім

– Әлі тұра тұр, басыңда үкің жоқ деп қиғылық салады! Тымағыңды көзіңе кимесең, жақтан да ұрады. Екеуің бе! Ербол екеуің талай құқайды көресің. Не қыласың, тек ұсына бер!

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлетіп ұсынған-ды. Кәрі әже әншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:

– Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құшнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:

– Япыр-ау, мен күйеу болсам Бошанға күйеуім, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем ғой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, әзірше өз киіміммен барам! – деген.

Ұлжан мұны теріс көрсе де, көнген-ді. Сол Абай жаңағы бақсы мен салға ұқсататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында. Жұмағұлдың жаңағы айтқаны сол. Арнаулы киімді кимегеніне ол өзі ырза емес-ті.

Лұғат

Құшнаш – көне сөз: ем-дом жасаушы; тәуіп.

Сал – 1) суда адамдарды, жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі; 2) төрт бұрышты, қоға мен қамыс араластырыла буылған құрал, яғни ыспа; 3) денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру; 4) көне сөз: сауықшыл, елден ерекше сән түзеп, қасына топ-тобымен өнерпаздар ертіп жүретін, әрі ақын, әрі әнші өнерлі жігіт; 5) суырыпсалма ақын, әнші, күйші, шешен адамдар тобының атағы; б) затты, нәрсені сақтау, тығу. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.



1. Абай Құнанбаев туралы басқа қандай романдарды білеміз?
2. Қазіргі таңда қыздар қалай ұзатылады?
4. Күйеу жігіттің жоралғылары қандай болады?
5. Жас балаға, келін мен күйеуге үкіні не үшін тағады? Шығармамен байланыстырып жауап беріңдер.
6. Қалыңмал мен киім не мақсатта беріледі?



- а) «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген түсінікке сөйкес келетін көріністерге талдау жасаңдар. Топта талқылаңдар.

- ө) ХХІ ғасырда ұлттық салт-дәстүрді ұстануға қатысты пікір алмасып, төмендегі кестені толтырыңдар. Өз жұмыстарыңды сыныпқа ұсыныңдар.

Күшті жақтары	Өлсіз жақтары
Мүмкіндіктері	Қауіптері



1. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сақ, ғұн дәуірінен жалғасып келе жатқан Ұлы дала, көшпенділер өркениетін Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романдарымен байланыста талдаңдар. Шығармаларда өр халықтың өркениеті туралы қандай сыр шертеді?
2. Кейіпкер тілін жасаудағы жазушы шеберлігіне талдау жасаңдар. Кейіпкер тілі мен шығарма идеясы арасындағы байланысты көрсетіңдер.

Кейіпкер сөзі	Бұл сөз қай оқиғаға қатысты айтылды?	Бұл сөздердің шығарма идеясын ашудағы рөлі қандай? Жазушы стиліне тән қандай ерекшеліктерді аңғарамыз?
Мысалы, Зеренің сөзі		

3. Құнанбай бейнесін ашатын эпизодтарды, Абай екеуінің арасындағы қақтығыстарды жинақтап, төмендегі кесте бойынша жіктеңдер. Құнанбайдың қай қыры басымдық танытты деп ойлайсыңдар? Бұл образды жасаудағы қаламгердің мақсаты не?

Шешен, ақылды, көшбасшы Құнанбай

... ..

... ..

Қатал, қу, өккі Құнанбай

... ..

... ..



Құнанбайдың Абайға айтқан міні туралы көзқарастарың қандай? Сын орынды айтылған ба? Бұған Абай қалай жауап қайтарады? Шығармадан тауып оқыңдар. Құнанбайдың осы сөзіне Абай ақынның орнына өздерінше жауап беріп көріңдер.

«Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке көп асылыңды шашасың. Жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің».



1. Бірінші кітаптағы келесі басты оқиғаларды кеңінен талдаңдар. Осы оқиғалардағы Абай бейнесіне талдау жасаңдар. Талдау жұмыстарыңның тақырыбын қойыңдар. Мысалы, «Бала Абай бейнесі».

- Абайдың елге оралуы;
- Үлкендердің мәжілісі;
- Қодар мен Қамқа өлімі;
- Абайдың сырқаттанып қалуы;
- Барлас пен Байкөкшенің Зере мен Ұлжан үйінде қонақ болуы.



3. Бірінші кітаптағы кейіпкерлер жүйесін жинақтаңдар. Олардың романдағы рөлі қандай?

	Абай	Құнанбай	Зере	Ұлжан	Майбасар	Бөжей	Сүйіндік	Қодар	Қамқа
рөлі									
ортасы									
сөзі									
іс-әрекеті									
ұстанымы									
қорытынды									



Қазіргі өздерің өмір сүріп отырған қоғамның құндылықтарын немесе кемшіліктерін хат арқылы роман кейіпкерлеріне жеткізіңдер. Мысалы:

- Абайға хат
- Зереге хат
- Құнанбайға хат
- Ұлжанға хат



Қолымнан келеді:

•
•
•

Мақсатқа жету үшін жасалған қадамдарым:

•
•
•

Күткен нәтиже:

•

ЕКІНШІ КІТАП

Тайғақта

1



«Абай» романында автор ұлы ақынның жеке өмірін, күресін ғана суреттеп қоймайды, сонымен бірге ақын өмір кешкен сол дәуірдің шындығын мейлінше мол әрі терең бейнелейді. Абайдың өмірі мен күресін шынайы суреттеу арқылы жазушы бүкіл халықтың өмірі мен тағдырын, күресі мен ілгері ұмтылуын және соның тарихи перспективасын ашып көрсетеді.

Айқын НҮРҚАТОВ

Көп жағдайда, түс – адамның жиі қиялдайтын тақырыбының даму сатысы. Абайдың Тоғжанды сағына елестете отырып, ол салған әнді өңінде естуі мен әлі беймәлім Шүкіман – Әйгерімді жүйрік түйсігімен сезуі жігіт аңсаған махаббат алауын қайта тұтатар ахуал есебінде көркемдік сипат алады. Қажып, талған шақтағы бұл айқын көріністің аяндай шындығы Абайдың өзіндегі ақындық қабілетке сенімін тудырады. Әйгерімді Тоғжан жаңғырығы деп түсінуге ден қояды. «Патша құдай, сиындым. Тура баста өзіңе» деп Аллаға сиынып өткен ақын табиғатына мұндай мінез жат емес.





...Абай өзінің қанша ұйықтағанын білмейді. Бірақ селт етіп оянып, басын жастықтан жұлып алғанда, анық аңғарғаны – сөйлеп, ұйқысырап оянса керек. Ең соңғы сөзі әлі көкейінде, әлі түгел айтылып та жетпегендей.

– Кел! Келші бір, сөулем! – дегенді анық айтқан тәрізді.

Дауыстап айтты ма? Үй іші естіді ме? Оны біле алмады. Бұл ояғанда Ербол да басын көтеріп алып еді. Абайдың екі көзі қып-қызыл екен, ісініңкіреп тұр. Бастығырылып ұйықтаған ба? Бірақ әңгіме онда емес. Абай көтеріліп отыра бере, елең етіп, сыртқа құлағын салып, қадала тыңдап қапты. Ербол енді аңғарды. Көрші үйден, жалғыз әйел айтқан аса бір әдемі нәзік ән келіп тұр. Соны тыңдай отыра Абай бар денесімен қозғалақтап, дiрiлдей түсіп, сабыры кеткендей болды. Ербол байқаса, жолдасы ұйқысыраған адамдай атқып тұрып, жүріп кететін тәрізді. Өңіне қарап еді, құп-қу боп, реңі қашыпты. Екі көзі жасаурап, демі дiрiлдеп, қол, иығы да қалтырай түседі. Ерекше құбылып, бұзылғандай. Екі көзі қанталаған қалпында жоғарылап, шалқалай қарайды. Ғажап сырлы сөуле көргендей, бұ дүниені ұмытып кеткен тәрізді. Ерболды асыға қозғап, қатты түртіп:

– Тұр, тұр! Тұршы, Ербол! – дей берді.

Ербол:

– О не, немене, Абай? – деп, сескене қарады. Үркіп қалды. Ойында: «бір нәрсе шалып кетер ме екен, өңі қалай жат еді. Ауырып тұрды ма?!» деген неше алуан қорқыныш күдік бар. Абай бұның ойын ұғынып аңғарар емес. Тымағын киіп, шапанын жамылды да, Ерболға:

– Тысқа шығайық жүр! – деді.

Үй іші бұлардың оқыс жайларын байқаған жоқ екен. Кемпір ұйықтап қапты. Бекей қонақтарға сыртын беріп, от басында қалғып отыр. Олардың сезбегені жақсы болды. Қатты өзгеріп, жат толқынға түскен Абай әлі оңалған жоқ. Құлағы мен ынта-бейлі тыста. Жалғыз бір үнде. Өнде ме, әлде? Алғаш шапшаң түрегелген жерде буын-буыны қалтырап, жығылып қала жаздады. Ербол ғана сүйеп қалып, зорға дегенде буынын бекітті. Бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ. Бір тұман, түс ішінде, алдағы бір ғана сөулеге асығып, қалтырап,

ұмтылып бара жатқандай. Оқшау, сұлу ән үзілген жоқ. Содан құлағын алмайды. Көңіл дені соған ауып, ұйып қапты. Есікті қалай тауып, үйден қалай шыққанын да білмейді. Тынса шыға сала, Абай тымағын жұлып алып, ән шыққан жаққа бар сүлдерімен ұмсына түсіп, қатып, жабысып, тыңдап қалды. Өн – «Топайкөк». Енді ғана нәзік ырғақ соншалық бір сұлу сәнмен еркеленіп, толқып кеп, баяулай басылды. Өн бітті. Абай Ерболға қарай ұмтылып қап:

Тірек сөздер

ұйқы
ояну
ән
ұйып қалу
сабырсыздану
Ербол ақысы
ғажайып күй
түс

– Тоғжан! Япыр-ау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мынау! Дәл өзінің үні. Айнымаған өз ырғағы. Өз нақысы ғой. Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжаным ғой! – деп, бар сабырдан айырылып, тағы да өзгеше бұзылып кетті.

Абайдың құбылысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады. Шынында өзі де қайран боп тұр. Жаңағы үн бұған да алғаш үйде естілген кезінде-ақ бір таныс дауыстай тиген. «Осы кімнің даусы» деген ой бұған да келіп еді. Бірақ Абай дегбірі қашып, ес тоқтатпаған жас баладай боп, аласұрып, ұмтылып барады. Ерболды сүйрей жетектеп, өлгі өн шыққан үйге қарай ентелеп, есі-дерті ауып кетіпті.

Тоғжанға деген Абайдың ынтықтығы, ауыр арманы, ұзақ жылдар бойында айықпаған қалың шер екенін жолдасы жақсы білетін. Бірақ сонда да, дәл осы қазіргідей боп Абайдың тақаты кетіп, жан ұшырған кезін Ербол көрген емес. Мына түрінде көлденең, жат жұрттың көзіне өрескел болатын бір істер істеп, оғаш сөздер сөйлеп жіберетін сияқты. Соны ойлаған дос жігіт Абайды қатты тартып тоқтатып ап:

– Өй, Абай, тоқта! Бұ не? Отқа түсеміз бе? Әуелі ес жияйық. Мәніңді айтшы өзің! – деп еріксіз кейін бұрып алды.

– Жоқ, осы үйде Тоғжанның өзі отыр. Өзі емес пе? Тым құрыса соны ғана біліп берші! – деп Абай өлі де ырыққа көнбей жүр еді.

– Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші әуелі. Екеуміз бірдей бармаймыз ол үйге. Мен барам да біліп шығам.

– Бар, бар ендеше. Басың сұқ та, қайта шық. Дәл осында Тоғжан отыр.

– Ойбай, Абай, ұйқысырап тұрсың. Қайдағы Тоғжан. Ол жоқ...

Абай сөйлетпей, тыю салды.



Ө.Исмайлов. Махаббатты қорғау, 1964 ж.

– Қой, Ербол... Айтпа оны. Жаңа ғана өзі келіп аян берді! – деді.

Ерболға мынау сөз әсіресе жат сезілді, шалық сөздей. Бірақ Абайды жамандыққа қимаған дос көңілі аяп кетті. Оны кіші інісіндей етіп, еркелеткендей боп, шын кешіріммен күліп жіберді. Оң қолымен қапсыра құшақтап алды да, Бекей үйінің сыртына қарай алып жүрді.

– Ол өннің айтушысы қазір қасымызға келеді. Азғантай тақат қылайық та, үйден тосып алайық. Бірақ «аян берді» дегенің не? Өзіңнің осынша, балаша қатты өбігерге түскенің не? Соның маған мәнін айт! – деді. Бұйыра сөйледі.

Абай өз мінезінің Ерболға соншалық өрескел, оқшау тигенін енді аңғарды.

– Мен мәнімді түгел айтайын. Қазір «бала» де, «есалаң» де, «шалық» де... Өзім де білмеймін. Бірақ өмірде басымнан кешпеген ғажап жұмбақ бір халде тұрмын. Тек осыны айтпас бұрын сенен серт алам. Кім келеді, қашан келеді, жұмысым жоқ, тосар тақатым жоқ. Қазір менің мәнімді естисің де, мынау үйге барып, барлық жанын анықтап көріп келіп, маған хабар етесін. Осыған уәде бермесең, жөнімді айтпаймын, – деді.

Ерболдың екі иығына қос қолын артып бір құшақтай түсіп, бір сілкіп қойып, асықтырып жауап күтіп тұр еді. Ербол бөгелген жоқ, барайын деп уәде берді. Содан кейін Абай бөгелместен, демі дірілдеп, асығып сөйлеп, өз басынан жаңа ғана кешкен, сыры жат бір жайды жолдасына баян етті:

– Бұл түс емес! Дәл анық, айқын өңім. Өңім болмаса таңғажайып бір хал, Ербол. Басында сол көмшат беркі. Шолпысы, қара мақпал кемзалы да баяғыша. Сонау Жәнібек өзеніндегі түн екен. Өмірде, аз көрген сағаттарымда еш уақытта бұндай ұмтыла жақындап, бұндай еркін, ашық келіп көрген жоқ еді. Бір сыпайы ұяндық тарта беруші еді ғой! Мынада соншалық жалын атып кеп, ынтызардың үнімен: «Аңсадым ғой, зарықтым ғой!» деді. «Өзің үйреткен «Топайкөгің» бар еді. Соны мен күндіз де, түнде де айтам. Тыңда мені» деп тұрып, әсем үнмен бірауыз айтты да, «Енді кел, келші жақын. Мен міні қасыңдамын, бөгет жоқ, қасыңда жалғыз тұрмын ғой!» – деді. Мен де құшағым жая ұмтылып: «Кел, келші, сәулем!» – деп барып оянып кеттім.

– Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ояндың! – дей берді Ербол.

– Тұра тұр. Ғажап... Көзімді ашып алсам түс екен. Бірақ өн – «Топайкөк», дәл Тоғжанның өзі, соның алдында ғана айтқан қалпында, дәл Тоғжанның өз үнімен айтылып, үзілмей шырқап тұр. Өзге түс болсын, осы не? Түсімде анау! Ал өңімде, ешбір басқа кісінің үні емес, шын жарымның өз үні, қақ қасымнан шығып тұрғаны несі? – деп тағы да таң болған күйде тақатынан айырылды. Қозғалақтап жүріп кетіп, Шекей үйіне қарай тағы да жалт етіп, шұғыл бұрылды.



Лұғат

Бастығырылу – бұл жерде: жайсыз ұйықтап жатқан адамның тұншығып, қырылдаған дыбыс шығаруы.

Нақыс – 1) араб сөзі: әшекейлі ою-өрнек, нақыш; 2) ерекше мәнер, өзіндік бедер; 3) ән-күйдің өзіндік мақамы, ерекше сазы; 4) кішкене бел, асу. Бұл жерде: үшінші мағынада.

Шалық – 1) бас айналып, мең-зең болып ауыратын ұстамалы ауру, елірме; 2) бір нәрсенің көтеріңкі әсері; есірік, желік; 3) шаршау, шалдығу; 4) отқа шарпылу, күйу. Бұл жерде: басы айналған адамға ұқсады, біртүрлі болып кетті деген мағынада.



1. Әйгерімнің шын аты кім?
2. Көркем шығармада түс көрудің атқаратын қызметі қандай?
3. Жазушы түсті қандай мақсатта қолданған?
4. Абай Әйгерімді бірінші рет қай жерде көрді?
5. « – Не дедің, сен? Қайт мына сөзіңнен! Қайт мына көңіліңнен. Өткенім жазықсыз болатын, соны ая. Алдымыз жарық деп сенемін. Оны құрбан етпе. Бақытымызды кеспе, мына тіліңмен. Қайт, қазір қайт!» деген сөзді Абай кімге айтты? Хрестоматиядан тауып оқындар.



Тағылым тамшылары

Мен «Абай жолы» эпопеясын қалай жаздым?

Өзім материал алған адамдардың ішінен мен Абайдың бірінші әйелі – Ділдәны атай аламын. Ол 1924 жылы өлді. Содан соң мен Абайдың сүйікті жары – Әйгерімді жақсы білемін. Ол кісі 1918 жылы алпыс жасында қайтыс болды. Абайды бертінде көріп, оның өмірінің естелігін өз аузынан тындаған жасырақ адамдардың бірқатарымен кездесіп, әңгімелестім.

М.Әуезов. Шығармалар: 12 томдық. Т.12. Алматы: Жазушы, 1969.



Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, Абай мен Тоғжан махаббаты «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдігін, ақын ғұмырының жарқын бейнесін ашқан тақырып екенін дәлелдендер.

- а) Ақынның шын көңілмен ынтыққан, сезім пернесін дәл басқан аруы Тоғжанға қосыла алмағанына не себеп? Абайдың Тоғжанға деген сағынышын жеткізуде жазушы қандай тәсілді қолданған?
- ә) Тоғжан мен Әйгерім бейнесін салыстыра талдап, Абайдың Әйгерімді жар ету себебін түсіндіріңдер.

Тоғжан	Әйгерім



1. «Абай жолы» роман-эпопеясының сөздік қорының ақын өмір сүрген тарихи дәуірге сөйкестігін ақын шығармалары арқылы дәйектендер. Роман-эпопеядан сол кезең бейнесін толық өрі нақты ашатын үзінділерді мысалға келтіріңдер.
2. «Абай жолы» романындағы әйелдер бейнесі» тақырыбында эссе жазындар. Әйелдер образына талдау жасап, қазақ әйелінің бейнесін ашындар.



Ербол мен Абайдың достығына автор қандай баға береді? Абайдың қасында жиі болатын Ерболдың іс-әрекетіне өз бағаларыңды беріндер. Достық тақырыбы арқау болған шығармаларды мысалға келтірсендер болады.



«Абай жолы» роман-эпопеясындағы өмір шындығынан алынған оқиғаларды анықтап, зерттеу жұмысын жүргізіңдер. Зерттеу барысында өуезовтануға үлес қосқан ғалымдардың еңбектері жинақталған «Уақыт тынысы» жинағына, Л.М.Әуезованың «М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихы проблемалары» монографиясына сүйенуге болады.

Эпилог



1942 жылы М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы басылып шықты. Онда қазақ халқының өткен ХІХ ғасырдағы әлеуметтік, мәдени тұрмыс-халі, ұлы ағартушы-демократ ақын Абайдың образы жасалды, тақырыбы жағынан аса маңызды ұлттық мәселелердің бірін қозғады; бұл – проза жанрының заңды түрде ілгері дамуының айғағы... Ұлы Отан... бүкіл әдебиетімізді байытқан ұлкен полотналық шығарма дәрежесіне жеткені мәлім.

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

Бала Абайдан дана Абайға көтерілгенге дейінгі аралықтағы ақынның өсу, толығу жолдарын автор сол тұстағы ел өмірімен тығыз бірлікте қарады. Оның тек қана ақын емес, бұқара халықтың қамын ойлаған күрескер, жас өнерпаздарға жол көрсеткен ұлағатты ұстаз болғандығын жазушы әртүрлі оқиғалар үстінде ашқан.

Романның өн бойында Абай өлеңдерінің шығу тарихы да қоса өріліп отырады. Шығармаларына қатысты қызықты оқиғаның бірі – Крыловтың «Есек пен бұлбұл» аударуы. Абайдың аудармаға келуіне қалада орыс школында оқып жүрген Үсеннің орыс тіліндегі дүниені түсінбегені түрткі болған. «Ойбай, Үсен, саған көмек керек екен. Қой, мен бір шара жасайын!» деп берген уәдесін орындау үшін Крыловтың «Есек пен бұлбұл» атты мысалын қазақшаға аударды.

А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын қазақ ұғымына сай етіп жеткізген Абай туындыларын М.Әуезов бастаған әдебиеттанушылар оны эпистолярлық роман жанрына жатқызды. Қазақта Абай қалыптастырған дәстүрде поэзия тілімен жазылған романдар жеткілікті. Абай аудармасындағы Онегин де, Татьяна да қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін қазаққа таныс кейіпкерлер болып шықты. Ғашықтық жырлардан жақсы таныс жастардың сезім күйлерін хат арқылы жеткізуі «Татьянаның қырдағы әнінде» шынайы бейнеленді. Алғашында «Татьянаның қырдағы әні» деп жарияланғанмен, «Абай жолы» роман-эпопеясының кейінгі басылымдарында бұл тарау «Биікте» деп аталды.



Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн, сан саналы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып, тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады. Бұл атырап, сахара бұрын естімеген сарын есті. Ғасырлар бойы жұмбақтай үнсіз сұрақпен мелшип, мүлгіп тұрған далаға жел қанатымен жырдай жауап есті. Игі желдей... Жыл жетерін білдіретін көктем желіндей есті. Ол – тарихтың жаңа бір төлінің үні. Арттағы қыстан тумай, алдағы жаз үшін, жаздың жаңа өсім-өнімі үшін, гүл атар тірлігі үшін туған төлдің үн-лебізі. Оның жыры – жаңа

дүние көксеуші, жаңа өрісті іздеуші жыр. Барлық сергек ой, сезімтал жүректер үшін, тынымсыз ойлар үшін, алысар жігер үшін туған жырлар еді ол.

Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн жатталып, көшіріліп, өуендеп толқып Ералыға жетті. Абай қалаға апарып оқытқан жетім балалары Хасен мен Садуақас кеш сайын өздері көшіріп алған өлеңдерді оқиды. Құдық басында, кешкі ауыл сыртында, от басында әр кезде Абай сөздерін бұларға оқытып отырып тыңдайтын Дәркембай бастаған көп көрі-жас бар.

Абайдың аға досы Дәркембай... шіміркене түсіп, хат оқыған жасқа жабыса тақап, ұзақ тыңдайды.

...Қалың елім, қазағым, қайран жұртым
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың... –

деп, ел мұңдары боп кеткен Абайды көз алдына елестетеді. Оның айтқанына сенеді Дәркембай. Ақын мұңына қарт көңілінің мұңын қосып бас изейді.

Дәндібай, Еренай боп бір кезек «Күзді» оқытады. Бір емес, қайта оқытады.

...О да қылған кедейге үлкен сыйы... –
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе... –

дегенде, барлық көрілер құшырлана күледі. Бұны бекер еді деп ешбір Төкежан, Майбасар, Оразбайлар да айта алмас... Осы қарттар үй іштерімен бай ауылдардың шетінде талай кешірген күйлер, күндер ғой. Сондайлық өз күйлеріне дөп тиетін өлеңдерді бұл жиын, әсіресе көп оқытады. Оқытқанды місе қылмай кейде «мақамдап айт», «өндетіп оқы» деп, жастарға өнге қосқызып айтқызады. Бір кезек бар жастар қосылып, жырлап та кетеді. Қоңыр кеште көп жастың үнімен толқыған шындық жыры тыңдаушы қарттарды қатты таңырқатады. Сүйсінген үндер шығады...

– Сөзі қандай!

– Неткен сөз!

– Алпыс екі тамырды шымырлатқан сөз...

– Айтарсың... Осылай айтарсың... Қазақ баласы айтпағанды сен айтарсың, Абай!.. Асылым!.. Шөлiмдегi жалғыз алтын тiрегiм. Шөлден шүлен боп туған сергегiм! – дейдi Дәркембай. Көп үнсiз тыңдаушының сүйсiнген жалынын атады...

Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн көшіріліп, жатталып Мұхаметжан өуенiмен Ұлжан ауылына жеткен едi. Кеше кеш бойы Оспан отауында Мұхаметжан Абай сөздерiн әрi оқып, әрi жырлап берген. Ауылдың жас-желеңi, көп көршiсi Еркежан мен Оспан отауын iштен кернеп, тыстан да жапырлай басып, анталап тыңдаған.



Ұлжан Абайды көптен, қыстан бері көрмеген. Ана көңілі сағынышты еді. Таңертең Мұхаметжанды өз алдына шақыртып, Абай сөздерін көп оқытты. Кірген мен шыққанға ат үсті жолаушының келгеніне де қараған, мойын бұрған Ұлжан жоқ.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Келейін сендерге де енді аяндап... –

депті баласы, анасына да ескерткені де! Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді, мәнсап мәзді шенепті баласы.

Ел бүлігі Тобықты,
Көп пысыққа молықты!.. –

депті бір кезек.

Лұғат

Шүлен – 1) ақысыз-пұлсыз тегін таратылатын ас, тағам, зат, нәрсе; 2) қолындағы барын елге тегін беретін қолы ашық, дарқан кісі, яғни жомарттық, мырзалық; 3) балықшылардың жерді қазып, үстін қамыстан қалың етіп жауып, ішіне мұз төсеген тоңазытқыш үйшігі; 4) қылшық жүнді қой тұқымы. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада шөлдегі сусыны деген сияқты ойда айтылған.

Сатымсақ – сатылған, сатқын, арсыз.

Мәнсап (мансап) – 1) қол жеткен лауазым, қызмет, атақ-дәреже, шен-шекпен; 2) белгілі бір қызмет саласындағы өрлеу, өсу.



1. Шығармада кездесетін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мен тақпақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды жинап, өзара тақырыпқа бөліп топтандар.
2. Абай өлеңдерінің шығу тарихына мысалдар келтіріңдер.
3. Романда кездесетін өлеңдердің шығу тарихы туралы айтыңдар.
4. Абай өлеңдерінің құдіреті неде?
5. Дөркембайдың ақын өлеңдеріне берген бағасы қандай?



1. Өр бөлімдегі негізгі оқиғаларды іріктеп, оқиғалар тізбегін құрастырыңдар. Тарауларда көтерілген мәселелерді жеке-жеке қарастырыңдар.

1-кітап		2-кітап	
Қайтқанда		Тайғақта	
Қат-қабатта		Жайлауда	
Жолда		Еңісте	
Шытырманда		Оқапта	
Бел-белесте		Асуда	
Өрде		Тарауда	
Қияда		Биікте	
		Эпилог	



2. «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында қысқаша жоба жұмысын жазыңдар. Шығармадан мысал келтіріп, үзінділерді тиімді қолданыңдар.
3. Шығармадан басты төрт мәселені іріктеп алыңдар. Осы мәселелердің туындау себебін, шешімін көрсетіп, оған ұлттық және адамгершілік тұрғысынан баға беріңдер.

Мәселе	Туындау себебі	Шешімі	Ұлттық құндылық	Адамгершілік құндылық
Қорытынды:				



1. М.Әуезовтің қазақ даласын, оның табиғатын сипаттаудағы шеберлігіне талдау жасаңдар. Автор қолданған көркемдік құралдар мен айшықтау амалдарға талдау жасап, автор стилін анықтаңдар.
2. Хрестоматияда берілген «Еңісте» бөлімімен танысыңдар. Гоголь кітапханасында Абай мен Михайлов өңгімесі не жайында өрбиді? Михайловтың ойларын Абай дүниетанымымен, жиырма бесінші қарасөзбен байланыста қарастырып, әлем және қазақ мәдениетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдаңдар.

Абайдың жиырма бесінші қарасөзі	Михайловтың ой-пікірлері	Роман-эпопеядағы Абайдың дүниетанымы



1. «Абайдың шыққан биігі, Құнанбайдың иығы» деген сөздің мәнін ашып, Абай мен Құнанбайдың ұстанымдарына баға беріңдер.
2. Шығармадағы басты оқиғалардың шешіміне қатысты өз бағаларыңды ұсыныңдар.
1-топ. 1-кітаптағы басты оқиға шешімі.
2-топ. 2-кітаптағы басты оқиға шешімі.
3. «Құнанбай бейнесі: тарихи шындық және көркемдік таным» тақырыбында Құнанбай бейнесін тарихи тұрғыдан қарастырып, шығармамен салыстырыңдар. Құнанбай бейнесін жасауда тарихи шындық бұрмалануы мүмкін бе?



М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын И.С.Тургеневтің «Отцы и дети» романымен және жазушы өмірі негіз болған Дж.Д.Сэлинджердің «Над пропастью во ржи» романдарымен салыстыра талдап, кесте бойынша сыни пікір жазыңдар.


Талдау нысаны	1-туынды	2-туынды	3-туынды
Қаламгер стилі, мөнері			
Кейіпкерлер тағдырының шешілуі, автордың шешімі			
Авторлық көзқарасы			



Абай мен Құнанбай жолының бөлек кетуінің негізгі объективті себептерін қарастырыңдар.

Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

- Есте сақтайтын ең қажет ақпарат
 Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет
 Мені қызықтырған үш ақпарат
 Мен білген төрт мәлімет

**III БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ**

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Абайды Телқара деп кім атаушы еді?

- а) әжесі Зере; б) екінші шешесі Айғыз;
 ө) анасы Ұлжан; в) жеңгелері.

2. Тоғжан айтатын өнді атаңдар.

- а) «Айттым сәлем, қаламқас»; б) «Топайкөк»;
 ө) «Желсіз түнде жарық ай»; в) «Көзімнің қарасы».

3. «Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді». Кімнің портреті берілген? Жүзіне уайым көлеңкесі түсуіне не себеп болды?

- а) Зере бейнесі, Қодар мен Қамқаға кесілген жаза;
 ө) Айғыз бейнесі, Кәмшатты алып кеткен кезі;
 б) Ұлжан бейнесі, Абайды көптен бері көрмеген шағы;
 в) Тоғжан бейнесі, ұзатылып бара жатып Абаймен қоштасар сәті.

4. Төмендегі үзіндіде кімнің портреті сипатталған?

«...ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей».

- а) Байсал; ө) Құнанбай; б) Сүйіндік; в) Қодар.

5. Абай Тоғжанды алғаш қай жерде көреді?

- а) Қарқаралыдан қайтқанда; б) Алшынбай ауылында;
 ө) Жидебайда; в) Сүйіндіктің ауылына барғанда.

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер.

1. Медреседе оқып жүрген Абайды оқуынан айырып, елге алып келудегі Құнанбайдың мақсаты не еді? Әке мақсаты жүзеге асты ма? Өзіне жүктелген міндетті Абай қалай атқарды? Дәлелді жауап беріңдер.

2. «Қайтқанда» тарауында көрінетін ұлттық және адамгершілік құндылықтардың шығармадағы маңызы мен қолданысына талдау жасаңдар. Шығармадан дәлел келтіріңдер.



Ұлттық құндылықтар	• ...
Адамгершілік құндылықтар	• ...

3. Роман-эпопеяда Дәркембай, Базаралылар арқылы жасалған халық бейнесінің қыр-сырын сипаттап жазыңдар. Төменде берілген үзінділерге назар аударыңдар.

«Күштілер нені айтады? Күшсізге еткен зорлығын айтады. Күшсіз нені айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады?»

«Күйі бірдің күні бір. Туысым-аталасым емес, өзіммен мұңы бір, бейнеті бір жатақтар; руым, ұраным да осылармен!»

4. Жазушының суреттеуінде Абай өмірінің қай кезеңі берілген? Кейіпкерді бұлай сипаттау арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастайды?

«Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді.»

5. Бала Абайдың дана Абай болып қалыптасу жолына ықпал етуші факторларды екі қырынан қарастырыңдар.

ақын ретінде
қалыптасуы

қоғам қайрат-
кері ретінде
қалыптасуы

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңдар

- «Күннанбай – сол кезеңнің жиынтық бейнесі»;
- «Қазақтың ағартушылық философиясының биігі – Абай»;
- «Абай жолы» романындағы ескі мен жаңаның тартысы».

IV бөлім



ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

Бұл бөлімде:

✓ Қ.Мырза Әлінің «Қызыл кітап» поэмасына, С.Балғабаеттың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасына сюжеттік-композициялық талдау жасап, жанрлық ерекшеліктерін түсінесіңдер;

✓ шығармалардағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптармен, әлем әдебиетімен байланыстырасыңдар;

✓ шығармалардағы қанатты сөздер мен дәйексөздерді қолданып, шығармашылық жұмыс жазасыңдар;

✓ шығармалардағы айшықты сөз амалдарын анықтап, көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісіне баға беріп, идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып әдеби сын жазасыңдар;

✓ шығармаларды көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазасыңдар.

Адамзат баласы – табиғаттың ажырамас бөлшегі. Табиғат пен адам – бөліп-жаруға келмейтін егіз ұғым. Ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, қазіргі әдебиетке дейінгі аралықта қаламгерлер адам мен табиғатты бірлікте қарап келеді.

Табиғат пен адам экологиясы ХХІ ғасырдың өзекті мәселелеріне айналғандықтан, қазіргі қазақ әдебиетінің де негізгі тақырыптарының бірі болып отыр. Ақын-жазушылар адам қолынан жасалған сынақтардан зардап шеккен экологияны, адамзат баласының мәңгілік құндылықтарды аяқасты етуін көркем шығармаларында шынайы бейнеледі. Олар оқырман бойында жалпыадамдық құндылықтарды қалыптастыруды мұрат етті. Қазіргі заман әдебиетінің қаламгерлері жер мен адам эрозиясына шипа іздеп

шарқ ұруда, әлемге дабыл қағуда. Бөлімнің «**Табиғат және адам**» аталуы да осы мәселеден туған.



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ

(1935–2011)



Енді тұрасына көшсек, жұбада қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте беріп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса – бірі, біреу болса – өзі – Қадыр Мырза Әлі.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ



Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлі 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Тырнақалды туындысы 1954 жылы студент шағында республикалық «Пионер» журналында жарияланған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған соң, еңбек жолын балаларға арналған «Балдырған» журналынан бастаған. 1959 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы «Көктем» деген атпен жарық көрген. Содан бері қазақ әдебиетінің қоржынын жетпістен астам поэзиялық, прозалық, әдеби-сын кітаптарымен толықтырды. Қаламгердің балаларға арнап жазған көптеген өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. «Жазмыш», «Иірім» прозалық кітаптары мен он алты томдық таңдамалылары ел игілігіне айналды.

Ақын «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары қызметтерін арқарды. 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болды.

Қ.Мырза Әлі Қазақстан Республикасы Өнұраны авторларының бірі ретінде танымал. Өлеңдерінің 200-ден астамына өн жазылды. 1984 жылы «Күндер-ай» деген атпен өн өлеңдерінің жинағы шықты.

Ақын шығармаларының біразын драмалық тартысқа құрды. Олардың қатарында Алдаркөсе жайлы «Сақал саудасы», «Тұрт, сайтаным, тұрт!» «Қасқыр қақпан» комедиялары, Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс», Өмір Темір туралы «Өмір Темір» драмасы, «Мың бір мұң» трагедиясы, «Отырар ойраны» (Ө.Хасеновпен бірлесіп жазылған), «Төле би» (Ө.Таразимен бірлесіп жазылған) атты либреттоларын атауға негіз бар.

Ол көркем аударма саласына да қомақты үлес қосты. Әлемдік әдебиеттен Овидің, Румидің, Гейненің, Гюгоның, Лермонтовтың, Есениннің, Ғамзатовтың, Межелайтистің, Петефидің т.б. жырларын қазақ тілінде сөйлетті. Ақынның біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс



тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985) т.б. кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), өзірбайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері басылды. Сондай-ақ дарынды қаламгердің оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударылып Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты.

Әдебиеттегі осы еңбектері мемлекеттік дәрежеде бағаланып, 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қ.Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ақын 1993 жылы әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық АВЪЯС¹ сыйлығын алды. Ақын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.

Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза Әлі 2011 жылы дүниеден озды.



1. Ақынның драмалық шығармаларын атаңдар.
2. Ақынның қандай шығармаларымен таныссыңдар?
3. Ақынның шетел тілдеріне аударылған шығармалары туралы айтып беріңдер.
4. Ақын шетел әдебиетінен кімдердің шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті?
5. Қадыр Мырза Әлінің өмір жолына шолу жасаңдар.

Қ.Мырза Әлінің шығармашылығы



Ол – өзінің көркемдік дәрежесі биік, тілі нәрлі, гibrаты мол, идеялық мазмұны терең шығармаларымен қазақ сөз өнеріне зор үлес қосқан ірі суреткер, көркемсөздің шебері. Ақын қазақ әдебиетінің көркемдік арсеналын толықтыра, молықтыра отырып, оның мәртебесінің биіктеп, абыройы асқақтай түсуіне қыруар еңбек сіңірді...

Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ

Қадыр Мырза Әлінің қазақ поэзиясына қосқан үлесін сөз өткенде, бірінші кезекте қазақ лирикасындағы жаңалықтарын тілге тиек ету керек. Ол – қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерген ақын. Кеңестік дәуір тұсында «қазақ», «қазақ халқы» деген сөзді айту оңай болған

¹АВЪЯС – Ежелгі Үндістаннан шыққан сөз. «авьяш» немесе «авьяс» үйдің «талант» деген сөзі. Қалмақта «авьяс» сөзі дәстүр, ғұрып дегенді білдіреді. Барлық моңғол тілдерінде, бурят тілдерінде, «авьяс» сөзі «талант» дегенді білдіреді. Қазіргі таңда Моңғолияда қаламгерлер арасында «авьяс» халықаралық байқауы өтіп тұрады.



жоқ. Кеңес Одағының қол астындағы халықтардың барлығы «кеңес халқы» деп аталатын. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру», «Домбыра» өлеңінде батыр, дана, ақын, жомарт халықтың атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарын асқан шабытпен жырлады. Ақын қонақжай халықтың табиғи болмысын өлеңге сыйғызып, оны өлемге паш етті.

Ақынның табиғат лирикасына қосқан үлесі де ерен. «Ақша қар», «Ақ өлем», «Екі көктем», «Табиғат тойы», «Көктем құдіреті», «Жаңбыр жауар алдында», «Дауыл» және т.б. өлеңдерінде табиғат пен адам тіршілігі жырға арқау болды.

Сонымен бірге қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдердің де қатарын толықтырды. Онда әл-Фараби, Шоқан, Ыбырай, Исатай, Махамбет, Құрманғазы, Біржан, Сара және т.б. дара туған даналардың бейнесін сомдады.

Ақын шығармаларының негізгі өзегі – Отан, ел, жер, дала, махаббат, достық, адалдық. «Табиғат – жаратылыс пернесі»: «О, далам, менің байтағым, Далам деп өлең айтамын. Ұлың боп ойлап барам да, Құлын боп ойнап қайтамын», «Ауыл – атамекен пернесі» өлеңінде «Бұл сөзіме сенбе мейлің, сен мейлің, Отан барда сенбеймін де, сөнбеймін. Туған жерден таба алмасаң қасиет, Басқа тапқан қасиетіңе сенбеймін!» деген түйін жасайды.

Ақын шығармаларының екінші тобын эпикалық поэмалары құрайды. «Өткелдер» поэмасында балалық шағын соғыс ұрлаған, ерте есейіп ауылдағы қыз-келіншек пен қариялардың ауыр бейнетін бөлісу мақсатында қолдарына күрек алып, егістікке шыққан өз замандастарының көзімен көрген шындығына жан бітірген. «Кетті жанып бір кезде шанғандары¹: Сталиндік құжаттар – Жалған бөрі!» деп басталатын шығармада отыз жетінші жылғы зұлматтан бастап сөз болған. 30-жылдардың ойраны, арыстарды қойдай тоғытып Магадан мен Колымаға айдау, ел ішіндегі жаппай ашаршылық тек қана ХХ ғасырдың емес, қазақ халқының орны толмас қайғылы қазасы екенін де ақын түсіндірген. Міне, ел ішінің осындай зұлматтан тұралап есін жия алмай жатқанда Ұлы Отан соғысының басталуы, отызыншы жылдың ойранынан қалған ер-азаматтарды лек-легімен майданға айдау, қазақ жеріне босқындардың қаптап келуі, «бөрі де майдан үшін» науқанымен ел ішінің ішер ас, киер киімге жарымауы, тылдағы еңбек майданының буыны қатпаған бозбала мен қыз-келіншектерді, қарияларды тұралатып қажытуы – бөрі де өмірдің ащы шындығы.

«Дерт» поэмасында ақын өзінің және ХХ ғасырдағы қоғам дертін ұштастыра отырып сөз етеді. «Кешіре гөр, Жаратқан! Қайғырамын. Мәңгүрттермен замандас болғаным!» дейтін кейіпкер өзі өмір сүрген ХХ ғасырға лирикалық шегініс жасайды. «Тірілерді таптадық, Таптат-

¹ Шанғандар – бұл автордың жеке стилі. Бұл сөз, негізінен, шанға болу керек. Ол бастық сүйегі, қақдасы деген.





Солдан оңға қарай: Оралхан Бөкей, Өбілмәжін Жұмабаев,
Қадыр Мырза Әлі, Сағат Әшімбаев

тырды. Аруақтарды қорладық – Кінәліміз!», – деп, қазақтың тарихын дұрыс жаза алмағанына өкінеді.

«Заман-ай» атты «Дерттің» туындысының заңды жалғасы іспеттес. Себебі мұнда да ХХ ғасырдың дертіне жолығамыз. Жоқшылық пен қымбатшылық, «Тың жерді игеруде» кеткен жолсыздықтар, полигонның салдарынан сәбилердің ауру болып дүниеге келуі, сегіз аяқ құлындардың туылуы, кішігірім өзен, көл суларының тартылып құрғауы, Хрущевтың тұсында қазақ жылқыларының есептен тыс шұжық болғаны, жер мен елдің, қоғам мен заманның азуы, ұрлық-қарлықтың көбеюі, мал ұрлаудың, бала ұрлаудың шыға бастауы, бұрын-соңды болмаған бұзақылықтың пайда болуы, есірткінің салдарынан адам айтқысыз бассыздықтың етек алуы, дала мен қаланың азғындауы, ұлттық өнер мен ана тілдің шетқақпай күн кешуі, баспанасыздық, жетімхана мен қарттар үйі – бәрі де ХХ ғасырдың жазылмас дерті.



1. Хрестоматияда берілген ақынның жырларымен танысыңдар. «Домбыра», «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңдерін мәнерлеп оқыңдар.
2. Лирикалық өлеңдерін топтап, оған мысалдар келтіріңдер.
3. «Дерт» және «Заман-ай» поэмаларының мазмұны не туралы?
4. Ақын «Өткелдер» поэмасында өзі көрген қандай шындықты айтты?
5. Ақын шығармаларын жанрлық тұрғыдан төмендегі сызбаға орналастырыңдар.



Қызыл кітап (поэма)

I



Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойлармен ұштастыруда Қ.Мырзалиевтің ізденістері өте бағалы. «Ой орманы», «Дала дидары» кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіренеткен ойлардың біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді.

Серік ҚИРАБАЕВ

Тәуелсіздік тұсында қазақ ақындары кеңестік дәуір тұсында айта алмаған, терең бойлай алмаған тарихи тақырыптарға ден қойды. Ол – халқымыздың сан-ғасырлық тарихы еді. Халық өмірінен үлкен орын алатын тарихи оқиғалармен бірге тарихи тұлғалар өмірін арқау еткен поэмалар қатары да өсті. Оларды XX ғасырда өмір сүрген, еңбектегі ерен ерлігімен халық қалаулысына айналған тарихи тұлғалар туралы туындылар толықтырды. Сонымен бірге тарих қойнауына енген XX ғасырдың көркем шежіресін жасаған поэмалар көбейді. Мұндай шығармаларда кешегі кеңестік дәуір тұсында қазақ халқына белгілі саясатпен жүргізілген зұлматтардың беті ашылып, өмірдің көлеңкелі жақтарының көркем бейнесі жасалды. Бұл тұста Кеңестер Одағының құрамына енген қазақ кеңес ақындары айта алмаған тақырыптармен қазақ әдебиеті толықты. Солардың қатарында Қадыр Мырза Әлінің «Қызыл кітап», «Өткелдер», «Дерт», «Заман-ай», «Бес жыл өткен соң», «Махаббат», «Пайғамбар жасы», «Дерт», «Парламент», «Күдік», «Ақырзаман», «Көкейкесті», «Ғадауат ғасыры» поэмаларын атауға болады. Аталған поэмалардың негізгі өзегі – ел, халық, ұлт, жер, дала, азаттық, бостандық. Ақын поэмалары жөнінде профессор Әбділхамит Нарымбетов: «Қадыр Мырза Әлі – эпик ақын. Ол XX ғасырдың қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өсіп-жетілуіне көп еңбек сіңірді. Оның поэмаларының көбі лирико-публицистикалық сипатта жазылған».¹



Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
 Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
 Жұртпен бірге мәз болып,
 Ду-ду етіп
 Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.
 Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!
 Қан жуады олардың ізін өлі.
 Көргеннен-ақ мылтықты
 Менің үшін
 Дүниенің дидары бұзылады.
 Аяймын мен анасыз,
 Атасызды.
 Аяймын мен құлынсыз,
 Ботасызды.

Тірек сөздер

МЫЛТЫҚ
 АҢШЫЛЫҚ
 ХАЙУНАТ
 ТҮЛКІ
 ҚАҚПАН
 КИІМІЛГІШ
 ТӨР
 ШІЛТЕР
 ЖАСТЫҚ

¹Нарымбетов Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2005.



Хайуанатқа жасаған қиянатың –
 Бауырыңа жасаған опасыздық!
 Қызыл түлкі даланың көрігі еді,
 Жаға болып ол енді «көріледі».
 Бөкебаймен бұркеулі анау қалпақ –
 Қалпақ емес –
 Қақпан боп көрінеді.
 Тымырсығы-ай!
 Қалада жел еспейді.
 Жел есетін бұл жайлау емес дейді.
 Анау киімлігішке көзім түссе,
 Бұғылардың мүйізі елестейді.
 Ауылда өспе, мейлі, сен қалада өспе,
 Анаң сенің бөрібір
 Дала емес пе?!
 Терезеге ұстаған анау шілтер
 Құсқа құрған торларды салады еске.
 Айналайын бұлбұлым,
 Бал таңдайым,
 Саған тор да,
 Қасқырға қақпан дайын.
 Шынтақтаған жастықты
 Көрінеді
 Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.



Қызыл кітапқа енген аңдар



Өкпелетпеу керек қой қожайынды,
 Айта алмайсың халыңды,
 Не жайыңды.
 Ұстай беріп айырды
 Шошып кетем
 Шаншығалы жатқандай дәу жайынды!
 Тартып алған аңдардың бір киерін,
 Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.
 Кешіре гөр біздерді,
 Өулие көл!
 Кешіре гөр біздерді,
 Қыр киелі!



1. Қ.Мырза Әлінің поэмаларын тақырып жағынан топтаңдар. Ақынның қандай поэмаларымен таныссыңдар?
2. «Қызыл кітап» поэмасының негізгі идеясы не?
3. Ақынның мазасын алған не?
4. «Хайуанатқа жасаған қиынатың – Бауырыңа жасаған опасыздық!» деген өлең жолдарын тарқатып, адам мен табиғат арасындағы байланысты талқылаңдар.
5. Ақын жан-жануарларға жасалып жатқан қиынатың себебін неден іздейді?



Тағылым тамшылары

Қызыл кітаптың тарихы

Әлемнің Қызыл кітабының тарихы 1902 жылы Парижде басталды. Онда бірқатар елдер Қызыл кітапқа – Биоалуантүрлілікті қорғау жөніндегі бірінші халықаралық келісім деп санауға болатын құстарды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қол қойды. Комиссия өз алдына жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған өсімдіктер мен жануарлардың әлемдік тізімін құруды мақсат етті. Бұл комиссияны 1978 жылға дейін басқарған Питер Скотт кадастрдың ерекше маңыздылығын атап өту үшін оны *Қызыл кітап* деп атауды ұсынды, себебі қызыл түс – қауіптің белгісі.

Қызыл кітап табиғатты қорғау туралы заң болып табылмайды, бұл – жануарлар мен өсімдіктер туралы ғалымдар жинаған фактілер ғана.

- Қызыл кітап түрлі түсті беттерден тұрады:
 - Қара түсті бетте құрып, жойылып кеткен.
 - Қызыл бетте жойылып бара жатқан және сирек кездесетін.
 - Сары бетте саны тез азайып бара жатқан.
 - Ақ түсті бетте әуелден-ақ саны өте аз.
 - Сұр түсті беттерде өте аз зерттелген, мекендеу орны қолжетімсіз.
 - Жасыл беттерде адамзат жойылып кетуден сақтап қала алған өсімдіктер мен жануарлар тізімі берілген.
- Халықаралық Табиғатты Қорғау одағының Қызыл кітабы алғаш рет 1963 жылы жарық көрді.



«Ана тілі» газетінен.





Қызыл кітап туралы мәтінмен танысып, төмендегі тақырыптар бойынша диалог жүргізіңдер.

- Қызыл кітаптың тарихы.
- Қызыл кітаптың құрылымы.
- Қазақстанның Қызыл кітабы.
- Қызыл кітаптың жан-жануарларды қорғаудағы рөлі.



1. Поэманың басқа жанр түрлерінен айырмашылығы қандай? Поэма мен өңгіме жанрын салыстырып, ерекшелігіне талдау жасаңдар.

Поэма	Ұқсастығы	Повесть

2. Браконьерлер табиғатқа орны толмас зиян келтіреді. Бұл мәселені қалай шешуге болады? Шығармадан қанатты сөздерді, үзінділерді қолдана отырып, «Браконьерлікке жол жоқ!» тақырыбында үндеу жазыңдар.



Төменде берілген сөздерге қатысты ақын қандай мәселені көтереді? Бұл мәселелердің қазіргі замандағы көрінісіне мысал келтіріп, өлі күнге дейін өзектілігін жоймағанын дәлелдеңдер.

тон, ішік	жаға	бекебай
киімдігіш	шілтер	жастық

VI бөлім



Қадыр Мырзалисөтей қадау талантқа ғана айтылар бағаның салмағын ешбір сөзбен жеткізе алмайсың... Қадырды әлі әріп танымаған бұлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де, сөзін біледі. Мұндай даусыз данқ, татаусыз танымалдылықтың сыры – Қадыр талантының қарапайымдылығында.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Қадыр Мырза Әлі туындыларында адам мен табиғатты біртұтас бірлікте қарады. Сондықтан оның шығармаларына өзек болған мәселенің бірі – адам мен табиғат экологиясы. Оған ақынның «Қызыл кітап» поэмасы мысал бола алады.

«Мылтық көрсем төрлерде іліп қойған, Менің мазам кетеді күдікті ойдан» деп басталатын поэмада ақынның замандастарына қарата айтары көп. Ол – әкесі Отан үшін майданда қаза болған, балалық шағын соғыс ұрлаған ұрпақтың өкілі болғандықтан, суық қару атаулыға қаны қас. Бейбіт өмірде аң, құс атуды ермек еткен замандастарына «кие» деген ұғым туралы ой салады. «Судың да сұрауы болатыны» сияқты тірі жаннан төгілген қанның бәрінің сұрауы бар. Мейлі ол адам болсын, мейлі ол аң-құс болсын. Әке-шешеден жетім қалған бала секілді, аң-құстың да артында жетілмеген ұрпағы қалатыны рас. Оны ақын «Хайуанатқа жасаған қиянатың, – Бауырыңа жасаған опасыздық!» деп түсіндіреді. Күнделікті өмірде былғарыдан жасалған зат, құсжастық, құндыз бөрік, тон тәрізді заттардың қалай жасалғанына мән бере бермейміз. Ақынның сезімтал жүрегі осылардың астарына қарай жетелейді.



Осы ойымызды Ә.Нарымбетовтің: «Ақынның поэмаларында да соны идеялық кең серпін, жаңа көркемдік бояулар молынан ұшырайды. Мәселен, оның "Қызыл кітап" поэмасы – ой-толғамы ауқымды, бүкіладамзатты ойландыратын пікір-тұжырымға бай философиялық туынды. Адамзат тарихына шолу жасап, жер бетіндегі адамдардың өзіне көп зиян келтіргенін ақын өкінішпен жырлайды. Жер үстіндегі көптеген жан-жануарларды қырып-жойып, аяулы Жер-Ананы жесір қалдырған, планетаны экологиялық апатқа ұшыратқан адамдардың зұлымдық іс-әрекетіне қарғыс айтады. Адамдардың осы зиянды істерінің түбі неге соғарын да абайлап, ақынның жер бетіндегі бүкіл адамдарды, замандастарын ойлануға үндеуі – поэманың мағыналы, мәнді идеялық түйіні десе де болғандай» деген пікір растайды.¹

Жылдан-жылға жоғалып, Қызыл кітапқа еніп жатқан аң-құстар, жер бетінен жойылып жатқан ұсақ ұлттардың да тағдыр талайын еске салады. «Бір балықты бір балық қылғытқандай, Қылғытыпты бір халық бір халықты!» деген жолдармен әлділердің әлсіздерге басқыншылық жасауын, жеңімпаздардың тұтқындарды қара базарға апарып саудалауын еске салған ақын «Адамзат баласының хайуаннан артықтығы неде?» деген сауал тастайды.



Ұстағандай тұтқасын өлдененің,
 Кейбіреудің көрсеңіз дөндегенін?!
 Құсты айтасыз,
 Сөз боп па құс дегенің?!
 Аңды айтасың,
 Сөз боп па аң дегенің?!
 Шүкір! Шүкір!
 Сұмдықтан Далам аулақ.
 Сол Далада өседі балам аунап.
 Бірақ, бірақ
 Кәдімгі осы адамдар
 Адам сатқан бір кезде,
 Адам аулап!
 Керек еді жазалау өңгілерді,
 Кім тыңдаған ол кезде мән білерді?!
 Құл сатушы көззаптар
 АҚШ-ына
 Торға қамап жеткізген зәңгілерді.
 Айдаһарға дауа жоқ жеті басты!
 Кейбіреудің одан да ақылы асты.
 Адам емес,
 Маймылдың бір түрі деп
 Зообақта ұстаған папуасты!
 Жіберілген «жігіттер» өскер үшін
 Мәз қылам деп Париждің жас перісін,

Тірек сөздер

аң, құс
 құл сатушы
 зообақ
 парик
 орта ғасыр
 зәңгілер
 аңшылар
 король

¹ Нарымбетов Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 9-том. Алматы: Қазақпарат, 2005.

Тірідей-ақ
 Парикке лайықтап
 Үндендердің¹ сыпырған бас терісін.
 Күні бітсе құндыз бен құнулардың,
 Ешқандай да қақы жоқ бұғуға ардың.
 Сөйте тұра
 Фашистер...
 Бұрымдарын қырыққан сұлулардың.
 Тұла бойын тілгілеп сабау-қайғы,
 Қара жердің жотасы алаулайды.
 Орта ғасыр өткенмен
 Кейбір елде
 Адамдарды, бауырым, өлі аулайды!
 Ысқырғанда құлдықтың қамшылары,
 Белгілі ғой кімнен қан тамшылары!
 Аңдып жүріп атады
 Зәңгілерді
 Ку-клукс-кланның² аңшылары!
 Бас орнында демесең,
 Шаш орнында.
 Өмірге аян мықтың да,
 Нашарың да.
 Африкалық бір король
 Өз елінің
 Премьерін жеп қашқан қашарында!..

Лұғат

Әңгі – есапаң, әумесер. Бұл жерде: опасыз адам мағынасында қолданылған.

Құну – Оңтүстік Алтайда кездесетін терісі қара бурыл немесе қызыл қоңыр түсті, түр-тұлғасы жағынан сусарға ұқсас аң.



1. Сұлтан Бейбарыстың да кезінде құлдыққа сатылғанын тарихтан білесіңдер. Құл саудасы қай елдерден бастау алуы мүмкін?
2. Америка, Африка елдеріндегі құл сатуға қатысты қандай мәліметтерді білесіңдер? Құл саудасының бұл елдердегі жағдайын тарихи тұрғыдан қарастырыңдар.
3. Ертедегі адам аулап, адам сату ісіндегі бассыздықтың көрінісін қалай сипаттаған? Бұл оқиғаның белең алуына не түрткі болған?
4. Қадыр Мырза Әлі туралы айтылған қандай ақын-жазушылардың, ғалымдардың пікірлерін білесіңдер? Сол пікірлердің астарына үңіліп көріңдер.
5. Қазақ әдебиетіндегі Қадырдың замандастарынан кімдерді білеміз? Олардың шығармаларымен қандай да бір үндестік байқалады ма?

¹ Үндендердің – автордың жеке қолданысы. Негізгі үндістер деген сөз.

² АҚШ-та 1865 жылы ақ пен қара нәсіл теңдігіне қарсы құрылған нәсілшіл астыртын ұйым.





Төмендегі үлгі-кестені пайдаланып, «Қызыл кітап» шығармасына поэтикалық талдау жасап, ақынның өзіне тән ерекшелігін саралаңдар.

Поэтикасы, өлең құрылысы	Мысалы	Қызметі
Өлең құрылысы: шумақ; тармақ; буын; бунақ.		
Ұйқасы, ырғақтары		
Поэтикасы, тіл көркемдігі: ажарлау; құбылту (троп); айшықтау.		



Ақын адамның рухани жан дүниесіндегі жұтаңдық пен табиғаттағы жұтаңдықты қатар алу арқылы «Табиғат пен Адам» мәселесі бойынша қандай тұжырым жасайды? Поэмада айтылған ойды төмендегі кесте негізінде талдап, қорытынды шығарыңдар.

Адамның рухани жан дүниесіндегі жұтаңдық	Табиғат экологиясындағы жұтаңдық
Тұжырым:	



Шығармада көтерілген басты мәселені өзіндік көзқарас тұрғысынан талдап, «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазыңдар. Өлең, өңгіме немесе эссе жазуға болады.

IX бөлім



Абайға тән сыншылдық рух халқын ұнатпаудан емес, қайта оның ертеңі үшін тарихи жауапкершілікті неғұрлым қатты сезінуден өрістемек... Осындай суреткерге хас азаматтық ерлікке батыл көтерілген көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі болды.

Бақытжан МАЙТАНОВ

Аң-құс ату адам баласын жауыздыққа, қатыгездікке алып баратынына сенген ақын «Бүгін кептер атқандар, Ертең ердің кеудесіне тапанша тірмей ме?!» деген тұжырым жасайды. Авторлық ұстаным – Жер-Ананың қойнауындағы байлыққа қол сұғуға болмайтындығы. Табиғат-Ананың адамзат баласына берері жетерлік, бірақ тіршілік иелерін қару ұстап қыра беруге болмайды. Адам қолынан қырылып, Қызыл кітапқа енген аң-құстардың тағдыры біздің де басымызға келуі ғажап емес. Бүгінде мұражайлардан көріп жүрген мамонттардың қаңқасы тәрізді ерлеріміздің бойында азаматтық, өрлік, ерлік, жомарттық, қайырымдылық т.б. қасиеттердің жоғалып бара жатқаны жасырын емес. Ақын осы поэмасымен ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуды да мезгеп отырғаны шындық. Оның ұғымындағы қазақ «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңіндегідей болу керек. Қазақ халқының ұсақталуына төзбеген ол жер бетінен жойылып кетудің алдын алу керектігін ұсынады. Сол мақсатта жануарлардың Қызыл кітабымен параллель суреттеуі орынды.





Тірек сөздер

шүріппе
ерлік
мөрттік
адам
туыс, туысқан
мамонт
перзент
хайуанат

Кетем іштей тітіреп,
Түршігіп те:
Дүниені төңкерер бір шүріппе!
Жоқтайтұғын бүгінде хайуанат көп,
Ойланатын нәрсе көп тіршілікте!
Отыратын кез емес түңліп құр.
Төзім тауы бор болып үгіліп тұр.
Айналаңа қарашы,
Адамдарға,
Өзіңе-өзің қарашы үңіліп бір!
Сөз болып па кәрілік,
Қарттығымыз!
Бізге лайық бір жүкті артты ініміз.
Кеткен жоқ па азайып ерлігіміз?!
Кеткен жоқ па жоғалып мөрттігіміз?!
Талай темір көктасқа қайырылды,
Талай төңір сенімнен айырылды.
Адамбысың сен өзі мейірімді?
Адамбысың сен өзі қайырымды?!
Тазамысың?
Тірлікке ризамысың?
Түгін толы әлдебір мұржамысың?
Алар жерге келгенде қанағатшыл,
Берер жерге келгенде мырзамысың?!
Өкпе емес пе осыным,



Қызыл кітапқа енген құстар



Наз емес пе?!
 Кейбіреулер барына мөз емес пе?!
 Туыс көп те
 Жоқ бірақ туысқандық.
 Адам көп те,
 Адамдық аз емес пе?!
 Қараңызшы үлкенге,
 Кішіңізге:
 Орнында ма санамыз?
 Күшіміз де?!
 Мамонт құсап
 Жігіттік
 Азаматтық
 Қалған жоқ па көміліп ішімізде?!
 Жақсылықтың алдында бас иетін
 Бабалардың не істейміз өсиетін?!
 Жер жоғалтса не болмақ перзенттерің?
 Ер жоғалтса не болмақ қасиетін?!
 Түгел жыртып,
 Тастақты айдағандай
 Отырмын мен,
 Отырмын ойға қанбай:
 Адамдығын жоғалтсақ адамдардың
 Хайуанатты жоқтаудан пайда қандай?!



1. Шығармада аты кездесетін аң-құстардың тізімін жасап, олардың қай дәуірде өмір сүргені туралы мәлімет жинаңдар.
2. Поэмада кездесетін өсімдіктердің тізімін жасап, олардың қандай өлкеде өсетінін түсіндіріңдер.
3. Мамонттың қаңқасы қойылған мұражайлар туралы мәліметтер жинап, өзара пікір алмасыңдар.
4. Ақын адами қасиеттердің жойылуын немен байланыстырады?
5. Бабалар аманаты ретінде қандай өсиетті еске салады?



Поэмадағы басты кейіпкер кім? Жанама кейіпкерлер бар ма? Олардың ұстанымы қандай? Кейіпкерлердің іс-әрекетінен қандай тұжырым жасауға болады? Осы сұрақтар негізінде кейіпкерлер жүйесіне талдау жасаңдар.



Поэмадағы көркемдегіш құрал түрлерін анықтаңдар.

Көркемдегіш құрал	Мысалы	Қызметі
Аллитерация		
Ассонанс		
Анафора		



Жалғасы

Жай қайталау		
Теңеу		
Эпитет		
Метафора		
Кейіптеу		



Шығарманы Ф.Мүсіреповтің «Қасқырды атқан қайсысы?», М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» шығармаларымен салыстырып, ортақ үндестікті анықтаңдар. Адамзаттың табиғатқа зиян келтірудегі мақсат-мүддесіне баға бере отырып өдеби сын жазыңдар.

X бөлім



Қадыр Мырза Әлі – ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихы бай, тағдыры күрделі, түйсігі мың қатпар, қалтарысты, астарлы, тысты, алапат тілді... бітімімен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар-ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшінің мінін, қайғысын, сорын азаматтық тұрғыда қазып айта алған, сыншыл да ойшыл ақын. Ұлы ақын.

Күләш АХМЕТОВА

Әдебиеттанушы ғалым Мырзабек Дүйсенов қазақ ақындарының сөз кестесі туралы: «Әдебиеттегі бұрыннан бар метафора, эпитет, теңеулерді қайталамай, қайта санын көбейтіп, түрлерін дамыту – ақындар үлесіне тиген міндет», – деген болатын. Қадыр Мырза Әлі – ұлттық сөз өнерімізді жаңа бейне, тың теңеу, тапқыр эпитет, соны ұйқастармен байытқан ақындардың бірі. Ақын шығармаларының көркемдік-эстетикалық қырларын сөз еткенде, стильдік ерекшелігін танытатын сөз қолданыстарын айтуға тура келеді. «Кеуіп қалған көлшіктей қымызхана, қаңсып қалған қайықтай қоймалар да»; «Жалғыз ғана біз емес, киттей тулап, бүкіл Совет Одағы дүр сілкінді»; «Жылдар жылжып өтсе де, «абжыланға арбалған көлбақадай отырдық»; «Құмырадан босаған жын секілді кетті жұрттың құтырып хайуандығы», «Даласы мұң – елімнің, ауасы – мұң»; «Тірлігіміз – химия соғысы да, противогаз – өкпеміз өзіміздің! Қара түтін – қасірет қарт данаға», «Ине-өмірді қиын-ау сабақтауың», «Көңіл кірі айналды бес еліге» тәрізді тіркестерден ақын қаламына тән көркемдік ізденістер аңғарылады.

Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!
Өттең, бірақ!
Аспанның бұлты биік
Жаңбыр емес,
Өтеді сілті құйып,
Жоқ боп кетті



Өдемі теке мүйіз,
 Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!
 Қара жерді жылатып,
 Еңіретіп
 Кетті солай дронттың¹ өмірі өтіп.
 Екі ғасыр бұрын біз
 Ең ақырғы
 Сусиырды өлтірдік мәңіретіп.
 Қызыл-жасыл,
 Зер өңді,
 Қалайы түр
 Тотылардың музейде талайы тұр.
 Адамдардың алдында
 Ақырғы рет
 Ышқынды да
 Көз жұмды жабайы тур².
 Осыны айтсаң,
 Күрсініп,
 Тоқтайды жел.
 Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.
 Солқ-солқ етіп жылайды
 Опат болған
 Перзенттерін еске алып,
 Жоқтайды жер.
 Отыра алмас ұл шыдап,
 Қызың шыдап.
 Жоғалғандар тізімі – ұзын-шұбақ.
 Қызыл кітап –
 Мезгілсіз кеткендердің
 Бастарына қойылған қызыл шырақ!
 Келеді кез,
 Күрделі біздің бұл кез!
 Жауаңдайды адамға түзде мың кез,
 Қызыл кітап –
 Қызыл кітап –
 Опат боп кеткен аңның,
 Бастарына қойылған қызыл күмбез.
 Қашқан кезде адамнан
 Ізін қандап,
 Тауешкісі өтеді құзыңды аңдап.
 Қызыл кітап –
 Тірі жан тимесін деп,

Тірек сөздер

құлан, керік
 жаңбыр
 жылқы, киік
 тотылар
 шөл
 дерт
 қызыл шырақ
 күмбез
 мандат

¹ Дронт – ежелгі қанатсыз құстар.

² Тур – ертеде тіршілік етіп, кейін жойылып кеткен ірі, жабайы сиыр.

Хайуанатқа берілген қызыл мандат.
 Баяғыдай көбінің халы бірақ –
 Мойындарын үзеді әлі бұрап.
 Қызыл кітап –
 Бұл өзі қызық кітап:
 Тысы жұқа,
 Астары қалыңырақ!

Лұғат

Сілті – 1) құрамына сутектің көрсеткіші 7-ден артық сулы орта түзіп, гидролизденетін ерімтал негіздер мен тұздар кіретін химиялық қосылыс; 2) сабан күлін суға қайнатып тұндырып алғаны. Бұл жерде: ауыспалы мағынада жаңбырдың да таза еместігі айтылған.



1. Ақын жан-жануарларды сақтап қалуға қандай кеңес береді?
2. Үзіндіде жойылып кеткен жануарлардың қандай түріне тоқталады?
3. Ақын Қызыл кітапқа қандай сипаттама береді?
4. Табиғат өз перзенттерін қалай жоқтайды?
5. Қызыл кітапқа енген жан-жануарлар санының жылдан-жылға артуына не себеп болып отыр?



1. Төмендегі тізбекті басшылыққа алып, шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар:
 - поэмадағы басты оқиғалар;
 - оқиға кейіпкерлері;
 - оқиғаның баяндалуы;
 - автордың оқиғаға көзқарасы.
2. Автор ер бөлім бойынша төмендегідей қорытынды шығарады. Автордың қорытынды ойының мәнін ашыңдар. Сендер ер бөлімде айтылған көкейкесті мәселені қандай философиялық оймен түйіндейтін едіңдер?

Үзінділер	Үзіндінің мән-мағынасы	Өзіндік философиялық ой
Хайуанатқа жасаған қиянатың — Бауырыңа жасаған опасыздық!		
Кешіре гөр біздерді, Өуликөл! Кешіре гөр біздерді, Қыркиелі!		
Адамдығын жоғалтсақ адамдардың Хайуанатты жоқтаудан пайда қандай?!		
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен, Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!		

3. Поэманың негізгі тақырыбы қандай? Шығармада қандай өзекті мәселе көтерілген? Кестені басшылыққа алып, поэманың ер бөліміне талдау жасаңдар. Ортақ қорытынды шығарыңдар.



Бөлім	Мәселе	Себебі	Салдары
Қорытынды ой			



1. Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар тізіміне шолу жасаңдар. Поэмада кездесетін жануарлар атауларын қай категорияға жатқызасыңдар? Бүгінгі күні жануарларды сақтап қалуда қандай іс-шаралар атқарылып жатыр? Осы сұрақтарға байланысты кестені толтырыңдар.

Жойылып бара жатқан	
Жылдан-жылға күрт азайып бара жатқан	
Сирек кездесетін	
Толық зерттелмеген	
Қалпына келтірілген	

2. Сирек кездесетін жануарлардың құрып кетуіне өкелетін іс-әрекеттер тізімін жалғастырыңдар. Поэмада көрсетілген іс-әрекеттермен толықтырыңдар.

Іс-әрекеттер	Іс-әрекеттер
■ ...	■ ...
■ ...	■ ...

3. Ақын төмендегі өлең жолдарында оқырмандарына бірнеше сауал қояды. Топта ақылдасып, осы сұрақтардың жауабын қарастырыңдар. Ойларыңды дәлелді жеткізу үшін поэманың хрестоматияда берілген бөлімімен танысып, мысал келтіріңдер.

*Кімде кіне, бауырым,
Кімдерде айып?!*

*Кімдер одан сорлады,
Кімдер байып?!*



1. Ақынның «Қызыл кітап» поэмасы 1983 жылы жарық көрген. Шығармадағы заман көрінісіне тоқталыңдар. Сол уақыттағы аталған мәселенің туындауына қандай жағдай түрткі болды? Бұл мәселе өлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Оған не себеп?



2. Қ.Мырза Өлінің «Қызыл кітап» поэмасын М.Булгаковтың «Иттің жүрегі» («Собачье сердце») шығармасымен немесе М.Әуезовтің «Көксерек» повесімен салыстыра талдап, идеялық үндестікті анықтаңдар. Әдебиеттегі адамдардың табиғат ісіне араласу мәселесі жөнінде әдеби сын жазыңдар. (Қосымша әдебиеттер: Л.Андреевтің «Кусака», И.Тургеневтің «Му-му», Д.Киздің «Цветы для Эджерона» шығармалары.)

Талдау нысаны	«Қызыл кітап» поэмасы	«Иттің жүрегі» повесі немесе «Көксерек» өңгімесі
Тақырып ауқымы, мәселе		
Оқиға орны		
Заман келбеті		
Түйінді ой		



Кері байланыс: «Түртіп алу жүйесі»

Қ. Мырза Әлінің «Қызыл кітап» поэмасын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасаңдар.

«Бұрыннан білемін» +	«Жаңа ақпарат» !	«Мен басқаша ойлаймын» –	«Сұрағым бар» ?	«Білгім келеді» ???

СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ**(1946 жылы туған)**

Драмалық шығарманың міндеті дұрыс пен бұрысты, ұнамдылық пен ұнамсыздықты, ізгілік пен жауыздықты келістіру, бітістіру емес, қайта олардың тартысы мен күресін әбден шиеленістіру, сөйтіп, әрқайсысының табиғатын терең ашу, жарамсыздықтың қандай түрін болса да жеріне жеткізе әшкерелеу ғой.

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

Балғабәев Сұлтанәлі Базарбайұлы – белгілі жазушы, драматург және қоғам қайраткері. Ол 1946 жылы мамыр айының 21 күні Қызылорда облысының қазіргі Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе теміржол бекетіне жақын жердегі «1 Май» ауылында шопан отбасында дүниеге келген.

Болашақ қаламгер 1953–1964 жылдары осы аталған ауылдағы он бір жылдық мектепте білім алған. Мектепті бітірген соң еңбек жолын шопан болудан бастаған.

С. Балғабәев 1966–1971 жылдары өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алып, университеттің соңғы курсында жүргенде «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналына қызметке орналасқан. 1976 жылдан бастап «Жалын» баспасында қоғамдық-саяси және проза бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарған. Кейін «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат») журналында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызметтер істеген.

Драматург С. Балғабәев ұзақ жыл Ф. Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық жасөспірімдер мен балалар театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Ол театрдағы өріптестерінің табиғи талантын, актерлік шеберлігін ашу мақсатында «Ғашықсыз ғасырды» Фаридә Шәріповаға, «Ең әдемі келіншекті» Лидия Көденоваға, «Тойдан қайтқан қазақтарды» Жұмабай Медетбаевқа арнап жазды. Арнайы жазылған шығармалар сәтті шығып, театр сахналарында ұзақ жылдардан бері қойылып келеді.

С.Балғабаев – 1992–2018 жылдары Дүниежүзі қазақтары қауымдас­тығы Төралқа төрағасының орынбасары қызметін атқарып, әлем қазақтарының Алматы, Түркістан және Астана қалаларында өткен бес құрылтайын ұйымдастырушылардың бірі. Белгілі қаламгер У.Қыдыр­ханов және режиссер Ә.Сүлеевамен бірлесіп «Атамекен» деректі фильмі­нің сценарийін жазды. 1993 жылы «Әлем» студиясынан жарық көрген фильмде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы туралы жан­жақты баяндалды.

2002–2018 жылдары қазақ диаспорасына арналған «Алтын бесік» журналын шығарып, алыстағы ағайындарға ұлттық әдебиеттегі соңғы жаңалықтарды жеткізіп отырды.

Сұлтанәлі Балғабаевтың есімі әдебиет сүйер қауымға шебер про­зашы, белгілі драматург, өткір ойлы публицист ретінде жақсы таныс. Қаламгер драматургия саласында жемісті еңбек етіп жүр. Оның қала­мынан туған «Қыз жиырмаға толғанда», «Ең өдемі келіншек», «Ғашық­сыз ғасыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Қазақша күрес», «Сағыныш пен Елес», «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы еркек», «Енелер мен келіндер» атты пьесалары еліміздің көп­теген театрларында қойылған.

Сондай-ақ С.Балғабаевтың пьесалары өзбек, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр театрларында да сахналанды.

С.Балғабаев бүгінгі таңда балаларға арналған драматургиялық шығармаларға өз үлесін қосып жүр. Оның балдырғандарға арнаған «Жымбала, Мико және қасқыр», «Менің әжем сиқыршы» атты пьеса­ларын бірнеше театр көрермендерге ұсынды.

Ауылдық жерлердегі халық театрлары мен көркемөнерпаздар үйір­мелеріне бір актілі пьесалар мен шағын интермедиялар өте қажет екені белгілі. Драматург осы тақырыпта «Аспирант, әйел және Жын» атты бір актілі пьеса жазды. Бұл айтылған шығармалардан басқа «Өтірік айтпайтын адам» (*екі бөлімді трагикомедия*), «Қыз жиырмаға толғанда» (*екі бөлімді пьеса*) сияқты драмалық туындылардың авторы. «Мәңгілік махаббат әні» атты пьесасы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған бөйгеде екінші жүлдеге ие болды.

С.Балғабаев 1980 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде қоғамдық негізде жұмыс істейтін хатшысы, Драматургия кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Жазушылардың кейінгі төрт Құрылтайында Одақтың басқарма мүшесі болып сайланды, қазіргі таңда Одақтың Ағалар алқасының, Қазақстан театр қайраткерлері одағының мүшесі. 1992 жылы дүниеге келген Қазақ ПЕН-клубын¹

¹ ПЕН-клуб (*ағылш. PEN International*) – өртүрлі әдеби жанрларда жазатын кәсіби ақын, жазушы, журналистерді біріктіретін, олардың құқықтарын халықаралық дәрежеде қорғайтын қоғамдық бірлестік. Халықаралық қазақ ПЕН-клубы 1993 жылы құрылған.

алғаш құрушылардың бірі, қазір осы ұйымның басқарма мүшесі.

Сонымен бірге ол – «Нұр Отан» партиясы жанындағы мәдениет пен өнерді дамыту мәселелері жөніндегі «Мирас» қоғамдық кеңесінің, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Театр өнері жөніндегі көркемдік кеңестің мүшесі. Осы еңбектері үшін Қазақстан Республикасы «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» (2013) атағы беріліп, Халықаралық әдеби «Алаш», Қазақ ПЕН-клубы сыйлықтарының лауреаты атанды. Сондай-ақ «Құрмет» орденімен (2007), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» және т.б. көптеген медалмен марапатталды.

Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының профессоры, кинотеледраматургия мамандығы бойынша курс жетекшісі болып ұстаздық етеді.



1. Драматург өріптестерінің талантын ашу мақсатында не істеді?
2. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында қандай қызмет атқарды?
3. Драматург-жазушының сахналанған туындыларын атаңдар.
4. Балаларға арналған қандай пьесалар жазды?
5. С.Балғабаев өмір жолына шолу жасаңдар.

Қоғамдық қызметі



Қаламгердің парызы – қазақтың жоғын түгендеу.

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ

С.Балғабаевтың қоғамдық қызметін бірнеше салаға бөліп сөз етуге негіз бар. Қазақстан Республикасының шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс жасау ісіне Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы арқылы қызмет етіп келеді. Ол – 1992 жылы өткен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын ұйымдастырушылардың және осы Құрылтайда құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құрушылардың бірі. Тұңғыш құрылтайды (бастапқы кезде ол – «конгресс» деп аталып жүрді) өткізу жөнінде 1991 жылы Қазақстан Жазушылар одағының жанынан құрылған Ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы міндетін атқарды. Содан кейін Құрылтайдың ашылуына екі-үш ай қалғанда Үкіметтен құрылған жұмыс тобының мүшесі болды. 1992 жылдың қыркүйек айында Құрылтай өтіп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылғаны ресми түрде жариялануына көп еңбек сіңірді.

Қауымдастықтағы шетелдегі отандастарды қолдаудың екі мемлекеттік Бағдарламасы мен «ҚР Халықтың көші-қоны туралы» екі заң жобасын дайындауға жұмыс тобының мүшесі ретінде қатысып, шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанға келіп білім алуына, дайындық бөлімдерінің ашылуына, олардың жүйелі жұмыс істеуіне үлкен үлес қосты.





Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Астана, 2017 ж., 22–25 маусым

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ең басты міндеті – шетелдегі қазақ диаспорасымен мәдени-рухани салада жан-жақты байланыс жасап, олардың мұқтаждарын Қазақстанның тиісті орындарына жеткізу, оң шешілуіне ықпал ету. Осыларды жүзеге асыруда С.Балғабаев Бейжің, Улан-Батор қалаларына дейін барып, Қытай мен Моңғолиядағы ағайындарды әлденеше рет аралап қайтты. Ол Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Еуропа қазақтарының арасында да бірнеше рет болды. Иран, Ауғанстан қазақтарының Қазақстанға оралуына атсалысты.

Әр жылдары шетелдегі қазақ диаспорасы туралы өткен халықаралық конференция, алқалы мәжілістердің ұйымдастырушысы және тұрақты баяндамашысы болды.

С.Балғабаев Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болғандықтан, Қазақстан Жазушылар одағына да көп еңбек сіңірді. 1991–1992 жылдары Жазушылар одағында жауапты хатшының орынбасары қызметін атқарды. 1991 жылдың желтоқсан айында өткен Жазушылар одағының екінші Пленумында С.Балғабаев КСРО жазушыларының съезіне делегат болып сайланды. Жазушылардың кейінгі төрт Құрылтайында Одақтың басқарма мүшесі, көп жыл Одақтағы драматургия кеңесінің төрағасы болды.



1. Жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың қоғамдық қызметін бірнеше салаға бөліп қарастырындар.
2. Жазушы қандай заң жобасын дайындауға қатысты?
3. Сыртта жүрген қазақтардың Отанымызға оралуы үшін С.Балғабаев қай елдерді аралады?
4. Жазушының шетелдегі қазақ диаспорасына қатысты мәселелердің шешімін табуға атсалысқан іс-шараларына тоқталындар.





С.Балғабаевтың тынымсыз еңбек жолында атқарған қызметтерін төмендегі сызбаға түсіріңдер.



С.Балғабаевтың басқа қандай шығармаларымен танысыңдар? Бір-біріңмен сұхбаттаса отырып, білгендеріңді ортаға салыңдар.

«ТОЙДАН ҚАЙТҚАН ҚАЗАҚТАР» пьесасы

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс



Егер қазақ драматургиясында трагедия жанрының тууы көрнекті драматургіміз Мұхтар Әуезовтің творчествосымен байланысты болған болса, күлкілі комедияның қазақ сахнасына шығуы жазушы Бейімбет Майлиннің творчествосымен тікелей қатысты болды.

Сейділда ОРДАЛИЕВ

Ұзаққа созылған қоғамдық өзгерістерден кейін қол жеткен тәуелсіздік қаламгерлерге шығармашылық еркіндік алып келді. Дербестіктің, ең алдымен, ұлттық әдебиетке ықпалын тигізетіні белгілі. Қаламгерлер мұрағаттарда көп жылдан бері қапаста жатқан тарих беттерін ашып, бұрын-соңды есімі аталмаған, олар жайында мүлдем естімеген хандар мен патшайымдар, би-шешендер мен жыраулар, батырлар мен ел аналары бастан өткерген зұлматты жылдарға жан бітірді. Соңғы жылдары ұлт қаһармандарының есімдері аталып, түрлі тарихи тұлғалардың өмір жолы көркем шығармаларға арқау болды.

Бұл жылдары ұлттық әдебиеттің негізгі жанрларының бірі – драматургияның тақырып аясы кеңіді. Тарихи тақырыптарға сексенінші жылдардың екінші жартысынан бастап көңіл аударылса, тәуелсіздік тұсында бұл үрдіс ерекше қарқынмен дамыды. Бұл жылдары Сәкен Жүнісов, Қалихан Ысқақ, Дулат Исабеков, Әкім Тарази, Сұлтанәлі Балғабаев, Баққожа Мұқай, Тынымбай Нұрмағамбетов, Бек Тоғысбаев, Исраил Сапарбай сынды ақын-жазушылар драматургия жанрына араласып, қиын жанрдың жүгін көтерісті. Драматургтер ұлт тарихын бірнеше ғасырға шегеріп, қазақ сахнасына ұлттық қаһармандардың жаңа бейнесін алып келді. Ұлт тарихынан орын алатын хандар, батырлар, ақын-жыраулар, әз аналар, белгілі қоғам қайраткерлерінің келбеті театр сахнасынан орын алып, халықтың рухын асқақтатуда. Оның бір мысалы – 1986 жылы Сәкен Жүнісов «Өліара» пьесасы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлық алды. 1987 жылы «Аманай мен Заманай» романының негізінде «Заманай» кинофильмі түсірілді.



Тәуелсіздік тұсында А.Сүлейменовтің М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында қойылған «Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта – жайнамаз» драматургиялық триптихына (1996), театртанушы, сыншы Ә.Сығайдың «Сахна саңлақтары» кітабы үшін (2000) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.



Шағын перрон. Көз байланған кез. Сахнаға Мәлис Әлібаевич, Асай Мүсеевич, Қошқарбай шығады. Соңдарында көркемөнерпаздар ансамблі. Ансамбль әндепін, билеп келеді:

Жасасын біздің меймандар!	Жасасын жақсы ағалар!
Біздің меймандар жасасын!	Асыл ағалар жасасын!
Жасасын жақсы меймандар!	Жасасын қамқор ағалар,
Құрметті мейман жасасын!	Бастық ағалар жасасын!

Жігіттер музыка ойнап, қыздар мың бұрала билеп, думанды қыздыра түседі.

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ (*бишілерге қосылып билеп кете жаздап*). Ай, керемет қой!.. Керемет!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (*саусағын сыртылдатып биге қосылып*). Иә-иә, ғажап! Қандай өдем!.. Қандай өдем!..

ҚОШҚАРБАЙ. Біздің ауылдың бәрі осы!.. Шетінен өнші!.. Шетінен биші!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Жалпы, біздің халық дарынды халық қой!..

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Шетінен дарынды!.. Шетінен қабілетті!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Біздің қазақ – ұлы халық қой!

ҚОШҚАРБАЙ. Дұрыс айтасыз! Біздің қазақтар деген... (*әндетіп*):

Жасасын біздің қазақтар!
Қазақтар біздің жасасын!
Ұлы қазақтар жасасын!
Дана қазақтар жасасын!

Көркемөнерпаздар қосылып әндепін билейді:

Жасасын біздің қазақтар!
Батыр қазақтар жасасын!
Ақын қазақтар жасасын!
Дана қазақтар жасасын!

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Өте керемет! Бүгінгідей той, бүгінгідей мереке өте сирек болады.

ҚОШҚАРБАЙ. Бәрі сіздің арқаңыз, Мәлис Әлібаевич! Сонау Алматыдан өзіңіз келген соң жігіттер аянған жоқ! Барын салды!

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Ертең Алматыға барған соң айтамыз бұл туралы! Тиісті орындардың бәріне жеткіземіз.

Тірек сөздер

өнші, биші
Алматыдан келу
баяндама
төбелес
шежіре жазу
конверт
ұят болу

ҚОШҚАРБАЙ. Оның үстіне мына кісінің де... (Асай Мүсеевичке қарап.) Асеке!.. Асай Мүсеевич дейім, сіздің баяндамаңыз... бүгінгі тойдағы баяндамаңызды айтам, сондай керемет болды!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ау, енді бүкіл Академияның атынан сөйлеген соң керемет болмаса болмайды ғой.

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Гениально!.. Классика!..

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, сондай!.. Әсіресе батыр бабамыздың бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болды деген фактіңіз өте күшті екен. Айтпақшы, ол фактіні қайдан тауып жүрсіз?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Таптық қой!.. Ғалым болған соң іздену керек!.. Мен ол туралы бүкіл газетке жазғам!... Оқымайсыңдар!..

ҚОШҚАРБАЙ. Жо-жоқ, неге оқымаймыз?! Оқимыз ғой!.. Ойпырым-ай, бес жасында шешен, он жасында көсем – шынында ғажап!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мен алғашында үш жасында деп жазайын дегем!.. Сосын сыпайыладым ғой...

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Айтпақшы, тойдағы төбелес осыдан шықты дейді ғой... Біреулер оған сенбей ме, қалай? Асеке, осы фактіні архивтен алдым деген жоқ па едіңіз?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә-иә, алуын алғам ғой... Бірақ енді ол тым ерте, осыдан үш жүз жыл бұрынғы жағдай... ол кезде халық сауатсыз... архив мәселесі нашарлау...

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Дұрыс айтасыз!... Қазақ деген қымызды ішуді білген... көп әйел алуды білген... ал архив жазуды білмеген. Соған да мен кінәлімін бе?

ҚОШҚАРБАЙ. Асеке, біздің жақта да үнемі осы... Той болса аяғы төбелес!



М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылған «Тойдан қайтқан қазақтар» спектаклінен көрініс



АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә, біздің жақта да осындай!.. Бірақ сіздерде сұмдық екен!..

ҚОШҚАРБАЙ. Әдейі жасайды!.. Бізде кірмелер бар!.. Басқа рудың адамдары... Солардың қастандығы!.. Көре алмайды, иттер!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә, қазақ болған соң болады ғой ондай! Бірақ біз провокацияға жол бермеуіміз керек!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Дұрыс айтасыз!.. Біз тарихты дұрыс білмейміз... Меніңше, осы шежіре жазуды мемлекеттік деңгейде қолға алу керек!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Ұсынысыңыз өте орынды! Елдің ертеңін ойлаған мәселе бұл!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Әп, бәрекеді!.. Міне, басшылардың бәрі осылай ойласа ғой – біз қайда, ендігі талай жерге барып қалар едік!

ҚОШҚАРБАЙ. Мен де соны айтам! Қазақтың қайраткерлерінің бәрі сіздей болса ғой, шіркін!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Е, қызмет істеген соң халықты ойлау керек! Сол үшін жүрміз ғой, міне, күн-түн демей!

ҚОШҚАРБАЙ. Қандай тамаша сөз!.. Айтпақшы, Мәлис Өлібаевич, тағы бір шаруа бар еді... Кішкене шай-пәй дайындап едік...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жо-жоқ, пойыздан қалып қоямыз!..

ҚОШҚАРБАЙ. Қалмаймыз! Бұл «Қазақстан» пойызы ешқашан уақытында келген емес... Үнемі кешігіп жүреді.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Сонда да болмайды! Ертең жиналыс... Баяндама жасау керек!

ҚОШҚАРБАЙ (*сыбырлаңқырап*). Оның үстіне шамалы конвертіміз де бар еді...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (*ол да сыбырлаңқырап*). А, солай ма? Е, онда баяндама күте тұрады ғой... (*Мәлис Өлібаевичке қарап*.) Мәке дейім! Мынау Қошқарбай деген жігіт өзі азамат жігіт екен! Бармасақ ұят болады! Ренжіп жүрер!

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, солай! Ештеңеден алаңдамаңыздар!.. Біз сіздерді пойызбен келесі ауданның шекарасына дейін шығарып саламыз!

Бәрі сыртқа беттейді. Көркемөнерпаздар әндетіп соңдарынан ереді:

Той жасағандар жасасын!
Ас бергендер де жасасын!
Шапан жапқандар жасасын!
Ат мінгендер де жасасын!



1. Жазушы шығармаларының ұлттық драматургиядан алатын орны қандай?
2. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасы туралы қандай ғалымдардың пікірлерін білеміз?
3. Шежіре құрастыруды мемлекеттік деңгейде қолға алу керек деген пікірмен келісесіңдер ме?
4. Тарихшының баяндамасы не туралы еді?
5. Үзіндіде сыйлы адам кім? Оның халық алдындағы беделі неліктен жоғары?

Комедия (грек. *comodia*, *comos* – көңілді топ, *oide* – өлең деген мағынада) – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, қасиетсіздікті, оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Комедияда адамның мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда, қандай да бір ерсілік, оғаштық танытатын тұстарда көрсетіледі.

Комедияда өмірдегі қайшылықтардың терең тамырын қазбаламай, жеңіл қақтығыстар арқылы аңғару басым келеді. Кейіпкердің бойында жиі кездесетін өткір тілділік, өзінқойлық, күтпеген жерден оқыс жауап беруге икемділік шығарманың тартымдылығын арттыра түседі.

Комедиялық шығармада шынайы тапқырлық, асқан зеректік танытатын жарқылдаған ашық көңілді күлкіден бастап, кейіпкердің аңғалдығы, епсіздігі немесе топастығына негізделетін, іштен шықпаған, сырттай ғана көрінетін жасанды күлкіге дейін кездесіп отырады. Комедиялық характерді бейнелеу тәсілдері келелі сықақ, гротекс, өсірелеу (гипорбола), келемеж (кариатура) түрінде көрінеді. Комедиялық кейіпкердің мінезіне төн кемістік оның іс-әрекеті үстінде ашылады, шындықпен бетпе-бет келгенде ол еріксіз күлкілі жағдайға ұшырайды, яғни көбіне өзін-өзі өшкерелеп отырады.

Комедия, негізінен алғанда, екі түрлі жолмен жасалады: 1) жағдайға, оқиғаға байланысты; 2) кейіпкердің мінез-бітіміне байланысты. Жағдайға байланысты комедияда шиеленіскен әрекет, оқиға басты рөл атқарады. Қызықты, қыздырмалы, кісі күлерлік болып келеді. Кейіпкерге байланысты комедияда кейіпкердің күлкі тудыратын бір мінезі алынады да, сол бастан-аяқ сыналып отырады.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі Алматы: Ана тілі, 1996.



1. Драмалық шығармаларға төн ерекшеліктерге анықтама беріңдер. Шығармадан мысал келтіріп, көрінісіне талдау жасаңдар.
2. Драмалық шығарманың өзге жанрлардан айырмашылығы мен ұқсастығын саралаңдар.

	Драма	Ұқсастығы	Проза
Баяндау			
Сюжет			
Кейіпкерлер			
Тартыс			
Іс-әрекет			



Ремарка, реплика дегеніміз не? Ол пьесада қандай қызмет атқарады? «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасынан аталған терминдерге мысал келтіріп, қызметін анықтаңдар.

Анықтамасы	Мысал	Қызметі
Ремарка Реплика		



Екінші көрініс



Халқымыздың мәдени-рухани өмірінде театр өнерінің алатын орны ерекше. Ол – қазақ елінің өткені мен бүгінгі болмысының көркемдік сипаты әрі сахналық тарихы.

Бағыбек ҚҰНДАҚБАЕВ

Қазіргі қазақ драматургтері тарихи тақырыптармен бірге шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерді сахнаға алып келді. С.Балғабаев бүгінгі қоғам өмірінде дертке айнала бастаған келелі ойларды драмалық шығармаларына арқау етті. «Отбасы – шағын мемлекет» болатын болса, сол отбасының тұрмыстық мәселелерін «Ғашықтық ғасыр» пьесасында мемлекеттік дәрежеге көтергені белгілі. Фәрида, Қайырбай, Нәзікеш арасындағы махаббат линиясымен зиялы қауым өкілдерінің тұрмыс-тіршілігіне көңіл бөліп, сол арқылы көрерменге ой салса, «Ең әдемі келіншек» атты мелодрамасында қазақ қыздарының тағдыр тауқыметіне тап боламыз. «Енелер мен келіндер» пьесасында жаһандану дәуірінде құрдымға кете жаздаған ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыздың қайта жандана бастағанын бір отбасы төңірегіндегі оқиғаға сыйғызған.

Ал «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясының айтары мүлдем бөлек. Осы шығарма жөнінде өнертанушы ғалым Әшірбек Сығай: «Пьесаның тілі қарапайым, һәм ұғынықты. Образдардың мінез-құлықтары айқын. Кейіпкерлердің диалогтері шымыр. Оқиға өрілімдері ширақ та серпінді. Қаламы қашаннан да ұшқыр, тәжірибелі драматург С.Балғабаевтың бұл еңбегі оның тәуір жұмыстарының бірі болып саналмақ», – деген болатын.¹ Автор «Ел ерге, ер жерге қараған» қоғамның былығы мен шылығын жекелеген персонаждардың іс-әрекеттерімен әшкерелеген. Күлкіге құрылған комедияның астарында біз өмір сүріп отырған қоғамның дендеп кеткен дерті мен мұңдалайды.



Сол перрон. Вокзалға «Қазақстан» пойызы келіп тұрғаны аңғарылады. Перронда 60 жастар шамасындағы бір кісі вагонды жағалап, жүгіріп жүр. Бұл – Билетсіз жолаушы.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. (*Жанұшыра айқайлап.*): Әй, ағайындар! Прэбэдниктер! Мені Сұлутөбеге дейін ала кетіндерші! Сұлутөбеге дейін! Бір-ақ адаммын!

Бір вагонның есігінен Жолсерік келіншек көрінеді.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Не болды? Біреу бауыздайын деп жатқандай, не болды сонша ойбайлап?!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым, қарындасым! Сұлутөбеге дейін ала кетші!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Қайдан көрсең осы – ылғи сандалбай қазақ! Сыған сияқты қаңғырады да жүреді. Үйлерінде отырмайсындар ма? Билет қайда?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Билет жоқ!.. Билетті енді алайын деп тұр

¹Сығай Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 10-том. Алматы: Қазақпарат, 2005



Тірек сөздер

жолсерік
билет
оқудағы бала
саудагер әйел
жекеменшік
пойыз
түн ішінде жүру
бастық

едім, депутатпын деп біреу тап алдымнан қақты да кетті.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Обалың депутатқа болсын! Билет жоқ болса, орын да жоқ, бар айда!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым! Жүзің жылы жақсы бала екенсің!.. Мен түрегеп-ақ барам!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Жарайды, қанша бересің!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Бергенде – берем ғой...
Өзінің бағасын берем!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Тапқан екенсің ақымақты!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым-ау, оқудағы балама барып... қазіргі кезде бала оқыту деген... Бұрын тек оқуға түсерде ғана беретін едік... Енді ай сайын... сессия сайын... Біресе ақша сұрайды... Біресе соғым сұрайды... Тіпті, күрш, консерві сұрайтындары да бар... Бұл институт дегеннің мұғалімдері әбден құтырды.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Қазір сутегін оқитын баяғы коммунизм жоқ, ағасы... Айтпақшы, институтқа барған болсаңыз айдаладағы бұл стансыда не ғып жүрсіз?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Осы жерде аталарымыздың ескі қорымы бар еді. Жол үсті болған соң құран оқи кетейін деп түсіп едім, қарағым!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Ха-ха! Міне, қазіргі жұрттың бәрі осындай! Біресе күнә жасап пара беремін дейді, біресе мұсылман болып, Құран оқимын дейді... Адамды естіп ақымақ қылады. Басты қатырмай, анда, басқа вагонға барыңыз.

Вагонға кіріп кетеді. Сахнаға Саудагер әйел шығады. Екі жеңін түріп, басына орамалды шарт байлаған. Өлген түйедей ұлкен қапты сүйреп келеді.



«Тойдан қайтқан қазақтар» спектаклінен көрініс



САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Әй-әй, тоқтандар!.. Тоқтай тұрыңдар!.. (*Билетсіз жолаушыны көріп*) Әй, шал!.. Азамат, кел көмектесіп жібер!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ (*өзінше айқайлап*): Ағайындар! Ағайындар! Сұлтүбеге дейін ала кетіндерші! (*Саудагер әйелге*) Артық билетіңіз жоқ па?

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қайдағы билет?! Осы күні адам пойызға билет ала ма екен? Көне, көтеріс мынаны!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Билет болмаса мінгізбейміз дейді.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ? Неге мінгізбейді?! Бұл не, жекеменшігіне сатып алған әкесінің пойызы ма екен?! Бұл – үкіметтің пойызы!.. Халықтың пойызы!.. Жүр көне!..

Екеуі түйедей қапты дырылдата сүйреп, вагонның есігінің алдына барады.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Әй-әй, аш!.. Ашыңдар!

Есіктен Жолсерік келіншек шығады.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Айқайламаңдар!.. Неге айқайлайсыңдар түн ішінде!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Пойыздан қалып бара жатсақ неге айқайламаймыз? Жолда машинамыз бұзылып, өрең келе жатырмыз.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Билет... Билеттеріңді көрсетіндер!..

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Мынау не дейді-ей? Билеті бар адам өстіп, түн ішінде қап арқалап жүре ме?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Билет болмаса – кірмейсіңдер.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Ха!.. Кірмек түгіл, тайрандап тұрып кіреміз... Қайда өлгі жалпақ бас, қисық мұрын бастығың?! Шақыр соны!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Ол кісі демалып жатыр!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Білеміз ғой, қалай демалып жатқанын!.. Былай тұр жолдан! Адамның құнын сұрамайтын шығарсың, береміз қанша болса да!..

Үшеуі де вагонға кіріп кетеді.



1. Жолсерік келіншек пен билетсіз жолаушының өңгімесінен қандай ақпарат алдыңдар?
2. Бірінші жолсеріктің іс-әрекетінен қандай қорытынды шығардыңдар?
3. Саудагердің түнделетіп пойызға шығатыны неліктен?
4. Жолаушылардың пойыздан кешігуіне себеп болған жағдайды баяндап беріңдер.
5. Кейіпкерлер теміржол қызметкерлері туралы қандай пікірде?
6. Пойыздың бастығы мен саудагер әйелдің өңгімесі қалай жалғасуы мүмкін? Хрестоматиядан 3-көріністі оқып, өз болжамдарыңмен салыстырыңдар.



Кестені толтырып, пьесадағы диалогтің қызметіне талдау жасаңдар:

- а) пьесада автордың ойын, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін жеткізудегі диалогтің рөлі қандай?

- ә) кейіпкерлер сөзінде көрініс тапқан мәселелердің өзектілігіне талдау жасап, салдарына қатысты болжам білдіріңдер;
 б) қай кейіпкердің сөзінде *эллипсис* қандай қызмет атқарып тұр?

Кейіпкер сөзі	Бұл сөз қай оқиғаға қатысты айтылды? Қандай мәселе көтеріліп тұр?	Бұл мәселенің салдары қандай болмақ? Болжам жасаңдар.
Бұрын тек оқуға түсерде ғана беретін едік... Енді ай сайын... сессия сайын... Біресе ақша сұрайды... Біресе соғым сұрайды...		
Билет жоқ!.. Билетті енді алайын деп тұр едім, депутатпын деп біреу тап алдымнан қақты да кетті.		
Бергенде – берем ғой... Өзінің бағасын берем!		



Төмендегі реттілік бойынша көрініске талдау жасап, авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтаңдар.

- 1-топ. Оқиға орнын сипаттаңдар.
- 2-топ. Пьесадағы уақытты, кезеңді сипаттаңдар.
- 3-топ. Қоғам бейнесін, халықтың өлеуметтік жағдайын сипаттаңдар.
- 4-топ. Кейіпкерлер бейнесін сипаттаңдар.



Мансап пен билікке деген ұмтылысты өшкерелейтін қандай шығармаларды білесіңдер? Осы тақырыпта жазылған шығармалардағы ортақ мәселені көрсете отырып, өдеби сын жазыңдар.

Сегізінші көрініс



Әдебиеттің басқа жанрлары секілді комедия да өмір құбылыстарын көшіре салмайды, іріктеу, топтау арқылы жинақтап барып, нақты әрі жалпылық сипаты бар көркем образ жасайды. Шынында, өмірдегі күлкілі жайт шығарма өзегіне айналғанша сан алуан эстетикалық шыңдаудан өтіп, қайта қорытылып, балқып шығады.

Рымғали НҮРФАЛИ

Комедияға бас-аяғы жеті-сегіз кейіпкер қатысады. Оқиғаға қатысатын әрбір кейіпкердің белгілі мақсатпен алынғаны көрініп тұр. Мәліс Әлібаевич бүгінгі таңда халықтың қамын ойлаған сыңай танытып, жекебасын күйттеуден аспаған шенеуніктердің жиынтық бейнесі болса, тарихшы ғалым Асай Мүсеевич ғылымды бизнеске айналдырып жүргендерді еске салады. Қазіргі таңда ата-бабалардың аруағын асқақтату мақсатында жарыса ескерткіш тұрғызу да белең алуда. Аудандық әкімшіліктің қызметкері Қошқарбай – Қазақстанның астанасы Алматыдан келген, атағы жер жарған басшыларға қызмет жасау арқылы қызметін өсіруді көздеп жүрген жан.

Дөкейлердің ығына жығылатын пойыздың бастығы, жолаушылардың жағдайын жасайтын жолсерік келіншек, қап-қап жүк арқалаған саудагер әйел, оқудағы баласына барып келе жатқан билетсіз жолаушылар – бізге таныс кейіпкерлер. Оқиғаның шымырлығы, оған қатысатын кейіпкерлердің тағдыр тауқыметі шынайы бейнеленгендіктен ешқандай күмән туғызбайды. Шығарманы оқу барысында теміржол бойында өзіміз куә болған жайттардың тамтұмдап еске түсетіні де жасырын емес.

Негізгі орталық кейіпкерлермен бірге екі-үш еркек, бір-екі әйелден құралған көркемөнерпаздар ансамблі автордың айтпақ ойына қызмет жасап тұрғаны мәлім.



АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (*батылсыздау*). Мәліс Әлібаевич!.. Мәліс Әлібаевич, сонымен не болды? Не істейміз?!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ (*шошып оянгандай*). А? Не?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Әлгі анау... Біз қателесіп, Мәскеу жаққа кетіп бара жатырмыз.

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ (*ойланып, әрлі-берлі жүріп*). Мәскеуге... пойызбен... Мен түсінбеймін... Неге пойызбен?! Самолет қайда?! Самолет!.. Ұшақ!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Қайдағы самолет?!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Менің самолетім қайда деймін!.. Мен Мәскеуге пойызбен барсам ұят емес пе? Ай, осы сендер қайда қарайсыңдар?! Қазақстанға неге жандарың ашымайды?! Қазақстанның авторитетін неге ойламайсыңдар?! (*Пауза*.) Айтпақшы, мені қалай қарсы алатынын келістіңдер ме?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Не?!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Қалай қарсы алады дейім?! Кім?! Черномырдин бе?! Чубайс па?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (*жылап жібере жаздан*). Мәліс Әлібаевич, сізге не болған?! Есіңізді жисаңызшы!.. Ертең біздің Академияда жиналыс... үкімет қатысатын жиналыс... Ал біз болсақ өлі мұнда жүрміз!..

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Жиналыс дейсіз бе?! Ондай жиналысты менімен келіспей өткізуге Академияның қандай қақысы бар?! Осы мен Академияның басшыларын түсінбеймін... Ақша керек болса, жүгіріп келеді... Үй керек болса, жүгіріп келеді... Ал жиналыс өткізетін болса, бірауыз сөз айтпайды!.. Ақылдаспайды!.. Бұл не сонда?! Айтпақшы, Асай Мүсеевич, сіз осы Президент болуға қалайсыз?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Не?!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Академияға президент болуға деймін?.. Осы жөнінде ойланып көріңізші! По моему, сізден артық кандидатура жоқ!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ойбай-ау, қайдағы президент?!

Тірек сөздер

самолет
жиналыс
академия
президент
митинг
халық
жақсы сөз

Қайдағы президент?! Ол түгіл корреспондент-мүше болайын деп тұрғанда мұрттай ұшырған жоқ па?!

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Ничего!.. Президент болсаңыз бітті, бәрі шешіледі. Тіпті өздері жалынып жүріп академик жасайды. Білем ғой оларды!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Жақсы... жақсы, оны кезінде көреміз... Ал қазір мынау пойыз... пойыз мәселесі!..

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Түүһ, Асеке!.. Не надо переживать!.. Пойыз болса пойыз-ақ болсын!.. Өзіңіз де жақсы білесіз, біздің баяғы көсемдеріміз пойызбен жүруді жақсы көрген!.. Иосиф Виссарионович!.. Никита Сергеевич!.. Шаяхметов!.. Пойызбен бүкіл союзді аралаған... Барлық қалада... барлық вокзалда митинг өткізген!.. Айтпақшы келесі тоқтаған жерде митинг бола ма?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Қайдағы митинг айтып тұрғаныңыз?!

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Асай Мүсеевич, бұл жарамайды!.. Әрине, бұрынғы көсемдерді жамандаған да дұрыс... Бірақ олардың жақсы жақтарынан да үйрену керек!.. Сондықтан да көне, бір митинг жасап жіберейік!.. *(Айналасына қарап.)* Қайда бұл халық?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Халық жоқ!.. Халық ұйықтап жатыр!..

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Ұйықтап жатыр?! Неге ұйықтайды?! Неге ұйықтайды?! Жалпы бар ғой, біздің халық ұйқыны жақсы көреді! Өзгелердің бәрі әлдеқашан тұрып, оянып, тірлік жасап жатыр!.. Ал біз болсақ... біз болсақ... *(Ұран салғандай етіп.)* «Оян, қазақ!.. Оян, қазақ!..» Осыны айтқан мен емеспін ғой дейім, ө?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Жо-жоқ, сіз емес... Басқа... баяғыда!..

МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Өкінішті!.. Осы мен бұрынғыларды түсінбеймін!.. Жақсы сөздердің бәрін солар айтып қойған!.. Ау, сондай да бола ма екен?! Кейінгілерге де бірдеңе қалдырайық деп ойласа қайтеді?! *(Күпенің есігін ашып.)* Әй, оян, қазақ!.. Оян!.. Тұрыңдар, митинг жасаймыз!..



«Тойдан қайтқан қазақтар» спектаклінен көрініс





1. Басқа бағытқа кетіп бара жатқан Асай Мүсеевичтің жанайқайын түсіндіріңдер.
2. Елді басқарудағы үкімет басшыларының халық алдындағы беделі қандай болу керек?
3. М. Әлібаевичтің сөздерінен оның сол кездегі хал-жағдайын сипаттаңдар.
4. Мәліс бұрынғы ел билеушілердің істеріне қандай наразылық білдіреді?
5. Оның қызметі қандай? Бұл қызмет оған қандай жұмыстарды атқаруға мүмкіндік береді?

Мизансценаның психологиялық жүгі мен дәлдігі – пьесадағы көріністерді сөзсіз ойнағанда да түсінікті болатындай болуы керек. Кейіпкерлердің тартыс-таласы, жүріс-тұрысы, сезім арпалысы – барлығы да көкейкесті мақсат үшін жасалынуы қажет. **Мизансцена** – ойсыз қозғалыс емес, қойылымның жанрлық ерекшеліктерін айғақтайтын астарлы әрекеттер. Режиссердің қолтаңбасы мен үні. Мизансцена эпизодтың, көріністің, актінің айтпағын немесе айтуға тиісті астарларын пластикалық тұрғыдан көрсетуді мақсат етеді. **Мизансцена** – кейіпкердің ойы мен сезімін жеткізудің көрінісі. Сахналық әрекеттің аса маңызды мөнін бейнелі түрде берудің мүмкіндігі. Барлығы режиссер шешімінің қажеттілігінен бастау алады.

Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін.

Алматы: Тарих тағылымы, 2010.



- a) Қойылыммен танысып, шығармадағы мәселенің сахнадағы көрінісіне баға беріңдер. Мәселе қай заман тұрғысынан сипатталады? Қойылымның мизансценасы мен пьесаның идеялық мазмұны үйлесім тапқан ба? Топта талқылап, өз пікірлеріңді сыныпқа ұсыныңдар.
- ә) Төменде берілген сюжеттер бойынша қойылым ұйымдастырыңдар.
 - 1-топ. «Қазақстан» пойызын күтіп тұрған үшеудің өңгімесі.
 - 2-топ. Жолсерік келіншек, билетсіз жолаушы мен саудагердің өңгімесі.
 - 3-топ. Мәскеуге жол.
 - 4-топ. Тойға келген қазақтар.



1. Кейіпкерлер сөзі мен негізгі идея арасындағы байланысты талдаңдар. Пьесаның тіліне, ондағы қолданылған көркемдегіш құралдарға тоқталыңдар.
2. «Ғылым және ғалым: жетістіктер мен олқылықтар» тақырыбында көзқарас тұрғысынан әдеби эссе жазыңдар. Эссе жұмысында шығарманың негізгі идеясын талқылап, соған сай үзінділерді қолданыңдар.

Тоғызыншы көрініс



С.Балғабиевтың тоқсаныншы жылдардың аяғында жарық көрген «Тойдан қайтқан қазақтары» әжәптәуір ойларға жетелегендей. Екі бөлімнен тұратын аталған комедияда қара халықтың қамын ойлағансып жүрген бишікештердің, шын мәнінде, қой терісін жамылған жыртқыш екендіктері ашкереленеді.

Әшірбек СЫҒАЙ

Әдебиеттану ғылымында комедияның; лирикалық, қаһармандық, отбасылық-тұрмыстық, сатиралық, комедия-буффонада, комедия-фарс түрлері кездеседі. Алайда қазақ драматургиясын жан-жақты зерттеген академик Р.Нұрғали қазақ комедиясын: *сатиралық, лирикалық* комедия деп екі топқа бөліп қарауды ұсынған болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ,



С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтары» – сатиралық комедиялардың қатарын толықтыратын туынды.

Гипербола мен гротеск комедияның негізгі көркемдік құралдары болса, автор мұнда ұлғайту мен өсіруді әдемі пайдаланған. Оған саудагер әйелдің еден жуатын шелекке су толтырып, Мәлис Әлібаевичтің басын суға салуы сияқты эпизодтар мысал бола алады. Сатиралық комедияда тақпақ, би, ән, музыкаға көп орын берілсе, драматург оны да жадында ұстап отырған.

Сонымен бірге кейіпкер бейнесін жасауда, негізгі оқиғаны толықтыруда ремарканың атқаратын қызметі зор. Кейіпкерлердің мінез-құлқын, мақсат-мүддесін ашуда автор ремаркаларды тиімді пайдаланған. Драмалық шығармалардың жанрлық сипатына сай автордың тақырып таңдауы, образ жасаудағы шеберлігі, оқиғаны тартысқа құруы, характер жасауда диалог, монологтерді тиімді қолданғандығы айқын аңғарылады. Кейіпкерлер өздерінің іс-әрекеттерімен, мақсат-мұраттарымен, сөйлеген сөздерімен даралана түскен. Оқиғаға қатысушылар, негізінен, екі әлеуметтік топтың өкілдері. Кейіпкерлер арасындағы тартыс әлеуметтік мәселелерді шешуге құрылған.



Жолсерік келіншек еден жуып жүрген шелегін береді.

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Әй-әй, маған тиіспеңдер!.. Тиіспеңдер!..

Басыма бостандық беріңдер!..

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қазір... қазір береміз бостандықты! (*Қасындағыларға.*) Көне, ұстаңдар!.. Екі аяғынан ұстап көтеріңдер!

Асай Мүсеевич пен Пойыздың бастығы Мәлис Әлібаевичті екі аяғынан ұстап жоғары көтереді. Басын Саудагер әйел ұстайды.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Бір-екі! Бір-екі!.. (*Соны айтып Мәлис Әлібаевичтің басын суы бар шелекке тығып жібереді. Мәлис Әлібаевичтың су жұтып, тұншыққаны байқалады. Аяқ-қолы тырбаңдап кетеді.*) Көне, тағы бір рет! (*Мәлис Әлібаевичтың басын шелекке қайта тығады. Мәлис Әлібаевичтің аяқ-қолдары қайта тырбаңдап кетеді. Саудагер әйел басты шелекке бұл жолы ұзағырақ ұстайды. Сосын қайта шығарады.*) Бітті шаруасы осымен! Жіберіңдер енді!

Бәрі Мәлис Әлібаевичті аяғынан қайта тұрғызады. Мәлис Әлібаевич басынан су сорғалап біраз тұрады. Сосын айналасына қарайды.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мәке!.. Мәлис Әлібаевич, қалайсыз?!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Жақсы!.. Бәрі дұрыс!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мәлис Әлібаевич, біз қателесіп, басқа пойызға мініп кетіпшіз...

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. А, солай ма? (*Залдағы жұртқа қарап.*) Мыналар кім?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Бұл қазақтар ғой!.. Тойға келген қазақтар!..

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Осылардың бәрі тойға келген бе?! Странно! (*Пойыздың бастығына қарап.*) Сіз де тойға келген қазақсыз ба?

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Жо-жоқ, мен пойыздың бастығы боламын!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. А, бастығы болсаңыз пойызға неге дұрыстап



Тірек сөздер

бостандық
су
қателесу
тойға келген
айна
сату
кеңсе
арнайы бару
ресторан
жақсылық тілеу

қарамайсыз?! Мынау – не, бәрі тозған... ескі! Ау, анау Американың пойызын көрмейсіңдер ме?! Неге сол Американың пойызындай болмайсыңдар?!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Е, боламыз ғой... бірақ ақша бермейді!..

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Міне, ылғи осы!.. Бірдеңе десең бәрі жылай бастайды!.. Ең болмаса, айна бар ма осы пойызда?!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Айна дейсіз бе?! Айна бар менде!.. *(Купесінен шағын айна алып шығады.)*
Сатуға өкеле жатыр едім.

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Рақмет!.. Үстай тұрыңызшы! *(Саудагер әйелдің ұстап тұрған айнасына қарап, үсті-басын ретке келтіре бастайды.)*
Демек, бизнеспен айналысасыз ғой?.. Дұрыс, бизнесті үйрену керек біздің қазаққа!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Иә, үйрендік қой! Бәрін сатамыз қазір!..

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жақсы, сату керек бәрін! *(Билетсіз жолаушыға қарап.)* Сізді бір жерден көрген сияқтымын!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Сіз... біздің ауылға ана жолы келіп...

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ *(сөзін бөліп).* Иә-иә, барғанмын!.. Барып тұрамыз ауыл дегенге! Жұмыс істеу керек!.. Той тойлап, арақ ішіп, босқа жүре бермей, жұмыс істеу керек!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Мәке! Мәлис ағай, сіз маған... өлгі айтқаныңыз... Уәдеңіз...

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ *(оны енді байқап).* А, сіз маған бірдеңе айтайын деп пе едіңіз? Арызыңыз бар ма еді?! Оны кеңсеге өкелдіңіз!.. Канцелярияға апарып тіркетсеңіз, маған жібереді... Көреміз сосын... Ал сау болыңыздар!

Тобымен кетеді. Сахнада Билетсіз жолаушы, Жолсерік келіншек, Саудагер әйел қалады.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Ақсақал, сіз де түспейсіз бе?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Түсем ғой, қарағым! Сұлутөбеге жеткен соң түсемін!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Сіз мені кешіріңіз... мен сізге, шынында, сенген жоқ едім... Білесіз ғой, қазіргі адамдар өртүрлі!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Оқасы жоқ!.. Ал мен, шынында, Құран оқып келе жатқам!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Оныңыз дұрыс қой! Ата-баба дегеннің жолы бөлек!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Мен де солай деп есептеп... арнайы барып... қарасам түк те жоқ!.. Бәрін жоқ қып жіберіпті.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Нені айтасыз...

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Өлгі ата-бабамыздың жатқан жерін... Сондай жақсы жер еді... Төбе!.. Тоғай... Соның бәрін тегістеп, ресторан жасап жіберіпті... Түсінесіз ғой, ресторанға да жақсы жер керек!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Астапыралла!.. Егер шынымен сөйтсе бірдеңеге ұшырайды ғой!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қайдам!.. Кім білсін! Қазір бәрі басқа ғой... Заман да, адам да басқа!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Жоқ, сонда да... сонда да олар бәрібір бірдеңеге ұшырайды!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым, керегі жоқ! Айтпа ондай жаман сөзді!.. Біз не де болса жақсылық тілейік!..

Сахнаның алыс тұкпірінен пойыздан түскен қазақтардың тізіліп кетіп бара жатқан сұлбасы көрінеді.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ (кетіп бара жатқандарға қарап). Ай, қазақтар-ай! Қайран қазақтар-ай! Барар жерлеріңе аман-есен жетер ме екенсіңдер?! Тағы бір пәлеге ұшырап қалмай, аман жетер ме екенсіңдер?!

Кенет перронға уақиғаның басындағы көркемөнерпаздар ансамбль шыға келеді. Ансамбль әдеттегісіндей әндетіп, билеп келеді:

Жасасын жақсы ағалар!
Асыл ағалар жасасын!..

Пьесадағы кейіпкерлердің бәрі ансамбльге қосылып, әндетіп, билей бастайды:

Ұлы қазақтар жасасын!
Дана қазақтар жасасын!

Көркемөнерпаздар қосылып әндетіп, билейді...

Соңы



1. Қазіргі қазақ драматургиясының зерттелуіне қатысты қандай еңбектерді атай аласыңдар?
2. Сайлау алдындағы үміткерлердің уәдесі қаншалықты орындалады?
3. Ата-бабалардың жатқан жерін тегістеп, ресторан салған кәсіпкерлердің іс-әрекеті жөнінде не айтасыңдар?
4. Бұл шығарма қазақ тойының қай жылдардағы көрінісінен кабар береді?



1. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасының сюжеттік-композициялық құрылымын анықтаңдар.

Оқиғаның басталуы	
Оқиғаның дамуы	
Оқиғаның шиеленісуі	
Оқиғаның шарықтау шегі	
Оқиғаның шешімі	



2. Шығармадағы қоғамдық тартысты талдаңдар. Пьесадағы шиеленіс, қақтығыс қалай көрінеді?
3. Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін басты және жанама кейіпкерлерге жіктендер. Олардың шығармадағы рөлі қандай? Кейіпкерлер сөзі мен іс-әрекеті арқылы автор қандай мәселелерді көрсеткісі келеді?

Басты кейіпкер	Кейіпкер сөзі	Кейіпкер іс-әрекеті	Жанама кейіпкер	Кейіпкер сөзі	Кейіпкер іс-әрекеті

Тағылым тамшылары

«Тойдан қайтқан қазақтар» сатиралық комедиясы

М.Әуезов атындағы академиялық драма театры 1998 жылы «Тойдан қайтқан қазақтар» сатиралық комедиясын көпшілікке ұсынды. Комедиялық туынды екі бөлімді, тоғыз көріністен тұрады. Қоғамның келеңсіз тұстары мен қоғам бейнесін ащы сынға алып, халық тұрмысы мен ондағы өзекті мәселелерді бейнелейді. Қойылымда ғалымды Б.Қалымбетов, басшыны Б.Әбділманов, шалды Б.Тұрыс, жолсерікті Д.Темірсұлтанова, сатушы әйелді Г.Тілеубекова секілді танымал театр саңлақтары сомдаған.



1. Драмалық характерлердің бейнесі толық ашылатын тартыстарды айқындаңдар. Драмалық шығармаларда кейіпкер бейнесін ашуға төн ерекшеліктер қандай? Автор кейіпкер туралы көзқарасын қалай жеткізген?
2. Тойдан қайтқан қазақтар кімдер? Олардың қоғамдағы орны қандай? Сол қоғам туралы олардың көзқарасы ше? Кейіпкерлер көзқарасындағы қарама-қайшылықтарды салыстыра отырып, сол кезеңнің өмір шындығына талдау жасаңдар.



1. Шығармада автор қай заманның бейнесін ашады? Бұл мәселенің көрінісі бүгінгі қоғамнан байқалады ма? Салыстырмалы талдау жасаңдар.
2. Пьесадағы сыбайлас жемқорлыққа, пара беруге қатысты эпизодтарды іріктендер. Бұл мәселеге қатысты кейіпкерлердің көзқарасына баға беріңдер. Шығарманың хрестоматияда ұсынылған бөлімдерінен мысал келтіріңдер.



С.Балғабаеттың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасын Н.В.Гогольдің «Ревизор» пьесасының кейіпкерлер жүйесімен салыстырыңдар. Шығармалардағы кейіпкерлер өлемін жан-жақты қарастырып, өдеби сын жазыңдар.

Талдау нысаны	«Тойдан қайтқан қазақтар» драмасының басты кейіпкерлері	«Ревизор» пьесасының басты кейіпкерлері
Өмірлік мақсат-мүраты		
Кейіпкердің өзі өмір сүрген ортасына көзқарасы, қарым-қатынасы		
Келешек туралы пікірі		

Кері байланыс: «Зерде»

С.Балгабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» драмасын оқу барысында алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



**IV БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ**

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қарамен белгіленген сөз тіркесі троптың қай түріне жатады?

Көргеннен-ақ мылтықты

Менің үшін

Дүниенің дидары бұзылады.

а) метонимия; ә) меңзеу; б) метафора; в) шендестіру.

2. Өлең шумағы қандай ұйқасқа құрылған?

Ұстағандай тұтқасын әлдененің,

*Кейбіреудің көрсеңіз дәндегенің?!
Құсты айтасыз,*

*Сөз боп па құс дегенің?!
Аңды айтасың,*

Сөз боп па аң дегенің?!

а) егіз ұйқас; ә) кезекті ұйқас; б) шалыс ұйқас; в) аралас ұйқас.

3. Асай Мүсеевичті айналасындағылар қай орынға лайық көреді?

«Осы жөнінде ойланып көріңізші! По моему, сізден артық кандидатура жоқ!»

а) корреспондент-мүшесі; б) теміржол басшысы;

ә) академия президенті; в) облыс әкімі.

4. Жақшаның ішінде берілген автор сөзі қалай аталады?

«МЭЛИС ӘЛІБАЕВИЧ (ойланып, әрлі-берлі жүріп), Мәскеуге... пойызбен... Мен түсінбеймін... Неге пойызбен?!»

а) мизансцена; ә) реплика; б) ремарка; в) либретто.

5. Төменде берілген сөзді қай кейіпкер айтқан еді?

«Қайдан көрсең осы – ылғи сандалбай қазақ! Сыған сияқты қаңғырады да жүреді.»

а) билетсіз жолаушы; б) Асай Мүсеевич;

ә) жолсерік келіншек; в) саудагер әйел.



Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер.

1. Күзен, бұлғын, құндыз секілді аң терілерінен тігілген ішіктер мен тондар үлкен сұранысқа ие. «Жануарларды қорғау қоғамдық қоры» жағдайды қаншалықты бақылауда ұстап, оған тосқауыл қоя алады? Төмендегі өлең жолдарында айтылған мәселенің бүгінгі күндегі өзектілігіне талдау жасаңдар.

*Тартып алған аңдардың бір киерін,
Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.*

2. «Тойдан қайтқан қазақтар» шығармасындағы кейіпкерлер жүйесін қоғамдық ортасына қатысты талдап, өмірлік ұстанымын анықтаңдар. Сол кездегі өмір шындығына қатысты қорытынды шығарыңдар.

Кейіпкерлер	Мәліс Әлібаевич Асай Мүсеевич Қошқарбай	Жолсерік өйел Пойыздың бастығы	Саудагер өйел Билетсіз жолаушы
Қоғамдық ортасы			
Қоғам туралы көзқарасы			
Өмірлік ұстанымы			
Қорытынды			

3. Берілген өлең жолдарында қарамен жазылған сөздерге баса назар аударып, *дала* сөзінің жырдағы мән-мағынасына талдау жасаңдар. *Дала* ұғымын ауыл мен қала тұрғындарының көзқарасы тұрғысынан қарастырып, қайшылықтар мен ұқсастықтарды салыстырыңдар.

*Ауылда өспе, мейлі, сен қалада өспе,
Анаң сенің бәрібір
Дала емес пе?!*

4. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасында сыбайлас жемқорлық мәселесі қай көріністерде байқалады? Оларды жемқорлыққа не итермеледі? Жемқорлықтың қоғам дерті ретінде салдары қандай болмақ?

5. Пьесада берілген сықақ пен мысқылдың кейіпкерлер тартысын, әлеуметтік мәселені көрсетудегі қызметіне талдау жасаңдар. Шығармадан мысал келтіріңдер.

Жазылым тапсырмасын орындаңдар.

а) «Қызыл кітап» поэмасындағы адам, заман, табиғат тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

ә) «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасындағы қоғам кемшілігі тақырыбында сыни мақала жазыңдар.



ГЛОССАРИЙ

Аллегория (көне грек. *allegoria* – пернелеп, түспалдап айту) – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі образдар арқылы көрсету. Мысалы, *түлкі* – қулық, *арыстан* – зорлық, *қасқыр* – қастық, *қоян* – сужүректік, *аққу* – адалдық қасиеттерін білдіреді.

Аллитерация (лат. *Allittera* – дыбыстас) – дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы:

Жағама қолдың тигенін, Жамаулы киім кигенім,
Жалғыздық, сенен көремін. Жарлылық, сенен көремін.

(*Ақтамберді жырау*)

Ассонанс (франц. *assonance*, лат. *assono* – үйлесім) – өлеңсөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонация-музыка мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімнің өсерлілігін арттырады. Мысалы:

Ассалаумағалайкүм, Алдыңа келді қарашаң,
Алдияр тақсыр ханымыз! Арызды қабыл алыңыз.

(*Жанкісі би*)

Әдеби жанрлар (франц. *genre* – түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша шығармалардың даму процесінде қалыптасады. Көркем әдебиет – көпсалалы өнер. Әдебиет туындылары мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай жанрларға жіктеледі. Әдеби шығармалар үш топқа жіктеледі: эпостық, лирикалық, драмалық жанр. Бұл – әдебиеттің үш үлкен саласы.

Әдебиеттегі жанр – белгілі бір дәуірде қалыптасқан, ортақ белгілері бар көркем шығармалар түрлерінің жүйесі. Әдебиетте *айтыс*, *жыр*, *әңгіме*, *роман*, *эпос* т.б. жанрлар бар.

Әдеби қаһарман – қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда жан-жақты сомдалған, толыққанды образ болып саналады. Көркем шығармадағы әрбір қаһарман кейіпкер бола алады, алайда әрбір кейіпкер қаһарман бола алмайды. Қаһарман өзге кейіпкерлерден, ең алдымен, сюжет дамытудағы маңыздылығымен ерекшеленеді, оның қатысуынсыз ешқандай сюжеттік оқиғалардың болуы мүмкін емес.

Әдеби сын – өмір шындығының көркем шындыққа айналуын саралайтын, оны эстетикалық жағынан бағалайтын жанр. Онда әдеби процестің бағыт-бағдары қадағаланып отырады. Сондықтан әдеби сында бүгінгі күннің шығармалары талданып, оларға әдеби баға беріледі. Әдеби сынның міндеті – шығарманың жетістігі мен кемшілігін кәсіби тұрғыдан саралап, көркем шығарма туралы оқырманға толыққанды мағлұмат беріп, бағыт сілтеу.

Гипербола (грек. *hyperbole* – күшейту) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс ұлғайтып, асыра суреттеу тәсілі. Шығарманың көркемдігін, өсерлілігін арттыру үшін қолданылады. Ауыз әдебиетінде, ақын-жазушылар шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы, «Аққан жасы сел болған, Етегі толып көл болған...» (*Д.Бабатайұлы*).

Градация (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, өдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыс, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, өсерлі айтылуына өрі мағыналық өрістің кеңеюіне кең өріс ашады.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Үш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сезім, өрбі енді!» деген шумақаралық жолдар дамытуға құрылған. Сондай-ақ ақынның Отыз жетінші қарасөзінде «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...»

немесе Бесінші қарасөзіндегі «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» деген жолдар да дамыту едісіне жатады.

Гротеск (франц. *Gratesque* – таңғажайып, өзгеше келбетті) – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысуынан, әдепкі және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, ажуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Түпкі мағынасы грот (үңгір) деген сөзден шыққан, себебі ескі заманнан қалған үңгірлерде кездесетін, адамның келбетін, жануарлар мен өсімдіктердің әлпетін батыстырып, бір-бірімен араластыра бейнелеген әшекейлі өрнек суреттер осылай аталған.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогте сұрақ қою арқылы сұхбаттасушы өзі күткен мәліметті ала алады.

Драма (грек. *drama* – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған әдеби шығарма. Оқиға кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсетумен баяндалады. Драмаға шиеленіскен оқиғаны тартысқа құрып, шарықтау шегіне жеткізу тән. Кейіпкерлер айтатын сөзі, қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысымен ерекшеленеді. Мұнда лирикалық және эпикалық тәсілдер қабысып, ұштасып жатады. Бұл жанрды Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлиндер қалыптастырды.

Драмалық жанр. Мұнда оқиғаны баяндау да, болған жағдайды адамның қабылдап сезінуі де бар. Шығармаға арқау болатын оқиға өмірлік тартысқа құрылады. Оқиға барысы қалай дамיתыны кейіпкерлердің сөйлеген сөзінен аңғарылады. Бұл жанрдың негізгі түрлері – трагедия, комедия, драма.

Жанр – (франц. *genre*, лат. *genetis* – түр, тек) – өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Мысалы, музыкада *ән, күй, романс, симфония* сияқты жанрлар бар болса, бейнелеу өнерінде *натюрморт, пейзаж, портрет* сияқты жанрлар болады.

Жоқтау – дүниеден өткен кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Қайтыс болған кісінің әйелі, қызы немесе келіні жылай отырып, ол адамның ерекше мінезі мен көзі тірісінде жасаған жақсы істерін, ендігі өз бастарына түскен ауыр қайғыны жыр түрінде айтқан. Жоқтауды ақындар да шығарып беретін болған. Мысалы: Шоқанды, Абайдың ұлы Әбдірахманды, Жамбылдың баласы Алғадайды жоқтау және т.б.

Жыр – оқиғасы өлеңмен баяндалатын көлемді шығарма. Жырдың *батырлық, эпостық, лиро-эпостық, тарихи* және т.б. түрлері бар. Олар, негізінен, 7-8 буынды болып келеді.

Жыршы – батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы, ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп немесе суырып салып, яғни өз жанынан шығарып та айтқан.

Идея (грек. *idea* – түсінік, елес, бейне) – көркем шығармадағы жазушының айтқысы келген ой-пікірі мен көзқарастары. Автор идея арқылы өзінің айтар негізгі ойын жеткізеді.

Кейіпкер – көркем шығармадағы оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ.

Кейіптеу – өртүрлі табиғат құбылыстарын, жануарларды немесе жансыз нәрселерді адам кейіпне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы: «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп аталады», – дейді.

Мысалы, Абайдың «Қыс» атты өлеңінде қыс мезгілі мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген. М.Жұмабаевтың «Жел» деген өлеңінде желді мазасыз, дамыл алмай жүгіріп жүрген тентек бала кейпінде кескіндейді.



Комедия (грек. *comodia, comos* – көңілді топ, *oide* – өлең) – драмалық жанрдың бір түрі. Қоғам өміріндегі, адам бойындағы қайшылықтарды күлкімен, мысқылмен бейнелейтін сахналық шығарма. Комедияда адамның ерсі, оғаш мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда көрсетіледі. Комедияның басты міндеті – күлкі арқылы сынап-шенеу. Комедиялық шығармаларға сезімталдық, байқағыштық, тапқырлық, сын-шылдық, өзін-оспаққа икемділік қажет. Халық поэзиясына, сөз өнеріне тән келе-междеу, өшкерелеу тәсілдері комедиялық шығармаларда жалғасын тапты. Б.Майлин «Талтаңбайдың төртібі», М.Әуезов «Айман-Шолпан», Қ.Мұхамеджанов «Белтірік бөрік астында» пьесаларымен комедия жанрын толықтырып, дамытты. Қалыптасқан бұл дәстүрді қазіргі таңда драматургтер жалғастыруда.

Композиция (лат. *құрастыру, қиыстыру*) – көркем шығарманың құрылысы. Ол оқиғаның басталуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімінен тұрады.

Көркем бейне – адамның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушының типтік қасиеттер, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктер айқын танылуы. Жасалу тәсілдеріне қарай образ *юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық* т.б. бейнелер деп бөлінеді.

Қайталау – сөз өсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Қайталаудың *жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау* (анафора) және *кезекті қайталау* (эпифора) сияқты түрлері бар.

Ақын оқырманның назар аударғысы келіп бір сөзді арнайы бірнеше жерде қайталауы *жай қайталау* деп аталады. Айтылмақ ойдың түйдектеле, еселеніп келіп айтылуын *еспе қайталау* дейміз. Өлеңдегі әрбір жолдың, тармақтың бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып, қайталанып келуін *анафора* дейміз. Өлеңнің соңында бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше рет қайталанып келуі *эпифора* деп аталады.

Қаһарман – әдеби шығармадағы жағымды қасиеттерге ие немесе мінезінен жағымды қасиеттер басым байқалатын, авторлық идеалға сай келетін әрекет етуші тұлға, көркем бейне.

Қаһармандық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың шоғыры секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының бірі. Лирика ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Мұнда адамның көңіл күйі, сезім дүниесі бейнеленеді. Лириканың басты ерекшелігі – сезім күйлерінің нәзіктігі, сыршыл сезімнің басымдығы. Түріне қарай саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы деп бөлінеді.

Лирикалық жанр. Мұндағы өмір шындығы адамның көңіл күй сезімдерімен бейнеленеді. Лириканың басты сипаты – өмір құбылыстары ақынның көңіл күйі, ой-сезімі тұрғысынан бейнеленуі. Лирикалық жанрдың элегия, эпиграмма, ода, толғаныс секілді түрлері бар. Лирикалық шығармалар тақырыбына, құрылысына қарай бірнеше топқа жіктеледі.

Литота (грек. *Litotes* – қарапайым, қораш) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс кішірейте, құлдырата суреттеу тәсілі. Батырлар жырларында, өтірік өлеңдерде литота жиі қолданылған. Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. Мысалы: «От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты» («*Ер Тарғын*» жырынан).

Метафора (алмастыру) – бір нәрсенің, құбылыстың орнына оған ұқсас екінші нәрсені, құбылысты қолдану. Мысалы: «Мен – тауда ойнаған қарт марал» (*Махамбет*), «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» (*Мағжан*).

Метонимия (грек. *metonymia* – ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше



қасиетін көрсету. Мысалы, өйелді – *ақ жаулық*, өскерді – *қол*, бүркітті – *ақиық*, *мұзбалақ*, қылышты – *наркескен* деп айту метонимияға жатады. Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады.

Миф (грек. *mythos* – баян, аңыз, мысал) – өлем мен дүниенің жаратылуы туралы ең алғашқы көне түсініктер жүйесі. Қоршаған орта мен өлем, аңдар мен құстар, рутайпалар мен адамдар жаратылысы туралы алғашқы адамдардың наным-сенімдері.

Мифология – мифтік ұғымдардың заман өте келе қоғам дамуына қарай көркемделіп, жаңа қызмет атқаруы. Мифологиялық образдар көркем шығармада өсірелеу, мадақтау, дамыту, т.б. сияқты көркемдеу құралдарының қызметін атқарады.

Модернизм (фр. *moderne* – ең жаңа, қазіргі) – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әдебиет пен өнердегі идеялық бағыт. Бұл бағыттың басты ерекшелігі – болмысты классикалық қабылдаудан толықтай бас тарту, стильдің шарттылығы және көркем формалардың үздіксіз жаңаруы. Модернистер композицияға, тілге көптеген стильдік, көркемдік сынақтар жасады. Модернистік шығармаавторы абсолютті ақиқатты және дайын тұжырымдамаларды жеткізуші емес, шығарма мәтініндегі ақиқаттың салыстырмалылығын көрсетуші.

Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монологтер кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін сюжеті шағын көркем шығарма. Негізгі сюжетке қоса нақыл түрінде келетін түйіні болады. Мысалдың тақырыбы сан алуан. Кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Кейіпкерлерді сөйлестіруде диалог тәсілі жиі қолданылады.

Неореализм – XX ғасырдың басында Ресейде пайда болған, өлеуметтік шындықты, күнделікті өмірді деректілікпен өте нақты бейнелеуге тырысқан антифашизмге негізделген бағыт. Басты ерекшелігі – көркем шығармада өлеуметтік мотивтер мен өлеуметтік талдауларды түрлі күрделі формалық өзгерістерден қашып, барынша қарапайым тілмен жеткізуге тырысуында. Неореализмнің кинематография саласымен тығыз байланыста болуы – оның негізгі ерекшелігі.

Неоромантизм – қоршаған ортаны, шынайы өмірді жоққа шығару басым болып келетін көркемдік әдіс. XX ғасыр шығармаларында өмірдің күнгейі мен жарқын жақтарын көтере суреттеу басым болса, XXI ғасыр әдебиетінде өмірдің көлеңкелі жақтары мен сүреңсіз тұстарын суреттеуге көбірек көңіл бөлінуде.

Өлең – ырғағы мен ұйқасы, шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынатын шағын көлемді поэзиялық шығарма. Өлең шумақтарға бөлінеді. Әр шумақ тармақтардан, тармақ бунақтардан, бунақ буындардан тұрады. Өлең бунақ пен буындарға өзіндік ырғағына байланысты бөлінеді.

Өлең – // сөздің патшасы, // сөз сарасы, (а)

Қиыннан // қиыстырар // ер данасы. (а)

Тілге жеңіл, // жүрекке // жылы тиіп, (б)

Теп-тегіс, // жұмыр келсін // айналасы. (а)

Бұл – бір шумақ өлең. Берілген бір шумақ төрт жолдан, яғни төрт тармақтан, әр тармақ 11 буыннан, айтылу ырғағына байланысты 3 бунақтан құралған.

Өлең өлшемі. Бір ауыз өлең дегеніміз – бір шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады.

Өлең ұйқасы – өлең тармақтарындағы сөз соңының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің өуезділігін арттырады. «Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп», – деп жазды академик Қ.Жұмалиев, – бірақ ең негізгісі және көп қолданылатындары мыналар:

- | | |
|-----------------------------|---|
| 1) қара өлең ұйқасы (ааба); | 5) шалыс ұйқас (абаб); |
| 2) шұбыртпалы ұйқас (аааа); | 6) егіз ұйқас (аабб); |
| 3) ерікті ұйқас (абәсб); | 7) аралас ұйқас (аабәбәббб); |
| 4) кезекті ұйқас (абәб); | 8) осы күнгі ерікті ұйқастар (абабаәд). |

Қазақ тілінде өлеңдерде жиі кездесетіндері – қара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас және шалыс ұйқастар. Мысалы, шалыс ұйқас:

Ана тілің – арың бұл, а
 Ұятың боп тұр бетте. б
 Өзге тілдің бәрін біл, а
 Өз тіліңді құрметте! б

Параллелизм (егіздеу) (грек. қатарлас, қапталдас) – екі затты не болмаса құбылысты жарыстыра отырып, қатарластыра бейнелеу. Көркем әдебиеттегі бұл әдіс жекелеген қаламгерлердің көңіл күй құбылыстарын табиғатпен ұштастыра бейнелеулерінен көрінеді. Абай бастаған қазақ ақындарының поэзиясынан психологиялық параллелизм анық байқалады. Лирикалық кейіпкердің көңіл күй сезімдерін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен сабақтастыра суреттеудің жоғары сапасы – психологиялық егіздеу.

Тек қана поэзиялық туындылар емес, барлық жанрлардағы көркем шығармаларда кейіпкердің жан дүниесіндегі көңіл күй сезімдерін табиғат құбылыстарымен салыстыра сипаттау оның эстетикалық өсемдігі мен оқырманға берер әсерін арттыра түседі.

Пафос (грек. *pathos* – сезім, құмарлық) құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Осыған байланысты пафос көбінесе азап шегумен тоғысып, ым, ишарада, жоғары эмоционалдық сөйлеуде және т.б. көрініс береді.

Пейзаж (франц. *ел-жер* деген мағына береді) – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың өсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністерін яки пейзажды адам образын толықтыра түсетін тәсіл деуге болады. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл күйінен тыс ешқандай пейзаж болуы мүмкін емес.

Повесть (орыс. *баяндау*) – оқиғаны баяндап айтуға негізделген шығарма. Қара-сөзбен жазылған эпикалық жанрдың орташа түрі. Повесть романдағыдай қат-қабат оқиғалар кездеспейді. Композициялық құрылысы жинақы, оқиға желісі біркелкі баяндалады. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұратбеков, Ө.Кекілбаев, Ө.Тарази, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, Д.Досжанов, О.Бөкеев, Д.Исабековтер қазақ повесіне көп үлес қосты. Б.Момышұлының «Үшқан ұя» повесі – осы қатарды толықтыратын туынды.

Постмодернизм (фр. *postmodernisme – модернизмнен кейін*) – ХХ ғасырдың екінші жартысында модернизмнен кейін пайда болған бағыт. Модернизмнің кейбір әдіс-тәсілдерін мұра етіп алғанмен оған кереғар бағыт. Басты ерекшелігі – автордың беделін мансұқтау, шығарма тұтастығының болмауы және оның ойынға негізделуі.

Полифониялық роман (гр. *poliphonia – көп дауыстылық*) – полифония көп дауыстылықты білдіретін музыкалық термин болса, әдебиеттегі «көпдауыстылық» роман жанрының орасан мол мүмкіндіктері адам мен қоғам арасындағы қатынастарды кең көлемде қамтуынан көрінеді. Полифониялық романның негізгі ерекшеліктерінің бірі – жазушы дауысынан оның кейіпкерлері дауыстарының басым болуы, кейіпкерлерін үлкен диалогқа қосуы.

«**Полифониялық роман** – жанрлық мүмкіндіктері орасан мол, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы өте күрделі қарым-қатынастарды бейнелеуде жазушы үшін ең құдіретті форманың бірі» (*Нұрғали Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986*).

Портрет (франц. *Portrait* – бейнеленген) – өдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу. Яғни, суреттеліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді *портрет* дейміз.

Поэма (грек. *poema* – туынды, шығарма) – оқиғаны өлеңмен баяндайтын көлемді шығарма. Мұнда оқиға өлеңмен, кейде жыр-толғау түрінде баяндалады.

А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров поэмалары қазақ поэзиясының көш басында тұр. Сонымен бірге М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы да бар.

Прототип (грек. *бірінші* немесе *саусақ таңбасы, із*) – автордың образ сомдауына негіз болған нақты тарихи тұлға немесе өмірде болған яки өмір сүріп жатқан адам. Яғни, прототип авторға өдеби кейіпкер жасауда үлгі ретінде қызмет атқарады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын өмірде болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Прототипті білу жақсы білдім деген кітаптың өзінің жаңа беттерін ашады.

Пролог (грек. *prologos* – алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспенің бір түрі. Көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мөнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі. Мұнда кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады, кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі, кейде автордың ой өзегінен аздаған сыр айтылады.

Перифраз (грек. *periphrasis* – айналым) – ауыстыра қолданудың бір түрі. Құбылыстар мен заттарды атымен емес, олардың айрықша қасиет-белгілерімен орын ауыстыра қолдану. Ауыстыру тәсілінің бұл түрі көркем туындының идеялық-эстетикалық көркемдігін арттырып, мағыналық өсерлілігін күшейтеді. Мысалы: тұз патшасы (арыстан), дала кемесі (комбайн), дала қоңырауы (Ыбырай Алтынсарин), қара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), пәниден бақи кетті, аққу ұшып көлге кетті (өлді) және т.б.

Роман (франц. *roman*, нем. *Roman*, ағылш. *Novel*) – көпжелілі эпикалық шығарма. Романда ұзақ уақыт байтақ кеңістік қамтылады. Кейіпкерлер бейнесі ол өмір сүрген уақытпен суреттеледі. Қазақ өдебиетінде роман жанрын М.Дулатұлы, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Ж.Аймауытұлы, Б.Майлиндер қалыптастырды. М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы – ХХ ғасыр басындағы ұлттық өдебиетке қосылған үлкен табыс.

Роман-эссе – роман мен эссе жанрларының негізгі ерекшеліктерін жинақтаған өдеби жанр. Мұнда бір дәуірдің көпжелілі оқиғасы кейіпкерлердің өмір сүрген уақытымен суреттеліп, оқырманды тың ойларға, соны болжамдарға жетелейді. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ф.Мұстафиннің «Өмір белестері» шығармаларында мемуарлық сипат басым. Ұлттық өдебиетте О.Бөкейдің «Ел мен жер», Қ.Салғараның «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» атты төрт томдық роман-эссесі, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» т.б. роман-эсселері бар. Бұл шығармаларды мазмұнына қарай өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Мәселен, М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінен тарихи-биографиялық ерекшелік байқалады.

Сатира – әр дәуірдің өмір құбылыстарын немесе жекелеген кейіпкерлер бойындағы өрескел кемшіліктерді өткір сынап, мысқылмен бейнелеу. Ащы мысқылдан туатын уытты күлкімен суреттеу қазақ халық ауыз өдебиеті үлгілерінен бастау алады. Бай ауыз өдебиеті мұраларында халықтың арман-тілектері мен мұң-мұқтаждарын жеткізетін Алдаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала тәрізді ұлттық кейіпкерлер бар. Алдаркөсе туралы аңыз-әңгімелерде ащы мысқыл мен уытты тіл басым болып отырады. Ал Қожанасыр туралы әңгімелерде юмор бірінші кезекке шықса, Тазша бала туралы өтірік өлеңдерде өсірелеу басым. Бұл кейіпкерлер қашанда бұқара халықтың мақсат-мүдделерін жүзеге асырумен ерекшеленеді. Ұлттық өдебиетте қалыптасқан бұл дәстүр әр дәуірде заңды жалғасып келеді. Шалкиіз, Тәтіқара, Бұқар жыраулар мен Шал

ақын шығармаларында үстем тап өкілдерін сынау басым болса, Махамбеттің өлең-жырларында шенеудің шарықтау шыңына жеткені мәлім.

Сарказм (грек. *sarkasmos* – ащы мысқыл, жанға батыру) – күлкі етудің бір түрі, зілді кекесінмен ажуалау. Құрылымы жағынан иронияның ұлғайған түрі. Иронияда зілсіз, көбіне іштарта ажуалау басым болса, сарказмда ол шарықтау шегіне жетіп, батыл, ашық өшкереуеге көшеді.

Ақындар айтыс барысында қарсыласын ащы мысқылмен кекетіп, келемеждеу, жігерін жасыту мақсатында сарказмды қолданған.

Сентиментализм (*французша – сезім, сезімталдық деген сөзден алынған*) – көркем әдебиеттегі жекелеген адамның жан дүниесін, көңіл күй сезімдерін суреттеуге ерекше мән беретін ағым. Мұнда жекелеген кәсіп иелерінің отбасылық тұрмысы, күнделікті тіршілігі қаламгердің сезім күйлерімен бірлікте сипатталады.

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән.

Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: «Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат».

Символизм (*фр. Symbolisme*) – әдебиет пен өнердегі ең үлкен бағыттардың бірі (әдебиет, музыка және кескіндеме). Символизм Францияда 1870–1880 жылдары пайда болып, XIX аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде ерекше қарқынмен дамыды. Символистер өнердің мазмұны мен формасын ғана емес, астарлап, балама бейнелермен сипаттауда көркем шығарманың мағынасына деген көзқарасты түбегейлі өзгертті.

Тақырып – өдеби шығармада сөз болатын басты мәселе – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Мәселен, батырлар жырының тақырыбы отаншылдық, ерлік, елдік болса, лиро-эпостық шығармалардың тақырыбы – махаббат, жастардың бас бостандығы. Қазақ әдебиетіндегі Отан, ана, өлім мен өмір – ешқашан маңызын жоймайтын мәңгілік тақырыптар.

Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады.

Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады.

Буын дегеніміз – қазақ өлең өлшемі буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мысалы, қазақ жыр үлгісінің тармақтары көбіне 7 не 8 буынды болып келеді, сондай-ақ 6 буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – 11 буынды.

Трагедия – сахнаға арналып жазылған драмалық жанрдың бір түрі. Драмалық шығармалардан басты айырмашылығы – трагедияның басым болуы. Басты кейіпкерлер қасіретке душар болып, күрес жолында апат болады. М.Әуезовтің «Қарагөз» және Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай», Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесалары трагедияға құрылды.

Трагедиялық образ – ескі мен жаңа, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрес, бітпес тартыс, қайшылықты, азапты жайларды терең және шебер жинақтаудан туған образ. Юмор мен сатирада күлкілі жайлар ажуа, мысқыл, кекесін түрінде көрінсе, трагедияда қатерлі нәрселер қайғы, қорқыныш, қаза түрінде көрінеді. Трагедиялық қаһарманның өмірі көбіне өліммен аяқталып отырады.

Фабула (лат. *fabula*) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйлеу, мазмұндау.

Фантастикалық образ – қиялдан туған қаһарман, өмірде болмаған, тек адамның ақиқатқа ұқсас арманында ғана бедерленген бейне.

Футуризм (лат. *Futurum* – болашақ) – XX ғасыр басында алғашында Италияда, кейін Ресейде дамыған көркем бағыттардың бірі. Италиялықтарға қарағанда орыстың көптеген футурист ақындары бейнелеу өнерімен тәжірибе жасап, оны шабыт көзіне



айналдырды. В.Маяковский бастаған орыс футуристерімен бірге С.Сейфуллин де Қазан төңкерісін құптап, өнерді революциялық рухта дамытуға ұмтылды. Жаңа социалистік тұрмысқа құрылған екпін, ырғақ, үн, форма, идея – Сөкеннің поэзиясының жаңалығы.

Эпифора (кезекті қайталау) – өлең тармақтарының соңында бір сөз тіркесінің қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз өсерін арттыру үшін қолданылады. Мысалы:

Оқ жаңбырдай жауған күн,
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн... (Махамбет)

Эпитет (грек. *epitheton* – қосымша) – заттың яки құбылыстың ерекшелігін, сырт сипатын бейнелі түрде танытатын айқындаушы сөз. Көбінесе сын есімдер арқылы жасалады. Мысалы, қазақ поэзиясында «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан: түсті (алтын күз), құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ), қазына-байлықты (алтын сандық), жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын адам) білдіреді.

Эпилог – шығармада суреттелген оқиғалар өбден аяқталып болғаннан кейін жазылатын автордың қорытынды сөзі. Пролог сияқты эпилогтің де шығарма құрылысымен тікелей байланысы жоқ.

Эллипсис (көне грек. *сөз тастау, қысқарту, кеміту*) – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді өдейі жазбай тастап кету. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттырады. Эллипсис адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады.

Бір сөйлем мүшесін жазбай кету, сөздерді ықшамдау басқа жанрларға қарағанда поэзияда көбірек кездеседі.

Эпопея (грек. *epopoia* – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың ең көлемді түрі. Басты ерекшелігі – бір немесе бірнеше дәуірдің тарихи оқиғаларының кең көлемде шынайы суреттелуі, бірнеше ұрпақ өкілдерінің дараланған типтік бейнесінің жасалуы, тіл байлығының көрінуі. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М.Шолоховтың «Тынық Дон», М.Әуезовтің «Абай жолы» романдары эпопеяға жатады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша А.С.Пушкин В.В.Маяковский шығармаларының жалпы сөздік қоры 15 000 сөз болса, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының өзінде 16 983 сөз қолданылуы қазақ тілінің байлығын көрсетеді.

Эссе – француз тілінен «*essai*», ағылшын тілінен «*essay*», «*assay*» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «*exagium*» – ойлау дегенді білдіреді.

Философияның, эстетиканың, өдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің қалыптасқан дәстүрінен соны болжамдар ұсынатын жанр. Мұнда қаламгердің шеберлігі, интеллектуалдық қабілеті, аңғарымпаздығы, тапқырлығы бір жерге тоғысады. Автор ұсынған соны болжамдар мен тың ұсыныстар оқырманның таным көкжиегін кеңейтуге қызмет етеді.

Эсседе философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, өдеби-сын, ғылыми-көпшілік, баллетристикалық сипаттар араласып жүре береді. Сондықтан ол мазмұнына қарай сипаттамалық, шығармашылық, анықтамалық, салыстырмалы немесе кереғар, дәлелдеме, аргументтік, пайымдық, көркем-өдеби деп бөлінеді. Бүгінде өдеби эссенің роман-эссе, повесть-эссе, эссе-сын, эссе-толғау, эссе-баллада, тарихи-эссе, толғау-эссе, естелік-эссе түрлері қалыптасты. Құрылымы жағынан кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады.

Юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі болса, *юморлық образ* – сол юморлық шығармалардың кейіпкері, күлкілі бейне.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкей О. Көп томдық шығармалары. 2-том. Роман, повестер. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
2. Әбдіраштың Жарасқаны. Құлпытас. Алматы: Атамұра, 2001.
3. Баққожа М. Шығармалары. Екі томдық. 1 том. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2014.
4. Әбікенұлы Е. Министр. Алматы: Таңбалы, 2014.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 22-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 23-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005.
7. Қадыр Мырза Әли. Заман-ай: Дастандар. Алматы: Жазушы, 1997.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баққожа М. Шығармалары. Екі томдық. 2 том. Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018.
2. Баққожа. Естеліктер. (Құрастырып, түсініктерін жазған Ерлан Мұқай). Астана: Фолиант, 2008.
3. Баққожа Сейдінұлы Мұқай – 70 // Парасат. №10. 2018.
4. Баққожа М. Мұқағали – ар мен ұяттан, шындық пен намыстан жаратылған // Мұқағали. – №2(109). 2018.
5. Шәріпов Ә. Көргенім көңілге түйгенім. Алматы: Дәуір, 2012.
6. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. Шығармалар жинағы. 1 т. Алматы, 2010.
7. Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және өсемдік өлемі. Алматы: Жазушы, 1986.
8. Серікқалиев З., Серікқалиева Э. Ақыл таразысы. Алматы: Жазушы, 1976.
9. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы: Жалын, 1979.
10. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988.
11. Қирабаев С. Әуезов тағылымы // Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және өдебиет. Алматы: Ғылым, 2001.
12. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. Алматы: Ғылым, 1979.
13. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы: Ғылым, 1962.
14. Елеуқенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. Алма-Ата: Жазушы, 1989.
15. Уахатов Б. «Абай жолы» – өнер жолы, өнеге жолы // Жанр және шеберлік. Алматы: Ғылым, 1968;
16. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы: Жазушы, 1965.
17. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. Алматы: Санат, 1997.
18. Мүсілім Базарбаев. Әдебиет және дәуір. Таңдамалы шығармалар. 4 томдық. I том. Астана: ТОО Нұра-Астана НС. 2009.
19. Елеуқенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография (Жалпы редакциясын басқарған: ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Қирабаев, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009.
20. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ өдебиеттану ғылымы: Оқулық. Астана: Фолиант, 2017.
21. Рахманова Н. Әуезовтану дәрістері. Оқу құралы. «Кітап» баспасы. Алматы, 2010.
22. Қабдолов. З. Қадырдың қадірі. Кіт.: Қадыр Мырза Әли. 1 том. Алматы: Қазығұрт, 2001.
23. Нарымбетов Ә. Қадыр Мырза Әли. Кіт.: Қазақ өдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәуір өдебиеті (1956-1990). – 9-том. Алматы: Қазақпарат. – 2005.
24. Нарымбетов Әбділхамит. Ғасыр сыры. Зерттеулер мен естеліктер. Алматы: Арда, 2008.



25. Орда Г. Қазіргі қазақ поэмасы. Кіт.: ХХІ ғасыр өдебиеті (2001–2011). Ұжымдық монография. Алматы, 2011.
26. Нұрғали Р. Қазақ драматургиясы. Монография. Алматы, 1974.
27. Құндақбаев Б. Қазақ өдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәуір өдебиеті (1956–1990). 9-том. Алматы: Қазақпарат. 2005.
28. Сығай Ә. Драматургия. Кіт.: Қазақ өдебиетінің тарихы (10 томдық). Тәуелсіздік дәуірі(1956–1991–2001). 10-том. Алматы: Қазақпарат, 2005.
29. ХХ ғасыр өдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. Алматы: Арда, 2011.

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ

Б.Мұқай «Өмірзая» романы:

1. Баққожа Мұқай // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1802>
2. Баққожа Мұқай қалай жазды? // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19713>
3. Баққожа Мұқай шығармашылығындағы ұлт болмысы // Library.kz/ru/pfff/98-vystavki/2511
4. Жақанов И. Баққожа // <https://egemen.kz/article/bakkozha>
5. Мұқай Баққожа // http://ruh.kz/kz/author/mukai_bakkozha

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы:

1. Абай жолы // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. М.Әуезов. «Абай жолы». Бірінші кітап. // https://adebiportal.kz/kz/books/view/abai_zholi_1_kitap_603
3. «Абай жолы» роман-эпопеясы: Тарауларға талдау. // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/23613/>
4. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман – эпопеясы туралы // <https://stud.kz/referat/show/45718>
5. «Абай жолы» роман-эпопеясы: Кейіпкерлерге сипаттама // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/23337/>
6. М. Әуезовтың «Абай жолы» романы // <https://abaialemi.kz/post/view?id=673>

Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» поэмасы:

1. Қадыр Мырза Әли // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2230>
2. Қадыр Мырза Әли // <http://bilim-all.kz/figure/105?posts=quotes>
3. Қадыр Мырза Әли туралы ұлы тұлғалардың пікірі // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/24361/>
4. Қадыр Мырза Әли // <http://oilar.kz/author/136/adyr-myrza-li>
5. Қадыр Мырза Әли // https://www.zharar.com/kz/olen/8738-kadyr_myrza_ali.html
6. Қадыр Мырза Әли өлеңдері // http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/22650-kadyr-myrza-ali.html

С.Балғабаяев «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясы:

1. Сұлтанәлі Балғабаяев. // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1385>
2. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасындағы конфликт пен характер мәселесі // https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tarsyirnasuy/27666/
3. «Тойдан қайтқан қазақтар» сатиралық комедиясы /Сұлтанәлі Балғабаяев // <https://elarna.kz/kz/ojylymdar/item/2323-tojdan-ajt-an-aza-tar-satiraly-komediya-s-ltan-li-bal-abaev>
4. Сұлтанәлі Балғабаяев: Қаламгердің парызы – қазақтың жоғын түгендеу // <https://turkystan.kz/article/15352-sultanali-balqabaev-kalamgerdin-paryzy-kazakty-n-zhoqyn-tugendeu>



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
I бөлім. КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ	5
Оралхан Бөкей.....	6
«Атау-кере» повесі	8
Тағдыр төлкегі.....	–
Айна	13
Ана.....	21
Оралу.....	24
Серт.....	29
Таған	36
Соңғы сапар.....	45
Жарасқан Әбдірашев	55
«Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы.....	57
«Туған дала...»	62
I бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы.....	67
II бөлім. ЗАМАН ШЫҢДЫҒЫ	69
Баққожа Мұқай.....	70
«Өмірзая» романы. 3-тарау.....	71
4-тарау	76
9-тарау	81
16-тарау	84
49-тарау	87
52-тарау	93
53-тарау	98
Ерболат Әбікенұлы	104
«Петер іздеп жүр едік» өңгімесі.....	105
Терезесіз лашық	108
Қайнаға	113
Жарнама.....	114
II бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы.....	118
III бөлім. ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ	120
Мұхтар Әуезов	121
Көркем шығармалары	122
«Абай жолы» роман-эпопеясы	
Бірінші кітап. Қайтқанда 1	126
Қайтқанда 2.....	130
Шытырманда 1	134
Шытырманда 2	136
Өрде 1	140
Екінші кітап. Тайғақта 1	143
Эпидлог	148
III бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы.....	152



IV бөлім. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ	154
Қадыр Мырза Әлі	155
Қ.Мырза Әлінің шығармашылығы.....	156
Қызыл кітап (поэма) I	159
VI бөлім	162
IX бөлім	165
X бөлім	168
Сұлтанәлі Балғабаев	172
Қоғамдық қызметі	174
«Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасы	
Бірінші бөлім. Бірінші көрініс.....	176
Екінші көрініс	181
Сегізінші көрініс	184
Тоғызыншы көрініс	187
IV бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы	192
Глоссарий	194
Пайдаланылған әдебиеттер	202
Қосымша әдебиеттер	–
Интернет ресурстары	203

